

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
PHILOLOGY Series
Серия ФИЛОЛОГИЯ

№3(152)/ 2025

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2025

Astana, 2025

Бас редакторы: **Жанат Аймұхамбет**
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Бас редактордың орынбасары: **Маншук Ескиндиrowa**
PhD, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Айтуғанова Сәулет	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан PhD, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Акижанова Диана	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ЕҰУ, Астана, Қазақстан
ӘбдуәлиұлыБекжан	PhD, оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Әліпбай Бибол	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Әшірбаев Самихан	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
БейсембаеваЖанаргуль	ф.ғ.к., проф., Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан
Балтабаев Хамидулла	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Бижкенова Айгүл	ф.ғ.к., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Беженару Людмила	PhD, Өзербайжан ұлттық академиясы, Баку, Өзербайжан
Гасанов Заур	PhD, проф., Еге университеті, Измир, Түркия
Екижи Метин	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
ЖақыповЖантас	PhD, проф., Минцзу Қытай университеті, Пекин, Қытай
Жан Динжин	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
ЖарқынбековаШолпан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Жунусова Жаңылдық	ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., проф., «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің директоры, Астана, Қазақстан
Қамзабекұлы Дихан	ҚР ҰҒА академигі, Алматы, Қазақстан
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Касымбекова Нуриля	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Кемеңгер Қайырбек	PhD, проф., Потсдам университеті, Потсдам, Германия
Коста Петер	Татарстан Республикасы ҒА корреспондент мүшесі, ф.ғ.к., проф., Татарстан Республикасы Ғылым академиясының Ғ.Ибрагимов атындағы тіл, әдебиет және өнер институтының директоры, Қазан, Ресей
Минутлин Ким	ф.ғ.д., проф., Самарқан университеті жанындағы «Ұлы Жібек жолы» ғылыми орталығының директоры, Самарқан, Өзбекстан
Мусурманов Эркин	ф.ғ.д., Баку мемлекеттік университетінің профессоры, Баку, Азербайжан
НаврузоваНурида	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Райхл Карл	PhD, проф.,Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
Риверс Уильям Патрик	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Сарекенова Қарлығаш	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Чернявская Валерия	ф.ғ.к., доц., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Шашкина Гульжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Шәріп Амантай	PhD, проф., А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша
Янковски Хенрих	

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен тіркелген. 19.02.2021 ж. №КЗ53ВРҰ00032637 қайта есепке қою туралы куәлігі.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 10 дана. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

Editor-in-Chief: **Zhanat Aimukhambet**

Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief: **Manshuk Yeskindirova**

PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

AituganovaSaulesh	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Akizhanova Diana	PhD, Acting Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
AbdualiulyBekzhan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Alipbai Bibol	PhD, Teacher, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
AshirbayevSamihan	Doctor of Philology, Prof., A. Navoi Tashkent State University of Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan
Baltabaev Hamidulla	Candidate of Philology, Prof., National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan
BeisembayevaZhanargul	Candidate of Philology, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of Philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of Philology, Prof. Higher School of Linguodidactics and Translation, Saint Petersburg, Russia
GassanovZaur	PhD, Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
YeskeyevaMagripa	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
KasymbekovaNurilya	Candidate of Philology, Acting Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kamzabekuly Dikhan	Doctor of Philology, Prof., Academician of NAS RK, Director of the Republican Newspaper «Egemen Kazakhstan», Astana, Kazakhstan
Kosta Peter	PhD, Prof., University of Potsdam, Potsdam, Germany
KemengerKaiyrbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Minnullin Kim	Doctor of Philology, Prof., Corresponding member of Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan, Director of G.Ibragimov Institute of Language, Literature and Art, Kazan, Russia
Musurmanov Erkin	Doctor of Philology, Prof., Director of the Great Silk Road Research Center of Samarkand State University, Samarkand, Uzbekistan
NavruzovaNurida	Doctor of Philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaijan
Negimov Serik	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Nurieva Fanuza	Doctor of Philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan
Reichl Karl	RF Doctor of Philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Rivers William Patrick	PhD, Prof., Joint National Committee on Languages and International Education, Washington, USA
Sarekenova Karlygash	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Satenova Serikkul	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Shashkina Gulzhan	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
ZharkynbekovaSholpan	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
Zhunusova Zhanyldyk	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satpayev Str., of. 402, Astana, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate № KZ53VPY00032637 dated 19.02.2021.

Periodicity: 4 times a year **Circulation:** 10 copies. Signed in print: 30.09.2025

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: **Жанат Аймухамбет**
доктор филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам.главного редактора: **Маншук Ескиндинова**
PhD, и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Айтуганова Саулеш	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Акижанова Диана	PhD, и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
АбдуалиулыБекжан	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Алипбай Бибол	PhD, преподаватель, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Аширбаев Самихан	д.ф.н., проф., Ташкентский гос.университет узбекского языка и литературы им. А. Навои, Ташкент, Узбекистан
БейсембаеваЖанаргуль	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Балтабаев Хамидулла	к.ф.н., проф., Национальный университет Узбекистана им. Мирзо Улугбека, Ташкент, Узбекистан
Бижкенова Айгүл	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
БеженаруЛюдмила	к.ф.н., проф., Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Гасанов Заур	PhD, Национальная академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан
Екижи Метин	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Ескеева Мағрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Жақыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Жаркынбекова Шолпан	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Жунусова Жанылдық	ф.ғ.д., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Камзабекулы Дихан	академик НАН РК, д.ф.н., проф., директор республиканской газеты «Егемен Қазақстан», Астана, Казахстан
Каскабасов Сеит	академик НАН РК, Алматы, Казахстан
Касымбекова Нуриля	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Кеменгер Каирбек	к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Коста Петер	PhD, проф., Потсдамский университет, Потсдам, Германия
Минуллин Ким	д.ф.н., проф., член-корреспондент Академии наук Республики Татарстан, директор Института языка, литературы и искусства им. Г. Ибрагимова, Казань, Россия
Мусурманов Эркин	д.ф.н., проф., директор научного центра «Великий шелковый путь» Самаркандского государственного университета, Самарканд, Узбекистан
НаврозоваНурида	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Негимов Серик	д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Нурғали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Совместный национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
СарекеноваКарлығаш	к.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Сатенова Сериккул	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Турысбек Рахымжан	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, Россия
Шашкина Гульжан	к.ф.н., доц., ЕНУ им.Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Шәріп Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет им.Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413) E-mail: vest_phil@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на переучет №KZ53VPY00032637 от 19.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 10 экземпляров. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА

<i>Аитова Н.Н., Бақытқызы М.</i> Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы: ғылыми талдау және зерттеу мүмкіндіктері.....	11
<i>Аманбекқызы Ж., Сыздықова Г.О., Хусаинова Л.М.</i> Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты.....	28
<i>Амирова А., Бейсенбай А., Тазбулатова Г.</i> Қазақ және ағылшын паромеологиясындағы «Мемлекет» концептісінің ерекшеліктері.....	41
<i>Бергібаева Д.Қ., Кенжеғалиев С.А.</i> Тілді меңгерудегі менталдық лексиконның функционалдық рөлі.....	53
<i>Гейдарова Х.И.</i> Насимидің хуруфилік поэтикасындағы әріп пен тілдің эзотерикалық табиғаты.....	62
<i>Құрманғали Ф.Т., Мамаева Г.Б., Кереева Н.Ж.</i> Қазақ халқының салт-дәстүріндегі ұлттық код.....	74
<i>Өтебаева Э.Ә., Қойшығұлова Л.Р., Нұстаева А.Б.</i> Мәдени-репрезентативті ішкорпус: ұлттық мәдени-танымдық бірліктерді цифрлық кеңістікте сақтаудың маңыздылығы.....	89
<i>Сарекенова Қ.Қ., Ахметова М.К.</i> Тілдік санадағы этномәдени концептілердің ассоциативтік көрінісі.....	102
<i>Сматова А.Е., Тілеубердиев Б.М., Омаров Н.Қ.</i> Қазақ және ағылшын топонимдерінің лингвомәдени және когнитивтік ерекшеліктері.....	114

ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Адаева Е.С.</i> Деколониялық дискурс және гендерлік репрезентация.....	133
<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Миразова М.Н., Рахметова Б.А.</i> Мағжан Жұмабайұлы поэмаларындағы киелілік мотиві.....	145
<i>Ахеева М.С., Құлжанова Б.Р., Шормакова С.М.</i> Қазақ шешендері шығармашылығындағы сөз айшықтарының танымдық қыры.....	156
<i>Демесинова Л.М., Әубәкір Ж.М.</i> Абайдың «толық адам» ілімі жарақат зерттеулері негізінде.....	167
<i>Коспагарова А.К., Имаханбет Р.С., Байгожина Д.О.</i> А. Байтұрсынұлы мен Ж. Жәнібековтің тарихи және көркем бейнесі (С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасы бойынша).....	181
<i>Құдайбергенова Г.</i> «Ләйлі мен Мәжнүн» дастанындағы көркемдік және идеялық ерекшеліктер: Низами мен Шәкәрім нұсқаларында.....	193
<i>Құлбарақ С.О., Жолмаханова А.Б., Башенова Ә.М.</i> Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер.....	206
<i>Нурланова А.Н., Сейпүтанова А.Қ., Жәмсап А.Т.</i> Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармаларындағы рухани үндестік.....	220
<i>Оралова Г.С., Жанбершиева Ұ.Н., Төлебаева А.Т.</i> Ислам тақырыбындағы жырлардың (рубай, ғазал) дидактикалық-философиялық сипаты.....	234
<i>Сағынадин Г.С., Кәпұлы Д., Тоқшылықова Г.Б.</i> Фольклорлық жанр және мәтін модификациясы.....	248
<i>Тұржан О., Әбілхан А., Отарбаева Б.</i> Қазақ драматургиясындағы трагедиялық кейіпкердің имидждік-ақпараттық моделі (Рымғали Нұрғали зерттеулері негізінде).....	259
<i>Шапауов Ә.Қ.</i> Кавказдың солтүстік өңіріндегі түркі халықтары драматургиясының қалыптасуы мен дамуы.....	277

АУДАРМАТАНУ

Бутеев Б.О. Абайдың “Ғақлия кітабының” бірінші сөзін тәржімелеу және талдау.....	287
Ескиндирова М.Ж., Акижанова Д.М., Гауриева Г.М. Аудиодескрипцияны шетел тілдерін оқыту үдерісінде қолдану.....	305
Есимбетова С.К., Сәтенова С.К., Алишинбаева Ж.К. Ағылшын тіліндегі фитокомпонентті фразеологизмдердің аудармадағы сипаты.....	318
Омарова А.С., Раисова А.Б., Кожанова Г.А. Жалқы есімдерді аудару мәселелері мен стратегиялары.....	333

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Исабек А.У., Адиева П.М., Қалшабек А.Б. Абайдыңқара сөздерін оқытуда метатанымдық әдістердің ықпалы: жоғары оқу орнында қолдану тәжірибесі (анықтаушы эксперимент)...	343
--	------------

CONTENTS

LINGUISTICS

Aitova N.N., Bakytkeyzy M. The kazakh folklore corpus: scientific approaches and research perspectives.....	11
Amanbekkyzy Zh., Syzdykova G.O., Khusainova L.M. The cognitive character of proverbs and sayings about life in Shakarim's poems.....	28
Amirova A., Beisenbay A., Tazbulatova G. Peculiarities of the concept “State” in Kazakh and English paremiology.....	41
Bergibayeva D.K., Kenzhegaliev S.A. The functional role of mental lexicon in language learning.....	53
Heydarova Kh.I. The Esoteric Nature of Letters and Language in Nasimi’s Hurufi Poetics.....	62
Kurmangali F.T., Mamayeva G.B., Kereyeva N.Zh. National code in the traditions of the Kazakh people.....	74
Utebayeva E.A., Koishyguлова J.P., Nustaeva A.B. Cultural representative subcorpus: the importance of preserving national cultural and cognitive units in the digital space.....	89
Sarekenova K.K., Akhmetova M.K. Associative Reflection of Ethnocultural Concepts in Linguistic Consciousness.....	102
Smatova A.E., Tleuberdiev B.M., Omarov N.K. Linguocultural and Cognitive Features of Kazakh and English Toponyms.....	114

LITERATURE STUDIES

Adayeva Y.S. Decolonial Discourse and Gender Representation.....	133
Aimukhambet Zh.A., Mirazova M.N., Rakhmetova B.A. The Sacred Motif in the Poems of Magzhan Zhumabayuly.....	145
Akhayeva M.S., Kulzhanova B.R., Shormakova S.M. The cognitive aspect of rhetorical figures in the works of Kazakh orators.....	156
Demessinova L.M., Aubakir Zh.M. Abai’s Concept of the “Moral Personality” through the Lens of Trauma Studies.....	167
Kospagarova A.K., Imakhanbet R.S., Baigozhina D.O. Historical and artistic elements in the images of A. Baitursynuly and Zh. Zhanibekov (based on the work of S. Seifullin "The Thorny Path")....	181
Kudaibergenova G.K. Artistic and ideological features in the epic story “Leyli and Majnun”: based on the versions by Nizami and Shahkari.....	193
Kulbarak S.O., Zholmakhanova A.B., Bashenova A.M. Kazakh toponymic legends and motives in China.....	206
Nurlanova A.N., Seiputanova A.K., Zhamsap A.T. Spiritual harmony in the works of Shakarim Kudaiberdiuly and Yunus Emre.....	220
Oralova G., Zhanbershiyeva U., Tulebayeva A. Didactic and philosophical character of psalms (rubay, ghazal) on the theme of islam.....	234
Sagynadin G.S., Kapuly D., Tokshylykova G.B. Folklore Genre and Text Modifications.....	248
Turzhan O., Abilkhan A., Otarbayeva B. The Image-Informational Model of the Tragic Character in Kazakh Dramaturgy (Based on the Research of Rymgali Nurgali).....	259
Shapauov A.K. The Formation and Development of the Dramaturgy of the Turkic Peoples of the North Caucasus Region.....	277

TRANSLATION STUDIES

Buteyev B.O. Translation and Analysis of the First Word of Abai’s Book of Edification.....	287
Yeskindirova M.Zh., Akizhanova D.M., Gauriyeva G.M. Audio description’s use in the process of foreign language teaching.....	305
Yessimbetova S.K., Satenova S.K., Alshinbayeva Zh.K. The nature of translating English phytocomponent idioms.....	318
Omarova A.S., Raissova A.B., Kozhanova G.A. Challenges and strategies in the translation of proper names.....	333

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

Issabek A.U., Adiyeva P.M., Kalshabek A.B. The impact of metacognitive methods in teaching
Abai's Words of Edification: application experience in higher education (preliminary study) 343

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА

<i>Аитова Н.Н., Бакытқызы М.</i> Корпус казахских фольклорных текстов: научные подходы и перспективы исследования.....	11
<i>Аманбекқызы Ж., Сыздыкова Г.О., Хусаинова Л.М.</i> Познавательный характер пословиц и поговорок о жизни в стихах Шакарима.....	28
<i>Амирова А., Бейсенбай А., Тазбулатова Г.</i> Особенности концепта “Государство” в казахской и английской паремиологии.....	41
<i>Бергибаева Д.Қ., Кенжегалиев С.А.</i> Функциональная роль ментального лексикона в изучении языка	53
<i>Гейдарова Х.И.</i> Эзотерическая природа букв и языка в хуруфийской поэтике Насими.....	62
<i>Курмангали Ф.Т., Мамаева Г.Б., Кереева Н.</i> Национальный код в традициях казахского народа.....	74
<i>Утебаева Э.А., Койшыгулова Л.Р., Нустаева А.Б.</i> Культурно-репрезентативный под-корпус: значимость сохранения национальных культурно-познавательных единиц в цифровом пространстве.....	89
<i>Сарекенова К.К., Ахметова М.К.</i> Ассоциативное отражение этнокультурных концептов в языковом сознании.....	102
<i>Сматова А.Е., Б.М. Тлеубердиев, Н.К. Омаров</i> Лингвокультурные и когнитивные особенности казахских и английских топонимов.....	114

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

<i>Адаева Е.С.</i> Деколониальный дискурс и гендерная репрезентация.....	133
<i>Аймухамбет Ж.А., Миразова М.Н., Рахметова Б.А.</i> Сакральный мотив в поэмах Магжана Жумабайулы.....	145
<i>Ахеева М.С., Кулжанова Б.Р., Шормакова С.М.</i> Когнитивный аспект фигур речи в творчестве казахских ораторов.....	156
<i>Демесинова Л.М., Аубакир Ж.М.</i> Концепция «нравственная личность» Абая сквозь призму исследований травмы.....	167
<i>Коспагарова А.К., Имаханбет Р.С., Байгожина Д.О.</i> Исторические и художественные элементы в образах А. Байтурсынулы и Ж. Жанибекова (по произведению С. Сейфуллина «Тернистый путь»).....	181
<i>Кудайбергенова Г.</i> Художественные и идейные особенности эпоса «Лейли и Меджнун» (на основе версий Низами и Шакарима).....	193
<i>Кулбарак С.О., Жолмаханова А.Б., Башенова А.М.</i> Казахские топонимические легенды и мотивы в Китае.....	206
<i>Нурланова А.Н., Сейпутанова А.К., Жамсап А.Т.</i> Духовная гармония в произведениях Шакарима Кудайбердыулы и Юнуса Эмре.....	220
<i>Оралова Г.С., Жанбершиева У.Н., Тулебаева А.Т.</i> Дидактико-философский характер псалмов на исламскую тематику (рубай, газель).....	234
<i>Сагынадин Г.С., Капулы Д., Токишылыкова Г.Б.</i> Фольклорный жанр и модификации текста.....	248
<i>Туржан О., Абиляхан А., Отарбаева Б.</i> Имиджево-информационная модель трагического персонажа в казахской драматургии (на основе исследований Рымгали Нургали).	259
<i>Шапауов А.К.</i> Зарождение и развитие драматургии тюркских народов Северо-Кавказского региона.....	277

ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ

<i>Бутеев Б.О.</i> Перевод и анализ первого слова Книги назиданий Абая.....	287
<i>Ескиндинова М.Ж., Акижанова Д.М., Гауриева Г.М.</i> Использование аудиодескрипции в процессе обучения иностранным языкам.....	305

Есимбетова С.К., Сәтенова С.К., Алишинбаева Ж.К. Особенности перевода фразеологизмов с фитокомпонентом в английском языке.....	318
Омарова А.С., Раисова А.Б., Кожанова Г.А. Проблемы и стратегии перевода имен собственных.....	333

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Исабек А.У., Адиева П.М., Калшабек А.Б. Влияние метакогнитивных методов при преподавании «Слов назидания» Абая: опыт применения в высшем учебном заведении (констатирующий эксперимент)	343
--	-----



ХҒТАР 16.31.21

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-11-27>

Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусы: ғылыми талдау және зерттеу мүмкіндіктері

Н.Н. Аитова^{1*}, М. Бақытқызы²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹nurlykhan.an@gmail.com; ²0002992@mail.ru)

Аңдатпа. Гуманитарлық саланы цифрландыруды көздейтін мемлекетіміздің негізгі бағдарына сәйкес соңғы жылдары мәтіндік базалар құруға деген талпыныс артуда. Бұл шын мәнінде әлемдік маңызы бар қазіргі тенденциялар қатарында танылады. Корпустық ізденістердің, атап айтқанда, табиғи тілді модельдеу, тілдік алгоритмдер түзу, мәтін өңдеудің қазіргі лингвистиканың басым бағытына айналуы шынайы қажеттіліктерден туындап отыр. Бұл мақалада «Қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпусын әзірлеудің мәтінді ғылыми талдау және зерттеуге беретін мүмкіндіктері қарастырылады. Жұмыстың негізгі бағыттары мәтіндерді жинақтау, цифрлық ортаға енгізу, морфологиялық және семантикалық таңбалау, конкорданс құру және тілдік бірліктерді статистикалық талдау әдістерін қамтиды. Зерттеудің ғылыми маңызы – қазақ фольклорын жаңа деңгейде зерделеуге, оның мәтіндік құрылымын заманауи әдіснама арқылы талдауға жол ашатын лингвистикалық корпус базасын қалыптастырудың теориялық негіздемесін ұсынып, тілдің бай қабаттарын ғылыми айналымға енгізуді көздеуінде. Негізгі нәтижелер ретінде қазақ фольклорлық мәтіндерінің корпустық моделі екшеліп, тілдік деректерді кешенді талдау мүмкіндіктері көрсетіледі. Бұл жұмыс корпус лингвистикасының теориясы мен практикасын ұлттық фольклорға бейімдеу арқылы қазақ тіл білімінде жаңа зерттеу кеңістігін ашады. Жүргізілген зерттеу фольклор мәтіндерінің тілдік табиғатын жан-жақты сипаттап, қазақ фольклортану ғылымына әдіснамалық үлес қосады.

Түйін сөздер: қазақ фольклоры, мәтіндік корпус, мәтін, корпустық талдау, корпустық лингвистика.

Түсті: 07.08.2025; Жөнделді: 19.08.2025; Мақұлданды: 17.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазақ тілінің мәтіндік корпустары соңғы жылдары еліміздегі түрлі ғылыми ұйымдар мен жекелеген жобалардың аясында жасалып келеді. Дегенмен, фольклорлық мәтіндерге арналған арнайы корпус әзірге Қазақстанда қолға алынған жоқ. Ауыз әдебиетінің аса бай қоры бар көп томдық «Бабалар сөзі» сериясын (Бабалар сөзі, 2013) корпусқа енгізу ғылыми тұрғыдан талай зерттеудің тиімді жүргізілуіне сеп болары анық. Ал оны мүмкіндік шегінде параллель корпус ретінде түзсе, тіпті зор мәнге ие болатыны түсінікті. Қазақ фольклоры ұлттық тілдік-мәдени қазынаны сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген мол мұра ретінде кең көлемде зерттелгенімен, мәтіндерді корпустық үлгіде жүйелеу мен ғылыми талдау ісі әлі кенже қалып келеді. Оған корпустың жасалмауы ғана емес, зерттеушілер арасында жалпы корпус материалдарын зерттеу үшін қолданылуының аздығы, тіпті корпус базаларының функционалдығының кемшіндігі де әсер етеді деп ойлаймыз.

Әлемдік лингвистикада табиғи тілді модельдеу, тілдік алгоритмдер құру және мәтінді автоматты өңдеу бағыттары ғылыми зерттеулердің жаңа деңгейін көрсетуде. Қазақстан ғылымында да бұл үрдіс қарқын алып, ұлттық мұра үлгілерін, соның ішінде фольклорлық мәтіндерді заманауи әдістермен ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі артып отыр.

Бұған дейінгі Ш.Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Диваев, М. Әуезов, С. Қасқабасов, Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ж. Жақыпов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақ фольклоры әдебиеттанулық, этнографиялық немесе мәтінтану тұрғысынан қарастырылғаны, бұл тұрғыдан қазақ фольклорының зерттелуі ілгері түрғаны белгілі. Ал корпус лингвистикасының әдістерін қолдана отырып кешенді зерттеу – отандық ғылыми кеңістігіндегі тың бағыт.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Зерттеу мақсаты – қазақ фольклорлық мәтіндерін корпус лингвистикасы әдістері негізінде жүйелеу және олардың тілдік, құрылымдық, семантикалық, стилистикалық қырларын айқындау. Мұндай ұстаным зерттеу тезисін нақтылайды: фольклорды корпустық талдау – ұлттық мұраның тілдік болмысын жаңа қырынан танудың пәрменді құралы.

Зерттеудің мақсатына сәйкес мынадай міндеттер алға қойылды: – әлемдік тәжірибедегі фольклорлық мәтіндер корпустарына шолу жасау; – қазақ фольклорлық мәтіндерін жинақтап, цифрлық ортаға енгізу амал-тәсілдерін сипаттау; – фольклорлық мәтіндерді корпустық тұрғыдан зерттеудің ғылыми маңызын негіздеу; – тілдік бірліктерді статистикалық және корпустық талдаудың үлгілерін ұсыну.

Зерттеу материалы мен әдістері

Фольклорлық мәтіндерді цифрландырып, корпус базасына енгізу, оларды ғылыми ортаға қолжетімді ету және білім беру саласына бейімдеу біршама жұмысты талап етеді. Себебі бұл үдеріс тек лингвистика саласымен шектелмей, фольклортану мен ақпараттық технологиялар ғылымдарымен өзара байланыста жүзеге асады. Сондықтан фольклорлық мәтіндер корпусын құру пәнаралық зерттеудің айқын көрінісі болып табылады.

Жұмыс барысында төмендегідей әдістер қолданылды: сапалық және сандық талдау әдістері (мәтіндік деректерді жиілік, коллокация, құрылымдық ерекшеліктері тұрғысынан қарастыру); ақпаратты өңдеу әдістері (мәтіндерді жинақтап, цифрлық ортаға енгізу, морфологиялық, семантикалық және құрылымдық тұрғыдан кодтау); жинақтау әдісі (фольклорлық мәтіндерді бірізділікке түсіріп, жүйелі корпус базасын қалыптастыру).

Зерттеу гипотезасы. Қазақ фольклорлық мәтіндерін корпусық негізде жүйелеу олардың тілдік табиғатын жаңа деңгейде зерделеуге мүмкіндік береді және ұлттық мұраны цифрлық-гуманитарлық ғылымдар кеңістігінде жаңа қырынан танытады. Демек, фольклорды корпус арқылы талдау дәстүрлі фольклортанулық зерттеулерді заманауи лингвистикалық және IT құралдарымен ұштастыру арқылы жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасайды.

Зерттеу қазақ фольклорын цифрландыру арқылы ұлттық мұраны жаңа ғылыми айналымға енгізуді және корпус лингвистикасы мен лингвофольклортану тоғысында жаңа әдіснамалық негіз қалыптастыруды көздейді. Жұмыс нәтижелері қазақ тіл білімінің теориялық базасын толықтырып қана қоймай, фольклортану ғылымына да қосымша үлес қосады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қазақ тілінің ақпараттық технологиялардағы қолданысын (NLP, жасанды интеллект, машиналық аударма) кеңейтеді, білім беру саласында тіл үйрету мен фольклорды меңгертудің тиімді құралына айналады және ұлттық мұраны мәдени-танымдық әрі цифрлық мұрағат ретінде сақтауға мүмкіндік береді, фольклорды ұлттық тілдің байлығын айқындайтын электрондық ресурс ретінде ғылыми айналымға енгізуді қолдайды.

Әдебиеттерге шолу

Фольклорлық мәтіндердің корпусық базасын құруда, әсіресе, батыс елдерінде біршама тәжірибе бар. Мұндай мәтіндік корпустар өздерінің мақсаты мен құрылымы бойынша әр алуан. Солардың ішінде кейбір ірі жобалардың бірі Финляндияда жасалған “Suomen kansan vanhat runot (SKVR, The Ancient Songs of the Finnish People” корпусы (Suomen kansan vanhat runot, n.d.). Бұл – дәстүрлі фин халық поэзиясын қамтитын ауқымы кең архив. Корпус мақсаты – фин халқының поэтикалық мұраларын сақтау және зерттеу жұмыстарын оңайландыру. SKVR (Suomen kansan vanhat runot) дерекқоры 34 томдық басылым (1908-1948, 1997) негізінде шамамен 89 мың поэтикалық мәтінді цифрландыру арқылы жасалып, 1998 жылдан бастап Фин әдебиет қоғамының бастамасымен ашық қолжетімді инфрақұрылымға айналған, Жобаның елеулі артықшылығы жанрлық және географиялық метадеректерді жүйелі тіркеуі мен зерттеуге ыңғайлы интерфейстерінде. Корпус базасы негізінде жасалған зерттеулерінде Lauri Harvilahti (2013) SKVR (Suomen Kansan Vanhat Runot (фин. «Фин халқының көне жырлары») дерекқорының құрылымын, қамтылым көлемін және Semantic Kalevala («Калевала» – фин халқының ұлттық эпосы) жобасымен байланысын сипаттайды, сондай-ақ, бұл модель мағыналық-онтологиялық индекстеу арқылы тақырыптық шолу ұсынады (Harvilahti, 2013). Зерттеу – корпус инфрақұрылымы мен оны қолдану әдістемесіне арналған іргелі жұмыс, корпус деректерін қолданудың бір қырын көрсетеді. Ал зерттеушілер Maciej Janicki, Kati Kallio & Mari Sarv

(2023) болса, SKVR (және онымен сабақтас фин-эстон жыр базалары) негізіндегі калевала өлшеміндегі өлең жолдарының автоматты эквивалентін айқындау әдісін ұсынды (жол – мағына – сөз сәйкесімін есептеу), нәтижесінде интертекстуалдық картографиялау жүзеге асырылған; IT шешімі SKVR көлеміндегі деректерге қолданылып, зерттеушіге мәтінаралық ұқсастықтарды жүйелі шолуға мүмкіндік береді (Janicki et al., 2023). Мақалада зерттеу интерфейсі ретінде Runoregi (SKVR-мен бірге қолданылатын фин жыр дереккөздері) қолданылғаны да көрсетіледі. Runoregi – Финляндиядағы халық поэзиясы мен жырларын цифрлық ортада іздеуге және зерттеуге арналған онлайн каталог пен деректер қоры. Осы базаны қолданған зерттеулердің тағы бірі – Tuukka Karlsson (2021) еңбектері. Калевала-өлшемді арбау мәтіндеріндегі регистрлік ерекшеліктерді Виена Карелиясы материалдары негізінде талдайды (Karlsson, 2021). Мәтін базасы ретінде фин-карел дереккөздері, соның ішінде SKVR аясындағы материалдар пайдаланылған. Жанр/регистр ұғымдары арқылы формулалық құрылымдар мен дискурстық қызметті сипаттайды. Осы жерде нақтылай кетсек, фольклорлық мәтіндерді корпусқа енгізу олардың құрылымдық табиғатын жаңа қырынан тануына мүмкіндік беретінін байқаймыз. Корпустық технологиялар мәтінді жанр және регистр бойынша таңбалауға, ал формулалық құрылымдарды автоматты түрде іздеуге жағдай жасайды. Конкорданс құру, жиілік санау, коллокациялық талдау сияқты әдістер арқылы қайталанатын тұрақты тіркестерді сүзіп, олардың қолданылу өрісін анықтаған зерттеулер бұған дәлел.

Келесі бірі – Норвегиядағы «The Norwegian folklore archives» фольклорлық мәтіндерді жинау, сақтау және зерттеуге арналған ұлттық архив. Бұл корпустық мұрағат негізінен XIX мен XX ғасырларда жинақталған халық поэзиясы, аңыздар мен балладалардан тұрады. Басты ерекшелігі – халық мәдени мұрасын жинау мен сақтауға бағытталуы (The Norwegian folklore archives, 2025).

Әртүрлі тілдердегі халық ертегілерінің мәтіндерін қамтитын көптілді мәліметтер қоры ретінде әзірленген «The Multilingual Folk Tale Database» (MFTD) корпусы да жұртшылыққа белгілі. Бұл база да халық ертегілерінің толық мәтіндерін іздеуге қолайлы, негізінен халық мұрасын көпшілікке қолжетімді етіп, зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатын көздейді (The Multilingual Folk Tale Database, 2025). Бұдан өзге Америка фольклор орталығы АҚШ (American Folklife Center, 2025), Тыва тілінің электронды корпусы (Ресей) (Тыва тілінің электронды корпусы, 2025), Эстония, Қытай т.б. елдердің фольклорлық мәтіндер базалары танымал.

Әрбір архив өзінің мақсаты мен бағыттарына қарай ерекшеленеді. Кейбіреуі тек фольклорлық мәтіндермен шектелсе, кейбірі фольклорды кеңірек зерттеумен айналысады және олардың базасы этнологиялық материалдарды да қамтиды. Бұл фольклорлық корпустар қазіргі таңда сол тілдердегі мәтіндік зерттеулердің қарқынды дамуына, тілдік мұраларды білім беруге пайдалану мен насихаттауда кеңінен пайдалануға зор ықпал етіп отыр.

Сонымен қатар, корпустық платформада әр мәтінге байланысты метадеректердің тіркелуі (жазылып алынған уақыты, орны, орындаушысы, жанры) зерттеушілерге бір ғана формуланың әртүрлі регистрлерде қандай дискурстық қызмет атқаратынын салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, корпус тек мәтіндерді сақтаудың құралы емес, олардың формулалық және дискурстық табиғатын жүйелі түрде сипаттаудың заманауи әдісі болып отыр.

Осындай тәжірибелерге сүйене отырып, қазақ тілінің фольклорлық мәтіндер корпусын әзірлеу, көпшіліктің пайдалануына оның интерфейстерін ыңғайлы ету, тілдік мұраларға корпустық әдіспен зерттеу жұмыстарын жүргізу – уақыт талабы әрі қажетті іс.

Нәтижелер мен талқылау

Түркі халықтары ішінде тыва тілінің ғана фольклорлық мәтіндер корпусы жасақталған. Бұл фольклорлық электронды база – тыва тіліндегі эпостар мен фольклорлық мәтіндерге бағытталған арнайы корпус (Тыва тілінің электронды корпусы, 2025). Мұнда морфологиялық талдау, клише-деректер және жанр бойынша іздеу құралдары бар. Ішкорпусқа эпостар, ертегілер, салттық поэзия және тыва қаһармандық эпосы мәтіндері енгізілген. Лексемалар жиілігі мен есім/етістік негіздерінің дерекқоры электронды жиілік сөздік құруға ыңғайлы. Фольклорға тән метадеректері – жанр, нұсқа, жарияланған дерек, формулалық клишелердің тізімі мен сипаттамасы жүйелі берілген. Бұл жоба тілдік материалдарды жүйелі жинақтау, таңбалау және талдау мүмкіндігін ұсына отырып, фольклордың сандық ресурстар арқылы зерттелуіне ықпал етті. Фольклорлық мәтіндер корпусын түзуде түркі тілдері үшін бағдар етуге болатын корпус ретінде өзіндік орны барын атап өтуді орынды деп санаймыз.

Қазақ тілінің ұлттық корпусына қатысты айтар болсақ, жоғарыда атап өткендей, фольклорлық мәтіндер корпусының отандық үлгісін әзірлеу қазір ғана бастау алып отыр. Әзірге бұл бастама ашық қолжетімді деңгейге көшпегенімен, дайындық жұмыстары жүргізілуде. Солардың алғашқы қадамы ретінде ішкі қолданысқа арналған «Ертегілер» электрондық сайты жасалды. Бұл ресурс – фольклорлық мәтіндердің (ең алдымен ертегілердің) базасы болып, бейімделген үлгі сипатында қызмет атқаруда. Аталған базада мәтіндік талдау тәжірибелері үшін қазіргі таңда кеңінен қолданылатын Voyant Tools құралы пайдаланылды. Әрине, әзірленіп жатқан негізгі база корпустың толық сипаттамасына сай аннотацияланады.

Зерттеу барысында біз осы үлгілік базаның алғашқы нәтижелерін дәйектемелік материал ретінде ұсына отырып, фольклорлық мәтіндер корпусын құрудың қажеттілігін дәлелдей түсеміз. Бұл қадам ұлттық мұраны цифрлық-гуманитарлық ғылымдар кеңістігінде жаңа әдіснамалық негізде талдаудың моделін ұсынады.

Аталған ішкі параллель ресурс жобасы базасына 40 ертегінің қазақ-орыс тілдеріндегі мәтіні енгізілді. Ертегі мәтіндерінің тілдік бірліктерінің сандық, сапалық талдамасын автоматты көрсету үлгісі төменде берілді:

1-кесте. Ертегі мәтіндері ұзақтығы мен лексикалық көлемі/ тығыздық көрсеткіші

Санат (категория)	Мәтін атауы	Ұзындығы (сөзқолданыс саны)/ тығыздығы
Ең ұзағы	Ер Төстік	3504
	Қара үйрек	1861
	Керқұла атты Кендебай	1823
	Көкжал	1754
	Тазша бала	1689

Ең қысқасы	Ақыл, ғылым, білім	141
	Сауысқан мен көкек	154
	Қарлығаш пен Дәуіт	159
	Тышқан мен жылан	166
	Уақыт патшалығы	181
Лексикалықтығыздық (ең жоғары)	Елеңке батыр	0.841
	Қоянның айланы	0.801
	Тышқан мен жылан	0.795
	Мысық неліктен тышқан...	0.773
		0.773

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған (Ертегілер параллель корпусы, 2025) (ішкі жабық ресурс).

Бұдан өзге, фольклорлық мәтіндерді бір ортақ базада жинақтап, сандық форматта ұсыну зерттеушілерге деректерді жартылай автоматты түрде алу мен талдауды мүмкін етеді. Мұндай тәсіл корпус лингвистикасының стандарт әдістеріне сүйенеді (Baker, 1995). Параллель корпус ретінде ұйымдастыру мәдениеттер тоғысында мәтіндерді салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан қарастыруға және аудармалық трансформацияларды тікелей салыстырып зерттеуге жол ашатынын ғалымдар жиі еске салады (McEnergy & Hardie, 2012). Техникалық жағынан мәтіндерді бірізді таңбалау үшін TEI-негізді белгіленім қолданылады, зерттеушілердің пайымынша, ол мәтіндердің дерек сапасын, қайта пайдаланылуын және репродуктивтілігін күшейтеді (Ide & Véronis, 1995). Қазақ фольклорлық мәтіндерінің параллель үлгісін жасау тәжірибесі түркі халықтарының басқа да жобаларымен сабақтас келеді. Мәселен, Тыва фольклорлық корпусында эпос мәтіндерінің дерекқоры алғашқы үлгі ретінде ұсынылған болатын (Ондар, 2016).

Фольклорлық мәтіндердің корпусын параллель корпус ретінде жасаудың өзіндік артықшылықтарына тоқтала кетсек, біріншіден, мәдениеттер тоғысы кеңістігінде мәтіндерді зерттеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, аудармашыларға көмегі зор, әр тілдік бірліктің аударылу тәсілі мен ерекшеліктерін электронды нұсқада тікелей талдауға, зерттеуге ыңғайлы. Үшіншіден, білім беруде, тіл үйретуде бейімдеп қолдануға жол ашылады. Оның бер жағында лексикалық минимумдарды автоматты түзу, лексикографиялық материалдар әзірлеуде дерек болады. “Ер Төстік” ертегісінің параллель теңестірілген нұсқасы ұсынылды:

Төмендегі суретке қараңыз.

"Ер Төстік"

Search in table

Page 1 of 16

	Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты.	Давным-давно жил-был человек по имени Ерназар. Он был очень богат: у него был скот всех четырех видов. Его загоны были полны овцами, позже появились верблюды, а пастбища были забиты табунами лошадей.
1	Ерназардың сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы да соның ішінде кетіпті. Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты.	У Ерназара было восемь сыновей. Однажды случилась сильная засуха, и люди увели свой скот далеко на отары. В числе этих людей были и все восемь сыновей Ерназара. Сам Ерназар с женой остались дома, взяв припасы на одну зиму.
2	Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді, келмейді. Ерназардың азығы таусылады, ашығады, жейтін тамақ таппайды. Кемпірі екеуінің тұруға елдері әрең-әрең келеді.	С тех пор о восьми сыновьях не было вестей: проходили месяцы, а они всё не возвращались. Припасы у Ерназара закончились, они начали голодать, еду добыть не могли. Оба — и он, и его жена — едва держались на ногах.
3	Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі.	Однажды к вечеру жена Ерназара поднялась с постели и приоткрыла верхнее отверстие юрты. Старик, еле-еле приподняв голову, взглянул на купол и увидел в перекрестии верхних жердей кусок грудники от чалой кобылы.
4	Ерназар қуанып, есі шығады. «Кемпір, сүйінші! Кер биенің керулі тұрған төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам асып жіберші!», — дейді. Сөйтіп, бұлар төстікті қазанға салады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді.	Ерназар обрадовался и закричал: «Кемпір, радости! Грудника от нашей чалой кобылы выглядит жирной, скорее сvari её!» Они положили груднику в казан, сварили и, поев её, немного окрепли.
5	Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды.	Вскоре жена забеременела. Когда пришло её время, она родила мальчика, которого назвали Төстік, потому что он был зачат после съеденной грудники.
6	Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады.	Төстік рос необычным ребёнком: за месяц он становился как годовалый, за два месяца как двухлетний, за три — как трёхлетний ребёнок, а к году достиг силы пятнадцатилетнего подростка. В два года он стал побеждать взрослых мужчин в борьбе.
7	Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, әкесі мен кемпір шешесін асырайды.	Он научился стрелять из лука, стрела которого могла пробить девять слоёв мотыги. Төстік охотился на зверей и птиц, кормя тем самым отца и мать.

1-сурет. Ертегілердің қазақша-орысша параллель корпусындағы "Ер Төстік" ертегісі мәтінінің теңестірілген нұсқасы

Ескерту: деректер негізінде алынған (Ертегілер параллель корпусы, 2025) (ішкі жабық ресурс).

Кейбір зерттеушілер фольклор тілі арқылы ұлттың құндылық жүйесін зерттеу қазақ халқының дүниетанымдық өзіндік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретінін, осы тұрғыда фольклор халық танымының базалық негізі бола алатынын, соның ішінде оны бүгінгі заман талабымен, бүгінгі үрдіспен байланыстыра талдау ұлттық ғылымымыз бен мәдениетіміздің заманауи бағытта дамуына үлкен әсері ететінін айтады (Балабекова & Отарбекова, 2019). Бұл пікірді корпустық талдауға да қатысты қолдансақ, дұрыс болады.


Мәтіндердегі сөздердің жиілігі бойынша мәліметтер де корпус базасындағы талдау-ғыштар негізінде автоматты сүзіп алынады. Кестеде "Ер Төстік" ертегісі мәтініндегі жоғары жиіліктегі алғашқы он сөз берілген.

2-кесте. "Ер Төстік" ертегісіндегі сөздер жиілігі

lemma	freg
бір	469
дейді	398
деп	310
екен	240
мен	215
да	215
алып	208
де	162
кемпір	141
ол	139

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған (Ертегілер параллель корпусы, 2025) (ішкі жабық ресурс).

Мұнда ізделген сөздерді кездесу жиілігіне қарай талдай аламыз. Ертегі мәтінінде барлығы 3504 сөз бар. Осыған сүйенсек, жоғарыдағы кестедегі ең жиі кездесетін 10 сөздің үлесі: $2497/3504 \times 100 \approx 70\%$. Демек, бар болғаны 10 сөз ертегі мәтінінің маңызды бөлігін қамтиды. Бұл көрсеткіш – фольклорлық мәтіндерге тән формулалық, қайталамалы сипаттың айқын дәлелі. Ертегідегі «бір», «дейді», «деп» сияқты сөздер мәтіннің құрылымдық өзегін құрап, баяндау стилін тұрақтандырады. Қалған жиі қолданылатын бірліктер («екен», «мен», «да») мәтіндегі грамматикалық және дискурстық байланыстарды қамтамасыз етуге жұмсалады. Бұл сөздердің жалпы мәтін ішіндегі үлес салмағын төмендегі диаграммадан көруге болады.



2-сурет. «Ер Төстік» ертегісіндегі сөздердің жиілік үлесі


Ескерту: деректер негізінде алынған (Ертегілер параллель корпусы, 2025) (ішкі жабық ресурс).

Бағандық диаграмма нәтижелері «Ер Төстік» ертегісі мәтіндегі сөздік құрамның құрылымдық ерекшеліктерін айқындайды: «бір» (469 рет, 13,4%) – ең жиі қолданылған сөз. Бұл фольклорлық мәтінге тән тұрақты құрылымдық басқы шендегі («Баяғыда бір...», «бір шал...», «бір қыз болыпты...», т.с.с.) баяндау дәстүрін көрсетеді. «Дейді» (398 рет, 11,36%) мен «деп» (310 рет, 8,85%) – негізгі дискурстық маркерлер. Олар ертегіде диалогтық құрылымды қалыптастырып, баяндаушының сөз беру тәсілін көрсетеді. «Екен» (240 рет, 6,85%) – баяндаудың сенімділігін, нақтылығын арттыратын грамматикалық форма. «Мен» және «да» (әрқайсысы 215 рет, 6,14 %) – мәтін ішіндегі логикалық және синтаксистік байланыстарды қамтамасыз етеді. Қалғандары («алып», «де», «кемпір», «ол») салыстырмалы түрде төмен болғанымен, сюжеттік дамудың, кейіпкер сипаттаудың және оқиғаның динамикасын көрсетудің маңызды құралдары болып табылады.

Диаграмма ертегі мәтінінде қайталанымдылық пен формулалық құрылымның жоғары екенін айқындайды. Бар болғаны 10 сөз мәтіндегі жалпы сөздердің үштен бірін құрап, қазақ фольклорының дискурстық ерекшелігін нақты көрсетеді.

Жалпы қазақ фольклорын тек әдеби мұра ретінде ғана емес, ұлттық кодтар мен мәдени символдарды сақтаушы тілдік кеңістік ретінде қарастыратын еңбектерде фольклорды тек мазмұндық деңгейде емес, тілдің ішкі жүйесі арқылы түсіндіруге ден қояды (Zhakirov et al., 2020). Мұндай зерттеу нәтижелерін корпусстық талдаулармен сабақтастыруға болады.

Ал енді “Ер Төстік” ертегісіндегі кейбір жоғары жиіліктегі сөздердің корпусстық талдауына назар аударсақ:



3- сурет. “Ер Төстік” ертегісі мәтінінің сегменттерінде сөздердің қайталану жиілігі

Ескерту: деректер негізінде алынған (Ертегілер параллель корпусы, 2025) (ішкі жабық ресурс)

Жоғарыдағы сурет “Ер Төстік” ертегісі мәтіні сегменттерінде жиі қолданылатын сөздердің салыстырмалы динамикасын көрсетеді. Мәтін 10 сегментке бөлініп, сөздердің қайталану жиілігі әр бөлім бойынша өлшенген. Талдауға алынған бірліктер: «мен», «екен», «деп», «дейді», «бір». Жиілік динамикасының ерекшелігі неде? Көріп отырғанымыздай, бастапқы сегменттерде «бір» сөзінің жиілігі айқын байқалады. Бұл ертегінің формулалық басталу дәстүріне («бір хан болыпты», «бір күні») сәйкес келетінін жоғарыда айттық. Қалған сөздер сиректеу кездеседі. 2-сегмент кезінде «бір» сөзінің қолданысы төмендеп, орнына «деп» және «екен» біршама белсенді көрінеді. Мұнда баяндаушы оқиға желісін нақтылау үшін шылауларды қосымша пайдаланғанын көреміз. 3-сегмент «бір» сөзі қайтадан шарықтап, жиілігі жоғары деңгейге жетуін білдіреді. Бұл тағы да ертегінің баяндаудың циклдік формуласына байланысты. 4-сегменте байқасақ, «деп» және «дейді» сөздері алдыңғы қатарға шығады. Диалогтық құрылымдар күшейіп, кейіпкерлердің сөзіне сілтеме жасау жиіленеді. «Дейді» сөзі 5-сегментте ең жоғары

жиілікке жетіп, мәтіннің басқа бөліктерінде де айтарлықтай қолданысқа ие болған. 6-сегментте «дейді» сөзінің жиілігі сақталғанымен, салыстырмалы түрде азаяды.

«Деп» тұрақты қолданылуын жалғастырады. «Мен» және «екен» сөздерінің жиілігі салыстырмалы түрде төмен, алайда мәтін соңына қарай біршама арта түседі. «Мен» есімдік/шылауы және «екен» баяндаушы мәтінге көмекші реңк береді. Негізінен бұл жерде «мен» омонимиялық ажырату болмағандықтан автоматты түрде бірге саналып тұр. Сондықтан оның шылау ретінде немесе есімдік ретінде қолданылғанын қолмен санау қажет болады. Дегенмен, сөз соңында жиі келгендігіне сүйеніп, олардың көбіне көмекші мәнде жұмсалғанын аңғарамыз. 7-сегментке келгенде, «дейді» сөзі қайтадан күшейіп, екінші шарықтау шегіне жетеді. Бұл ертегінің орталық бөлігіндегі оқиғалардың шиеленісуімен байланысты. «Бір» сөзі де елеулі деңгейде қолданылған. Ертегінің басында жоғары қолданыста болып, кейін біртіндеп төмендейді. Бұл көрсеткіш ертегі дискурсында көрсетілген баяндау формуласының («Бір күні...», «Бір хан болыпты...») маңызды орын алатынын дәлелдейді. Ал «деп» сөзінің қолданылуы тұрақты сипатқа ие. Әсіресе, 4-6-сегмент аралығында жиіліктің артуы кейіпкерлер сөзін жеткізуде осы бірліктің жетекші қызмет атқаратынын айғақтайды.

8-сегмент – барлық сөздердің қолданылуы біршама теңескен кезең. «Бір», «деп», «дейді» шамалас деңгейде, ал «мен» мен «екен» біршама жоғарылайды. Бұл мәтіннің соңына қарай сөздік құрылымдардың теңгерімді бола бастайтынын көрсетеді. 9-сегментте барлық сөздердің жиілігі төмендейді. Ертегінің аяқталу бөлігіне тән баяндау ықшамдалады, сондықтан формулалық қайталанулар да азаяды. Мәтіннің соңғы сегментінде «деп» пен «дейді» тағы да алдыңғы қатарда, бірақ алдыңғы шыңдарынан төмен. «Мен», «екен», «бір» қалыпты деңгейде. Бұл ертегінің қорытындылау бөлігіне тән сипаттама боп саналады.

Жалпы алғанда, сөз жиілігінің динамикасы ертегі мәтінінің құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін көрсетеді. «Дейді» мен «деп» баяндау мен диалогты жеткізудің негізгі көрсеткіштері болса, «бір» ертегінің формулалық тұрақтылығын айқындайды. Ал «мен» мен «екен» тәрізді бірліктердің сирек қолданылуы олардың стилистикалық-қызметтік ерекшеліктерімен байланысты.

- Tokhan, B. (2021). Kazak tilindegi kone zhane sirek koldanystagy sozder sozdigi [Dictionary of ancient and rare words in Kazakh]. Almaty: ZhShS RPBK Dawir. (in Kazakh)
- Dalelbekkyzy, A., Bisengali, Z.G., Toleubayeva, A., Zhanat, A., & Baitanasova, K.M. (2019). National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. *Analele Universitatii din Craiova. Seria Istorie*, 35(1), 105-118.

Information about the authors:

Kurmangali Fariza Tlepkalikyzy – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: feliz_kz@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4985-4109.

Mamayeva Gulnar Beisenkyzy – Candidate of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulnar_mamaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3405-6718.

Kereyeva Nurgul Zhaskairatkyzy – Teacher, School Lyceum №35, Uralsk, Kazakhstan. E-mail: kereeva72@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9286-1796.

Құрманғали Фариза Тілепқалиқызы – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: feliz_kz@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4985-4109.

Мамаева Гүлнәр Бейсенқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gulnar_mamaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3405-6718

Кереева Нұрғұл Жасқайратқызы – мұғалім, №35 мектеп-лицейі, Орал, Қазақстан. E-mail: kereeva72@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9286-1796.

Курманғали Фариза Тлепкалиевна – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: feliz_kz@mail.ru, ORCID: 0000-0002-4985-4109.

Мамаева Гүлнәр Бейсенқызы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gulnar_mamaeva@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3405-6718.

Кереева Нұрғұл Жасқайратовна – учитель, школа-лицей №35, Уральск, Казахстан. E-mail: kereeva72@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9286-1796.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 16.31.51

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-89-101>

Мәдени-репрезентативті ішкорпус: ұлттық мәдени-танымдық бірліктерді цифрлық кеңістікте сақтаудың маңыздылығы

Э.Ә. Өтебаева^{*1}, Л.Р. Қойшығұлова², А.Б. Нұстаева³

^{1,2,3}А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹elmira_abdigali@mail.ru*, ³ardana.nustaeva@bk.ru)

Аңдатпа. Мақалада мәдени-репрезентативті ішкорпустың құрылымы мен маңыздылығы, ұлттық мәдени тілдік бірліктерді цифрлық кеңістікте сақтаудың жолдары мен танытудағы рөлі қарастырылды. Қазақ халқының мәдени мұрасын цифрлық кеңістікте сақтап, оны қазіргі ақпараттық қоғамда кеңінен танылуына және таралуына ықпал етіп отырған электрондық Қазақ тілінің Ұлттық корпусы – ұлттық тіл мен мәдениетті дамытудың маңызды әрі сенімді ақпараттық базасы. Корпус құрамындағы мәдени-репрезентативті ішкорпус – қазақ этносының этномәдени даму жолын, рухани және заттық құндылықтарын, этнографиялық, мәдени-танымдық ұғымдарын тереңірек танудың бір құралы ғана емес, тілдік қазынаның елді тұтастырушылық қызметін сипаттайтын маңызды таным тетігі ретінде қарастырылды. Мақаланың мақсаты – қазақ этнолингвистикасының ғылыми негіздеріне сүйене отырып, ҚТҰК (Қазақ тілінің ұлттық корпусы) құрамындағы мәдени-репрезентативті ішкорпустың жасалуы және оның қазақ тіліндегі тілдік және мәдени құндылықтарды цифрлық платформада жинақтау арқылы ұлттық мәдениетті, дәстүрлерді, тарихи және әлеуметтік аспектілерді зерттеу мен сақтау жолдарын анықтау. Сонымен қатар, ішкорпустың құрамын, құрылымын, қолдану әдістерін көрсету және оның білім беру мен ғылыми зерттеулердегі маңыздылығын дәлелдеу. Мақаланың зерттеу нысаны – ҚТҰК құрамындағы мәдени-репрезентативті ішкорпус пен онда жинақталған қазақ этнолингвистикасының тілдік және мәдени материалдары.

Түйін сөздер: қазақ тілінің ұлттық корпусы, мәдени-репрезентативті ішкорпус, цифрлық кеңістік, мәдени-семантикалық ақпарат.

Түсті: 26.06.2025; Жөнделді: 22.08.2025; Мақұлданды: 15.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазақстан үкіметі UNESCO-мен ынтымақтастық аясында еліміздің материалдық және материалдық емес мәдени мұраларын халықаралық тізімдерге енгізуге ерекше мән беріп отыр. «Әлем жады» (Memory of the World) бағдарламасы – UNESCO-ның маңызды бастамаларының бірі. Оның мақсаты – дүниежүзілік мәдени және тарихи құндылықтарға жататын құжаттық мұраны сақтап, қорғау, сондай-ақ оларды кеңінен қолжетімді ету, цифрландыру. Материалдық емес мұра – ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халықтың рухани өмірін білдіретін мәдени құндылықтар. Оған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, дәстүрлі өнер, қолөнер, мерекелер мен салтанатты рәсімдер т.б. жатады. Әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге қазақтың Наурыз тойы, қонақ қабылдау дәстүрлері, той мен құдалық рәсімдері сияқты ұлттық мәдени ерекшеліктер кіреді. Дәстүрлі өнерге ән, би, музыка және халықтық аспаптарда орындалатын шығармалар жатады. Қолөнер түрлеріне дәстүрлі киім тігу, кестелеу, сырмақ тоқу, қыш құмыра жасау сияқты халықтық қол еңбек түрлері жатады. Сонымен қатар, жыл сайын өткізіліп тұратын ұлттық мерекелер мен салтанатты рәсімдер де материалдық емес мұраға жатады. Материалдық емес мұра – ұлттың рухани бейнесі мен мәдени ерекшелігін сақтайтын, тарихи сабақтастық пен халықтың бірегейлігін көрсететін құндылық. Ол қоғамның бірлігін нығайтып, ұрпақтан ұрпаққа мәдениет пен дәстүрді жеткізуге қызмет етеді. UNESCO бұл мұраны қорғау, зерттеу және насихаттау, цифрландыру арқылы халықтардың мәдени мұрасын сақтап қалуға үлкен көңіл бөліп отыр. Сондықтан жаңа заманның талабына сай Қазақстан алдында мәдениетті жаңғырту және дәстүрлер мен инновацияларды үйлестіру сияқты маңызды міндеттер тұр. Тарихтан көріп-білгеніміздей, көптеген елдер өздерінің ұлттық салт-дәстүрлерімен қатар, қазіргі заманғы инновацияларды тиімді біріктіру арқылы дамудың жолын таңдады. Сол сияқты, біз де төл мәдениетімізді ғаламдық әлемдегі шынайы жағдайларға бейімдеуіміз қажет.

Қазіргі таңда мәдениет пен идеология саласы жасанды интеллектінің ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Дегенмен, бұл технологияларға толықтай сенуге де болмайды, өйткені адам факторы әлі де маңызды болып қала береді. Мысалы, танымал сервистерге Қонаққа ұсынылатын бастың тісін қаға ма әлде қақпай ма деген сауалға «Бас ұсыну қазақтың ұлттық мәдениеті мен тағамға деген құрметінен туындаған әдеп-ғұрып. Сол себепті бастың тісін қақпайды, абайлап, сыпайы түрде тамақтану ұсынылады» деген жалған ақпараттар ұсынады. Қазақтың дәстүрінде жиын-тойларда, үлкен аста, қонақ күткенде сойылған малдың басы – ерекше қадірлі әрі құрметті тағам ретінде есептеледі. Басты табаққа салып, қонаққа ұсыну – сыйлы адамның мәртебесін көрсетеді. Міне, осы рәсімге қатысты дәстүрлі тағам мәдениетінде қонаққа қойдың тісін қағып әкелу дәстүрі бар. Ертеде дәстүрлі қазақ қоғамында, егер реніші болса, оны тікелей бетіне айтпай, назын тұспалмен, ыммен білдіру мақсатында қонағына тартқан бастың тісін қақпай ұсынған. Біреуге ренжісе де, бетінен алмаған, өйткені өзгенің көңіліне қаяу, жүрегіне қылау салармын деп сақтықпен қараған. Міне интернетте осындай мәдени ақпараттар, әсіресе әлемде кең тараған тілдердегі, оның ішінде ағылшын тіліндегі ақпараттардың жеткіліксіздігінен де туындайтын мәселе.

Осындай кейбір жалған ақпараттарды болдырмау үшін мемлекетіміз бұл бағытта үлкен жұмысқа кірісті: қолда бар мұрағаттық құжаттар, анықтамалық мәліметтер, ғылыми зерттеулер мен мәдени ақпараттарды цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар, ұлттық цифрлық мұрағат құру арқылы еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың бұл деректерді еркін пайдалануы үшін жағдай жасау көзделуде. Осы бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулер мен жобалар ел мәдениетін сақтау мен дамытудың негізі болары сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні ұлттық дәстүрлерімізді, тілдік мұрамызды және этнолингвистикалық ерекшеліктерімізді цифрлық платформаға енгізу – ең басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы жағдайды ескере отырып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сандық форматта сақтау мақсатында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары электрондық Қазақ тілінің ұлттық корпусын (<https://qazcorpus.kz/>) әзірледі. Қазіргі таңда ҚТҰК ауқымды корпустық ресурс ретінде көпшілікке қолжетімді форматта үздіксіз жұмыс жасап тұр. 18 ішкорпустың өзіндік функционалдық, тілтанымдық ерекшелігі бар және үздіксіз толықтырылып, жетілдіріліп отырады. Ішкорпустың бірегейі Мәдени-репрезентативті ішкорпус. Мәдени-репрезентативті ішкорпус базасындағы ақпараттар отандық этнолингвистика ғылымының сан жылғы дамуының нәтижесі деуге болады. Ішкорпус қазақы ортадағы адам, қоғам және қоршаған табиғи ортаның арасындағы сан-салалы қатынастардың субъектілерін, объектілерін және осы қатынастардың жүзеге асырылу жолдары мен механизмін бейнелейтін мәдени бірліктерді, ұғым-түсініктерді, атауларды қамтиды. Кейбір мағынасы солғындаған, тіпті тілімізде өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған тіпті айтылудан қалған көптеген этномәдени бірліктер де ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Мәдени ұғым-түсініктерді цифрлық кеңістікке жинақтап, оларды ғылыми зерттеулерде, білім беру саласында және жалпы халық арасында тиімді пайдалануда әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет дала академиясының білімдер жүйесін цифрлық кеңістікте дайындаған электрондық база құрылды. Ұлттық мұраны цифрландыруға бағытталған мұндай жұмыстар мәдениет пен тілдің әртүрлі аспектілерін сақтау мен зерттеуде жаңа мүмкіндіктер ашып, болашақтағы зерттеулер үшін тың дереккөздер ұсынады. Ұлттық мәдениет пен тілдің цифрлық сақтау әдістері бойынша ғылыми зерттеулердің жаңа кезеңіне бастама болады. Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра болып келген сөз байлығын жинақтап, сұрыптап, топтастырып, мән-мағынасын айқындап, анықтамасын беріп, болашақ ұрпақтың игілігіне айналдыру аталмыш ішкорпустың негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында сипаттау, жүйелеу, топтастыру, жинақтау, сандық мәліметтер мен түсіндіру сынды әдіс-тәсілдер қолданылды. Үлкен көлемдегі тілдік материалдарды тиімді өңдеу және талдау үшін компьютерлік-бағдарламалық тәсіл де белсенді түрде пайдаланылды. Осы әдістер мен тәсілдердің үйлесімі зерттеудің толық әрі жан-жақты жүргізілуіне мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Мәдени-репрезентативті ішкорпустың жасалу жолын, құрылымын зерттеуге арналған бірнеше ғылыми мақалалар бар. А.Жұбановтың (2016), А.Фазылжанованың (2016) еңбектерінде алғаш рет ұлттық корпус базасына мәдени-семантикалық белгіленімнің енгізу қажеттілігі айтылады, Э.Өтебаева, Г.Исаева және М.Серікқызы (2023) мәдени-репрезентативті ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық белгіленімнің берілу жолдарын анықтайды; мәдени-репрезентативті ішкорпусты әзірлеудегі мәдени бірліктерді аннотациялау проблемалары Ж.Манкеева, Н.Шүленбаев, А.Бисенғалидың (2023) еңбегінде баяндалады, лингвомәдени білімдер жүйесін ұлттық корпусқа енгізуде көне атауларды зерттеу қажеттілігін Н.Әшімбаева мен А.Жаңабекова (2023) ұсынады, А.Аманбаева мен Ж.Жұмабаева (2024) мәдени-репрезентативті ішкорпуста берілген діни сөздердің мәдени семантикасын қарастырады.

Материалдық мәдениет атауларының, прецеденттік есімдердің, мифологиялық атаулар мен ұғымдардың, зооморфтық және фитонимдік атаулардың этномаркерленуі қазақ этностық дүниетанымын құрайтын негізгі элементтер ретінде қарастырылған зерттеу еңбектері (Talgatqyzy et al, 2024) талданды. Сонымен қатар кейбір ономастикалық тілдік бірліктердің прагматикасы мен мәдени семантикасын, соның ішінде олардың фразеологизмдер құрамындағы қолданысын салыстыра зерттеген еңбектер (Tlegenova et al, 2024) де негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысына «Қазақ тілінің мәдени-танымдық сөздігі» (Шойбеков және т.б., 2023) мен «Лингвомәдени сөздік» (Уәли және т.б., 2024) еңбектерінде берілген тілдік бірліктердің сандық көрсеткіштері негізге алынып, олардың мәдени ақпараттарымен құндылығы ескеріле отырып талдау жүргізілді. Қазақ тіліндегі мәдениетке қатысты зерттеулер көбіне мәтіндер мен сөзқолданыстың мәдени және семантикалық ерекшеліктеріне негізделген. Алайда, топтастырылған мәдени бірліктердің цифрлық кеңістікте сақталуы мен танытуы туралы арнайы зерттеулер әлі де аз. Сондықтан осы бағытта тереңірек зерттеулер жүргізіп, әдістемелік негіздерді кеңейту қажет. Мұндай жұмыстар этнолингвистикалық зерттеулердің сапасын арттырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ұлт пен ұлтты бір-біріне жақындастыратын олардың ортақ қасиеттері ғана емес, негізгі ерекшеліктері. Сол ерекшеліктерді яғни құндылықтар жүйесінің аттарын мәдени реалилерді, салт-дәстүрді, ұлттық киім-кешегі мен тағамы, қолөнерге қатысты этнобірліктер цифрландырылды. Ұмытылмай үнемі елдің қолданысында, есінде қалу үшін этномаркерлерге арналған бейнебаян де әзірленді. Цифрлық платформада сақтаудың маңызы зор, себебі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен танысқысы келетін адамға әлемнің кез келген бұрышынан қолжетімді.

Мәдени-репрезентативті ішкорпустың құрылымы мен мазмұны, сондай-ақ оның қолданыс аясы зерттелді. Ішкорпус құрамындағы 15 миллион сөзқолданыс қазақ мәдениетінің түрлі аспектілерін қамтиды, оның ішінде әдебиет, тарих, этнография, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бар. Ішкорпус мәтіндерінде қазақ халқының

тарихи мұралары мен мәдени құндылықтары толық әрі нақты көрсетілген. Сонымен қатар, 26 мәдени тақырыптық топ (1-кесте) пен 6 лексикалық қабат (2-кесте) арқылы іздеу мүмкіндігі пайдаланушыларға қазақ мәдениетін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Жеті тақырыптық топқа жататын тілдік бірліктердің лексикалық және мәдени-семантикалық мағыналары түсіндіріліп, ұжымдық «Қазақ тілінің мәдени-танымдық сөздігі» жарық көрді. Тақырыптық топтарға сәйкес сөздер мен сөз тіркестерінің саны төмендегідей:


Адам атаулары – 59 сөз, 54 сөз тіркесі; Туыстық атаулар – 47 сөз, 73 сөз тіркесі; Тағам атаулары – 68 сөз, 139 сөз тіркесі; Киім атаулары – 65 сөз, 241 сөз тіркесі; Ыдыс-аяқ атаулары – 27 сөз, 21 сөз тіркесі; Қару-жарақ атаулары – 27 сөз, 32 сөз тіркесі; Сан атаулары – 9 сөз, 70 сөз тіркесі; Зергерлік атаулар – 28 сөз, 170 сөз тіркесі.

1-кесте. Мәдени тақырыптық топ



Сонымен қатар, мәдени-лексикалық қабатқа енген тілдік бірліктердің – мәдени онимдер (86 сөз), этнографизмдер (122 сөз), көнерген сөздер (111 сөз), діни сөздер (117 сөз), кірме сөздер (155 сөз) және вариант сөздер (162 сөз) – лексикалық және мәдени-семантикалық мағыналары түсіндіріліп, ұжымдық «Лингвомәдени сөздік» түрінде жарияланды.

2- кесте. Мәдени-лексикалық қабат



Ішкорпустың тағы бір ерекшелігі – оның визуалды мазмұны. Базада 145 танымдық бейнеролик және 700 сурет бар (3-кесте), олар қазақ халқының мәдениеті мен этнографиясын визуалды түрде танытуға арналған.

3- кесте – Медиа файл



Мультимедиялық жасақтамамен қамтамасыз етілген бейнероликтер қазақ тіліндегі этнографизмдердің лексикалық мағынасы және ашық/жабық кодта сақталған мәдени-семантикалық белгіленімі қойылған мәтіндер арқылы дайындалған. Бейнероликке

алынған мәтіндер жай ғана мәтін емес, мәдени-танымдақ ақпараттармен толыққан, бейнелік мәні зор, ақпаратты жылдам есте сақтауға көмектесетін және мәтінге қоса оның дыбыстық сапасының әуезділігі, құлаққа жағымдылығымен ерекшеленеді. Этномәдени бірліктердің иллюстрациялық базасын жинақтау жұмысы бойынша алдағы уақытта мағыналық құрамында мәдени-танымдық ақпараты бар этномәдени атаулар туралы белгілі этнолог-ғалымдардан аудио ақпараттар мен бейнероликтер түсіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл мультимедиялық база мектеп оқушыларына, студенттерге, қазақ тілін ана тілі ретінде білетін және оны жаңадан үйренуші тілұстармандарға этномәдени құндылықтарды бейнероликтер арқылы тез қабылдауына, ұлттық сана-сезімін оятуға, мәдени құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мәдени ақпарат жан-жақты қамтылған мәтіндер базасының IT-әзірлемесі пайдаланушының түрлі сұранысын қанағаттандыруға ыңғайланған іздеу жүйесімен қамтамасыз етілген. Әсіресе, бейнероликтердің білім беру және ғылыми зерттеулерде қолданылуы өте тиімді, өйткені олар этномәдени құндылықтарды тез әрі тиімді қабылдауға ықпал етеді. Ол мектеп оқушылары мен студенттер үшін этномәдени құндылықтарды бейнероликтер арқылы тез қабылдауға көмектеседі. Ішкорпус тек ғылыми зерттеушілер мен этнографтар үшін ғана емес, сондай-ақ мектеп оқушылары мен студенттер үшін де пайдалы ресурс. Оқушылар мен студенттер бұл ішкорпус арқылы қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін көрнекі түрде зерттеп, тануға мүмкіндік алады.

Мәдени-репрезентативті ішкорпусқа берілген «қонақ» сөзінің лексикалық, мәдени-семантикалық мағынасы және тіркесімділік өрісінің берілу нұсқасы:

Мәтіндік базада қонақ сөзі – 4238 рет қолданылған.

ҚОНАҚ – жолаушылып келе жатып, үйге түскен таныс/бейтаныс жан; Сый-сияпат көрсету үшін арнайы шақырылған сыйлы адам; Ауыл арасын қыдыра келген адамдардың бірі деген ұғымның атауы. Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөліп-жармай, достық ықылас көрсетіп, ас-дәм беру қонақжайлықтың негізгі белгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында әкенің балаға қалдыратын мұрасының белгілі бір бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі енші деп есептелінген. Әрбір үй иесі келген қонақты барынша сән-салтанатымен, пейілімен қарсы алып, ақ тілеумен шығарып салуды өмірдің бұлжымайтын моральдық-этикалық қалып ретінде қараған. Қонақтың қазақ салтында құдайы қонақ, құтты қонақ, арнайы қонақ, ерулікті қонақ, қыдырма қонақ деп аталатын түрлері бар. Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Сапарда жүрген жолаушы «бөлінбеген еншісі бар» деп, ауылдың кез келген үйіне түсе берген. Қазақтың танымында «Қонақты құдай жібереді», «Қонақты қондырмасаң құт кетеді», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады», «Қырықтың бірі Қыдыр келеді» делінген. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген. Қонақты үй иесі, қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген «құт» бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады (Қ.Ғабитханұлы).

Қонған шығар бұрын да талай қонақ, Бәріне де жетеді, асың мол-ақ. Кейін тағы келетін керуен бар, Жер босатам, бұл үйге кірсін сол-ақ (Ә.Найманбаев, Шығармалары). Аздан

соң қайтатұғын уақыт жетті, Бізге де қонақ бол деп тілек етті. Марияны қасына алып Троекуров, Қонаққа үш күннен соң, о да кетті (Ш.Құдайбердиев, Шығармалары). Балалар шулап бақырды, Ынтасы даусын білдірмек. Қонақтың күйін қашырды, Басты ауыртты көп дүрмек (Абай, Толық жинақ).

Атты қонақ. Атпен жүрген қонақ. Ертеде қазақтың қонағының көбі атпен жүргені белгілі. «Атты қонақ келсе, шөптің соры» деген тәмсіл сөз бар. Сондықтан өз малына жететін шөп жинап қана қоймай, қыста келетін қонақтардың ат-көлігі үшін де шөп жинайды. Қонақтың өзіне ғана емес, астындағы атының бабына да ерекше көңіл бөлген. Қонақтың аты аш қалса, жоғалып кетсе, ол қонақ иесі үшін ұятты құбылыс саналады.

Арнайы қонақ. Әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, құда, сыйлы, құрметті адамдар. Арнайы қонаққа «көкқасқа тай», «ақсарбас қой» сойылады, мол дастарқан жайылып, түрлі тағамдар әзірлеп, күтіп алады. Беделі бар, әңгімешіл адамдарға қонақтармен бірге отыруға ұсыныс етіледі. Ауылдың өнерпаздары өнер көрсетіп қонақтардың көңілін көтереді.

Ерулікті қонақ. Тұрақты қоныста отырған ауылдың үстіне көшіп келген отбасын құрметтеп, ерулік асқа шақырылған қонақ. Жаңадан көшіп келген, жапсарлас қонған отбасына бұрыннан отырған көршілері қонақасы береді, дәм-тұз татырып, ықылас-пейіл білдіреді.

Құдайы қонақ. Шалғай елден, алыс жерден жолаушылап жүріп, сапарында көлігі болдырып немесе жолдан адасып тынығуға қонған тосын, танымайтын бөгде қонақ. Дәстүрлі қазақ қоғамында «Құдайы қонақпыз» деп жолда кездескен ауылға түссе, құдайы қонақты үйге түсіріп күтуге міндетті болған. Қолынан келген көмегін көрсетіп, тамағын беріп шығарып салып отырған. Егер үй иесі құдайы қонақты қондырмаса, дұрыс қарсы алмаса, қонақ ауыл ақсақалына, биге шағымданып, үй иесіне айып салдыра алған.

Құтты қонақ. Келген кезінде түскен отбасында бір жақсылық, қуаныш болған қонақ. Қазақ халқында: «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», – деген нақыл бар. Осылай деген ырымшыл қазақ қашанда барын дастарқанға салып, қабағын шытпастан қонағын қарсы алған. Жақын білісе келе таныстықтары тамырлыққа, одан кейін туысқандыққа немесе құдалыққа ұласқан. Осылайша тамырласқан адамымен ешқашан байланысын үзбеген.

Қыдырма қонақ. Туыс-туған, дос-жаран, құда-жегжаттарын арнайы іздеп барып аунап-қунап жататын қонақтар. Қыдырма қонақ – қазақтың көне жолында, қонақ болу салтында көп кезігетін қонақтың бір түрі. Мейрам-мереке, демалыс күндері ауыл азаматтары топ-топ болып, ауыл-ауылға, үй-үйге қыдырады, үлкендерге амандасады, арнайы сәлем береді. Қазақ оны үйіне келген қонақтарды бізді арнайы іздеді, елеп-ескеріп келді деп, құшақ жая қарсы алады, дәмді құжырын дастарқанға жаяды. Қазақтағы қыдырма қонақтың да өзіндік мәні, кісілік сәні бар. Олар жай қыдырып, қарын баққалы, жанын сақтағалы жүрген жоқ. Қайта ауыл-ауылдағы, үй-үйдегі көңілі жақын, ниеті бір, тілеуі қабыл адамдарға жүздесу, сәлемдесу, сырласу, ауырған-сырқағандары болса, көңілін сұрау, өлген-жеткендері болса, құран оқу, туыс-туғандарына көңіл айту, жақсы ниетпен тілдесу, береке бірлікті арттыру. Ол ғана емес, тірлікте, аз өмірде, саналы ғұмырда сапалы өмір сүру, көңіл тауып, мәнді-мағыналы тірлік өткізу болып табылады. Әуелі ауыл-ауылды, үй-үйдің берекесін жалғайды, бір-біріне құрметін көрсетеді, сый-сыбағасын жалғайды, адамдық құнын, арын, адамгершілік, кісілік кереметін білдіреді. «Қыдырма қонақтан қырық ауыз сөз қалады, үлгі-өнеге, өшпес із қалады» деген сөз содан қалған.

Мұндай қонақтар жұрт сыйлаған беделді кісі немесе сары сүйек құда бастаған адамдар болса, онда қонақтың аз-көптігіне қарай жылқы баласынан – көк қасқа, қой баласынан – ақсарбас сойылса; ал, дос-жаран, алыс-беріс, барыс-келістері жиі адамдар болса, қонақтың аз-көптігіне қарай тай, қой сойып күтеді

Қылқыма қонақ. Қайсы ауыл, қайсы үйге қонақ түсіп, мал сойып, ет асып тамақ пісіргенін аңдып жүріп, дәл үстінен түсіп тамақ асырайтын қонақ. Мұндай қонақты қазақ халқы «шақырылмаған қонақ – жұт» деп жаратпайды. Алайда қонақты үйден құмайтын қазақы дәстүр бойынша, оларға да барын беріп, қондырып аттандырады.

Қорытынды

Мақалада қазақ тілінің ұлттық корпусының маңызды бөлімдерінің бірі – мәдени-репрезентативті ішкорпустың құрылымы мен маңыздылығын, сондай-ақ ұлттық мәдени тілдік бірліктерді цифрлық кеңістікте сақтап, танытудағы рөлі жан-жақты талданды. Қазақ халқының мәдени мұрасын цифрлық форматта жинақтап, ақпараттық қоғам жағдайында кеңінен таратуға бағытталған жұмыс тәжірибесі баяндалып, ҚТҰК-ның мәдени-репрезентативті ішкорпусы қазақ тілінің дамуындағы және жасанды интеллект жүйелерінде қолданылуындағы рөлі көрсетілді. Сонымен бірген, UNESCO-ның «Әлем жады» бағдарламасы аясында Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын сақтау және цифрландыру жұмыстары қарастырылып, дәстүрлі салт-дәстүрлер, ұлттық өнер, қолөнер, мерекелер және олардың қазіргі заманға үйлесімділігі туралы айтылды. Сонымен қатар, дәстүр мен инновацияның өзара үйлесімін сақтаудың маңызы атап өтілді. Қорыта келгенде, бұл ішкорпус – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін білетін рухани дүниесі бай тілдік тұлғаның қалыптасуына мұрындық болады. Ең маңыздысы қазіргі кітап оқу үрдісі тарылып бара жатқан ақпараттық қоғамда Мәдени-репрезентативті ішкорпус жалпыға қолжетімді цифрлық ресурс болуымен құнды. Ішкорпус – мектеп оқушыларына, студенттерге, магистранттарға этномәдени құндылықтарды бейнебаяндар арқылы тез қабылдауына, сондай-ақ өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып, білгісі келетін зерттеушілер мен этнографтарға арналған. Қазіргі уақытта ішкорпус үздіксіз толығып, жаңарып отырады, бұл оның болашақта қазақ халқының мәдени мұрасын әлемге танытуда үлкен рөл атқаруына ықпал етеді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Мақала ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында жазылды

Авторлардың қосқан үлесі

Э. Өтебаева мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. **Л.Қойшығұлова** тілдік материалдарды жинақтау, сұрыптау және талдау, мақаланы рәсімдеу жұмыстарын атқарды. **А.Нұстаева** тілдік материалдардың сандық деректерін жасауға үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты бо-

лып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

Әшімбаева, Н.М., & Жаңабекова, А.Ә. (2023). Лингвомәдени білімдер жүйесін ұлттық корпусқа енгізуде көне атауларды зерттеу. *Tiltanym*, (3), 25–37 бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-25-37>

Жұбанов, А.Қ. (2016). Этномәдениеттік семантика белгіленімі «қазақ тілінің ұлттық корпусында» ескерілуі қажет. *Tiltanym*, (1), 24–28 бб.

Жұмабаева, Ж.Т., & Аманбаева, А.Ж. (2024). Лингвомәдени ішкорпус: діни сөздердің мәдени семантикасы. *Tiltanym*, (4), 147–154.

Манкеева, Ж.А., Шүленбаев, Н.Қ., & Бисенғали, А.З. (2023). Мәдени-репрезентативті ішкорпустарды әзірлеудегі мәдени бірліктерді аннотациялау проблемалары. *Tiltanym*, (3), 95–102 бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-95-102>

Өтебаева, Э.Ә., Исаева, Г.С., & Серікқызы, М. (2023). Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық. *Tiltanym*, (3), 135–143 бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>

Уәли, Н.М., Исаева, Г.С., Өтебаева, Э.Ә., Мамырбек, Г.М., Жұмабаева, Ж.Т., Сейітбекова, А.А., Аманбаева, А.Ж., & Қақабаев, Б.С. (2024). Лингвомәдени сөздік. Алматы: Ел-шежіре.

Фазылжанова, А.М. (2016). Национальный корпус казахского языка как инновационно-информационная база государственного языка (об особенностях и задачах первого этапа разработки и создания). *Alatoo Academic Studies*, (3), 103–109.

Шойбеков, Р.Н., Ғабитханұлы, Қ., Өтебаева, Э.Ә., Исаева, Г.С., Солтанбекова, А.Ә., Серікқызы, М., & Барменкулова, А.С. (2023). Қазақ тілінің мәдени-танымдық сөздігі. Алматы: Асыл ЖК.

Talgatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylzhanova, A., Gabitkhanuly, K., & Issayeva, G. (2024). Exploring the semantic significance ‘Camel’ and cultural representation in the Kazakh ethnic worldview as reflected in the national corpus. *Forum for Linguistic Studies*, 6(4), 268–276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>

Tlegenova, G., Rysbergen, K., & Zhanabekova, A. (2024). Representativeness of mythonyms and theonyms in language corpora. *International Journal of Society, Culture, & Language*, 12(1), 374–395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>

Э.А. Утебаева*¹, Л.Р. Койшыгулова², А.Б. Нұстаева³

^{1,2,3}Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

Культурно-репрезентативный подкорпус: значимость сохранения национальных культурно-познавательных единиц в цифровом пространстве

Аннотация. В статье рассмотрены структура и значимость культурно-репрезентативного подкорпуса, а также его роль в сохранении и презентации национальных культурных и языковых единиц в цифровом пространстве. Электронный Национальный корпус казахского языка, сохраняющий культурное наследие казахского народа в цифровой среде и способствующий его широкому признанию и распространению в современном информационном обществе, является важной и надежной информационной базой для развития национального языка и

культуры. Культурно-репрезентативный подкорпус корпуса рассматривается не только как инструмент для глубокого изучения этнокультурного развития казахского этноса, его духовных и материальных ценностей, этнографических и культурно-познавательных представлений, но и как важный познавательный механизм, отражающий объединяющую роль языкового наследия. Цель статьи – на основе научных основ казахской этнолингвистики определить процесс создания культурно-репрезентативного подкорпуса в составе Национального корпуса казахского языка (НККЯ) и пути исследования и сохранения национальной культуры, традиций, исторических и социальных аспектов через цифровую платформу, аккумулирующую языковые и культурные ценности казахского языка. Также показан состав, структура и методы применения подкорпуса, а также доказана его значимость в образовании и научных исследованиях. Объект исследования – культурно-репрезентативный подкорпус в составе НККЯ и накопленные в нем языковые и культурные материалы казахской этнолингвистики.

Ключевые слова: национальный корпус казахского языка, культурно-репрезентативный подкорпус, цифровое пространство, культурно-семантическая информация.

E.A. Utebayeva^{*1}, L.P. Koishygulova², A.B. Nustaeva³
^{1,2,3}*A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan*

Cultural representative subcorpus: the importance of preserving national cultural and cognitive units in the digital space

Abstract. The article discusses the structure and significance of the cultural-representative subcorpus and its role in preserving and presenting national cultural and linguistic units in the digital space. The electronic National Corpus of the Kazakh Language is an important and reliable informational resource for the development of the national language and culture. The cultural-representative subcorpus within the corpus is considered not only as a tool for a deeper understanding of the ethnocultural development of the Kazakh ethnicity, its spiritual and material values, ethnographic and cultural-cognitive concepts, but also as an important cognitive mechanism reflecting the unifying function of the linguistic heritage. The aim of the article is, based on the scientific foundations of Kazakh ethnolinguistics, to define the creation of the cultural-representative subcorpus within the National Corpus of the Kazakh Language (NCKL) and to determine ways to study and preserve national culture, traditions, historical and social aspects through a digital platform that accumulates linguistic and cultural values of the Kazakh language. The composition, structure, and application methods of the subcorpus are also presented, and its importance in education and scientific research is demonstrated. The research object is the cultural-representative subcorpus within NCKL and the linguistic and cultural materials of Kazakh ethnolinguistics collected therein.

Keywords: National Corpus of the Kazakh Language, cultural-representative subcorpus, digital space, cultural-semantic information.

References

Ashimbaeva, N.M., & Zhanabekova, A.A. (2023). Lingvomadeni bilimder julesin ulttyk korpuska engizude kone ataulardy zertteu [Study of ancient names in integrating the linguocultural knowledge

system into the national corpus]. Tiltanym, (3), 25–37. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-25-37> (in Kazakh)

Zhubanov, A.Q. (2016). Etnomadeniyyetlik semantika belgilenimi "qazaq tilinin ulttyk korpusynda" eskerilui kajet [Ethnocultural semantic markers should be considered in the "National Corpus of the Kazakh Language"]. Tiltanym, (1), 24–28. (in Kazakh)

Zhumabaeva, Zh. T., & Amanbaeva, A. Zh. (2024). Lingvomadeni ishkorpustardyn dini sozderdin madeni semantikasyn [Linguocultural subcorpus: Cultural semantics of religious vocabulary]. Tiltanym, (4), 147–154. (in Kazakh)

Mankeyeva, Zh.A., Shulenbayev, N.Q., & Bisengali, A.Z. (2023). Mädeni-reprezentativti ishkorpustardy äzirleudegimädenibirlikterdiannotacijalauproblemalary [Annotation issues of cultural units in developing culturally representative subcorpora]. Tiltanym, (3), 95–102. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-95-102> (in Kazakh)

Utebayeva, E.A., Issayeva, G.S., & Serikkizy, M. (2023). Lingvomadeni ishkorpustardy äzirleudegi madeni-semantikalık eresheilikter [Cultural and semantic features in the development of the linguocultural subcorpus]. Tiltanym, (3), 135–143. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143> (in Kazakh)

Uali, N.M., Issayeva, G.S., Utebayeva, E.A., Mamyrbek, G.M., Zhumabaeva, Zh.T., Seitbekova, A.A., Amanbaeva, A. Zh., & Kakabayev, B. S. (2024). Lingvomadeni sozdik [Linguocultural Dictionary]. Almaty: El-shezhire. (in Kazakh)

Fazylzhanova, A. M. (2016). Nacional'nyj korpus kazahskogo jazyka kak innovacionno-informacionnaja baza gosudarstvennogo jazyka (ob osobennostjah i zadachah pervogo jetapa razrabotki i sozdaniya) [The National Corpus of the Kazakh Language as an innovative and informational basis for the state language]. Alatau Academic Studies, (3), 103–109. (in Russian)

Shoibekov, R. N., Gabitkhanuly, Q., Utebayeva, E.A., Issayeva, G. S., Soltanbekova, A. A., Serikkizy, M., & Barmenkulova, A. S. (2023). Kazak tilinin madeni-tanyndyk sozdigi [Cultural-cognitive dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Asyl ZHK. (in Kazakh)

Talgatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylzhanova, A., Gabitkhanuly, K., & Issayeva, G. (2024). Exploring the semantic significance 'camel' and cultural representation in the Kazakh ethnic worldview as reflected in the national corpus. Forum for Linguistic Studies, 6(4), 268–276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>

Tlegenova, G., Rysbergen, K., & Zhanabekova, A. (2024). Representativeness of mythonyms and theonyms in language corpora. International Journal of Society, Culture, & Language, 12(1), 374–395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>

Авторлар туралы мәлімет:

Өтебаева Эльмира Әбдіғалиқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. E-mail: elmira_abdigali@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6500-6062.

Қойшығұлова Лаура Рахимжановна – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0005-4340-0308.

Нұстаева Ардана Батырханқызы – филология магистрі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы Қазақстан. E-mail: ardana.nustaeva@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8810-3239.

Утебаева Эльмира Абдугалиевна – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан. E-mail: elmira_abdigali@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6500-6062.

Койшыгулова Лаура Рахимжановна – PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0005-4340-0308.

Нұстаева Ардана Батырханқызы – магистр филологии, Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, Алматы, Казахстан. E-mail: ardana.nustaeva@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8810-3239.

Utebaeva Elmira Abdugaliyevna – corresponding author, Candidate of Philology, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: elmira_abdigali@mail.ru, ORCID: 0000-0002-6500-6062.

Koishyghulova Laura Rakhimzhanovna – PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-4340-0308.

Nustaeva Ardana Batyrkhankyzy – Master of Philology, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ardana.nustaeva@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8810-3239.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 16.21.29

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-102-113>

Тілдік санадағы этномәдени концептілердің ассоциативтік көрінісі

Қ.Қ. Сарекенова¹, М.К. Ахметова*²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹sareke.kk@gmail.com, ²ma7988335@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі этномәдени мағыналардың құрылымы мен мазмұны қарастырылды. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілдік санасында сақталған этномәдени концепттердің мағыналық өрісін анықтау және олардың атрибуттық, мағыналас және бағалауыштық сипаттамаларын жүйелеу. Міндеттері: ассоциативтік эксперимент жүргізу арқылы респонденттердің ойындағы сөздерге байланысты алғашқы ассоциацияларды жинақтау, алынған деректерді жиілік пен пайыздық үлес тұрғысынан талдау, әрбір этномәдени концептің мәдени-символдық мәнін ашу және тілдік санадағы позитивті және негативті бағалауыштық реңктерін анықтау болды. Зерттеу 2025 жылдың ақпан айында 150 респонденттің қатысуымен жүргізіліп, 12 этномәдени ұғымға қатысты ассоциациялар талданды. Нәтижесінде қазақ тіліндегі этномәдени концепттердің көпқырлы мағынасы, ұлттық тарихи жады мен рухани құндылықтармен байланысы айқындалды. Сонымен қатар, зерттеу қазақ тілінің этномәдени жүйесін терең түсінуге және ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісін ғылыми тұрғыдан жүйелеуге ықпал ететін деректерді ұсынды. Жалпы, бұл зерттеу нәтижелері қазақ жастарының тілдік санасында этномәдени концепттердің берік сақталғанын, олардың символдық, тарихи және құндылықтық мәнінің әлі де өзектілігін көрсетті. Ассоциативтік әдіс ұлттық дүниетанымның құрылымын ашуда тиімді құрал екенін дәлелдеді. Бұл зерттеудің нәтижелері этнолингвистикалық, психоллингвистикалық және мәдениеттанулық зерттеулер үшін құнды дереккөз бола алады.

Түйін сөздер. Этномәдени концепт, тілдік сана, ассоциативтік эксперимент, ұлттық мәдени код, мағыналық өріс.

Түсті: 11.08.2025; Жөнделді: 20.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде тілдік сана мен ұлттық мәдени код мәселелері лингвомәдениеттану, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика бағыттарында кеңінен қарастырылып келеді. Әр ұлттың сөздік қоры оның тарихи жадын, дүниетанымдық ерекшелігін, тұрмыс-салт дәстүрін және рухани құндылықтарын бейнелейді. Сол себепті белгілі бір тілдік бірліктің семантикасын тек қана сөздіктік мағынасымен шектеу жеткіліксіз. Оның мәдени, мифологиялық және эмоциялық реңктерін ашу маңызды.

Сөз мағынасын, ассоциативтік өрісін және бағалауыштық реңкін зерттеудің тиімді әдістерінің бірі – еркін ассоциативтік эксперимент. Бұл әдіс респонденттің санасында стимул сөзбен байланысқан алғашқы реакцияларды тіркеу арқылы когнитивтік құрылымды және сол құрылымдағы мәдени қабаттарды анықтауға мүмкіндік береді (Қайдар, 1998).

Тіл – халықтың рухани қазынасы, мәдени коды мен дүниетанымының айнасы. Әрбір сөз белгілі бір ұғымдық өріске еніп, халықтың тарихи жады мен құндылықтық бағдарын сақтайды. Ассоциативтік эксперимент – тілдік сананың құрылымын, сөздердің мәдени мәнін, символдық жүктемесін зерттеудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады (Сыздық, 1997). Қазақ тіл білімінде этномәдени концепттерді зерттеу жұмыстары тілдік деректер мен мәдени контексттерді қатар қамти отырып жүргізіледі. Мұндай зерттеулер халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, ұлттық дүниетанымын, өмірлік қағидалары мен құндылықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің өзектілігі – қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін сақтау және оны жас ұрпаққа жеткізудің маңыздылығында. Тілдік санада сақталған этномәдени концепттер – ұлттың мәдени кодын, рухани негізін, моральдық-этикалық бағдарын айқындайтын құндылықтар.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілдік санасында сақталған этномәдени концепттердің мағыналық өрісін анықтау, олардың атрибуттық, мағыналас және бағалауыштық сипаттамаларын жүйелеу.

Зерттеудің нысаны – қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени маңызы жоғары 7 стимул сөз: «Шаңырақ көтеру», «Аққу», «Жерұйық», «Туған жер», «Сыбаға беру», «Қазығұрт», «Тазша бала». Бұл сөздер таңдалуында бірнеше себеп бар:

1. Олар ұлттық дүниетанымның әртүрлі қабаттарын қамтиды (тұрмыстық-салттық, мифологиялық, тарихи, эстетикалық).
2. Прагматикалық қызметі әртүрлі (тілек, қарғыс, қасиетті ұғым, мифтік образ, тұрмыстық зат).

Ассоциативтік эксперимент әдісі шетелдік және отандық лингвистикада әртүрлі мақсатта қолданылған. Орыс тіл білімінде бұл бағыттың негізін қалаушылар – А.А.Леонтьев, Н.В. Уфимцева, Ю.Н. Караулов, ал батыс психолінгвистикасында Ч.Осгуд, Д.Хомский, К. Хорн. Қазақ тіл білімінде ассоциативтік өрістер мен лексикалық ассоциация мәселесін Г.С.Смағұлова, А.Е.Карлинский, А.Ш.Жарқынбекова, Б.М.Сағындықұлы еңбектерінде кездестіреміз (Жанпейісов, 1994). Ұлттық-мәдени концептілердің ассоциативтік бейнесін анықтау бағытында соңғы жылдары бірқатар зерттеулер жүргізілсе де, қазақ хал-

қының фольклорлық-мифологиялық және тұрмыстық ұғымдарын бір арнада жинақтап, когнитивтік және бағалаушылық тұрғыдан кешенді талдау жұмыстары аз (Караулов, 2002).

Сондықтан бұл зерттеу қазақ тіліндегі ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты сөздердің ассоциативтік өрісін айқындап, олардың респондент санасындағы когнитивтік бейнесін, эмоциялық реңкін және мәдени кодтағы орнын анықтауды мақсат етеді.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде қазақ тілдік санасындағы этномәдени концепттердің құрылымы мен мазмұнын анықтау мақсатында ассоциативтік эксперимент әдісі қолданылды. Ассоциативтік эксперимент – тілдік санадағы сөздерге байланысты алғашқы ойлар мен ассоциацияларды жинау арқылы олардың мағыналық өрісін зерттеуге мүмкіндік беретін тиімді психоллингвистикалық әдіс.

Зерттеу 2025 жылдың ақпан айында ұйымдастырылып, оған 150 респондент қатысты. Қатысушылардың жасы 18-ден 25-ке дейінгі аралықты қамтыды, бұл зерттеуге әлеуметтік және жыныстық құрамның әртүрлілігін қамтамасыз етті. Респонденттерге алдын ала таңдалған бірнеше этномәдени мәні бар сөз ұсынылып, әрбір сөзге қатысты бірінші ойға келген ассоциацияларын жазу тапсырылды.

Жинақталған деректер жиілігі мен пайыздық үлесі бойынша сандық өңдеуден өткізілді. Әрі қарай талдау үш негізгі критерий бойынша жүргізілді:

1. Атрибуттық реакциялар – сөздің нақты, көріністі белгілерін бейнелейтін жауаптар (Маслова, 2001);

2. Мағыналас өрістегі реакциялар – ұғымдық, мәдени, тарихи және символдық байланыстарды көрсетеді (Өмірбекова, 2012);

3. Бағалаушылық реакциялар – респонденттердің сөзге қатысты эмоционалды және құндылықтық реңктерін білдіретін позитивті немесе негативті бағалаулар (Құрманбайұлы, 2014). Осы әдістемелік тәсіл зерттелетін этномәдени концепттердің көпқырлы мағынасын кешенді түрде ашуға және олардың қазақ тіліндегі ұлттық мәдени кодтағы орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Бұл бөлімде қазақ тілдік санасындағы этномәдени концепттердің ассоциативтік зерттеу нәтижелері жан-жақты талданып, олардың мағыналық өрісі, құрылымы және бағалаушылық сипаттамалары қарастырылады. Алынған деректер атрибуттық, мағыналас және эмоционалды бағалаушылық реакциялар тұрғысынан сараланып, әрбір этномәдени ұғымның тілдік санадағы орны мен ұлттық мәдени кодтағы мәні айқындалады. Талдаулар қазақ тіліндегі этномәдени концепттердің көпқырлы сипатын ашуға, сондай-ақ олардың респонденттердің сана-сезіміндегі әсері мен құндылықтық бағасын түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері этнолингвистикалық және психоллингвистикалық аспектілерде этномәдени концепттерді тереңірек зерттеуге негіз болады (Еспекова & Ахметова, 2025).

Сауланамада респонденттің алғашқы реакция қалдырған сөзі «Шаңырақ көтеру» сөзі. Мәдени-танымдық тұрғыда «шаңырақ» бейнесі фольклорда, шешендік сөздерде, тіпті мемлекеттік рәміздерде де кездеседі (Қазақстан елтаңбасында шаңырақ бейнесі орталық элемент ретінде орналасқан). Бұл оның халық жадындағы орнының беріктігін дәлелдейді.

Эмоциялық реңк тұрғысынан алғанда, «шаңырақ көтеру» тіркесі толықтай позитивті коннотацияға ие. Ол респонденттер санасында қуаныш, мереке, игі тілек, жақсылықпен байланысты. Сондықтан бұл сөз қазақ тілінде тек номинативтік емес, бағалауыштық және прагматикалық қызмет атқарады.

1. «Шаңырақ көтеру»			
№	Ассоциация	Жиілік	Пайыз (%)
1	Үйлену	18	36%
2	Үй салу	12	24%
3	Жаңа өмір бастау	9	18%
4	Отбасы	6	12%
5	Қазақ дәстүрі	3	6%
6	Басқа жауаптар	2	4%
	Барлығы	50	100%

«Шаңырақ көтеру» тіркесі қазақ халқының дүниетанымында әулет құру, отбасы болу, тұрақты мекенге ие болу сияқты аса маңызды әлеуметтік-мәдени мәнге ие ұғымды білдіреді. Респонденттердің басым бөлігі бұл сөзді үйлену (36%) және үй салу (24%) ұғымдарымен байланыстырған. Бұл – тіркестің екі негізгі когнитивтік моделін айқындайды:

1. әлеуметтік-отбасылық модель – үйлену, әулет құру, жаңа өмір бастау;
2. тұрмыстық-материалдық модель – үй тұрғызу, шаңырақ иесі болу.

«Жаңа өмір бастау» (18%) және «отбасы» (12%) деген жауаптар сөздің символдық және метафоралық мазмұнын ашады. Қазақ дүниетанымында шаңырақ – әулеттің тұтастығын, ұрпақ жалғастығын білдіретін киелі бейне. Бұл бейне фольклорда, мақал-мәтелдерде, мемлекеттік рәміздерде жиі көрініс табады.

Ассоциативтік реакциялардың жіктелуі

- Атрибуттық реакциялар – тура, нақты белгілерді көрсететін жауаптар: үй салу, отбасы, қазақ дәстүрі (42%). Бұл топқа кіретін реакциялар «шаңырақ көтеру» тіркесінің тікелей номинативтік мағынасына сәйкес келеді.

- Мағыналас өрістегі реакциялар – ұғымдық байланысы бар, туынды ассоциациялар: үйлену, жаңа өмір бастау (54%). Бұл реакциялар сөздің өмірлік оқиғалармен, әлеуметтік ритуалдармен байланысын көрсетеді.

- Бағалауыштық реакциялар – эмоционалдық реңкке ие жауаптар: қуаныш, береке (4%). Бұл сөздер позитивті коннотацияға ие, респонденттер үшін игі тілек пен мейірімділіктің символы болып табылады.

«Шаңырақ көтеру» тіркесі респондент санасында ең алдымен позитивті реңкке ие мәдени-символдық ұғым ретінде қалыптасқан. Оның ассоциативтік өрісі әлеуметтік және тұрмыстық екі бағытта дамиды, ал бағалаушылық деңгейде бұл сөз қуаныш пен берекені білдіретін концепт ретінде танылады.

2. «Аққу»			
№	Ассоциация	Жиілік	Пайыз (%)
1	Сұлулық	15	30%
2	Махаббат	12	24%
3	Ақ түс	8	16%
4	Құс	7	14%
5	Адалдық	5	10%
6	Басқа жауаптар	3	6%
	Барлығы	50	100%

«Аққу» сөзі қазақ мәдениетінде сұлулықтың, тазалықтың, адал махаббаттың символы ретінде танылған. Фольклорда, әсіресе ән-жыр мен аңыздарда аққу адал жарға, мызғымас достыққа, сұлулыққа теңеледі. Респонденттердің 30%-ы «сұлулық», 24%-ы «махаббат» деп жауап бергені – осы мәдени кодтың әлі де берік сақталғанын дәлелдейді.

«Ақ түс» (16%) және «құс» (14%) жауаптары сөздің тікелей атрибуттық мәнін ашды. «Адалдық» (10%) жауабы – аққудың адалдық пен тазалықтың бейнесі ретіндегі символдық қызметін айқындайды. Қазақ ауыз әдебиетінде «Аққу – киелі құс» ұғымы кең таралған, оны ату немесе жаралау күнә саналған.

Ассоциативтік реакциялардың жіктелуі

- Атрибуттық реакциялар – ақ түс, құс (30%). Бұл жауаптар сөздің табиғи, биологиялық сипатын бейнелейді.

- Мағыналас өрістегі реакциялар – сұлулық, махаббат, адалдық (64%). Мұнда аққудың символдық-мәдени мағынасы көрініс тапқан.

- Бағалаушылық реакциялар – барлығы дерлік позитивті (сұлулық, адалдық, махаббат) және жағымды эмоция тудырады. Теріс коннотация мүлде жоқ.

«Аққу» – респондент санасында тек қана құс емес, эстетикалық және моральдық құндылықтардың символы ретінде орныққан. Ол сұлулық, адалдық, сүйіспеншілік секілді асыл ұғымдармен тікелей байланысты және толықтай позитивті реңкке ие.

3. «Жерұйық»			
№	Ассоциация	Жиілік	Пайыз (%)
1	Құтты мекен	16	32%
2	Бейбітшілік	10	20%
3	Әділетті қоғам	8	16%
4	Асан Қайғы	6	12%

5	Жер райы жақсы жер	6	12%
6	Басқа жауаптар	4	8%
	Барлығы	50	100%

«Жерұйық» – қазақ халқының мәдени жадындағы утопиялық мекен, яғни бейбіт өмірдің, әділдіктің, молшылықтың нышаны. Бұл ұғымның шығу тәркіні Асан Қайғы туралы аңыздармен тығыз байланысты: дана жырау елін барлық қиындықтан, таршылықтан құтқаратын, табиғаты жайлы, халқы тату жер іздейді (Мұқашева, 2018).

Респонденттердің жауаптарында ең жиі кездескені – «құтты мекен» (32%) және «бейбітшілік» (20%). Бұл «Жерұйық» сөзінің рухани-утопиялық моделін көрсетеді: ол тек географиялық мекен емес, сонымен қатар әлеуметтік үйлесімнің символы. «Әділетті қоғам» (16%) деген жауаптар бұл концептінің қазіргі замандық түсініктегі мәнін айғақтайды.

«Асан Қайғы» (12%) және «жер райы жақсы жер» (12%) жауаптары тарихи және табиғи атрибуттарды алға шығарады. Бұл жерде «Жерұйық» ұғымы респондент санасында халық даналығы мен географиялық бейнемен қатар орын алады.

Ассоциативтік реакциялардың жіктелуі:

- Атрибуттық реакциялар – *жер райы жақсы жер, құтты мекен* (44%). Мұнда сөздің тура сипаттамасы, табиғи және тұрмыстық ерекшеліктері бейнеленеді.

- Мағыналас өрістегі реакциялар – *бейбітшілік, әділетті қоғам, Асан Қайғы* (48%). Бұл реакциялар сөздің рухани-мәдени және тарихи контекстін ашады.

- Бағалаушытық реакциялар – *тек позитивті реңктегі сөздер* (құтты мекен, бейбітшілік, әділетті қоғам) – жалпы 100%-ға жуық жауаптар осы бағытта. Теріс коннотация мүлде байқалмайды.

«Жерұйық» – респонденттердің санасында тек қана қиялдағы бақытты мекен ретінде емес, ұлттық бірліктің, әділеттіліктің және бейбіт өмірдің символы ретінде орныққан. Бұл ұғымның ассоциативтік өрісі толықтай позитивті және ұлттық мәдениетте ерекше маңызға ие.

4. «Туған жер»			
№	Ассоциация	Жиілік	Пайыз (%)
1	Отан	18	36%
2	Балалық шақ	12	24%
3	Ауыл	10	20%
4	Табиғат	6	12%
5	Басқа жауаптар	4	8%
	Барлығы	50	100%

«Енді осылардан білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, біртүрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтықтың әсері» (Құнанбайұлы, 2016b), – деп бар шындықтың бетін ашады. Ақын бос, арзан мақтанға бой алдырып, оны не түсінбей, түсінуге де тырыспай, өзінікін дұрыс санайтын жарым адамдардың қоғамды жайлауы тарихи жарақаттың кері әсері. Қоғамның рухани-моральдық құндылықтары өзгеріп, рухани тоқырауға ұшырап, ұлттық болмыстың трансформацияға түскені байқалады. Бұл дерттің тағы бір көрінісі ретінде Абай «бос мақтан» деп түсіндіреді. Отызыншы қарасөзінде *«Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ»* (Құнанбайұлы, 2016b), – деп сол заманның рухани тоқырауға ұшыраған жарым адамының келбетін сипаттап береді. Бос мақтанға бой алдырып, ар мен адамшылық, намыс пен батылдық, ерлік пен қайсарлық, білімділік сияқты адамзаттың асыл қасиеттерімен шауасы жоқ, қырт мақтанға мәз болған сырқат қоғамның жарым адамы ретінде суреттеп береді. Дегенмен бұл тұста ақын бұл бейнеге қарама-қарсы толық адам сипатын да ұсына біледі: *«Ай, құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттығы – әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді»* (Құнанбайұлы, 2016b), – деп жаңа заман өкілі, өзі қалаған білімдінің бейнесін қатар беруді де ұмытпайды. Бұл тұста Абай қазақты қатты сынап, жамандығын бетіне басып барлық ашу-ызасын көрсетеді, Абай қазақты жақсы көрмеген бе деген сауал еріксіз санаға оралады. Бірақ бұл сауалдың жауабын ақын қарасөздерінде беріп кетеді. Ақын қазақтан күдерін үзсе де, өз халқын ащы сынаса да, үміт сәулесін үзбейді, өз дәуірі солай кетсе де, келер ұрпақтан үміті зор болды, сол білімді ұрпаққа зор үміт артты. Бұл туралы өзінің арнауларында да мен ескінің сарқыны, сен жаңаның бастауы деп ашып айтады, бір Әбдірахманның бейнесі арқылы тұтас білімді, жігерлі қоғам жастарының келбетін жасап кетеді. Ақын «Осы мен өзім – қазақпын» деп басталатын тоғызыншы қарасөзінде қазақтың дертін біліп, себептерін анықтау, оны түзету, ұжымдық жарақатты емдеу, салдарымен күресу, сол арқылы халықтың жанына дауа болу сияқты өмірлік қағидаттарды ұсынады. Қазақ халқының болашағына зор үмітпен қарап, бұл түнектен шығу жолы тек жақсылыққа ұмтылып, өнер-білім іздеу, ел қатарлы ғылым мен өнердің тілін үйреніп, ақша тауып, әрекет етіп, берекетін, зейнетін көруге шақырады.

Ұжымдық жарақаттың салдарынан рухани тоқырауға ұшырауының тағы бір белгісі ретінде ел ішінде белең алған ұрлық пен бұзақылық сияқты жаман әдеттерді сынайды. Он бірінші қарасөзінде: *«Осы елдің үнемі қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең көп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғылары әлек болып жүр»* (Құнанбайұлы, 2016b). Бұл үзіндіде сырқат қоғамның барлық дерті бір-бірімен сабақтасып, тұтас көрініс ұсынылып отыр. Яғни сырқат қоғам тек бір құрылымға ғана байланысты емес, керісінше барлығы өзара

бір-бірімен қай жақтан алсақ та сабақтасып, шиеленіскен рухани тоқырауға әкелетін жаман әдеттер мен мінез, тұтас ұлттың бейсаналығына терең тамыр жайып алғанының көрінісі. Себебін қоғамның барлық деңгейіндегі адамдардың санасы уланған, халықтық тоқырау байқалады. Жоғарыда көрсеткен Э.Дюркгеймнің «аномия теориясындағы» ұлттық құндылықтар әлсіреген кезде сырқат қоғам пайда болып, өзінің моральдық-рухани құндылықтары әлсіреп, бір сөзбен айтқанда, ұлттың ішкі діңі өзгеріске түсіп, рухани-психологиялық адасу үдерісі байқалады. Абай заманындағы қоғам соның дәлелі.

Дж. Алдександер «Мәдени жарақат пен ұжымдық бірегейлік» (Александер, 2012)

зерттеуінде жарақат теориясының екі аспектісін атап көрсетеді: «Ағартушылық философиясы» мен «Психоаналитикалық» нұсқалары. Ағартушылық философиясының мағынасы жеке тұлға немесе қоғамның қандай да бір өзгеріске деген рационалды реакциясы деп түсіндіреді. Жарақаттың пайда болуы мен салдары иелеріне толығымен түсінікті болады, сондықтан да нақты мәселені біліп, оны шешу мен ары қарай даму жолдарын анық біледі. Ағартушылық философия тұрғысынан, мысалы, жақсы адамдармен жаман бір жағдай болғанда, абдырап, өздері де не болғанын түсінбей қалады. Міне, жарақат та дәл сондай күй кешуге жатады. Ғалымның зерттеулерінен мысал келтірсек, саяси қақтығыстар түсініспеушілікке әкеледі, экономикалық құлдырау депрессияға әкеледі, соғыстағы жеңіліс өшпенділік сезімін тудырады, табиғи апаттар дүрбелең тудырады, физикалық қысым алаңдаушылық пен мазасыздықты қалыптастырады, техногендік апаттар түрлі фобиялар мен үрей тудырады. Бұның жалпы атауы адам санасында жарақат сезімін қалыптастырады, ал ағартушылық философия тұрғысынан бұндай жарақатты білген адамдар немесе қоғам оның салдарын, себебін біліп, оны шешу жолдарын іздейді. Осы тұста Артур Нилдың зерттеулеріне сүйенсек, ғалым мұндай жағдайды «әлеуметтік қоғамды дүр сілкіндірген жанартау іспетті жеке тұлғаның немесе ұжымның жарақатқа деген қарсы реакциясы» (Neal, 1998) деп түсіндіреді. Кез келген жарақат тудыратын жағдайдар «жойқын күшке», «ерекше оқиғаларға» себепші болады. Ағартушылық философия бағыты бойынша кез келген жарақат алдағы даму мен жаңа мүмкіндіктер туғызатын күшке ие деп түсіндіреді. Бұған көптеген елдердің соғыстан кейін дамуы, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, азамат соғысынан кейін кей елдер қарқынды дамып, ұзақ мерзімді стратегия қалыптастырып, дамуы мысал бола алады. Бұл бағытты ұстанушылар жеке жарақат пен ұжымдық жарақаттың арасында алшақтықтың барын айтып өтеді. Дегенмен нақты аражігі ашылмайды, тек Дж. Александер бұл туралы тұжымды пайымдауын ұсынады. Жеке жарақат дегеніміз адамның жеке қорғаныс механизмдеріне қарамастан жойқын күшпен адам психикасына ауыр соққы жасауын айтамыз, себебі бұндай соққыдан адам бірден қорғанып үлгермейді... Ал ұжымдық жарақатқа келсек, қоғамды біріктіретін нәзік сезімдерге жасалған соққы жасау арқылы тұтастық сезімін, бірлікті жояды. Ұжымдық жарақат жеке жарақатқа қарағанда баяу және жасырын түрде халық санасына еніп, ақырындап ұлт санасын улап, түбінде халықтың бірегейлігін жойып жіберетін жойқын соққы болып саналады. Себебі бұл жағдайда қоғамда «біз» деген тұтастық жойылады. Абай заманындағы қазақ қоғамы осыған мысал, дендеп кірген саясаттың салдары, халық санасын жасырын түрде улап, соңында «Бас басына би болған өңкей қиқым» халге түседі. Түрлі жер аудару, отырықшылық, колхоздастыру, би-болыстардың сайлауы және басқа да қазақ танымына жат саяси-әлеуметтік жағдайлар ұлт санасын ақырындап бұзып, ұлттық мәдени кодынан айырылудың аз-ақ алдындағы сырқат қоғамға айналды.

Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбайұлы шығармаларында отаршылдық салдарынан туындаған ұжымдық жарақаттың айқын көрініс тапқанын көрсетеді. Ақынның «жарым адам» ілімін қолдануы – ұлттың отаршылдық езгі мен рухани күйзеліс нәтижесінде жартыкеш күйге түскенін бейнелейтін көркем метафора. Бұл ұғым қазақ қоғамындағы моральдық-этикалық құндылықтардың дағдарысын, өзіндік сананың әлсіреуін, бірегейліктің бұзылуын сипаттайды.

Психоаналитикалық әдіс негізінде жүргізілген талдау нәтижесінде Абай шығармаларындағы мінез-құлық ауытқулары, жағымпаздық, парақорлық, күнdestік, көрсеқы-зарлық секілді жаман әдеттердің барлығы ұжымдық жарақаттың салдары ретінде танылды. З.Фрейдтің бейсаналық пен жарақат байланысы туралы ілімі бұл процесті ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді: «ұмытылған, бірақ өңделмеген жарақат бейсанада сақталып, кейінгі әрекеттерге ықпал етеді» (Фрейд, 2024) деген тұжырым – Абай сынының астарынан анық көрінеді.

Зерттеуде К.Каруттың жарақаттың қайталануы мен ұрпақаралық берілуі туралы көзқарастары да Абай мұрасымен сабақтасты. Абай заманындағы қоғам бейсанасында сақталған жарақаттардың бүгінгі күні де ұлттық мінезде, қоғамдық санада көрініс табуы – бұл тұжырымның дәлелі. Мәселен, «Болыс болдым, мінеки...» өлеңінде суреттелген әлеуметтік-моральдік құлдырау көріністері – тарихи жарақаттың көркем бейнесі.

Р.Айерманның «жарақат – ұлттың өзін тануына әсер ететін фактор» (Айерман, 2013) деген тұжырымы Абайдың «толық адам» ілімімен сәйкес келеді. Абай тұлғасы мен идеялары – ұжымдық жарақаттың салдарынан бөлшектенген қоғамды біріктіруге, кемелдікке жетелеуге бағытталған архетиптік бағдар ретінде қабылданады.

Сонымен қатар постотаршылдық дискурс тұрғысынан қарағанда, Абай шығармаларында отаршылдық саясаттың ұлт санасына тигізген терең зардаптары бейнеленеді. Франц Фанон мен Эйме Сезер ұсынған «дегуманизация» мен «заттану» тұжырымдары – қазақтың ұлттық кодынан ажырау үдерісін түсіндіруде қолданылды. Абай отаршылдықтан кейінгі қазақ қоғамының моральдық-рухани құлдырауын, өз болмысын жоғалтып алуын өткір сынға алады.

Дж.Александрдің жарақат теориясындағы «әлеуметтік жарақат – ұжымдық бірегейлікке қауіп» (Александр, 2012) деген идеясы арқылы Абайдың «қазақты сынауы емес, оны ояту мақсаты» нақты талданды. Ол заманның «баяғы жартас» күйінен әлі де арылмаған бүгінгі қоғамда да бұл идеяның өзектілігі артып отыр.

Нәтижесінде, Абайдың «толық адам» ілімі ұжымдық жарақаттан сауығудың жолы екенін аңғаруға болады. Ол жеке тұлғаның ғана емес, тұтас ұлттың кемелдікке ұмтылуын көздейді. Абайдың көркем мәтіндері тек әдеби шығарма ғана емес, сонымен бірге ұлттың психологиялық жаңғыруының да құралы ретінде бағаланды.

Абайдың «толық адам» ілімі ұлттың рухани сауығуына негіз болатын құрал ретінде қарастырылады. Бұл идея Дж. Александрдің тарихи жарақат салдарымен күресіп, ұлтты біріктіру мен сананы ояту құралы ретінде қарастырғанымен астасады: «Historical traumas arise in the process of conscious exploitation of traumatic experience by political or other leaders in order to achieve emotional unity and group consolidation» (Александр, 2012). Абай да «толық адам» ілімі арқылы қазақты біріктіру, халықтың «жарым» санасынан арылып, рухани тұтастыққа жету мақсатын көздейді. Демек, бұл идея – тек философиялық тұжырым ғана емес, тарихи жарақатты жеңу механизмі екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абай Құнанбайұлының «толық адам» ілімі – қазақ халқының тарихи-рухани жарақатын бейнелейтін және оны жеңуге бағытталған көркем-психологиялық феномен. Абай қолданған «жарым адам» ұғымы – ұлттың отаршылдық пен рухани отарлану салдарынан психологиялық күйзеліс пен мәдени дағдарысқа ұшырағанын сипаттайтын бейнелі метафора. Бұл ұғым Абайдың сыншыл реализмін ғана емес, сонымен қатар ұжымдық бейсаналыққа бағытталған гуманистік көзқарасын да айқындайды. Ақын шығармаларындағы моральдық құлдырау көріністері – тарихи жарақаттың әдеби көркем нұсқасы. Бұл тұста психоаналитикалық және жарақат теориясының тұжырымдамалары – З.Фрейдтің бейсана, К.Каруттың жарақаттың қайталануы, Дж.Александердің мәдени жарақат пен ұжымдық бірегейлік арасындағы байланысқа қатысты ойлары – Абай мұрасын ғылыми тұрғыдан жаңаша бағалауға мүмкіндік берді.

Абай өз дәуірінде ғана емес, бүгінгі рухани дағдарысты қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпаған тұлға. Оның «толық адам» ілімі – ұлт ретінде өзін тануға, отаршылдық жарақатынан арылуға, рухани тұтастыққа қол жеткізуге бастайтын кемелдік жолы. Бұл ілім – тек этикалық-философиялық бағдар ғана емес, сонымен қатар ұжымдық бейсана мен тарихи жадыны қайта құрылымдаудың құралы. Демек, Абай мұрасын заманауи жарақат теориясы аясында зерттеу – қазақ әдебиеттануына тың әдістемелік және тұжырымдамалық бағыт ұсынады. Абай шығармаларын ұлттың ұжымдық жарақатына рухани дауа ретінде қарастыру – қазақтың мәдени, тарихи, психологиялық болмысын терең түсінуге жол ашады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Демесинова Л.М. әдеби шолу, мақала мәтінін құрастырумен айналысты, **Әубәкір Ж.М.** мақала дизайны мен концепциясын құрастыру, зерттеу материалдарын талдаумен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

- Айерман, Р. (2013). Социальная теория и травма. *Cultural Sociology*, 12(1), 121-137.
- Александер, Дж. (2012). Культурная травма и коллективная идентичность. *Социологический журнал*, 3, 6-40.
- Дюркгейм, Э. (1996). О разделении общественного труда (пер. с фр. А.Б. Гофмана, примеч. В.В. Сапова). Москва: Канон.
- Карут, К. (2019). Жарақат теориясы. <https://daisymathew.blogspot.com/2019/04/cathy-caruths-trauma-theory.html>
- Қамзабекұлы, Д., Қажымұрат, А., & Екижи, М. . (2025). Абай мен Алаш тұлғалары еңбектеріндегі ұлттық және мәдени код үдерісі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. *ФИЛОЛОГИЯ* сериясы, 151(2), 247–257. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-247-257>

- Құнанбайұлы, А. (2016a). Шығармаларының екі томдық жинағы (Т. 1). Алматы: Жазушы.
- Құнанбайұлы, А. (2016b). Шығармаларының екі томдық жинағы (Т. 2). Алматы: Жазушы.
- Райан, М., & Ривкин, Д. (2019). Әдебиет теориясы: антология (Ж. Жұмашева, пер.; Т. 1). Алматы.
- Ранк, О. (1997). Травма рождения и ее значение для психоанализа. Москва: Когита-Центр.
- Фрейд, З. (2024). Психология масс и анализ человеческого «Я». Москва: АСТ.
- Hinrichsen, L. (2013). Trauma studies and the literature of the US South. *Literature Compass*, 10(8), 605–617.
- Kim E. Post-colonial Democracy and Women's Rights in Post-Liberation South Korea. *Asian Women*. 2020 Sep;36(3):71-89. <https://doi.org/10.14431/aw.2020.9.36.3.71>
- Neal, A. G. (1998). National trauma and collective memory: Major events in the American century. New York: Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315702179>
- Vickroy, L. (2004). Trauma and survival in contemporary fiction. Charlottesville: University of Virginia Press.

L.M. Demessinova, Zh.M. Aubakir

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abai's Concept of the "Moral Personality" through the Lens of Trauma Studies

Abstract. This article examines the after-effects of historical and social trauma preserved in the collective memory and unconscious of the Kazakh people through Abai Kunanbaev's concept of the "moral personality." Drawing on trauma theory, the authors analyse the spiritual crisis, moral degradation and erosion of the national code that emerged under colonial oppression and trace their manifestations in contemporary Kazakhstani society. The theoretical frameworks of Z. Freud, J. Alexander, R. Eyerman and C. Caruth are employed to interpret Abai's literary images and motifs in the context of collective and historical trauma. Abai's notion of the "moral personality" is presented as a key mechanism for spiritual healing and the preservation of national identity. A comparative analysis of the spiritual-moral condition of Kazakh society in Abai's era and today reveals the long-term consequences of collective trauma, its recurrence and its intergenerational transmission. The synthesis of modern research methods allows Abai's oeuvre to be re-evaluated as a spiritual resource capable of treating the nation's collective trauma.

Keywords: moral personality, trauma theory, collective unconscious, national code, post-coloniality, historical trauma.

Л.М. Демесинова, Ж.М. Аубакир

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Концепция «нравственная личность» Абая сквозь призму исследований травмы

Аннотация. В статье рассматриваются последствия исторической и социальной травм, сохранившиеся в коллективной памяти и бессознательном казахского народа, сквозь призму концепции Абая Кунанбаева о «нравственной личности». Авторы анализируют духовный кризис, моральное разложение и разрушение национального кода, возникшие в результате колониального гнёта, а также их проявления в современном казахстанском обществе на основе

теории травмы. В работе широко используются теоретические положения таких учёных, как З. Фрейд, Дж. Александер, Р. Айерман и К. Карут, позволяющие интерпретировать художественные образы и мотивы в контексте коллективной и исторической травм. Концепция Абая о «нравственной личности» рассматривается как ключевой механизм духовного исцеления и сохранения идентичности нации. Сравнительный анализ духовно-нравственного состояния казахского общества времён Абая и современности позволил проследить долгосрочные последствия коллективной травмы, её повторяемость и трансляцию между поколениями. Синтез современных исследовательских методов дал возможность по-новому осмыслить творчество Абая как духовный ресурс, способный излечить коллективную травму нации.

Ключевые слова: нравственная личность, теория травмы, коллективное бессознательное, национальный код, постколониальность, историческая травма.

References

- Aierman, R. (2013). Sotsial'naia teoriia i travma [Social theory and trauma]. *Cultural Sociology*, 12(1), 121–137. (in Russian)
- Alexander, J. (2012). Kul'turnaia travma i kollektivnaia identichnost' [Cultural trauma and collective identity]. *Sotsiologicheskii zhurnal*, 3, 6–40. (in Russian)
- Durkheim, E. (1996). O razdelenii obshchestvennogo truda [De la division du travail social]. Moscow: Kanon (in Russian)
- Caruth, C. (2019). Zharakat teoriiasy [Trauma Theory]. Retrieved May 12, 2025, from <https://daisymathew.blogspot.com/2019/04/cathy-caruths-trauma-theory.html> (in Kazakh)
- Kamzabekuly D., Kazhymurat A., & Ekici M. (2025). The process of national and cultural code in the works of Abai and the personalities of Alash. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series*, 151(2), 247–257. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-247-257>
- Qunanbaiuly, A. (2016a). Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy (T. 1) [Collected works in two volumes (Vol. 1)]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Qunanbaiuly, A. (2016b). Shygarmalarynyn eki tomdyk zhinagy (T. 2) [Collected works in two volumes (Vol. 2)]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Rivki, J., & Ryan, M. (2019). Adebiet teoriiasy: Antologiya [Literary Theory: An Anthology] (Zh. Zhumasheva, Trans.; Vol. 1). Almaty. (in Kazakh)
- Rank, O. (1997). Travma rozhdeniia i ee znachenie dlia psikhoanaliza [The trauma of birth and its significance for psychoanalysis]. Moscow: Kogita-Tsentr. (in Russian)
- Freid, Z. (2024). Psikhologiamass i analiz chelovecheskogo "Ya" [Group psychology and the analysis of the ego]. Moscow: AST. (in Russian)
- Hinrichsen, L. (2013). Trauma studies and the literature of the US South. *Literature Compass*, 10(8), 605–617.
- Kim, E. (2020). Post-colonial democracy and women's rights in post-liberation South Korea. *Asian Women*, 36(3), 71–89. <https://doi.org/10.14431/aw.2020.9.36.3.71>
- Neal, A. G. (1998). National trauma and collective memory: Major events in the American century. New York: Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315702179>
- Vickroy, L. (2004). Trauma and survival in contemporary fiction. Charlottesville: University of Virginia Press

Авторлар туралы мәлімет:

Демесинова Ляйля Муратовна – хат-хабар үшін автор, PhD, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, E-mail: lmdemessin@gmail.com, ORCID: 0000-0002-2414-7360

Әубәкір Жандос Мағазбекұлы – филология ғылымдары кандидаты, доцент, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, E-mail: kokwe75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1509-5287

Demessinova Lyailya Muratovna – corresponding author, PhD, Research Institute «Abai Academy», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: lmdemessin@gmail.com, ORCID: 0000-0002-2414-7360

Aubakir Zhandos Magazbekuly – Candidate of Philology, Associate Professor, Research Institute «Abai Academy», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: kokwe75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1509-5287

Демесинова Ляйля Муратовна – автор для корреспонденции, PhD, научно-исследовательский институт «Академия Абая», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, E-mail: lmdemessin@gmail.com, ORCID: 0000-0002-2414-7360

Аубакир Жандос Магазбекович – кандидат филологических наук, доцент, научно-исследовательский институт «Академия Абая», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, E-mail: kokwe75@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1509-5287



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 17.82.94

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-181-192>

Ғылыми мақала

А. Байтұрсынұлы мен Ж. Жәнібековтің тарихи және көркем бейнесі (С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасы бойынша)

А.К. Коспагарова^{1*}, Р.С. Имаханбет², Д.О. Байгожина³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹assem.kospagarova@gmail.com*, ²rayhanyimahanbet@gmail.com, ³baigozhina_do_1@enu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық роман-хроникасы негізінде Ахмет Байтұрсынұлының әдеби портреті жан-жақты талданып, оның бейнесінің тарихи-көркемдік қырлары мен идеялық мазмұны ашылады. Зерттеу нысаны – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер аясындағы А.Байтұрсынұлының тұлғалық келбеті және Жанұзақ Жәнібековтің қоғамдық қызметі. Мақсат – авторлық концепцияны, тарихи шындық пен рухани құндылықтардың тоғысуын анықтау және екі қайраткердің ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін көрсету. Әдіснамалық негіз ретінде тарихи-әдеби, салыстырмалы және құжаттық талдау тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, мәтіндік-салыстырмалы талдау арқылы авторлық баяндау ерекшеліктері мен кейіпкер бейнесін сомдау тәсілдері анықталды. Негізгі дереккөздер ретінде «Қазақ» газетінің материалдары, архив құжаттары және кезеңдік баспасөз мәліметтері пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде, С. Сейфуллиннің А.Байтұрсынұлына қатысты ілтипаты мен шығармаларындағы астарлы оң бағалаулар дәлелденді; Ж. Жәнібековтің Алаш қозғалысы мен «Қазақ» газетіндегі редакторлық қызметінің ұлттық идеяны нығайтудағы орны айқындалды. Сондай-ақ, екі қайраткердің ортақ идеялық алаңы ретінде «Қазақ» газетінің тарихи маңызы мен қоғамдық ықпалы дәйектелді. Бұл зерттеу тарихи тұлға бейнесін кешенді талдаудың үлгісін ұсынып, әдеби портрет пен авторлық концепцияны зерттеудің әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Түйін сөздер: Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы, Жанұзақ Жәнібеков, «Тар жол, тайғақ кешу», Алаш қозғалысы, «Қазақ» газеті, авторлық концепция.

Түсті: 02.06.2025; Жөнделді: 14.08.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романы қазақ әдебиеті мен тарихында ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы күрделі кезеңді бейнелейтін көрнекті шығарма болып табылады. Бұл роман қазақ халқының патшалық Ресейге қарсы күресін Кеңес үкіметінің орнығу жолдарын шынайылықпен суреттейді.

«Тар жол, тайғақ кешу» романында Сәкен Сейфуллин өз дәуірінің әлеуметтік-саяси көрінісін көркем түрде бейнелеп, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалды, оның ішінде Алаш қозғалысының тарихи рөлін де сипаттауға тырысты. Романның тарихи және әдеби факт ретіндегі маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде. Осыған байланысты, аталған еңбектегі қазақ халқының көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының бейнесін талдау өзекті болып табылады. Сондай-ақ, романдағы тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің образдары арқылы Сәкен Сейфуллин ұлт тағдырына бейжай қарамаған, ел үшін жанын берген қайраткерлердің ішкі жан-дүниесін, көзқарасы мен ұстанымын терең ашып береді.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Жанұзақ Жәнібеков екеуі де Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері ретінде қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, мәдениеті мен тілін дамытуға зор үлес қосқан тұлғалар екендігін атап өткен жөн.

Әдіснама

Ғылыми мақаланы жазу барысында салыстырмалы, тарихи-әдеби талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында диалектикалық, салыстырмалы принциптер әдістемелік негіз ретінде қолданылды. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасындағы Ахмет Байтұрсынұлы бейнесі, оның тұлғасының сомдалуы жүйелі түрде талданды. Сонымен қатар, тарихи-құжаттық әдіс негізінде Алаш қозғалысына қатысқан тұлғалардың қызметі, әсіресе Жанұзақ Жәнібековтің өмір жолы мен «Қазақ» газетіндегі рөлі архивтік деректер мен баспасөз материалдары арқылы зерттелді. Бұл әдістер мақалада қарастырылған екі тұлғаның ортақ идеялық бағыттарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық роман-хроникасы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саяси, әлеуметтік өзгерістерге шынайы сипаттайтын маңызды тарихи туынды. Бұл шығарманың негізгі құндылығы – сол дәуірдегі ірі тарихи тұлғалардың бейнесін көркем әрі деректік тұрғыдан беруінде.

Қазақ ғалымдары Т. Кәкішов пен К. Ахметова, А. Кәкен, А. Әбсадық «Тар жол, тайғақ кешу» романының тарихи шындығы жайында көп ізденіп, арнайы еңбектер жазды. Сонымен қатар, 1916-1937 жылдар аралығындағы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар нысанға алынды. Өйткені, шығарманың 1927 жылғы ең алғашқы нұсқасы мен кейінгі шығарылымдары арасында автордың ойлары мен сөйлемдерінің біршама өзгертіліп, алашордалық азаматтарға ауыр сын, кінә арту айтылғандығы аңғарылады.

Сәкеннің «Алашорда» мүшелігіндегі азаматтарға қарсы келуі өзі өмір сүріп отырған қоғам көзқарасы, қоғамдағы адамдар пікіріне үндес келеді. Себебі, ол қоғамда бай мен кедей табы, екеуі екі бөлек дүние іспетті еді.

Ф.ғ.д., профессор Т. Кәкішұлының аталған романды «XX ғасырдың энциклопедиялық анықтамасы» (Кәкішұлы, 2010) – деп айрықша бағалайды. Ғалым К. Ахмет «Өмірдің талай тар жол тайғақ кешулерінде» Сәкен Сейфуллин «Алаш» азаматтарының ешқайсысында жамандыққа қиған емес. Сотына қатысқан емес. Бұған оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы (1927) сәкентанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері нақты дәлел бола алмақ. Қаншама жан түршігерлік азапты бастан өткерген Сәкен ешуақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген» (Кәкішұлы, 1997).

Алаш қайраткері Жанұзақ Әлжанұлы Жәнібековтің «Қазақ» газетіндегі редакторлық қызметі жайында Ү. Субханбердинаның, Қ. Сақтың, Э. Ибраеваның ғылыми және тарихи еңбектерде әртүрлі деректер кездеседі.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін қазақ ғалымдарының еңбектері негізінде шығарып олардың пікірлерінің астарын түсінуге тырыстық. Ахмет Байтұрсынұлының кейбір қиын кезеңдерде елі мен жері үшін шыбын жаны шырқырағанда Сәкен Сейфуллиннің көмек қолын беруі ерен еңбегін танып, арлы азаматтығын сыйлауы нағыз зерделінің ісі. Тәуелсіздік кезең әдебиеті тұсында С. Сейфулинді «қызыл болды» деп алашордашыларға қарсы қою белең алғанымен, шындығында олар кеңес өкіметін қолдап қана қойған жоқ, оның іргетасын бірге қалағандығын білеміз. Мәселен, Қазақ автономиясы құрылған соң А.Байтұрсынұлы алғаш рет халық ағарту халкомы етіп тағайындалса, Ә. Ермеков Қазақ өлкесінің Мәскеудегі өкілдігіне жетекшілік етті. Х.Ғаббасов Сібірге, Б. Сәрсенов жалпықазақ Казревкомының бөлімін басқарды (Кәкен, 2016).

С. Сейфуллиннің «Алашорда» мүшелігіндегі азаматтарға қарсы келуі өзі өмір сүріп отырған қоғам көзқарасы, қоғамдағы адамдар пікіріне үндес келеді. Себебі, ол қоғамда бай мен кедей табы, екеуі екі бөлек дүние іспетті еді.

Қазақ қоғамы үшін елеулі еңбектің бірі – ол Қазақ Құрылтай съезін дайындап және құрылтай жұмысына А. Байтұрсынұлы, С. Сейфуллин, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, С. Меңдешов, Т. Рысқұловтардың басы қасында жүріп, мұрындық болуы. Аталған тұлғалардың экономикалық, жағрапиялық деректерді, сондай-ақ, тарихи-статистикалық, этнографиялық деректерді ұқыптылықпен жинап, Қазақ жұртының аумақтық шекарасын анықтап белгілеуінде.

Тарихшы ғалым М. Қозыбаевтың «Алаш қозғалысы – қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс. Ал «Алаш» партиясының негізін қалаған үркердей топтың, «Алашорданың» басынан аяғына дейін жүргізген саясаты дұрыс еді» Сәкендікі қате еді деп айтуға бола ма? Алаш жетекшілерінің 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі позициясын Тұрар, Сәкен т.б түсінбеді деп кінәлау қиын. Тұрар, Сәкен, Жүсіпбек, Бейімбет дүркіреп көтерілген қалың халықпен болды», – дейді (Қозыбаев, 1994).

Ақиқатында Сәкен Сейфуллин де Ахмет Байтұрсынұлы да шын пейілдерімен, өз ықылас-еріктерінде қара халықтың жағында болғандығын олардың әрбір іс-әрекеттерінен аңдауға болатынын тарихи деректер көрсетті.

«Тар жол, тайғақ кешу» шығармасында жазушы С. Сейфуллин жеке бір тұлғаға емес Алашорданың іс-әрекетіне қарсы екенін баян етеді.

«Менен Шонтонов жауап алды:

– Сіз Совдепке қалай кірдіңіз?...

Мен:

– Совдепке бұқара халықтың, ел қазақтарының сайлауымен кірдім, – дедім.

– Нені қорғамақ болып кірдіңіз, Совдепке?...

Мен:

– Қазақ халқының, өзімді сайлаған нашар елдің пайдасын қорғауға кірдім (Сейфуллин, 1998).

Жазушы әрі ақын С. Сейфуллин бұл ұстанымын поэзия тілімен де бейнелейді:

Халықтың қорлық көрген туын ұстап,

Әділдік жолын іздеп қуған едім, -

Болса да жолым қиын мехнатты,

Сол жолда басшы қылдым жалғыз хақты.

Дарияға қайық салған ер балаңды

Қолда енді, бабаларым, аруақты!

– деген жыр жолдары қайраткердің жүрек сыры екендігіне күмәндануға болар ма?

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін көркемдік таным және авторлық концепция мәселесі ерекше назар аударуды қажет етумен қатар жеке қаламгерлер шығармаларын да жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Егер жазушы шеберлігі – ешқашан киелі сипатын жоймайтын, маңызы мәңгілік, шығармашылықтың іргелі объектісі екенін мықтап ескерер болсақ, таным мен ұстанымның да көркемдік сипатының танылуына шеберлік мәселесінің ықпалы зор екеніне көз жеткіземіз (Көпбаева, 2010).

Автор қалайда өз заманның шындығын, бет-бейнесін суреттеуде туралықтан таймағаны, сол кезеңдегі баспасөз беттеріндегі мақалалардан өзі айтып отырған шындықты дәлел ететін тұстарын оқырман назарына ұсынып ұстауында.

Сондай-ақ, шығарма барысында автор қазақ әдебиетінің даму бағытына да тоқтала өтіп, «бірі – байшыл, ұлтшыл, бірі еңбекшіл, тапшыл» деп екіге бөледі. «Байшыл, ұлтшыл бетті әдебиетшілер, мәселен Ахмет, Мыржақып, Мағжан, Әлиқан және басқалар» деп атап өтеді (Сейфуллин, 1998).

Шығармада Алаш қозғалысының кейбір қайраткерлерімен Сәкеннің қарым-қатынасын жақсы болды деп топшылау қиынға түседі. Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасында Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтылған орынсыз пікірлер кездеспейді. Автордың Ахмет жөніндегі ішкі ілтипаты мен сыйластығы әр тұста байқалып отыратындығын көреміз. Мәселен, ««Қазақ» газетін шығарушылар: Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Қадырбайұлы болды» (Сейфуллин, 1998).

««Алаш» партиясынан учредительный собранию аталған депутаттар: Торғай облысынан номер бірінші спеске. 1. Ахмет Байтұрсынұлы, 2. Ахмет Бірімжанұлы, 3. Сағындық Досжанұлы, 4. Абдолла Темірұлы, 5. Телжаман Мұрынұлы, 6. Ержан Оразұлы, 7. Әлихан Бөкейханұлы» (Сейфуллин, 1998).

Торғай «Алашордасының» басында болған білімділері: Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шошанұлы, Мырзағали Есполұлы, Сәлімкерей Қаратілеуұлы...» (Сейфуллин, 1998).

«Ақшораұлының ұранына дауыс қосқандай, қазақтан шыққан ұлтшыл көсемдер Ахмет, Мыржақып та патша заманында, патшаның урядник, приставтарының арам етектерінің табанымен езілген нашар елдің «елім-ай, жұртым-ай»... деген зарын күйледі» (Сейфуллин, 1998).

Жазушы «газет шығарушылар», «номер бірінші», «білімділері», «ұлтшыл көсемдер» деген сөздердің астарында сол қоғамның айтулы, абыройлы азаматтары қақында сөз болып жатқандығынан хабардар береді.

Кез-келген қоғамда бір адамды немесе бірнеше тұлғаны білімді деп мойындау үлкен сүзгіден өткен, қоғамдағы ісі мен сөзі, жасаған еңбегіне берген бағамен тең.

Яғни, автор кейде қарама-қарсы пікірде отырғандай көрінгенімен астарлы ойдың бір түйіні ашылғандай болады. Бірде байшыл, ұлтшыл тап болып көрінген топ енді ел зарын күйттейтін қарапайым азамат рөліне енеді. Автор кейіпкерлерді жанына жақын ұстағысы келгенімен кей тұста амалсыз сынап, мінейтіндей көзқарас туғызады.

Алаштану туралы алғашқы пікірлер 1919-1920 жылдарда басталып, тұңғыш пікір айтып, қалам тербегендер Сәкен мен Ахмет екені белгілі. Оны Ахметтің «Революция және қырғыздар» мақаласынан аңғаруға болады. Мақалада, Алаш автономиясын жариялау мен оның үкіметін құрудағы себептер ашып көрсетілген.

А. Байтұрсынұлының елу жылдығына арналған салтанатты жиында алғашқы сөзді С. Сейфуллин ашып «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам қылықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртты, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп ғалымның даралығын көрсете сөйлейді (Әшімханов, 1992).

Сәкеннің ел алдында сөйлеген осы аңдату сөзі ертеңіне, 1923 жылы 10 қаңтарда «Еңбекші қазақ» газетінде «Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай» деген ойы қалың елге жетті.

Бірақ, осы шын бағалау, жүрекжарды ақ пейілді тілек кейбір төңкерісшілдерге ұнамады. Мақала шыққаннан кейін төңкерісшілдік екпіні басылмаған олардың бірі – Ә.Әйтиев «Степная правда» газетіне жариялаған «Фактические поправки» мақаласында Сәкенге жала жауып, кейін бірінен соң бірі қаптап дөрекі де содырлы жазбалармен көбейіп кетті.

Әрине, Сәкен бұндай дөрекі жазбаға сауатты жауап қайыра білді. Ә.Әйтиевтің сынына «Тағы да Ахмет туралы /Әйтиевке жауап/» деген мақаламен баспасөз бетінде жауап берді. Сәкен Ә.Әйтиевтің орыс тілінде жазған ескертпесін сынға ала отырып, Әйтиевтің «Алашты жасағандардың бірі Ахметтің өзі емес пе?» дегеніне «Рас, Әйтиев жолдас рас. Олардың ішінде шенқұмар, жалған ұлтшылдар болды. Ахмет әйтеуір қазаққа қызмет қыламын деп солармен бірге болды. Ахметтің ұлтқа қызмет қылмақ болып коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына үлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы» себеп болды деп нақты әрі кесіп айтуы, большевиктік ұран тұтанып тұрған кезеңде Ахметтің бұл қайраткерлігі өзі үшін емес, елі үшін, жер үшін, қала берді

ұлтының қамы үшін тыным таппай шарқ ұрған жанның адал ниеті екенін тәптіштей түсіндіруі ғибрат аларлық қадам еді.

Автор, автор – жаратушы, автор – адам, автор – персонаж, автор образы, бейтарап баяндаушы, автор ойыны, автордың шығармашылық әлемі сияқты терминдер негізінде автордың өзін-өзі бақылауы, өзгелерге зер салуы, қиял әлеміне қатынасы, басқа мәтіндердің әсері, кездейсоқтық пен қажеттіліктің сана мен қиялға ықпалы, сыртқы және субъективтік факторлардың шығармашылыққа қысым жасауының себеп-салдарлары, авторлық сананың еркіндігі мен өзін-өзі сынауы тәріздес мәселелерді жеке-жеке немесе бірлікте қарастыру көп нәрсені айқындайтынын ғылыми негіздер арқылы дәлелдеу де аталмыш бағыт үшін өте маңызды.

Автор өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында «ұлтшыл» болғандардан жеке бөлінгенін, Ахмет Байтұрсынұлының ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кіргендігін әрі онда ұзақ болмағандығын айтады. Ахмет байлардың құлдығында кедей жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, таза жан екендігін, қазақ тарихында алатын орнын тұңғыш рет анықтап берді.

Бұл туралы А. Байтұрсынұлының өзі былай деп мәлімдейді. «Маған жеткізілген хабарға қарағанда, менің шығарылуыма, біріншіден, партия жиналыстарына қатыспағаным, екіншіден, мүшелік жарнаны уақтысымен төлемегенім және үшіншіден, менің Алашорда ұйымына қатыстығым сылтау болса керек. Маған қойылып отырған бұл айыптардың қайсысынан болсын мен бас тартпаймын», – деп жазады ол (Жұртбай, 2006).

А. Байтұрсынұлы өмір сүрген ғұмырын ана тілінің жоғын жоқтауға, ана тілін таза сақтауға, әрі қарай дамытуға, қазақ балаларын ұлт тілінде оқытуға арнағаны халқымыздың болашағын ойлағандығынан екені сөзсіз. Ана тіліміздің мәртебесін биіктетуге бар білім мен қабілетін, дарынын аямай сарп еткен А. Байтұрсынұлы болса, сол бір аумалы-төкпелі заманда ұлттық тіліміздің тағдыры үшін арпалысқандардың бірі С. Сейфуллин болғанын және Ахмет үлгісін бүгінгілерге түсіндіріп, ұрпаққа мұрат етіп, талпынғаны еш күмән тудырмайды.

Сәкен Сейфуллинді ұлт ұстазына айрықша жақын ұстайтын себептердің бірі қазақ балаларының сауатын ашу жолында «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1914) сынды еңбектерін жазып, қазақ тілінің тағдырына бей-жай қарамағаны еді. Қазақ тілінің қиын қыстау уақытта екінші сатыға түсіп бара жатқандығы Сәкеннің жанына қатты бататын. 1923 жылы өткен XII съезден кейін Сәкен қазақ тілінде іс жүргізу керектігі жөнінде мақала жазып, іс басындағы азаматтарға арнайы хат жазып, үлкен науқанды өзі ашты. Сонда Ахмет Байтұрсынұлы ойларын мықтап ескерді. Білігі бар зиялы қауымға түсіндірді.

Әдебиет сыншысы Т. Кәкішов: «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы басылымы туралы «Оның не ерекшелігі бар: мынау байшыл, ұлтшыл, алашордашылар дегенді құртуға, тұқыртуға үгіттеген адам Сәкен болып отырған сияқты болып көрінеді ғой қазіргі сендерге. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» 1927 жылғы жарияланған нұсқасында мұндай сөздер жоқтың қасы. Келесі жарияланған нұсқаларда қызыл цензура, лито білгенін істеп, тізеге басып, Сәкеннің аузына не секілді күлдібадам әшкерелегіш сөздерді салып жіберген тәрізді. Ал мына 1927 жылғы нұсқада «қазақтың оқығандары, қазақтың төрелері» деген сөздермен алашорда қайраткерлері туралы түсініктерін тұспалдап

береді» дей келе «1936 жылғысында байшыл, ұлтшылдар, алашордашылар дейтін терминдерді Сәкен өзі қолданды ма, жоқ литода отырған адамдар немесе редактор қолданды ма, мен әлі соны анықтай алмай жүрмін. Ал Сәкен көп жағдайда анау алдыңғы толқын ағаларына ілтипатпен қарап отырған. Тек Ә. Бөкейхановқа төніп кететін тұстары көп болды «Тар жол, тайғақ кешуде». Ал Ахмет Байтұрсынұлы жөнінде айтып отырғаны әлгі «шын ұлтшыл» деген. Ал ұлтшыл дегенді жаман сөзге айналдырып алдық қой деп ашынып жазды (Кәкішов, 2015).

Халқының мүддесі үшін күресе білген «алаштықтарды» әрине жандармдар ұната қоймады. «Несмотря на то, что действия жандармских сотрудников позволил определить предвзятый, неоправданный характер ряда обвинений в адрес редакторов газеты «Казах», авторы обращений к властям верно уловили устремления национально ориентированной части казахской интеллигенции во главе с лидерами Алаш отстаивать интересы своего народа, что невольно приходило в противоречие с политикой царских властей, которые на национальных окраинах, в том числе в Степном крае, пытались решить эту проблему накануне Февральской революции в России, прибегая, в том числе, к установлению постоянного политического надзора за руководителями газеты «Казах» (Absadyk, 2022).

«Қазақ» газеті ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары үшін ортақ пікір алаңына айналған маңызды институт болды. 1913 жылы Орынборда негізі қаланған бұл газет қазақ халқының «көзі, құлағы һәм тілі» қызметін атқарып, ұлттық сананы оятуға, білім мен мәдениетті таратуға зор ықпал етті. Газет қазақ қоғамының өзекті мәселелерін көтеріп, оның дамуына жол сілтеді.

Ахмет Байтұрсынұлы газеттің негізін қалаушы және ұзақ жылдар бойы оның редакторы болды. Ол басылымның бағытын айқындап, оның ұлттық идеяларды таратудағы рөлін күшейтті. Жанұзақ Жәнібеков те 1918 жылы газеттің редакторы қызметін атқарып, осы маңызды істі жалғастырды. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында «Қазақ» газетіне жарияланған мақалалар мен ой-пікірлер айна қатесіз, нақты көрніс тапты. Сол дәуірдегі тікелей байланысы олардың қызметін бір-бірімен және сол кезеңдегі жалпы саяси-басшылығында болуы олардың ұлттық мүдделерге қызмет етудегі ортақ мақсаттарын айқындайды.

Жалпы, саяси көзқарастар мен қоғамдағы түрлі өзгерістер ұлт зиялыларын түрлі бағдарға, қилы жолға салып, қиын да қырлы тарам етті.

Әдебиеттанушы ғалым Ж. Дәдебаев ғұмырнамалық шығарманың негізгі белгілері ретінде мыналарды атап өтеді. «Шығарманың көркемдік жаратылысын анықтауда бірінші орында нақтылық, деректілік ерекше рөл атқарады. Жазушы өз шығармаларында әлдеқандай мәлімсіз адамдар туралы емес, халықтың алдыңғы қатарлы, арлы, аты халық арасында аңыз болып тарағандай ерлігімен, білімділігімен, шыншыл турашылдығымен танылған ғылым мен өнер, еңбек адамдары туралы жазады, бас тұлға - кейіпкер етіп халық сүйіспеншілігіне бөленген, ел ардақ тұтқандай ірі азаматтарды таңдайды», деген тұжырым жасайды (Дәдебаев, 2002).

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі Жанұзақ Жәнібеков «Қазақ» газетінің редакциялық жұмысын Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтан кейін жалғастырған. Кейбір деректерге сүйенсек Жәнібеков 1918 жылы газеттің 261-265 сандарының редакторы болған (Кесте 1) (Субханбердина, 1990). Аталған мәлімет ел тарихына арналған ресми оқулықтарда да көрніс тапқан. Мысалы, «Қазақстан тарихы» оқулығының 706-бетінде:

««Қазақ» газеті 1918 жылы (№261-265) Жанұзақ Жәнібековтің редакциялауымен шықты» (Алдажұманов, 2002). Себебі, дәл осы жылы Қазақстандағы саяси өзгерістерге толы кезең болды. Ресейдегі азаматтық соғыс, Алаш орданың қызметі және Кеңес өкіметінің күшеюі сияқты факторлар аймақтағы жағдайды күрделендірді.

Кесте 1.

Редактор	Редакторлық кезең (бар деректер бойынша)
Ахмет Байтұрсынұлы	1913 ж. – 1918 ж. 17 қаңтар
Міржақып Дулатұлы	1914 ж. 19 мамырдан – 1918 ж.
Жанұзақ Жәнібеков	1917 ж. (№ 261-265 немесе № 261-262

Жәнібековтің Байтұрсынұлымен Алаш қозғалысы аясында тығыз байланыста болғаны, олардың «Қазақ» газетінде бірге қызмет атқарғаны олардың ортақ мақсаттары мен ұлттық мүдделерге деген адалдығын көрсетеді.

«Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары ұлтты ояту, ағарту, тәуелсіздік идеяларын насихаттау мақсаты туралы (Әбдиманұлы, 1993).

Ж. Жәнібековтің «Қазақ» газетінің редакциялық жұмысына қатысуы – оның Алаш қайраткерлерімен ортақ идеологиялық ұстанымда болғандығын дәлелдейді. Газет бетінде жарияланған ұлттық мүддені көздейтін мақалалар қазақ қоғамының рухани жаңғыруына ықпал етті.

1918 жылы елдегі саяси тұрақсыздық пен кеңестік биліктің қысымына қарамастан, Жәнібеков басылымның соңғы сандарын шығаруға белсенді түрде атсалысты. Бұл жайт оның Алаш қозғалысының идеяларына адалдығын, сондай-ақ ұлттық сөз бостандығы мен тәуелсіз баспасөз үшін жүргізген күресін айқын танытады.

Ж.Әлжанұлы мен Алаш көшбасшылары арасындағы қарым-қатынас идеялық жақындықпен сипатталады. Ол да А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатов сияқты қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауды, рухани дербестігін сақтауды көздеген қайраткер ретінде танылды. Бұл үндестік «Қазақ» газетінің мазмұны мен бағыты арқылы айқын көрініс тапты.

Алаш қозғалысының басты мақсаты – автономиялы қазақ мемлекетін құру, білім мен мәдениетті өркендету, ұлттық сананы ояту еді. Жәнібеков бұл идеяларды қолдап қана қоймай, олардың таралуына нақты еңбек сіңірді. Оның редакторлық қызметі – осы ұстанымдардың шынайы жалғасы мен көрінісі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық пен ұлт мүддесі жолында ғана емес ерекше қабілеттері мен көп қырлы тұлға екенін ХХ ғасыр басында қазақ халқының көшбасшысы ретінде танылғанын, замандастары оны аса жоғары бағалап, «Алаштың Ахаңы» от деп дәріптегенін жазып жүрген ғалымдар бар (Жүсіп және т.б., 2023).

Қорытынды

Сонымен, Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда Сәкен Сейфуллин ұлт тіліне байланысты ой-тұжырымдарын Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлтты сақтайтын ең соңғы қамал

– тіл» деген даналық қағидаларынан өрбіткенін, сол арқылы бір-біріне ілтипатының күшті болғандығын, айрықша қадірлегенін аңғармау ағаттық болар еді.

А. Байтұрсынұлына С. Сейфуллинді құштар еткен құдіретті күштің бірі ұлттық тілге деген қамқорлық екені даусыз. Сондай-ақ, кеңестің пайдалы ісіне Ахмет Байтұрсынұлындай ұлы ағартушыны тарту талабы да қатарласа жүргені белгілі. Бірақ Сәкен Сейфуллиннің асқақ арманын тапшылдық көзқарас жеңіп, өз ойлағандарын жасады.

С. Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесінде Ахмет Байтұрсынұлына ағат ой, қисынсыз, артық сөз айтпайды.

«Тар жол, тайғақ кешудің» алғашқы тараулары осы кезде жазылып, «Қызыл Қазақстан» журналының бетінде жариялана бастағанын ескерер болсақ, онда Сәкеннің таптық позиция дегенге айрықша қарауыл қоймасқа шамасы қалмағанын көру онша қиындыққа түспейді.

С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында «Алашордашылар» туралы жалпы тоқталғанымен А. Байтұрсынұлы туралы суреттеулер мен бейнелік образдар жасырын, астарлы кездесетінін аңғарамыз.

«Қазақ» газетіндегі кәсіби жолын корректорлық қызметтен бастаған қаламгер Жанұзақ Әлжанұлы күрделі қоғамдық-саяси ахуал кезеңінде басылымның редакторлық қызметін абыроймен атқарды. Бар-жоғы 29 жастағы Ж. Жәнібеков кеңестік биліктің күтпеген саяси өзгерістеріне қарамастан, ешқандай тайсалмай, «Қазақ» газетінің бетінде жаңа билікке қарсы сындарлы әрі принципті ұстанымдағы мақалаларды батыл түрде жариялап отырды.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала АР19679639 «Қазақ журналистикасының Ұлы дәуірі: қалам қайраткері Жанұзақ Әлжанұлының публицистік мұрасы және редакторлық қызметі» гранттық жоба аясында дайындалды.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын **А.К. Коспагарова** айқындап, зерттеу материалдарын талдап, негізгі бөлімді әзірледі. **Р.С. Имаханбет** зерттеу материалдарын жинақтап, мақаланың мазмұнына қатысты деректерді жүйеледі әрі оны рәсімдеу жұмыстарын жүзеге асырды. Зерттеу барысында мақаланың тұтастығы мен деректердің дәлдігімен **Д.О. Байгожина** қамтамасыз етті.

Әдебиеттер тізімі

Алдажұманов, Қ. С. (ред.) (2002). Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 5 томдық. (Т. 3). Алматы: Атамұра.

Әбдиманұлы, Ө. (1993). Қазақ газеті. Алматы: Қазақ университеті.

Әшімханов, Д. (Құраст.). (1992). Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Алматы: Жалын.

Кәкен, А. (2016). Сәкен жолы. Астана: Жасыл Орда.

- Кәкішов, Т. (2015, 20 тамыз). Алаш арыстарының көп жазбасы КГБ мұрағатында жатыр. Қазақ үні, (52), 8.
- Кәкішұлы, Т. (2010). Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт.
- Кәкішұлы, Т., & Ахмет, К. (1997). Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры. Алматы: Санат.
- Көпбаева, М. (2010). Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция (Автореф. дисс. филол. ғ. докт.). Алматы.
- Қозыбаев, М. (1994, 12 тамыз). Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар. Егемен Қазақстан, (125), 5.
- Дәдебаев, Ж. (2002). Қазіргі қазақ әдебиеті: лекциялар курсы. Алматы: Қазақ университеті.
- Жұртбай, Т. (2006). Алаш ақиықтары (Т. 5). Алматы: Алаш.
- Жүсіп, С. А., Имаханбет, Р. С., & Оспанова, Г. Т. (2023). «Қырық мысал» жинағының жазылуы мен басылуы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, (1), 199–210. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-199-210>
- Сейфуллин, С. (1988). Тар жол, тайғақ кешу (Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 4). Алматы: Жазушы.
- Субханбердина, Ү. (1990). Әйгілі «Қазақ» газеті. Зерде, (5).
- Absadyk, A. A., Boranbaeva, B. S., Mukhitov, K., & Legkii, D. M. (2022). The newspaper «Kazak» and its opponents in the Kazakh society during the First World War. Bylye Gody, 17(3), 1470–1481. <https://doi.org/10.13187/bg.2022.3.1470>

А.К. Коспагарова*¹, Р.С. Имаханбет², Д.О. Байгожина³

^{1,2}Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Исторические и художественные элементы в образах А. Байтурсынулы и Ж. Жанибекова (по произведению С. Сейфуллина «Тернистый путь»)

- Zarrinkoub, A. (2014). The Wiseman of Ganjeh in search of Utopia (Nizami's biography, work and thought). Tehran: Sukhan Publication. (in Persian)

Information about the author:

Kudaibergenova Gulbahyt Kalizat – PhD, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3345-2228.

Құдайбергенова Гүлбақыт Қализатқызы – PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, E-mail: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3345-2228.

Кудайбергенова Гулбакыт Кализатовна – PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: gulbahyt2017@gmail.com, ORCID: 0000-0002-3345-2228.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 39.29.15

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-206-219>

Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер

С.О. Құлбарақ¹ , А.Б. Жолмаханова² , Ә.М. Башенова^{3*} 

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

^{2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: ¹samen-56@mail.ru, ²erke_zh@mail.ru, ³basenovaalia@gmail.com)

Аңдатпа. Бұл мақала Қытай Халық Республикасындағы қазақ диаспорасының арасында сақталған топонимдік аңыздарды ғылыми тұрғыда талдауға арналған. Қазақ халқы ертеден келе жатқан бай фольклорлық мұрасымен ерекшеленеді. Сол мұраның маңызды бір тармағы – жер-су атауларына байланысты аңыз-әпсаналар. Қытайдағы қазақтар арасында кең таралған бұл аңыздар этникалық сананы сақтау мен тарихи жадты жаңғыртуда үлкен рөл атқарады. Мақалада Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарындағы қазақтар мекендеген жерлердің атауларына байланысты туындаған аңыздар жинақталып, мазмұндық әрі құрылымдық тұрғыда талданады. Бұл аңыздардан тек географиялық нысандар туралы мәліметтер ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғалар, батырлар мен ел басынан өткен кезеңдер жөнінде де құнды деректер алуға болады. Автор зерттеу барысында аңыздарды типологиялық жіктеуге тырысып, олардың поэтикалық құрылымын, кейіпкер жүйесін және танымдық ерекшеліктерін анықтаған. Сонымен қатар, мұндай фольклорлық мәтіндердің тарихи-мәдени контексте алатын орны мен маңызы да көрсетіледі. Мақалада дереккөз ретінде Қытай қазақтары арасынан жазылып алынған ауызша материалдар мен этнографиялық зерттеулерге сүйенген. Зерттеу нәтижесінде топонимдік аңыздардың қазақ халқының көне дүниетанымын, рухани-мәдени болмысын танытатын маңызды мәдени феномен екені дәлелденеді. Бұл зерттеу Қытайдағы қазақ қауымының тілдік, тарихи және рухани бірегейлігін сақтауда фольклордың атқаратын қызметін айқындайды және қазақ топонимиясын зерделеуге қосылған елеулі үлес болып табылады.

Түйін сөздер: Қытай қазақтары, топонимикалық аңыздар, фольклор, топонимдік сарындар, тарихи оқиға.

Түсті: 16.06.2025; Жөнделді: 25.06.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Жер-су атаулары халықтың тасқа түскен тарихы, сөйлете білсең, көркем шежіресі іспетті. Сондықтан топонимиканың, оның ішінде топонимикалық аңыздардың жиналуы мен зерттелуі аса маңызды саналады. Отандық ғалымдар топонимияның тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері туралы жан-жақты зерттеу жұмыстарын атқарып келеді. Топонимдік атаулардың мән-мағынасы, тарихқа қатыстылығы мен аңыздық сипаты жөніндегі М.Мырзахметовтың (1998), Т. Жанұзақтың (2011), С. Қасқабасовтың (1984), Қ.Тұрсынқұловтың (1998), Б. Қошым-Ноғайдың (2003), Е. Керімбаевтың (1984), Б.Тасполатовтың (2016), Е. Оралбайдың (2019), М. Мамышева мен Ш.Сеитованың (2022), т.б. зерттеу еңбектері методологиялық негізге алынды. Сол сияқты қытай топонимдерін СНТоро жобасы арқылы жүйелеп, цифрлық корпус арқылы олардың ресми қолданысын айқындайтын қытай ғалымдарының еңбектері де негізге алынды (Ye et al, 2025). Ал «Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер» мақаласы сол атаулардың халық жадындағы тарихи-мәдени мазмұнын ашып көрсетеді. Екі еңбекті біріктіре қарастыру топонимдерді әрі техникалық-лингвистикалық, әрі этнолингвомәдени қырынан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, шетел қазақтарының топонимдік аңыздары әзірге нақты зерттеу объектісіне айналған жоқ. Зерттеу жұмысының өзектілігі – ғылыми объекті тың болып есептеледі. Сондықтан да жұмыста топонимикалық аңыздар мен сарындарды талдау-сипаттаумен қатар, мәтінмен таныстыру мақсаты да қарастырылды.

Әдіснама

Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары ол жақты білмейтін қазақтар үшін ел тарихынан, олардың басынан кешкен қилы кезеңдерден, елдің азаттығы үшін күрескен айтулы тұлғалардың жорық іздерінен, жер реңінен, оның байлығы мен сұлулығынан мол хабар береді. Әсіресе топонимдік сарындарда халықтың туған жерге деген сүйіспеншілігі, ауыр жағдайларға байланысты қимай қоштасуы мен сағынышы көркем бейнеленген. Топонимдік сарындарда жер-су атауы нақты айтылып, поэтикалық бейнесі жасалған.

Нәтижелер мен талдау

Топонимдік сарындар Қытайдағы қазақтардың тарихи жырлары мен ғашықтық, хикаялық дастандарында молынан кездеседі. Оларды есепке алғанда, соншалықты бай лексикалық мол мұраға кезігіп, халықтың жер-су аттарын қоюдағы тапқырлығына, қиял ұшқырлығына сүйсінесің. Жетісу, Қытайдағы Іле өңірінің қазақтарына кең танылған дәулескер күйші Қожеке өмірінің қиын тағдырына арналған «Қожеке» тарихи жырында мәселен *Іле, Текес, Күнес, Тұзкөл, Иірсу, Шалкөде, Айғайтас, Құмбел, Қоғалысаз, Ақбастау, Шартас, Шарнауа, Тиекті, Көктекшелі, Шымылдык, Қарағай, Ағаяз, Жырғалаң, Қапсалаң, Жалаңтөс, Бұтақара, Қасқарау, Селкілдек, Үш Құштай, Аттыңтауы, Тарланқап, Сарбуыршынның кезеңі, Құмыл Баркөл, Аратұрық, Дағыты асуы, Нарат асуы, Жұлдыз тау, Қапшағай* тәрізді көптеген жер-су атаулары ұшырасады (Алпысбаева және т.б., 2005). Мұндағы жер-су атаулары жай ғана тізбектелмейді, қаһарманның басындағы

қиындыққа орай психологиялық әр алуан реңкте бейнеленеді. «Тұнжырап Тұзкөл жым-жырт ойға батқан,/ Иірсу ірікті бойын ойдағы аққан./ Шалкөде бар ашуын шақырғандай,/ Айғайтас сап жатқандай «ойбай, аттан!» деп келетін жыр жолдарындағы топонимдік атаулар образды үлгіде – бірде тұнжырап, бірде бойын іркіп, бірде бар ашуын шақырып, бірде айқай салып – кейіптеу түрінде берілген. Оқырманына эмоциялық әсер ерекше. Біз білмейтін өлкедегі қазақ жерінен хабар береді. Халықтың ол жерде ұзақ уақыт тұрып, қимас атамекеніне айналғанын сезінесің. Жергілікті болыс-билердің қудалауына түсіп, шекараның арғы бетіне өтіп, сондағы туыстарын паналағанмен, өктем билік ақыры жазықсыз күйші мен оның ұлы Нұрқанды дарға асып өлтіреді. Тарихи жырда жер атауына қатысты қысқа қайырылса да, топонимдік аңыз – ел естелігі берілген. «Бір сай бар аталатын «Жылан орда»./ Көш жолы осы сайға құлағанда./ Баласын қозы айдаған жылан шағып,/ Жалшы ана зар илеген жылап онда,/ – деп, сайдың «Жылан орда» деп аталу себебі баяндалады.

Сюжетіне XX ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжан өлкесінен Чиңхай, Тибет, Үндістан, Кашмир өңірлеріне ауған қазақтардың бастан кешкен қиын-қыстау оқиғалары арқау болған «Үркін-қорқын» тарихи жырында «Ел кетті Жетіобадан Құм өзенге, Алдымыз қалың Тибет жол кезеңде» деп жаппай үркіншіліктің қайда бет алғанынан хабар беріледі. Қытай қазақтары арасында жырдың үш нұсқасы белгілі болған. Бұл нұсқаны жергілікті ақын Сейітқан Бортанқажыұлы 1940 жылдары жырлаған. Қолжазбасын 1958 жылғы саяси науқанда өртеп жіберген. Сейітқан Көкбайұлы, Серікбай Қамзаұлы сынды ел азаматтары бұрын жаттағандары бойынша еске түсіріп, қағазға қайта түсірген (Қосан, 2005). Тарихи жырда абақ-керей елінің қайғы-қасіреті елес береді.

Тарихи жырдан гөрі қаһармандық жырға көбірек келетін «Ер Бұланда» «Ұзынсай» оқиғасы баяндалады. «Ұзынсайда» пәле қасқыр бар деген аңыз ел ішіне тараған. Адам жеп дәнiккен қасқыр тосыннан килігіп, адамды дерексіз жоқ қылады екен. «Ұзынсай» оқиғасына қатысты топонимдік сарында Бұланның жүрек жұтқан батылдығы суреттеледі: «Ақ төс, қара бір қасқыр жетті қуып,/ Көрмеген қара қасқыр өзі туып./ Қаптады шүйе бөрі тұс-тұсынан,/ Мөлшері тіпті қалың жүзге жуық./ Бұлан да бұл жауыздан тайынбады,/ Сайысқа не де болса дайындалды./ Қара қасқыр биіктен атылғанда,/ Сілтеді қамшыны әйтеу, жаны қалды./ Бүктетіліп түсті сұмның есі кетіп,/ Қаптады шүйе бөрі қың-шың етіп./ Дырауын үйіргенде қаһары кеп,/ Тырмысып тауға таман берді зытып» (Алпысбаева және т.б., 2005). Топонимдік сарында «Ұзынсайдың» қауіптілігі пәле қасқырмен байланыстырылады. Жалпы, Қытай қазақтарының фольклорында жер ыңғайына орай кездесетін қасқырдың адамға қауіптілігі, батыр тұлғаның онымен алысып, мықтылығын танытуы жиі байқалатын көріністер.

«Шейітсай» жыры тікелей жер атауының қойылу сырына арналған. Туындының оқиғасы Айгүл мен Берікбол сынды екі жастың өз дәуірінің қаныпезер билеушісі Қанжарқын болыстың қолынан айуандықпен өлтірілуіне құрылған. Олардың қаза болған жері кейін ел аузында «Шейітсай» атанып кеткен. «Арқалап алып барып бір қуысқа,/ Қалқа ғып аузына тас қалайды екен./ Бір қонып екеуіне Құран оқып,/ Аманат осы сайға арнайды екен./ Батыста Айгүл жатыр жерлігінде,/ Берікбол бір қуысты алған екен./ Екі жас өз жауынан шейіт болған,/ Ел мұны «Шейітсай» деп атап кеткен./ Берікбол бір жалшының баласы еді,/ Жалайыр, қазақ ұлты келу тегі,/ Ғасырды бір ораған осы шейіт,/ Сартап боп сол үңгірде жатыр әлі», – деп сай тарихы жырланады (Алпысбаева

және т.б., 2005). Бірін-бірі сүйген Еңлік-Кебек сынды екі жастың трагедиясы шамамен XIX ғасырдың бас жағында болған. Ел ішінде аңыз түрінде тараған оқиғаны өзінің қайынатасы, жергілікті жердің беделді кісісі Мыңжан ақсақалдан естіп, 1946 жылы қиссаға айналдырған Шыңжандағы қазіргі Бұратола Моңғұл автономиялы облысының жергілікті тұрғыны Шакура деген әйел (Алпысбаева және т.б., 2005). Жырда *Сайрамкөл, Ортақсары, Арасан* тәрізді жер-су аттары аталып, «*Әнжанның Көктекшесі*» деген жер атауының тарихы қысқаша баяндалады. «Малы көп Қанжарқанның шіріген бай,/ Жалайыр деген елдің болысы екен./ Іленің терістігі *Сайрамкөл, Ортақсары* қонысы екен./ Әнжандық өзбек қызы бәйбішесі,/ Қонысы бәйбішенің *Әнжантекше*./ Жайласа Сайрам төрін төрт тоқалы,/ Бәйбіше сәл олардан тұрды ерекше./ *Арасан, Ортақсары* күнге беті,/ Малдары Қанжарқанның қыстайды екен./ Әнжанның туыстары саяхаттап,/ Жайлауда апайына келеді екен./ «Әнжандық қаптап кетті» деп қазақтар,/ «*Әнжанның Көктекшесі*» деген екен» (Алпысбаева және т.б., 2005). Жер-су атауларының қойылуының түрлі себептері болады. Топонимикалық аңыздарда жер-су атаулары негізінен сол жерде ізі қалған тарихи оқиғаға, тарихи тұлға қатысты қойылады десек те, тұрмыстық жағдай да жер атауының қойылуына себепші болады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпосы – қазақ арасына кең таралған жыр. Шығыс түркістандық ақын Дәуіт Отарбайұлы жырлаған нұсқасы Қытай қазақтары арасында кеңінен танымал. Зерттеушілердің айтуында, Дәуіт ақын жырлаған эпоста байырғы желі біршама сақталған (Ғашықтық ғаламаты, 2000). Жырда бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, мотивтер тізбегі сақталғанмен, өзгешеліктер бар. Мәселен, Баянның сұлу көркін естіген ноғайлының бегі Әбдіжаппардың құл болып жылқы бағуы, аты ұмыт болып, «Қодар құл» атануы, Қозының Баянды іздеп жолға шыққанда, қалмақтардың қолына түсіп, Уаң ханның алдына келуі, тағы басқа желілер басқа нұсқаларда кездеспейді. Мұндағы оқиға Шығыс Түркістандағы Алтайдан басталып, Аякөзде аяқталады. Осыған орай Шығыс Түркістандағы біраз жер-су аттары: *Сарыөзен, Сары Ертіс, Қара Ертіс, Бала Ертіс, Бақын су, Қатын су, Сауыр тау, Бурыл, Шіңгіл белі, Бурылтоғай, Үліңгір* аталып, топонимдік сипаттама беріліп, кей жерлердің аталу себептері жырланады. «Сарыбай бастап көшті елден ауып,/ Көңілін көтермекке қылар сауық./ Өзенге қырат асып қона қалса,/ Қыран құсы қашыпты ебін тауып./ Ол жердің атын содан «*Қыран*» қойды,/ Үріккен ел үрей қумай жияр ма ойды./ Оған да байыз таппай көшіп еді,/ Зорығып бір бурасы жолда өледі./ Ол жердің атын қойып «*Бура асуы*»,/ Тоқтамай толғатқандай жөнелелі», – деп жырлайды. Қасқырдың адамға шабуы, ол жердің адам үшін қауіпті болуы тәрізді «Ер Бұлан» жырындағы мотив Дәуіт ақын нұсқасында да кездеседі. Лиро-эпостағы «Қиылдың қырық бөрісі» атанған қауіпті жер осымен мәндес. «Талай күнде Сауырдай тауға келді,/ Көрмеген жер саз-батпақ, қауға келді./ «*Қиылдың қырық бөрісі*» деген бөгеу,/ Бір пәле тағы, міне, жауға келді./ Қырық бөрі жер қобықта құтырады,/ Сілкініп тұс-тұсына жұтынады./ Бермесе Тәңір өзі оған жәрдем,/ Нашарлар әлдеқашан тұтылады./ Арсылдап қасқыр шапты топқа таман,/ Қарасаң бөрі түсі тым-ақ жаман./ Айғайлап Жандос оны найзалады,/ Олар да жараланбай қалмады аман». Жыр жолдарынан жердің «*Қиылдың қырық бөрісі*» атану жайы білінеді. Оқиға арасында ұшырасатын топонимикалық сарынның аңыздық желісі көрініс береді.

Көне көк түріктер мекені болған қасиетті Алтайдың аңызы аз емес. Сан алуан аңызға арқау болған Алтай даласы ақын-жырауларды ғана емес, толарсағынан қан кешетін

батырларды да дүниеге әкелген. Соның ішінде Абылаймен тізе қосып жоңғарларды жеңуде ерен ерлік көрсеткен Ер Жәнібектің ұрпағы мен өзінің қара шаңырағы *Өр Алтайдың Шіңгілінде* отырған. Әдебиеттің шешендік өнері сөз болғанда, Ер Жәнібек айтыпты дейтін кестелі сөздер көп кездеседі (Озғанбаев, 2014). *Сартоғай* десе талай шежіре айтылады. Оспан төңкерісіне қатысты әңгімелерде 1943 жылдың күзінде осында бекінген Гоминдаң шерігіне тұтқиыл шабуыл жасаған қазақ сарбаздарының ерлігі аңызға айналған. Оспан батырға серік болған Сұлубай сынды ерлер де осы өңірде қанаттанып, туған даласының бір биігін жастанып қыршынынан қиылған. Артына қалған «Сұлубай әні»: *«Шіңгілдің мөлдір суындай, деп салған әнім Сұлубай»,* – деп келетін асқақ әні қалды (Кәкішев & Шәкенұлы, 2010).

XVII-XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес жүргізген аса ірі қолбасшы, әрі ұйымдастырушылардың бірі Қаракерей Қабанбайдың өмір белестері мен жорық жолдары оның тікелей ұрпағы, жазушы, тарихшы, этнограф Зейнолла Сәніктің еңбектерінде көрініс тапқан. «Хан батыр – Қабанбай» атты естелік, эсселер жинағында Қабанбай батырға қатысты ел аузында сақталған тарихи, топонимдік аңыздар беріледі (Сәнік, 2005). Аңыздар арада ғасырлар өтсе де, Қытайдағы қазақ жұртшылығының есінде берік сақталған. Бұл халықтың өзінің қас батырына деген сүйіспеншілігін білдірсе, екінші жағынан Қытай қазақтарының топонимдік аңыздарын қарастыруда көптеген құнды материалдар беріп отыр. Қабанбай батырдың жүріп өткен жорық жолдары, жаумен шайқасы, жекпе-жегі мен жеңісі, адамдармен қарым-қатысы, астындағы атына дейін халық аңызға айналдырып, белгілі жер-су атауларын иелеген.

Қабанбай шоқысы З. Сәніктің (2017) суреттеуінде биігін бірде тұман бүркеп, бірде ашылып, алма-кезек мұз құрсанып тұрған алып шың. Биіктігі теңіз деңгейінен 4257 метр. Автор бастаған адамдар тобы ата-бабаларымыздың алғашқы наным-сенімі күнге, тауға табынып, тәу еткен ғой деп, ата-баба аруағына құран бағыштайды. З.Сәнік Қабанбай батыр шыңына арнаған өлеңін келтірген. «Қазақтың тарихында батыр қандай,/ Әр таңын тау жастанып атырғандай./ Қабанбай шыңы, әне, қасқайып тұр Ерлікке ұрпақтарын шақырғандай./ Тұрсын деп ешнәрседен тасаланбай,/ Нараттың биігінен қашағандай./ Бас сардары басқалардан ерек қой деп,/ Халқы оған таудан мүсін жасағандай» (Сәнік, 2017). Әрине, кітапта да, ел ауызында Қабанбай шоқысына қатысты топонимикалық аңыз берілмейді. Сондықтан мұны ел аузында сақталған топонимдік аңыздық хабар (мәлімет) деп қабылдаған жөн болар. Осындай үлгінің қатарына «Түйебасы» жер атауын да жатқызуға болады. Бұл Қабанбайдың Ақбас атанының басы қойылған жер, жалама жартас: бұл жақтағы елі батыр бабасының жорықтағы жолдасы есептелген қасиетті атанның басын қадір тұтады... (Сәнік, 2017). Әлбетте, кезінде Қабанбайдың Ақбас атаны туралы талай аңыз әңгімелер айтылған болар-ау. Бірақ ол әңгімелер бізге жетпеген тәрізді. Алайда, батырдың Ақбас атанының құрметіне жер «Түйебасы» деп аталған. Мұны да ел аузында сақталған топонимдік аңыздық хабар деп қабылдаймыз.

Қабанбай өткелі тарихи топонимикалық аңызы былай өріледі: Қабанбай Жәнібектің талабымен қалың қол бастап, Алтай бетіне келген кезде, Ертістің суы тасып, өткел бермейтін дәрежеде арнаға сыймай жатса керек. Сонымен, ел өтетін жерді біле алмай, қатты дағдарыпты. Мұндай қиын жағдайды ұққан соң, Қабекең өзінің кәдімгі төрт алмажайы – киелі тұлкілеріне ақыл салыпты. Бұл киелі қызыл тұлкілер батырға айсыз қараңғы түнде, жолсыз далада және осындай тасқын суға кезіккенде көмек көрсетіп,

бағыт-бағдарын түзеп отырады екен. Бұл жолы да Қабанбай өзінің сол алмажайларының көмегімен Ертістің «Ақ ит» деген жеріне келіп, сол жерден есен-сау өтіп шығады, сонан тартып сол жердің аты «Қабанбай өткелі» аталыпты (Сәнік, 2005). Аңыздан мифтік сипат аңғарылады. Былайғы серіктеріне білінбей, тек батырдың өзіне ғана көрінетін алмажайларды көне түркілік «Оғыз қаған» жырындағы қағанның қиналғанда жол бастайтын Көк бөрісімен сабақтастыруға болады (Келімбетов, 2005).

Аттың тауы, Тесік тас. Текес өзенінің терістік жағында *Аттың тауы* деген тау бар. *Моңғұлкүре* жақ басында *Қарауыл шоқы, Тесік тас* бар. Батыр атамyz бауыры Қарақұрсақ ауылын қырғыздың Әтеке жырығы қырып кеткендіктен, кек алу үшін аттанып келіп, осы *Аттың тауы* атты тауда 40 күн бекініп жатып, *Тесік тастағы Қарауыл шоқыдан* бақылау жүргізген. Сонда Әтеке жырық тағы жорыққа шығып, қазіргі Моңғұлкүренің *Балықтысу* деген жеріне келгенде бекініп жатқан Қабанбай қолы тап беріп, Әтеке қолын бірден талқандап жібереді де, қанға-қан, жанға-жан алып, бауыры Қарақұрсақтың кегін қайтарады. Сонан бастап батыр атамyzдың ат бекіткен жері – *Аттың тауы*, қарауыл қойған жері *Тесік тас* аталыпты, – дейді З. Сәнік (Сәнік, 2017). Топонимикалық аңыздың нақ үлгісі: оқиға тарихи шындық аясында дамып, реалистік сипат алған. Мұндағы оқиға Қабанбай батыр өмірінің үлкен шындығын қамтиды.

Қарабас шоқысы, Беделдің жазығы, Сабаздың кеңі. Кейбір жер-су атауларының аталу себебі нақты айтылғанмен, тарихи аңызға еш байланысы жоқ болып келеді. Қазақтың жер-су атаулары көбіне сол жерді мекендеген, тұрақтаған адамдардың есімдерімен аталатыны да белгілі. Шәуешек қаласының батыс жағындағы шоқыны біреулер «*Бақты*», біреулер «*Қарабас шоқысы*» деп атайды. Қарабас Дортуылдың бір батырының аты екен. Сол Қарабастың түбіндегі байтақ жазықты «*Беделдің жазығы*» дейді ел. Бедел – Мәмбет ішінде Қожақұл деген елдің үлкен байы екен. Сол өңір солардың жері екен. Мұның тағы бір қисынды жері – осы өңірдің батысындағы кең қолқатты «*Сабаздың кеңі*» деп атайды. Үш жүзге әйгілі Қабанбайдың Сүлеймені осы жерді мекендепті. Қанағат болыс әкесі Сүлейменге ас беріп, үш жүзді тұтас шақырыпты. Бірінші жылы Ұлы жүз, екінші жылы Кіші жүз, соңғы жылы Орта жүз шақырыпты. Ұлы жүз, Кіші жүз шақырылғанда Орта жүз күтуші болыпты. Орта жүз шақырылғанда тұтас Найман күтуші болыпты дейді үлкендер. Сонда бұл өңір Қабанбай ұрпағының жері болып шығады деп тарихталады (Сәнік, 2005).

Қубастың тұмасы, Қубастың жалы, Қубастың жазығы. Батырдың сенімді серігі – астындағы аты. Аңызда Қабанбай батырмен қатар астындағы аты дәріптеледі. Оның су ішкен тұмасы, жайылған үлкен жалы, жазығы ел аузында аңызға айналып айтылған. Қабанбайдың Қубас аты сол Қубастың жалына жайылып, осы тұмадан сусындайды екен. Сол себепті ел мына тұманы – «*Қубастың тұмасы*», анау үлкен жалды – «*Қубастың жалы*» деп, ал онан арғы Қызылкесікке дейінгі жазықты – «*Қубастың жазығы*» деп атайды екен дейді (Сәнік, 2005).

Қызылкесік, Қабанбайдың Майлышаты, Доланқара. Жер атаулары туралы аңызды баяндаушы былай сипаттайды: Мына алдымыздағы аңғарды «*Қызылкесік*» деп атайды. Оның ар жағындағы анау биік шоқының бер жақ асты терең шатқал болып келеді. Басы сонау жатқан *Тарбағатайдың Айғай жалынан* басталады. Сол шатқалды ел «*Қабанбайдың Майлышаты*» дейді. Батыр атамyz жоңғарларды соңғы рет талқандап, енді қазақ жерін баспан дегізіп, *Баспан шоқысынан* асырып айдағаннан кейін, жеңіспен қайта оралған

шағында осы *Майлышатта* май ағызып, үлкен той жасаған екен. Ал мынау солтүстіктегі алқапты жазықтың ортасында бір шағын төбешік бар, жанына барсаң қолдан жасағаны бесенеден белгілі. Сол бір жаугершілік заманда қарауыл үшін әдейі жасалған сияқты. Небір дәу тастарды қалайдан-қалай апарғанына қайран қаласың. Ал сол төбешіктің батыс жағында, анау көз ұшында тұрған жуан төбені ел – «*Доланқара*» деп атайды. Жоңғар батыры Доланқараны Қабанбай атамыз сол жерде жекпе-жекте жайратқан екен (Сәнік, 2005).

Доланқара аңызы. Автор бұл аңызды ақын-шежіреші Қалиасқар Исахановтан жазып алған. Жоңғар жасақтарының батыры Доланқара еліріп, бар қазақты бір-ақ жұтатындай әлпеттеп өңешін Алакөлге қарай созыпты. Сонда Қабанбай батыр жауға қарсы шеп құрып, Тоғас Қосай батырды қалың қолмен анау Тарбағатай жонындағы Қабар асуына қойыпты. Мұрын Назар батырды мол жасақпен мына Қарғыба-Базар өзендерінен басталатын кезеңіне орналастырыпты. Ал, Тума Шыңғожа батырды өз сарбаздарымен Аякөздің жоңғарға қараған шығар аузындағы маңызды тосқауылға, яғни қазір ел «Қабанбайдың Майлышаты» деп атайтын үлкен шатқалдың басқы кезеңінен тосып жатыпты. Арындап, айқұлақтанып келе жатқан жау қазақтардың бекінісін ұқпай аңғалақтап үстіне жетіп келгенде, Қабанбай қолы оларды жайратып салыпты. Тұмсығы тасқа тиген жаудың қалдық күштері кейін шегініп барып, арт жағынан күш толықтырады. Адамдарын сығайлап, шолғыншы арқылы қазақтардың ішкі жағынан хабар алып, бұрынғыдан да көп күшпен қайта тиіседі. «Қазақтардың өкпе тұсынан жарып кіреміз» деген тәсілмен ұйтқы күшін ортадағы тосқауыл Қабанбай қолына тіке қаратып, аз күшпен Қабанбайдың қанат күштеріне бүйідей тимек болады. Жаудың бұл құлығын біле қойған Қабанбай енді оларды ішке кіргізіп алып, ұтылап соғу тактикасына көшеді. Сол күнде шоқы-шоқының басына қарауыл қойып, түн қараңғысында от жағып хабарласатын хабарласу белгісі болады екен. Мұндай хабарласу белгісін жазық жерлерде қолдан жасайтын көрінеді. Мұны ол кездің қазақтары «өртең» деп атайды екен. Қабекең бұл жағдайды өртең белгісі арқылы екі жағында бірнеше жүз шақырым алыста жатқан қанаттас жасақтарына хабарлатады. Өзі шегіне соққылап, Доланқараның күшін әлсірете береді. Сөйтіп, әлгінде өзіңе көрсеткен Доланқара шоқысына жеткенде теке-тіреске өтеді. Осы кезе Қабекеңе қанаттас ұрыс салып жатқан Қосай батыр, Назар батыр, Шыңғожа батырдың жасақтары да жетіп үлгіреді. Доланқараның қолы қоршауда қалады. Талай-талай есіл азаматарынан айрылып, кекті ашуы кең сахараға сыймай келе жатқан қазақ батырлары жоңғардың қалың қолына жан-жақтан бүйідей тиіседі. Жасағы жәркемге түсіп, қатты ойсыраған жау ең ақырында шыдай алмай «Жекпе-жек, жекпе-жек!» деп айғай салады. Түнерген түкті батырлар жекпе-жекке түсіп, бірін-бірі жамсатып жатады. Сонда да қазақ жағы тым басым келеді. Ең соңында жекпе-жекке Қабанбай мен Доланқара шығады. Егеске түскен екі жақтың бас батыры бірін-бірі алыса алмай ұзақ сайысады. Батырлар қақырағанда қан түкіріп, аттары толарсақтан топырақ кешеді. Жұрт «Абылайлап», Қожағұл батырдың аруағын шақырып, солардан Қабекеңе қайрат беруін тілейді. Екі батырдың аты да шыдай алмай жығылып түседі. Сәлден соң Доланқараның кеудесі сырылдап, көзін топырақ баса береді. Сенделектеп, әлденеше рет сүрініп кетеді. Дәл осы сәтте сайыстың үстіне қалың қолмен Абылай келіп қалады. Ханын көрген соң, Қабанбайдың қайраты тасқындап кетеді. Оны үстіне Абылайдың «Иә, Қабеке, осындайда өректің кететін көк перің бар еді ғой! Пер найзаңды қос өкпеден!» деген айғайы оның

бойына мойымас күш-қуат бергендей болады. Дәл сол сәтте реті келіп қолтық түптен қара тамақ найзасын періп кетеді. Қабырғасы сөгіліп кеткен алпамсадай қалмақ батыры өкіріп барып, кескен теректей жерге күрс ете түседі. Доланқара жатқан жерінен тұра алмай қалады. Қан жосылып ағып, ұйып жатады. Қорқыраған дыбыс, шүмектеген қанға қыбы қанып тұрған қазақ батырлары Қабекеңе қарай жақындап келеді. Қабекеңнің найзасы тым бойлап кеткен екен. Суырып алып, ұшына қараса, басына бірнеше тал қыл оралып шығады. Батыр соған қарап, басын шайқапты.

– О не? – дейді Абылай Қабекеңнің жанына жақындап келіп.

– Ойпырым-ай! Мына кәпірдің жүрегінің түгі бар екен ғой. Мынауың оңай жау емес көрінеді. Опырығым, сен келіп қайрат бермесең, жеңуім екітаалай екен. Жауың қане десе, мынау дейтіндей жаудың өзі көрінеді. Осы төбенің аты «Доланқара» болсыншы... – дейді Қабанбай. Содан тартып, осы жота «Доланқара» атанады» (Сәнік, 2005).

Доланқара топонимикалық аңызы осылай өріледі. Жалпы, қазақ жерінде қалмақ батырларының есімімен аталатын жер аттары жиі кездеседі. Бұл XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ шайқастарының қазақ даласында жазылып қалған тарихи шежіресі болса керек. Аңыздан жаудың әлсіз болмағаны, сұрапыл әскермен шабуыл жасап, арада кескілескен шайқастардың болғаны аңғарылады. Сонда да қазақ жасақтары туған жер үшін жанын аямай ұрысқа түскен. Талайлары шейіт болып жатты. Аңыздан Қабанбай батырдың қолбасшылық дарыны ерекше көрінеді. Жауға қарсы соғысудың далалық, таулық тактикасын жете меңгерген. Жекпе-жекте де толағай күш-қайратымен, амал-тәсілімен дараланады. Адамдық, батырлық қасиеті де жоғары. Жауын жан беріп, жан алысқан жекпе-жекте жеңе отырып, оның батырлық қасиетін, екінің бірінің бойына бітпес күш-қуатын сыйлайды. Жалпы, Доланқара аңызын топонимикалық аңыздың классикалық үлгісіне жатқызуға болады.

«Тоқта» топонимикалық аңызы жаугершілік заманның оқиғасын баяндайды. Белжай-лаудың шығыс солтүстік жағын *Тоқта*, шығыс жағын *Сарытау* деп атайды. Қабанбай дәуіріндегі Мәмбет елінің жайлауы осы екен. Қабанбайдың 16 жасында ағасы Есенбайды қалмақ батыры Олже Жырғыл найзалап кетіп, жылқысын тартып әкетеді. Інісі Қабанбай із бойынша іздеп келсе, бір жерде «то-қ-та, то-қ-та» деген ыңыранған дауыс шығады. Келсе, ағасы Есенбай қанға батып жаралы жатыр екен. Бас салып бүйіріне қадалған жебені суырып алғанда, Есекең жарықтық сылқ етіп құлап, сол жерде жан үзеді, сонан тартып сол тау «Тоқта» атаныпты дейді (Сәнік, 2005).

«Баян-Жүрек жотасы» топонимикалық аңызы екі жастың сүйіспеншілігіне, олардың тұрлаусыз тағдырына арналған. Мұнда Қабанбай, Есенгелді батырлар оқиғаның тікелей ортасында болмаса да, олардың сүйіспеншілігін жоғары бағалап, ел жадында сақталуына себепші болады. Аңызда қазақтың батыр жігіті мен қалмақ қызының арасындағы махаббат сезімі баяндалады. Сол Қабанбай, Есенгелді заманында қазақтың ер жүрек батырларының бірі соғыста жоңғарлардың қолына тұтқынға түсіп қалады. Оның сымбаты да, өнері де елден ерек болса керек. Үй түрмесінде отырған есіл ердің сол ерекшелігі жоңғар шонжарының қыз-келіншектерін қызықтырып, еркектері жорықта жүрген елдің назарын өзіне баурап алған екен. Сонымен монғолдың бір шонжарының аруы қазақ батырына құлай ғашық болып, екі ғашық көңіл қосып жүргенде қыз екіқабат болып қалады. Бұл жағдай сол елге біліне бастаған соң, әрі екеуіне де қауіп төніп, қайтерін білмей дағдарып жүрген сәтінде Қабанбай, Есенгелді қолы Іле өңіріне келіпті деген хабар

таралады. Екі ғашық түн жамылып, қазақ қолы келіпті деген жерге қарай қашады. Түн жүріп, күн жүріп, талыққан екі ғашық бір төбенің бауырындағы қалың бұтаның арасына келіп, сәл тыныққан сәтінде шырт ұйқыға кетіп едәуір жатып қалады. Осы сәтте артынан қуғыншылар жетіп, баяғы қу сауысқан шықылықтап айналсоқтағанын байқап қалған қуғыншылар екеуін ұйықтап жатқан жерінен ұстап алып, сол жерге бауыздап, денесін тастап, бастарын алып кетеді. Көп өтпей бұл жерге Қабанбай, Есенгелді қолы да келіп үлгіреді. Олар да айналсоқтаған қарға-құзғынның, шықылықтаған сауысқанның қимыл-әрекетінен сезіктеніп, әлгі бұтаның арасынан бір ер, бір әйелдің өлі денесін табады. Тексеріп көргенде қыздың қалмақ қызы екенін киімінен таныса, жігіттің қазақ жігіті екенін де киімінен және сүннетке отырғызылған белгісінен танып: «Е, мыналар ғашық жандар екен, мұндай жағдай бұрын да болған ғой. Сондықтан қыздың атын Баян деп, жігіттің атын Жүрек деп, жаназасын шығарып, осы жотаға арулап қойыңдар, бұдан кейін осы жотаның аты Баян-Жүрек жотасы болсын» деп бұйырған екен асыл бабаларымыз Қабанбай мен Есенгелді батыр деп аңызда тартылып айтылады (Сәнік, 2017).

Топонимикалық аңыздан Қабанбайдың жаужүрек батырлық тұлғасы ғана емес, оның адамдық биік қасиеті де көрінеді. Әрине, жаугершілік заманда небір қиянат, тіпті адамдық қалыпқа сыймайтын әрекеттер болып жатады. Бассыз жатқан өлі екі жасқа есім беріп, арулап көму – ат үстіндегі жаугершілік уақыт болса да, батырдың мұсылмандық, адамдық әдебін танытады.

«Әділ барабан» топонимикалық аңызында да Қабанбайдың адамдық құрметке бөленуі суреттеледі. Қиын, жаугершілік уақытта өзбек баласы батырға бауыр басады. Батыр оны туған ұлындай көріп үйлендіреді. Осыған орай өзбек баласы Әділ Қабанбайдың ұрыстарынан қалмай, қасында болады. Жас жігіт соғыс қаруларын соғуға, сырнай тартып, дабыл, барабан өңдеуге шебер екен. Сонымен бірге соғыста сол барабанын ала жүріп, шабуыл белгісін сол арқылы білдіреді. Сонан барып ол «Әділ барабан» атаныпты. Қиын-қыстау күндердегі тағдырластық, сенің халқың үшін қасық қанын аямаған ерлік адамды туыстырып жібереді ғой, сол себепті батыр бабамыз оған өз баласындай көріп, әйел әпереді, бірақ одан ұрпақ көре алмай, ол әйел ерте дүние салады. Екінші әйелді әперген күні түнде «ел шетіне жау тиді» деген суық хабарды естіген ер ыстық құшақтан қимастықпен айырылып, сол жолы қайта орала алмай, қан майданда қаза табады. Кейінгі ұрпақ оны өзінің ержүрек аталарының бірі ретінде күні бүгінге дейін қадыр тұтып, батырдың зираты тұрған жотаны «Әділ барабан» деп атаған дейді (Сәнік, 2005).

3. Сәніктің естелік, эсселер кітабында сол өңірден шыққан танымал тұлғалар, олардың ғажап істері туралы да айтылады. Соның бірі – Байыс би. Байыс би сұңғыла, әрі есепші адам болған екен. Бір жылы қыста жұт жүретінін алдын ала болжап, тобылғы, қарағаннан тоғыз қабат қорған соқтырып, жаз бойы жылқының тезегін жидырған екен. Қыс түсе жылқысын күйеу баласы Тоқтарқожаның алдына салып, жылы жаққа апарып бағып келуді тапсырады. Киелі бидің болжағанындай, сол жылы қыста ақсүйек жұт жүріп, бүкіл елдің малы қынадай қырылыпты. Байыс бидің тобылғы қорғанға қамалған қойы қорғанның 8 қабатын жеп болып, 9 қабатына жеткенде жаз шыққан екен. Ал сиыры қыс бойы жылқының боғын аужал қылып, көктемге азырақ тұқымдық сиыр қалып, Байыс бидің «жұтқан жұтамайды, жылқы боғы сиырға ас болады» деген болжамы дәлелденіпті. Би сиырын осы өзеннің бойына қыстатқан екен, сонан бастап бұл өзен «Боқ ас», яғни «Боғас» аталып кеткен екен дейді аңызда (Сәнік, 2005).

Топонимикалық аңыздар тек батырлық, ерлік үлгісінде ғана емес, қарапайым тұрмыстық жағдайларға да байланысты айтылып, ел аузында сақталатыны байқалады. Өйткені қандай да бір жер атауы тегіннен тегін қойылмайды. Жоғарыдағы «Боғас» топонимикалық аңызында халықтық тәжірибе дәріптелсе, мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтың жер ыңғайын өте жақсы танып, жердің әр алуан жағдайынан хабар беретін аттарды нақты қойып отырғаны айтылады. Қазақстанда топонимика ғылымының негізін салған ғалым Ғ. Қоңқашбаевтың: «Ертеректе қазақтар көшпелі малшаруашылығымен айналысқан, малға жайылым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген», – деген пікірінде шындық бар (Конкашпаев, 1949). «Боғас» топонимикалық атауынан да осы ерекшелік аңғарылады. Халық қиялы ұшқыр. Кейде өз таным-қиялымен жер-су атауын басқаша таратып айтады. Қытай Халық Республикасының қазақтар көп қоныстанған Іле аймағында кеңінен таралған «Сұлтан патша» хикаялық дастанында, мәселен, *Алтай, Сауыр, Тарбағатай* жер атауларын аңыздап айту сарыны кездеседі. «*Қолбасы Алтай батыр* аты шығып,/ Сол кезде мекен еткен таудың қырын./ Өткенгі іс уақыт озса естен кетпек,/ Тарихтың кім біледі айтпай сырын.// *Алтайдың үлкен ұлы Сауыр* екен,/ *Туысқан Тарбағатай бауыры* екен./ Қорғаған әскер бастап елдің шетін,/ Қолбасы, ерен батыр тәуірі екен», – деп айтады (Алпысбаева және т.б., 2005). Аңыздан олардың бір кезеңде өмір кешіп, туысқан-бауыр болғаны аңғарылады. Әрине, бұл халық қиялының жемісі.

Қорытынды

Қытай қазақтарының фольклорлық мұраларының бір саласы саналатын топонимикалық аңыздардың молдығы мен әр алуандығы зерттеу барысында байқалды. Өкінішке орай, бұл әдеби құндылықтарға толық қол жеткіздік дей алмаймыз. «Бабалар сөзі» жүзтомдығы мен жекелеген авторлардың материалдары пайдаланылды. Әйтсе де, қамтылған топонимикалық аңыздар мен сарындарды саралағанда, қазақ халқына тән жер-суға ат қоюдағы қиял ұшқырлығы мен таным тереңдігі, жаратылыстың тылсым сыры мен сұлулықты танудағы эстетикалық өресінің биіктігі аңғарылады. Топонимикалық аңыз бен сарындарда халықтың ерте заманнан жалғасып келе жатқан тарихы мен атақонысты жаудан қорғап қалу жолындағы күресінің көркем шежіресі танылады. Топонимикалық аңыздарда халық батырының тұлғасы жан-жақты айшықталса, топонимдік сарындарда жер-су байлығы мен сұлулығы, халықтың туған жерін сүюі мен сағынышы, қиыншылық кездерде амалсыз үркіншілікке ұшырауы, тағы басқа тарихи жағдайлар мен уақыт шындығынан хабар беріледі. Қазақ халқының Ұлы және Орта жүз тайпаларының ол жерге ерте заманнан қоныс теуіп, атажұртына айналғаны бейнеленеді. Топонимикалық аңыз бен сарын да бір күннің жемісі емес. Сондықтан да халық тарихын зерттеуде құнды сала саналады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған AP19678046 «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жобасы аясында жазылған.

Авторлардың қосқан үлесі.

С.О. Құлбарақ – мақаланың тұжырымдамасын құру, топонимикалық атауларды жинау және талдау; **А.Б.Жолмаханова** – теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу; **Ә.М. Башенова** – мақала мәтінімен жұмыс, зерттеу қорытындыларын талдау.

Әдебиеттер тізімі

- Алпысбаева, Қ., Әуесбаева, П., & Қосан, С.(құраст.). (2005). Бабаларсөзі: Жүзтомдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Тарихи жырлар (Т. 28). Астана: Фолиант.
- Ғашықтық ғаламаты. (2000). Қазақтың ғашықтық жырлары (7-том, 80–188). Үрімжі: Шыңжан Жастар-өрендер баспасы.
- Жанұзақ, Т. (2011). Жер-су атаулары. Алматы: Өнер.
- Мырзахметұлы, М.(1998). Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат.
- Кәкішев, Т., & Шәкенұлы, Ж. (2010, қазан 3). Қытайдағы бауырлардың руханияты (Қытай сапарынан естелік). Абай-Ақпарат. <https://abai.kz/post/4992>
- Келімбетов, Н. (2005). Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары): Оқулық. Алматы: Атамұра.
- Керімбаев, Е.(1984). Атаулар сыры. Алматы: Қазақстан.
- Конкашпаев, Г. К. (1949). Казахские народные географические термины (Автореферат дис. ... канд. географ. наук). Алма-Ата.
- Қосан, С. (2005). Томға енген мәтіндерге түсініктеме. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Тарихи жырлар (Т. 28). Астана: Фолиант.
- Қошым Ноғай, Б. С. (2003). Тіл ұшындағы тарих. Алматы: Жазушы.
- Қасқабасов, С. (1984). Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым.
- Мамышева, М., & Сейітова, Ш. (2022). Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 140(3), 95–102. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-95-102>
- Мырзахметұлы, М.(1998). Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат.
- Озғанбаев, Ө. (2014, маусым 19). Ер Жәнібек. Ана тілі газеті. Abai-Aqparat. <https://abai.kz/post/38829>
- Оралбай Е. Қ. (құраст.). (2019). Тарихқа толы Тарбағатай IV. Алматы: Мерей.
- Сәнік, З. (2005). Хан батыр – Қабанбай: Естелік, эсселер. Алматы: ҚАЗАқпарат.
- Сәнік, З. (2017). Көптомдық шығармалар жинағы (Т. 15: Естелік, жолжазбалар). Алматы: Ан-Арыс.
- Тасполатов, Б. Т. (2016). Қазығұрт топонимдері: Монография. Шымкент: Әлем.
- Тұрсынқұлов, Қ. (1998). Қазығұрт: Аңыз бен ақиқат. Алматы: ТоғанайТ.
- Ye, P., Jiang, Y., & Wang, Y. (2025). CHTopo: A Multi-Source Large-Scale Chinese Toponym Annotation Corpus. Information, 16(7), 610. <https://doi.org/10.3390/info16070610>

С.О. Кулбарак¹, А.Б. Жолмаханова², А.М. Башенова^{3*}

¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

^{2,3}Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Казахские топонимические легенды и мотивы в Китае

Аннотация. Данная статья посвящена научному анализу топонимических легенд, сохранившихся среди казахской диаспоры в Китайской Народной Республике. Казахский народ отличается богатым фольклорным наследием, одной из значимых частей которого являются легенды и предания, связанные с географическими названиями. Эти легенды, широко распространённые среди казахов Китая, играют важную роль в сохранении этнического сознания и возрождении исторической памяти. В статье собраны и проанализированы легенды, связанные с названиями мест, населённых казахами в районах Алтая, Или и Тарбагатая. Из этих легенд можно извлечь не только сведения о географических объектах, но и ценные данные об исторических событиях, героях и значимых периодах жизни народа. Автор пытался типологизировать легенды, выявляя их поэтическую структуру, систему персонажей и познавательные особенности. Кроме того, подчеркивается место и значение таких фольклорных текстов в историко-культурном контексте. В качестве источников использованы устные материалы, записанные среди казахов Китая, а также этнографические исследования. В результате исследования доказывается, что топонимические легенды представляют собой важный культурный феномен, отражающий древнеемировоззрение и духовно-культурную сущность казахского народа. Данное исследование выявляет роль фольклора в сохранении языковой, исторической и духовной идентичности казахской общины в Китае и вносит значительный вклад в изучение казахской топонимии.

Ключевые слова: казахи Китая, топонимические легенды, фольклор, топонимические мотивы, историческое событие.

S.O. Kulbarak¹, A.B. Zholmakhanova², A.M. Bashenova^{3*}

¹M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

^{2,3}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Kazakh toponymic legends and motives in China

Abstract. This article explores the toponymic legends preserved among the Kazakh diaspora in the People's Republic of China, highlighting their role in sustaining ethnic identity and collective memory. The Kazakhs, with a rich folklore tradition dating back to ancient times, have long associated myths and legends with place names. The study focuses on legends from the Altai, Ili, and Tarbagatai regions, analyzing their content, structure, and cultural significance. These narratives not only describe geographical objects but also convey historical events, heroic figures, and key moments of the past. The article attempts a typological classification of the legends, examining their poetic structures, character systems, and cognitive features. Attention is also given to the broader historical and cultural context in which these texts function, underscoring their importance in preserving linguistic, historical, and spiritual identity. Drawing on oral accounts and ethnographic research collected among Kazakhs in China, the study demonstrates that toponymic legends are a vital cultural phenomenon reflecting the

ancient worldview and values of the Kazakh people, while contributing to the development of Kazakh toponymy.

Keywords: Chinese Kazakhs, toponymic legends, folklore, toponymic motives, historical event.

References

- Alpysbaeva, K., Auesbaeva, P., & Kosan, S. (Comps.). (2005). Babalar sozi: Zhuztomdyk. Kytaidagy kazak folklory. Tarikhi zhyrlar. T. 28 [The Word of the Ancestors: Hundred Volumes. Kazakh Folklore in China. Historical Epics. Vol. 28]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- Gashykyk ghalamaty [The miracle of love]. (2000). In Qazaqtyn gashykyk zhyrlary [Kazakh love poems] (Vol. 7, pp. 80–188). Urimzhi: Shyngzhan Zhastar-oren-der baspasy. [in Kazakh].
- Zhanuzak, T. (2011). Zher-su ataulary [Place names]. Almaty: Oner. [in Kazakh].
- Kakyshev, T., & Shakenuly, Zh. (2010, October 3). Kytaidagy bauyrlardyn rukhaniaty (Qytai saparynan estelik) [The spirituality of brothers in China (memoirs from a trip to China)]. Abai.kz. <https://abai.kz/post/4992> [in Kazakh].
- Kelimbetov, N. (2005). Ezhelgi dauir adebiety (Kazak adebiety bastauly) Okulyk [Ancient literature (Sources of Kazakh literature). Textbook]. Almaty: Atamura. [in Kazakh].
- Kerimbaev, E. (1984). Ataular syry [The secret of names]. Almaty: Kazakstan. [in Kazakh].
- Konkapshaev, G. K. (1949). Kazahskie narodnye geograficheskie terminy [avtoreferat dissertatsii kandidata geograficheskikh nauk] [Kazakh folk geographical terms [Dissertation Abstract for Candidate of Geography]. Alma-Ata. [in Russian].
- Kosan, S. (2005). Tomgha engen matinderge tusinikteme. In Babalar sozi: Zhuztomdyk. Kytaidagy kazak folklory. Tarikhi zhyrlar (Vol. 28). Astana: Foliant.
- Koshym Nogai, B.S. (2003). Til ushindagy tarih [History on the tip of the tongue]. Almaty: Zhazushy.
- Kaskabasov, S. (1984). Kazaktyn khalyk prozasy [Kazakh folk prose]. Almaty: Gylym.
- Mamysheva M., & Seitova Sh. (2022). Semantics of Tarbagatai toponyms. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 140(3), 95–102. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-95-102>
- Myrzakhmetuly, M. (1998). Turkistanda tughan oilar [Thoughts born in Turkistan]. Almaty: Sanat.
- Ozgangbaev, O. (2014, June 19). Er Zhanibek [Hero Zhanibek]. Abai.kz. <https://abai.kz/post/38829>
- Oralbai E. Q.(Comp.). Tarikhqa toly Tarbagatai IV [Tarbagatai full of history IV]. (2019). Almaty: Merei.
- Sanik, Z. (2005). Khan batyr – Kabanbai. Estelik, esseler [Khan batyr – Kabanbai. Memoirs, essays]. Almaty: QAZAqparat.
- Sanik, Z. (2017). Koptomdyk shygarmalar zhinagy. T.15: Yestelik, zholzhazbalar [Collected works. Vol. 15: Memoirs, travel notes]. Almaty: An-Arys.
- Taspolatov, B. T. (2016). Kazyghurt toponimderi. Monografiia [Toponyms of Kazyghurt. Monograph]. Shymkent: Alem.
- Tursynqulov, Q. (1998). Kazyghurt: Anyz ben akikat [Kazyghurt: Legend and truth]. Almaty: ToganaiT.
- Ye, P., Jiang, Y., & Wang, Y. (2025). CHTopo: A Multi-Source Large-Scale Chinese Toponym Annotation Corpus. Information, 16(7), 610. <https://doi.org/10.3390/info16070610>

Авторлар туралы мәлімет:

Құлбарақ Сәмен Оразғалиұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Жолмаханова Ақерке Болатқызы – PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Башенова Әлия Молдабекқызы – хат-хабар үшін автор, филология магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.

Құлбарақ Сәмен Оразғалиұлы – доктор филологических наук, профессор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Жолмаханова Ақерке Болатқызы – PhD, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Башенова Алия Молдабекқызы – автор для корреспонденции, магистр филологии, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.

Kulbarak Samen Orazgaliuli – Doctor of Philology, Professor, M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Zholmakhanova Akerke Bolatkyzy – PhD, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Bashenova Aliya Moldabekkyzy – corresponding author, Master of Philology, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 17.82.10

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-220-233>

Ғылыми мақала

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармаларындағы рухани үндестік

А.Н. Нурланова^{1*}, А.Қ. Сейпутанова², А.Т. Жәмсап³

^{1,3}Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

²Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: ¹anur_81@mail.ru, ²aiimgul@bk.ru, ³akerke_t_99@mail.ru)

Аңдатпа. Түркі халықтары ішінде адамзаттың ғылым мен білімі, мәдениеті мен әлемдік әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосқан тұлғаларға бай. Олардың шығармаларының арасында өзара ұқсас пікірлер мен ойлар, тұжырымдар кездесіп отырады. Ғылыми мақалада қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы мен түрік шайыры Жүніс Емренің шығармашылығы өзара салыстырылады. Екі ақынның туындыларында қозғалған тақырыптардың ұқсастығына дәлелдер келтіріледі. Ақындардың өмірбаяндарына қысқаша шолу жасалып, таныстырылады. Соның нәтижесінде, қазақ және түркі әдебиетінің ортақтығы, екі ел әдебиетіндегі сабақтастық мәселесі ашылады. Қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы мен XIII ғасырда Анадолы өлкесінде өмір сүрген Жүніс Емренің түрік әдебиетінің дамуына қосқан үлесі қарастырылып, дәстүр жалғастығы анықталады. Мақала Шәкәрім Құдайбердіұлы және Жүніс Емре шығармаларын салыстыра қарастыру арқылы әдебиеттегі рухани үндестік мәселесіне талдау жасауға бағытталады. Ғылыми зерттеудің мақсаты – екі ақынның шығармашылығын саралау арқылы қазақ, түрік әдебиетіне тән ұқсастықты көрсету, әдебиеттер үндестігін зерделеу. Жинақталып зерттелген материал қазақ және түрік ақынының туындыларына арналған ғылыми зерттеулер, түркі тілдес халықтардың әдебиеті арасындағы рухани сабақтастық мәселелері тақырыбындағы зерттеулерге қосымша материал бола алады, оны қазақ және түрік әдебиетінің тарихы жайындағы, Шәкәрімтану жөніндегі еңбектерде, филология факультетінің студенттеріне сабақ беру кезінде, Ш.Құдайбердіұлы және Ж.Емре жайлы семинарларда қолдануға болады.

Түйін сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы, Жүніс Емре поэзиясы, қазақ әдебиеті, түрік әдебиеті, әдебиеттегі адамгершілік тақырыбы, әдебиеттер үндестігі, рухани сабақтастық.

Түсті: 09.07.2025; Жөнделді: 22.07.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

Кіріспе

Түбі бір түркі халықтарының тарихи бірлігі мен рухани сабақтастығы бүгінгі жаһандану дәуіріндегі назар аударарлық мәселелердің бірі. Қазіргі таңда түркі әлемінің рухани тұтастығын, мәдени байланыстарын дәлелдейтін әдеби мұраларын зерттеу өзектілігі артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, түркі халықтарының әдебиетінде көрнекті орын алатын ақындар Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармашылығын салыстыра зерттеу маңызды ғылыми қажеттілікті туындатады. Бұл тақырыптың өзектілігі екі ақынның туындыларындағы ортақ идеялар және рухани тұтастықты ашумен қатар, қазақ пен түрік халықтарының тарихи, мәдени, рухани үндестігін дәлелдеумен байланысты. Екі ел әдебиетіндегі дүниетанымдық сабақтастық пен моральдық-философиялық ізденістер олардың шығармаларында айқын көрініс табады. Зерттеу нысанына алынған ақындардың философиялық-рухани өлеңдеріндегі моральдық, танымдық және рухани идеялар жүйесі қазақ және түрік әдебиетіндегі философиялық лириканың ұласып жатуымен айқындалады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығыҚ.Мұхамедханов,Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, С.Қирабаев, Ш.Сәтбаева, Ш.Елеуенов, Е.Жармұхамбетов, М.Мырзахметұлы, Б.Әбдіғазыұлы,, Т.Жұртбаев және т.б. зерттеушілердің еңбегінің арқасында қазақ әдебиетінің тарихы тарапынан қарастырылды дегенмен, әлі өз зерттеуін таппай отырған мәселелер баршылық. Солардың бірі – ақын поэзиясының түрік ақыны Жүніс Емремен үндестігі. Әйгілі түрік ақынының поэзиясы әдебиет зертеушілерінің, аудармашы ақындардың өз үлестерін қосуы және Қазақстандағы Жүніс Емре институтының насихаттауымен, қазақ ортасына таныстырылып, жаңа зерттеулерге мұрындық болып отыр.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін түркі халықтарының әдебиетіндегі рухани сабақтастық пен философиялық дүниетанымды зерделеуге бағытталған кешенді тәсіл құрайды.

Зерттеу нысаны ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емренің таңдаулы философиялық-лирикалық өлеңдері алынды. Оның ішінде адамгершілік, рухани үйлесім, таным жолы және ішкі тазару секілді ұғымдарды қозғайтын туындылар басым. Бұл материалдар салыстырмалы түрде жүйеленіп, тақырыптық, идеялық және көркемдік жағынан сараланды.

Зерттеу екі ақынның өмірбаяны мен шығармашылық ерекшеліктеріне шолу, ақындардың өлеңдерін салыстырмалы талдау және жүйелеу, философиялық ұғымдарды анықтау және олардың көркем бейнелену жолдарын сипаттау, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Жүніс Емре поэзиясындағы сабақтастық арқылы қазақ-түрік әдебиетіндегі рухани үндестікті ашу сияқты кезеңдерден тұрады.

Қолданылған әдістер:

Салыстырмалы талдау – екі ақынның өлеңдерін идеялық және көркемдік тұрғыда салыстыру арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін;

Философиялық-әдеби сараптама – шығармалардағы танымдық, моральдық және рухани мағыналарды терең түсіну үшін;

Тарихи-контекстуалды әдіс – ақындардың шығармаларын өз дәуірінің тарихи және мәдени контекстінде қарастыру үшін;

Жүйелеу және баяндау әдістері – мәтіндерді тақырыптық желілерге бөлу, оларды логикалық реттілікпен талдау үшін қолданылды.

Зерттеу барысында қазіргі әдебиеттану мен түркітану ғылымындағы академиялық әдістерге сүйене отырып, рухани мұраны ғылыми тұрғыда саралауға және әдеби процестегі сабақтастықты дәлелдеуге бағытталған тәсілдер пайдаланылды. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен ғылыми жаңалығын қамтамасыз етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлылардың дара жолын зерттеп, шығармашылығын халыққа танытып жүрген әдебиетшілер мен тарихшылар көп. Рухани арпалыс пен халықтың жан дүниесін ағартуға бүкіл өмірін сарп етіп, оны еңбектерінде жазып, поэзиясында жырлаған данышпан ақын, тарихшы Ш.Құдайбердіұлын осы санатқа жатқызуға әбден негіз бар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы XIX ғасырда дүниеге келген ақын, аудармашы, философ, тарихшы, композитор. Шын есімі кей деректер бойынша «Шаһкәрім» деп беріледі. Араб тілінен аударғанда «кәрім» сөзі жомарт, кеңпейіл деген мағынаны білдіреді. Онымен қоса, «Құранның» екінші атауы да дәл осылай аталады (Сыдықов, 2013).

Әкесінен ерте жастан жетім қалған Шәкәрімді атасы Құнанбай өз қолына алса, Абай оны білімге баулып, шығыс, батыс әдебиетімен таныстырып, рухани тәрбиемен сусындатып өсіреді. «Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы Абай ауылы қазақ жұртының бай өнері мен поэзиясының орталығына, ұлттық мәдениетті өркендету мен насихаттаудың рухани мектебіне айналды» (Нурланова және т.б., 2021).

Кішкентай кезінен «Мың бір түн», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» тәрізді поэмалар мен жыр-дастандарды оқып өседі. Жырлардан ғибрат алып ержеткен Шәкәрім басқалардан ерек ақылымен ерекшеленеді. Оның зерек болғаны сонша – 14 жасында бірнеше тілде сөйлеген, ән салған, музыка жазған, үнді, парсы, араб, түрік жазбалары мен қатар, орыс тілін, әдебиетін, сол арқылы батыстық білімді меңгерген. «The policy of russification of the Kazakh people had negative consequences in terms of preserving the identity, religion, and traditions of the nation, as well as useful points in terms of the formation of the intelligence» (Daurenbekova et al., 2024).

1905 жылы Шәкәрім қасиетті Меккеге қажылыққа барады. Бұл сапарға оны діндарлығы жетелемейді. Меккеге сапарға аттануының негізгі мақсаты – Абайдың өсиеті бойынша Ыстамбұл мен Париждегі ірі кітапханаларға, Мысыр еліне барып, ғылыми орталықтарда жұмыс жасап қайту еді. Ақынның Ыстамбұл кітапханасында Меккеге бара жатқанында он үш күн, қайтарда да он үш күн болғаны, сол кезде батыс пен шығыстың ұлы ғұламаларымен кездесіп, ой бөліскені де жазған естеліктерінен белгілі.

1930 жылы ақын өміріндегі ең қиын кезеңдерді басынан өткереді. Ұлы Ғафурға жала жабылып, еш тергеусіз түрмеге түседі. Сол жерде өзіне қол салған деген ақпарат та жоқ емес. Бұл жайт жанына қатты батқан Шәкәрім билікті ашық сынауға көшеді. Аштық жылдары үкіметтен еш қайыр таппаған көмекке зәру жұрт қиындықтан шығудың жолын сұрап әлі де ойшылға жиі барып тұрады. Бұқара халықтың Ш.Құдайбердіұлын

қатты сыйлап, оны қадірлеп, ойшылға сенгендіктен, оның айтқанынан шықпауын басшылар жақтырмайды. Сөйтіп Ш.Құдайбердіұлын атуға бұйрық беріліп, 1931 жылы 73 жасында жазалаушылардың қолынан оққа ұшып, ақынның денесі құр құдықта отыз жылдай жатып қалады. Әкесі мен анасы қайтыс болғанда Ш.Құдайбердіұлының сүйегі жатқан апан ұмыт қалмауы үшін, оларды ауыл зиратына емес, елден жырақта жатқан Құрқұдыққа апарып, қажының жанына жерлеген екен (Қайратұлы, 2008).

Жай ғана адамзаттың ғылым-білімді меңгеріп, теңдей бақытты өмір сүруін тілеген Шәкәрімнің және туған-туысқандарының өмірі осындай арпалыс пен күреске, жауыздық пен қатыгездікке толы болды. Ұлы гуманист, ерекше ақыл иесі жапан түзде аяқ асты оққа ұшып арам өлді. Шәкәрім рухы 1961 жылы 8-тамызда Абай зиратының жанына жерленгеннен кейін ғана жай табады. Ақынның есімі тек 1988 жылы ғана толықтай ақталып, оның мұрасы толығымен қайтадан халқына оралды.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы сан алуан. Ол поэзияның шағын жанрымен қоса эпикалық жанрда да, прозада да қалам тербеген, орыс, батыс қаламгерлерінің шығармаларын қазақшалаңдырумен айналысқан. Туындыларының тақырыбынан-ақ ақын сол кездегі бұқара халыққа қанағаттанбағанын, жұрттың білім-ғылымнан қарағанда мал-мүлікті бірінші орынға қоятындығын, оның жолында түрлі қияметке баратындардың залымдығын, жалған, көңілге қонымсыз ұлттық стереотиптердің тигізер зиянын, қасіретін, ескінің айуандық іс-әрекеттерін жақтамағанын бірден аңғаруға болады.

Ш.Құдайбердіұлының мол мұрасының халыққа жетуі ақын, шежіреші ұстаз, Шәкәрімнің кенже ұлы Ахат Құдайбердиевтің ерлікке татырлық еңбегінің арқасы. Ол әкесінің өлеңдері мен дастандарын, прозасы мен аудармаларын тірнектеп жинап, түгендеп, өзі білетіндерін қолдан көшіріп, кітапханаларға тапсырған. А.Құдайбердиев «Шәкәрім жайындағы естеліктер» деп аталатын қолжазбасында әке өміріндегі маңызы зор мәнді оқиғаларды жазып, үзінділерін жариялады. Шәкәрім шығармаларын басып шығару бойынша ақынның тікелей ұрпағымен бірге жұмыс атқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхамедрахым Жармұхамедұлының «Ахаң Шәкәрім өлеңдерін түгелдей жатқа біледі екен деген қорытындыға келдім» деп таңырқауы да тегін емес. Асылдың сынығы Ахат ұстаз әкесінің кез келген өлеңін жалғастырып кете алатын болған екен (Мұхамедрахым, 2006).

Шәкәрім өлеңдерін қолға алып оқыған адам оның жазу стилін, қозғаған тақырыптарын Абайға ұқсатып жатады. Ұстазы ұлы Абай болғандықтан, бұл құбылыс заңды да. Алайда, оның поэзиясындағы өзіндік ерекшеліктерді жоққа шығаруға болмайды. Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығының негізі ретінде философияны алып, ойын соның төңірегінде кеңінен өрбітеді. Ұстазы тәрізді ол да ғылым-білімге көп көңіл бөледі, жастарға насихат айтады, адам болмысын тереңдей сынайды.

«Әлем әдебиетінде ұқсас сюжеттер, сарындық қайталаулар әдеби ықпалдастықтар мен алмасулар болатыны сөзсіз» (Жанбершиева, 2023). Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінің тақырыптары мен онда қозғайтын мәселелері Абаймен қатар түрік ақыны Жүніс Емренің шығармашылығына ұқсас.

Жүніс Емре (Ynus Emre) – 1238 жылы дүниеге келген әйгілі түрік халық ақындарының бірі және түрік мәдениетіне үлкен ықпал еткен танымал адам.

Жүніс Емре әйгілі сопы болды, оның түрік тілінде жазған өлеңдері көптеген жасырын мағыналар мен ережелерге толы. Ол өлеңдерін көбіне Жүніс әл Ғариб лақап атымен жазды.

Жүніс Емре – Түркиядағы ең танымал ақындардың бірі. Бірақ оның есімі өмірден озғаннан кейін ғана халық арасында әйгілі бола бастайды.

Ақынның өмірі туралы нақты деректер жоқтың қасы. Алайда, зерттеушілер оның XIII ғасырда Анадолыда өмір сүргендігін айтады. Кей түрік ғалымдары Жүніс ақынның мүлдем білімі жоқ, диқаншылықпен айналысып күн көрген десе, ғалымдардың екінші бір тобы оны Ислам мәдениетіне үңіліп, мәнін тереңінен түсіне білген зиялы қауым өкілі ретінде таниды. Ақынның өмірі мен шығармашылығын толыққанды қарастырып шыққан зерттеушілер оның медреседе білім алып, философия, тарих, география ғылымдарынан хабардар болғандығын айтады. Сопылық мектептің негізін қалаушы өз өлеңдерін Анадолы оғыздарының халыққа түсінікті қарапайым тілінде жазған. Сол арқылы өзінен кейінгі ақындарға үлгі болып, қарапайым тілмен де керемет туындыларды жазып шығуға болатынын дәлелдеген. Осылайша ол түрік әдебиетіне мистицизм стилін әкеледі. Яғни, Жүніс ақын философиялық, сопылық күрделі тақырыптарды жеңіл тілмен бұқараға жеткізе білді, терең сезімдерді қарапайым көріністермен сипаттап бере алды. Ж.Емре сопылықты ұстанғаннан кейін өлеңдерінің басым бөлігі жаратушы ие, пенденің оған деген махаббаты, құдайға деген ғашықтық жайлы уағыз жеткізетін, дидактикалық шығармалар. Алайда, ақынның өмір мен өлім, дүние мен тағдыр, ақыл мен білім жайлы туындылары да аз емес.

Кейбір тарихи деректерге сүйенсек, оны адамдар «Белгісіз Жүніс» деп атайтындықтан, өзін жалғыздық пен қоғам арасында бөтен сезінген. Сондықтан ол уақытының көп бөлігін терең ойға шомып, жүзімдіктер мен бау-бақшаларды аралаумен өткізген.

Жүніс Емре ақындығымен қоса саяхатшы да болған. Оның Кайсери, Тебриз, Сивас, Мерс, Бағдат, Нахчыван және Ширазға саяхаты шығармашылығына әсер етті.

Ол адами құндылықтарды, махаббат, қоғамдық тыныштықты сөз еткен өлеңдерімен танымал. Ақын поэзиясы кейінгі түрік сопыларына үлкен әсер етті, сонымен қатар 1910 жылдан кейін түрік ұлттық поэзиясының қайта жандануында ақындарды шабыттандырды. Түркілер Жүніс Емрені эпикалық қаһарман және әділдіктің ту ұстаушысы ретінде санады. Өйткені ол шөлді және қаңырап қалған бос жерлерді шығармашылығы, іс-әрекеті арқылы өмірге толы мекенге айналдыра білген данышпан адам. Ол түрік тілінен бөлек араб, парсы тілдерін жетік меңгерді.

Ж.Емре «Диуан», «Рисала ан-Насих» еңбектерін жазып, аталмыш жырлары Әл-Фатих көшірмесі, Осман империясының Нұр көшірмесі, Яхия Эфендидің көшірмесі, Карман көшірмесі, Баликесир көшірмесі, Мысырдың Ниязи көшірмесі, Бурса көшірмесі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырды. Оның махаббат пен адам тағдыры тақырыптарына арналған өлеңдері терең сезіммен, тура мәнерімен бірден көзге түседі. Жүністің өлеңдері де мазмұндық, формалық және тіл жағынан музыкамен ұштасып жатыр. Бір жағынан жаттауға оңай [

Түрік ақынының өлеңдері қазақ оқырмандары үшін Шәкәрім Құдайбердіұлын еске салады.

Күллі адамзатты өзге тіршілік иесінен ерекшелейтін ғылым екені даусыз. Себебі жер бетінде адамнан басқа бір де бір тірі жан ғылым құдіретін осыншалықты пайдаланып, соның негізінде дами алмайды.

Қос ақынның өлеңдерінде жиі жырланатын тақырып – білім және ғылым мәселесі. Жүніс Емре ғылым хақында былай дейді:

«Шын ғылымның ғылымы – өзіңді-өзің білгенің,
Өзіңді-өзің білмесең, надан болып жүргенің.
Білу деген зор ғылым құдайды һәм адамды,
Мәнін терең білмесең, еңбегің болмас жарамды» (Бердібай, 2018).

Ш.Құдайбердіұлының тек ғылым-білім жайында ғана жазылған бірсыпыра өлеңдері бар. Атап айтсақ, «Ғылымсыз адам – айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», «Кейбіреу безді дейді қатынынан», «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп», «Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ?», «Сен ғылымға болсаң ынтық» және т.б. Ол «Ғылымсыз адам – хайуан» өлеңінде адам не қылса да, не істесе де өмірде міндетті түрде білімді меңгеруі керектігін айтады. Оны төмендегі өлең жолдарынан көруге болады:

«Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,

Ақылсыз болса, ғылым тұл» (Құдайбердіұлы, 2003). Екі ақынның өлең жолдарын оқи отырып, екеуінің де ғылым жайлы ойларының бір жерден шыққанын байқау қиын емес. Ғылым-білімді өмір бойы издесе де, оның ұшы-қиырының жоқтығын түсінген Шәкәрім «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп» өлеңінде:

«Жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз,

Білдім деген – білмедім дегенге есеп» (Құдайбердіұлы, 2003) десе, Жүніс Емре өз заманында:

«Білдім, дұға оқыдым» деп айту – ісі білместің,

Бір құдайды білмесең, бостан-босқа күн кештің» (Түрік поэзиясы, 2016),- деп қайырған екен. Алайда, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Сен ғылымға болсаң ынтық» өлеңінде: «Шын залымға берме ғылым, Ол алар да оқ қылар» (Құдайбердіұлы, 2000),- дейді. Зұлымды өзінен басқа еш нәрсе қызықтырмайды. Тек өз қажетін қамтамасыздандырып алса болғаны. Яғни, оған берілген білімнің қоғамға еш пайдасы жоқ. Бұл сөзі арқылы автор оқудың, оқытудың дұрыс жолын көрсетіп, жастарға бағыт-бағдар беруде. Адам танымай, жауызға ғылым үйреткен ұстаз ерте ме кеш пе «Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды мені аттының» кебін киеді. Жауыз адам ғылымды қару ретінде пайдаланып, айласын сол арқылы жүзеге асырады. Тіпті «кісі атып жеуден» (Құдайбердіұлы, 2000) де тайынбақ емес. Осылайша, білімді залым елді алдап, керегіне қол жеткізеді.

Шәкәрім қажы атанғанымен, дінге қатты берілген фанатик те, өмірдің ләззаты мен рахатынан аулақ болуды уағыздап, насихаттаған тақуа да болмаған (Жолдасбекұлы және т.б., 2001). Бұл сапарға оны діндарлығы жетелемейді. Меккеге сапарға аттануының негізгі мақсаты – Абайдың өсиеті бойынша Ыстамбұл мен Париждегі ірі кітапханаларға, Мысыр еліне барып, ғылыми орталықтарда жұмыс жасап қайту еді. Ақынның Ыстамбұл кітапханасында Меккеге бара жатқанында он үш күн, қайтарда да он үш күн болғаны, сол кезде батыс пен шығыстың ұлы ғұламаларымен кездесіп, ой бөліскені де жазған естеліктерінен белгілі. Бірақ Жүніс Емре исламның сопылық бағытын ұстанған ақын. Дін мен ғылымның бір-біріне қайшы құбылыс екені мәлім болса да, түрік ақыны ғылым атаулыны мойындап, дүниенің негізінің сол екенін айта кеткен.

«Қасиетті төрт кітап – бір Әліпке сыйып тұр,

Сол Әліпті білмесең, білім емес, күйік – бұл» (Түрік поэзиясы, 2016), – деп ол қаріпті білудің, оқып-жазудың маңызын жырлап, өзі діндар адам болса да:

«Емре айтар: барғанша қажыға мың рет,

Жүрегіне адамның кіріп көрші бір рет» (Түрік поэзиясы, 2016), – деп адамгершілік, ар-ұяттың «өтірік діннен» анағұрлым жоғары екендігін көрсетеді.

Шәкәрім ақын өзінің «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» өлеңінде былай дейді:

«Әлемдегі діндердің түп мақсұты

Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:

Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,

Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар» (Құдайбердіұлы, 2003). Қазіргі діннің жайын барлай отырып, оның саны қаншалықты көп болса да, бір жаратушы күштің бар екені даусыз дейді Шәкәрім. Адам жаратушы иеге жақындауы үшін құр қажылықтың пайдасы жоқ. Ол үшін бойда адамгершілік, ақыл-ой тазалығы, ар-ұждан, мейірім болуы керектігіне екі ақын да қосылады.

Жүніс ақын адамзаттың алға қояр мақсаты – бойда адамдықтың болуы және жүректің пәктігі дейді.

«Сол жүректің тазалығы –

Ұмтылатын мұратың,

Ол бір асқар, шыңың да сол шығатын» (Атеш, 2021), – деген өлең жолдары соған дәлел.

Шәкәрім өлеңдерінің де бір шоғыры философиялық ой-толғамдарға толы, адам және оның болмысы, ар-ұят, ақыл-санасы, құмарлық, ашу мен ынсап, дүние, иман мен жан, жастық пен кәрілік туралы.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абайдың сөзіне Шәкәрім де қосылады. Пенденің төрт аяқты хайуаннан айырмашылығы – оның адамшылығында. «Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!» деп Ш.Құдайбердіұлы жұрттың бүгінгі қалпына ашына сөйлейді.

Түбіне дейін жалмамай, жығылып, жылағанға көмек беру керектігі – ақын қаламынан туған «Адамшылық» өлеңінің басты идеясы.

Жүніс Емре адамдық хақында былай дейді:

«Жаны таза пендеге Аллам өзі дем берер,

Тура жолды тапқанға мәңгі өмірге жол берер.

... Кейбір дінсіз дүмшелер, мақтау сөзге мастанар,

Құдай нәсіп қылмаса тозағына аттанар».

Ал Шәкәрім ақын төмендегідей жырлайды:

«Көңілі жұмсақ адамның

Күрмеуін тағдыр шешеді.

Рахымсыз, пейілі жаманның

Орны дайын деседі» (Құдайбердіұлы, 2000).

Бұл жердегі «таза пенде», «көңілі жұмсақ адам» дегендер адамгершілігі, ар-ұяты, иманы барлар.

«Ақылы жоқ наданның сөздеріне, Тәкаппар адамның сөздеріне Лағынет қана айтылады» деп Жүніс Емре адам болып туа тұра күні хайуаннан төмен жаратылыс иелеріне

қарғыс айталатынын жеткізеді. Шәкәрімнің де айтпағы сол. Төмендегі өлең жолдары соған дәлел:

Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық..
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сөйтіп адамдық (Құдайбердіұлы, 2000).

Шәкәрім ақынның айтуынша, адамдық қасиеттен айырылып қалу оп-оңай. Оған жалқаулана салу да жетіп жатыр. Мұның арты салақтыққа әкеп соғады. Ал кез келген істі келсін-келмесін өтірік жасай салудың салдарынан адам жаңаны меңгермейді. Содан надандық туады. Наданды адам деудің өзі қиын.

Екі ақын да ақылды дұрыс қолдана білу керектігін ескертеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы ақылдың екі түрін қарастырады. Бірі – жай ғана ақыл болса, екіншісі – таза ақыл. Жай ақыл адамзатқа тамақ тауып жеу, суық күнде жан сақтай алу деген сияқты қажеттіліктерді өтесе, таза ақылды жалпы өмір сүрудің дұрыс жолын нұсқаушы, хақиқатқа жетудің басты кілті деп біледі.

Жүніс Емре де ақылды орнымен қолдана білу керек және ол барлығының қолынан келе бермейді дейді. «Пенделер бар ақылмен табыспаған, Сонысымен Құдайдан алыстаған» (Атеш, 2021) дей отырып, ол да Шәкәрім сияқты хақиқатқа жетудің жалғыз жолы – адамзаттың ақылды саналы түрде керегіне жарата білуі деп жырлаған.

Осы орайда екі данышпанның ойлары тағы да тоғысады. Адамның ақылы оның қанағатымен тығыз байланысты. «Талап пен ақыл» өлеңінде Шәкәрім талапқа тағылатын алты ноктаны тізбектеп, олардың әрқайсысына өзінше анықтама береді. Ал қанағатты ол төмендегідей сипаттайды:

Ынсап деген аспайды, кем қалмайды,
Орнын таппай ол, сірә, қозғалмайды (Құдайбердіұлы, 2000).

Адам барға қанағаттанып отыра берсем, өзгелерден кейін қалам деп ойлайды. Осы орайда туындайтын парадокс бар: қанағаттану керек және қанағаттанбау керек. Шәкәрімнің ойын өрбітсек, ол ынсапты барлық пен жоқтықтың ортасы деп қарастырады. Яғни, барға шүкіршілік етіп, қанағаттана отырып, адам жоққа ұмтылуы керек.

Жүніс ақын «Насихаттар кітабында» «Қанағат қыл, өмірде бол саналы, Алланың нығметі таусылмайды, Аспаннан күндіз-түні жауса дағы» деп, ақылды адамның бойында болуы керек қанағат деген тағы бір қасиеттің түрін түстеп береді.

Шәкәрім де осы сияқты ұлтқа тән жағымсыз мінез-құлықты тізбектеп, одан құтылудың сырымен бөліседі. Жер жүзі тәннің қамын жасауды кейінге қалдырып, ғылымға назар салғанда, қазақ әлі де болса құр шатаққа құмарланып жүр деп налиды ақын. Ойда нәпсіні қанағаттандырудан басқа ештеңе жоқ деген Ш.Құдайбердіұлы төмендегі өлең жолдарымен ащы да болса шындықтың дәмін татқызады:

Ойда жоқ: «өнер біліп, жол табайын»,
Жалмауға жалықпайды өз маңайын (Құдайбердіұлы, 2000).

Бір жаманы – қазақ білім мен ғылымға тым қанағатшыл да, малға тойымсыз. Оған ұлы Абайдың мына сөзі дәлел: «... қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білу үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ мал үшін қам жейді екен» (Абай, 2006).

«Демейді ғылым іздеп жанданайын,

Мақсаты – мақтан іздеп паңданайын» (Құдайбердіұлы, 2000), – деп XIX ғасырда Шәкәрім жырлаған қазақ әлі сол қазақ. Еш өзгермеген, толыспаған, толмаған. Ойлайтыны тек қара бастың қамы, қора толы малы. Ал бастағы аз ғана ғылымға қанағаттанып, бір-ақ сәтте еріп кететін мұзға тым құмар мемлекеттің болашағы жоқ деп налиды данышпан.

Адамның ақылын бәсеңдететін бірнеше кедергі болады. Бірі жоғарыда қарастырылған қанағатсыздық болса, келесісі – тәкаппарлық, мақтаншақтық пен менмендік. «Тәкаппарлық алыстатар бәрінен» деген түрік ақынының бір тармақ өлең жолынан ақиқатты аңғаруға болады.

«Тәкаппар басбұзар бір іске ұрынды,

Тау басын бетке алып шықты да бүлінді.

Ал кішіпейілдер өзен боп ақты, эне!

Ағысын тоқтатпай, теңізін тапты, эне» (Атеш, 2021) деп ол қарама-қарсылықты қатар қойып салыстырады.

Ал Шәкәрім арзан мақтанның, даңғойлықтың ешқандай пайда әкелмейтінін жырлайды. Соның салдарынан қаржысы болмаса да, елге қызығып, мақтан үшін қымбат киінетін қуыс кеуделілердің де барын білеміз. Шәкәрімнің бұл қоғам өкілдеріне наразылығы төмендегі өлең жолдарынан көрінеді:

Етігіңнен именіп,

Жауың қорқып бұқты ма?

... Киімі қымбат екен деп,

Ешкім сенен ықты ма? (Құдайбердіұлы, 2000).

Ынсап – адамды бақытқа жетелейтін жағымды қасиет. Мұны жоятын мақтан қуу, құмарлық, көрсеқызарлық дейтін зиянкестер.

Адам өмірін жалғастыруы үшін онда «барға – қанағат, жоққа – сабыр» болуы керек. Егер пенде барға рахым етпей, есіріп кетсе, ол жазаланады дейді Ш.Құдайбердіұлы:

«Біреудің мінін кешірсең,

Саған да құдай кешеді.

Бәрін де қылмай есірсең,

Төбеңді әлі-ақ теседі» (Құдайбердіұлы, 2000).

Сондықтан, адам жоғын ғана байқап зарламай, барына назар аударып, шүкіршілік ете білуі керек. Қолда бар бұрынғы бағаланғаннан кейін ғана адам жаңа бақты иемденеді.

Келесі бір ұқсастық: Жүніс Емренің өткенінен, Шәкәрім Құдайбердіұлының өзінің өмір сүріп жатқан уақыты мен келешек заманнан қорқуы. Жүніс ақын:

«Уа, ағайын, дос-жаран, мен қорқамын өлімнен,

Арқалаған күнәм көп, көрім жақын төрімнен.

Барлық күнәм өлгенде, көз алдыма тартылар,

Ақыретті ойласам – өнебойым қалтырар» (Түрік поэзиясы, 2016), – десе, Ш.Құдайбердіұлы:

«Мен қорқамын, қорқамын,

Қорыққанымнан жортамын.

...Адалыңды «арам» деп,

«Мен адалға барам» деп,

Ит жейтұғын жемтікті,

Жиіркенбей жалар ол» (Құдайбердіұлы, 2003) сияқты өлең жолдарымен өз қорқынышын жеткізеді.

Жүніс Емре «Сабақ ал» өлеңінде: «Адам – пендем, бір сабақ, Алғың келсе Өлімнен, Тірлігіңде пұл санап, Босқа өтпегін өмірден», – деп, ақшаның, дүниеқоңыздықтың түкке де тұрмайтынын, адамның жер бетіне уақытша келгенін жазады.

Шәкәрім ақын «Насихат» деп аталатын туындысында:

«Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде,

Қазақты бастайтұғын қару сізде.

Партияға шашқанша, осыған сал,

Қолыңда қорегің бар кезіңізде» (Құдайбердіұлы, 2003), – дей отырып, ақша мен мансаптан қарағанда адамгершілік, ар-ұят, ғылым-білім, өнердің маңызы зор екенін жеткізіп қана қоймай, тек бір күндігін ойлаған кедейлерді сынайды. Баста мәңгі тұрмайтын билік үшін жанталасқан байларға ақшаны босқа шашпай, балаңды оқыт дейді. Жарлыларға да «бойыңды жалдап құл болма, ойың жалда» деп, ақысына тамақтан өзге түк таппасаң да, өнер үйрен, жалқаулықтан жирен деп кеңес береді. Оқудың қиындығы – уақытша, білместік зардабы – мәңгілік (Құдайбердіұлы, 2000). Бұл жерде де екі ақынның ойы бірдей. Келесі бір өлеңінде ақын ғылымсыз адамды айуанға теңейді. Бұл жерде де байлыққа сыйыну, қуыршақтай аса сәнді киінуден аулақ бол, не қылсаң да ғылымды игер, «Тікенің болса бойыңда, Ауырса да өзің жұл» дейді (Құдайбердіұлы, 2000).

Сараңдық жайындағы өлеңдер шоғыры Жүніс Емреде де бар.

«Сараң деген кім десеңіз, саралауға санам даяр,

Жегенін ол өзінен де және сенен, менен аяр!

Тапқан табыс болса егер де оны өзіне-өзі бермес,

Бейне қолы байлаулыдай, қайырлы іске кезі келмес» (Түрік поэзиясы, 2016), – дей келіп, дүниеқоңыздарға «Дүние – боқ» оған құр еліргеннің пайдасы жоқ деп жырлайды. Адам о дүниеге аттанарда жиған-тергенінің ешбірін өзімен көрге әкете алмайды дейді «поэзияны өзінің діни-сопылық, моральдық және адами көзқарастарын жеткізу құралы ретінде пайдаланған ақын» Жүніс Емре (Әбелдаев, 2013).

Қорытынды

Қорытындылай келе, түрік шайыры Жүніс Емре мен қазақ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында рухани үндестік бар деп тұжырымдауға болады. Тек туындылары ғана емес, екі данышпанның өмір жолдарында да ұқсастық бар. Жүніс Емре туындыларындағы Хаққа, Жаратушы иеге деген махаббат Шәкәрім өлеңдеріндегі хақиқатқа жетудің жолын көрсетуімен ұласады. Екеуі де адамзаттың өз атына лайықты өмір сүруін қалаған. Соның жолында философиялық ой саларлық мәнісі терең жырларын жазып қалдырған. Туындыларынан келешекке деген сеніммен қатар жүретін қорқыныш та байқалады.

«Қазақ-түрік мәдени-рухани байланыстарының тарихында Шәкәрім Құдайбердіұлының алар орны мен атқарған қызметі мазмұнды және өнегелі» (Тұрсын және т.б., 2017). Адамгершілік, махаббат, жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, ар-ұждан, ынсап, ғылым мен білім сияқты ортақ тақырыптар екі ақынның шығармашылығын үндестіріп тұр. Өлеңдерінің атаулары ғана емес, белгілі мәселе жайындағы ойлары

үнемі бір жерден шығып отырады. Бұл сабақтастық түркі әлеміндегі ортақ дүниетаным мен рухани сабақтастықты дәлелдей түседі. Жүніс Емре мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы ұлт мүддесі емес, адамзаттық құндылықтарды арқау еткен шығармалары арқылы ұлттар мен мәдениеттар арасындағы рухани үндестіктің жарқын көрінісі болып табылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. А.Н. Нурланова мақаланың негізгі идеясын белгілеп, жұмыстың құрылымын жоспарлап, логикалық жүйесін айқындады, талдау мен нәтижелерді қорытындылауға үлес қосты. А.Қ. Сейпутанова зерттеу әдістерін анықтап, зерттеу нәтижелерін жинақтап, талдау жүргізді. А.Т. Жәмсап мақаланы мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, академиялық талаптарға сәйкестендірумен айналысып, мақаланың рәсімделуіне үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

- Абай. (2006). Қара сөздері. Алматы: Өнер.
- Атеш, Ш. (2021). Юнус Эмре. Таңдамалы өлеңдер. Нұр-Сұлтан: Фолиант.
- Әбелдаев, Ж. (2013). Жүніс Әміре поэзиясындағы гуманизм мәселелері. In «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы және қазіргі заман» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (pp. 281–284). Алматы.
- Бердібай, Р. (2018). Гүлстанның бұлбұлдары. Жұлдыздар жарығы (Т. 2). Алматы: РПБК Дәуір.
- Жанбершиева, Ұ., Оралова, Г.С., Төлебаева, А.Т., & Камишев, Г.А. (2023). Сырсүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 4(145), 121–131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131>
- Жолдасбекұлы, М., Салғараұлы, Қ., & Сейдімбек, А. (2001). Елтұтқа. Астана: KUL TEGIN.
- Қайратұлы, Б. (2008). Қажыны атқан Қарасартов емес. Жас қазақ, (38), 2–5.
- Құдайбердіұлы, Ш. (2000). Иманым. Алматы: Арыс.
- Құдайбердіұлы, Ш. (2003). Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра.
- Мұхамедрахым, Ж. (2006). Әке аманатын ақтаған. Семей мемлекеттік педагогикалық институты, 2(2), 47–51.
- Нурланова, А.Н., & Мешимбаева, Б.Ш. (2021). Абай мен Шәкәрімді тоғыстырған ар ілімі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы, 1(75), 257–261. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44>
- Оралқызы А. (2022, 11 наурыз). Жүніс Емренің өлеңдері қазақ тілінде жарық көрді. Massaget.kz. <https://massaget.kz/>
- Сыдықов, Е. (2013). Шәкәрім. Алматы: Ғылыми-танымдық басылым.
- Түрік поэзиясы: Жүніс Емре. (2016, шілде 20). Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/turik-poeziiasy-zunis-emre_16549
- Тұрсын, Х., Исин, А., & Таракчы, В. (2017). Қазақ-түрік мәдени байланыстарындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы. ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы, 2(85), 56–65. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017>

Daurenbekova, L.N., Kartayeva, A. M., Zhumatayeva, Z.N., Bekenova, G.Sh., & Nurlanova, A.N. (2024). The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. *Cadernos de Tradução*, 44(1), 1–12. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

А.Н. Нурланова¹, А.К. Сейпутанова², А.Т. Жамсап³

^{1,3}*Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан*

²*Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан*

Духовная гармония в произведениях Шакарима Кудайбердыұлы и Юнуса Эмре

Аннотация. Среди тюркских народов особое местозанимают выдающиеся мыслители и поэты, внесшие весомый вклад в развитие науки, культуры и литературы. В их произведениях отражены общие духовные и философские идеи, раскрывающие мировоззрение тюркоязычного мира. Настоящая статья посвящена сравнительному анализу творчества казахского поэта Шакарима Кудайбердыұлы и турецкого поэта XIII века Юнуса Эмре. Оба автора в своём наследии поднимают схожие темы – нравственное очищение, духовную гармонию, поиск истины и смысла бытия. В работе даётся краткий обзор биографий поэтов, анализируются художественные и философские параллели в их произведениях. Через сопоставление лирики выявляется преемственность традиций и духовных ценностей, характерных для казахской и турецкой литературы. Особое внимание уделяется понятию духовной гармонии как объединяющему мотиву в творчестве обоих авторов. Целью настоящего исследования является выявление общего культурного и духовного кода в творчестве двух поэтов через дифференцированный анализ их произведений. Научная новизна работы заключается в рассмотрении межлитературных связей казахской и турецкой поэзии через призму философско-религиозной лирики. Полученные результаты могут быть использованы в дальнейших литературоведческих и тюркологических исследованиях.

Ключевые слова: поэзия Шакарима Кудайбердыұлы, поэзия Юнуса Эмре, казахская литература, турецкая литература, нравственная тема в литературе, гармония литературы, духовная преемственность.

A.N. Nurlanova¹, A.K. Seiputanova², A.T. Zhamsap³

^{1,3}*Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

³*Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

Spiritual harmony in the works of Shakarim Kudaiberdiuly and Yunus Emre

Abstract. Among the Turkic peoples, many prominent figures have made significant contributions to the development of science, education, culture, and literature. Their works often reflect shared spiritual and philosophical ideas. This scholarly article compares the literary heritage of Kazakh poet Shakarim Kudaiberdiuly and 13th-century Turkish poet Yunus Emre, highlighting thematic similarities in their writings. A brief overview of each poet's biography is provided. The article explores commonalities between Kazakh and Turkish literature and emphasizes the continuity of literary traditions shared by both cultures. Shakarim, a key figure in Kazakh literature, and Yunus Emre, who played a major role in

the development of Turkish poetry, both addressed themes such as spiritual purification, inner harmony, and the search for truth. Their works serve as a reflection of the moral and philosophical values of the Turkic world. The main goal of this study is to identify the cultural and spiritual connections between Kazakh and Turkish literature through a comparative analysis of the two poets' works. The findings contribute to literary and Turkological research and can be used in courses on the history of Kazakh and Turkish literature, in Shakarim studies, and in seminars focusing on both authors.

Keywords: Shakarim Kudaiberdiuly's poetry, Yunus Emre's poetry, Kazakh literature, Turkish literature, moral theme in literature, harmony of literature, spiritual continuity.

References

- Abai. (2006). Kara sozderi [Words of Edification]. Almaty: Oner. (in Kazakh)
- Atesh, Sh. (2021). Yunus Emre. Tandamaly olender [Selected poems]. Nur-Sultan: Foliant. (in Kazakh)
- Abeldaev, Zh. (2013). Zhunis Amire poeziiasyndagy gumanizm maseleleri [The issues of humanism in Yunus Emre's poetry]. In Abu Nasyr al-Farabi murasy zhane kazirgi zaman halyqaralyq gylimi-teoriiialyq konferensia materialdary (pp. 281–284). Almaty. (in Kazakh)
- Berdibai, R. (2018). Gulstannyn bulbullary. Zhuldyzdar zharygy [The nightingales of Gulistan. The light of stars] (Vol. 2). Almaty: RPBK Dauir. (in Kazakh)
- Mukhamedrakhym, Zh. (2006). Ake amanatyn aktagan [He fulfilled his father's legacy]. Semei memlekettik pedagogikalyk instituty, 2(2), 47–51. (in Kazakh)
- Nurlanova A., & Meshimbaeva, B. (2021). The conscience that united Abay and Shakarim. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Philological Sciences, 1(75), 257–261. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.44> (in Kazakh)
- Zhanbershiyeva U., Oralova G., Tulebayeva A., & Kamisheva G. (2023). Eastern traditions in fables of storytellers of the land of Syr (Turmagambet, Zhusip, Omar). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 145(4), 121–131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131> (in Kazakh)
- Zhunis Emrenin olenderi kazak tilinde zharkyk kordi [Yunus Emre's poems published in Kazakh]. (2025). Massaget.kz. <https://massaget.kz/> (in Kazakh)
- Qairatuly, B. (2008). Kazhzyny atkan Karasartov emes [It was not Karasartov who shot the pilgrim]. Zhas Kazak, (38), 2–5. (in Kazakh)
- Qudaiberdiuly, Sh. (2003). Kazak ainasy. Olender men poiemalar [Mirror of the Kazakhs. Poems and poetics]. Almaty: Atamura. (in Kazakh)
- Qudaiberdiuly, Sh. (2000). Imanym [My faith]. Almaty: Arys. (in Kazakh)
- Oralkyzy, A. (2022, March 11). Zhunis Emrenin olenderi kazak tilinde zharik kordi [The poems of Yunus Emre were published in Kazakh] Massaget.kz. <https://massaget.kz/> (in Kazakh).
- Sydykov, E. (2013). Shakarim. Almaty: Gylimi-tanyndyk basylm.(in Kazakh)
- Turik poeziiasy: Zhunis Emre [Turkish poetry: Yunus Emre]. (2016, July 20). Adebiet portaly. https://adebiportal.kz/kz/news/view/turik-poeziiasy-zunis-emre_16549 (in Kazakh)
- Zholdasbekuly, M., Salgarauy, Q., & Seidimbek, A. (2001). Eltutqa [National symbol]. Astana: KUL TEGIN. (in Kazakh)
- Tursyn, Kh., Isin, A., & Tarakchy, V. (2017). Kazak-turik madeniet bailansytaryndagy Shakarim Qudaiberdiuly [Place and role of Shakarim Kudaiberdiuly in Kazakh-Turkish cultural relations]. Journal of History, 2(85), 56–65. <https://bulletin-history.kaznu.kz/index.php/1-history/issue/view/16/2-85-2017> (in Kazakh)

Daurenbekova, L.N., Kartayeva, A.M., Zhumatayeva, Z.N., Bekenova, G. Sh., & Nurlanova, A.N. (2024). The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. *Cadernos de Tradução*, 44(1), 1–12. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

Авторлар туралы мәлімет:

Нурланова Асем Нурланқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдас-тырылған профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Жамсап Ақерке Талантқызы – магистр, оқытушы, Қазақстан-Американдық еркін универ-ситеті, Өскемен, Қазақстан. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221

Нурланова Асем Нурланқызы – кандидат филологических наук, профессор, Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Сейпутанова Айымгуль Камзановна – кандидат филологических наук, профессор, Восточно-Казахстанский университет им. С.Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Жамсап Акерке Талантқызы – магистр, преподаватель, Казахстанско-Американский свобод-ный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221

Nurlanova Asem Nurlankyzy – Candidate of Philology, Professor, Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: anur_81@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9782-1507

Seiputanova Ayimgul Kamzanovna – Candidate of Philology, Professor, S.Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: aiimgul@bk.ru, ORCID: 0000-0003-4352-4448

Zhamsap Akerke Talgattyzy – Master of Education, Lecturer, Kazakh-American Free University. E-mail: akerke_t_99@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7902-5221.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 21.15.47: 17.82.10

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-234-247>

Ғылыми мақала

Ислам тақырыбындағы жырлардың (рубай, ғазал) дидактикалық-философиялық сипаты

Г.С. Оралова¹, Ұ.Н. Жанбершиева², А.Т. Төлебаева^{3*}

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: ¹gulzi-oralova@mail.ru, ²ulzhan1954@mail.ru, ³aidyn42@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Шығыс әдеби жанры негізінде қалыптасқан Сыр өңірі ақындары шығармаларындағы рубай, ғазал жырларының адамзатты адамгершілік-имандылыққа тәрбиелейтін ұлағаты қарастырылған. Қазақ әдебиетінің тақырыптық, жанрлық, мазмұн мен пішін тұрғысында толығымен түсу жолында Шығыс поэзиясы нәзира дәстүрі арқылы өз ықпалын тигізгендігі ғылыми тұжырымдалды. Т.Ізтілеуұлы, Ш.Омары, С.Бекшентайұлы поэзиясында көрініс тапқан алуан түрлі мінез-құлық қасиеттерімен араласып жатқан моральдық және рухани құндылықтардың жырлануы мен адамгершілік мәселелері талданды. Сыр өңірі ақындары әдеби дәстүрлерді шебер меңгеріп, рухани құндылықтарды, адамдық сапалық қасиеттерді насихат етуді басты назарда ұстады. Олардың шығармаларында сүйіспеншілік тақырыбы, өмір тәжірибесінен қорытылып шыққан ғибратты сипаттағы ойлары, ислам тақырыбының жырлану ерекшелігі қарастырылған. Ақындардың рубайлары қысқа, терең ойға құрылған. Ақындардың төрттаған жырлары шағын болғанымен, оқшау шумақты, құрылымы поэтикалық тұрғыда Шығыс поэзиясының ықпалымен қалыптасқан тиянақты ойды білдіретін күрделі тармақтардан тұрады. Ақындардың төрттаған, ғазал жырларының терең философиялық, лирикалық, дидактикалық, исламдық мазмұнда жырланып, оқырманды рухани ізденіске, өзін-өзі тануға бағыттайтын сипаты талданды. Сыр өңірі ақындарының рубай, ғазал жырларында жалпы адамзатқа ізгілік, мейірімділік, адалдық қасиеттерді насихаттайтын даналық ой, тұжырымды түйін беріледі. Ақындар рубай, ғазал жырлары арқылы қоғамды ізгілікке шақырып, Аллаға деген сенім арқылы кемел адам болуға үндейді. Халықтың рухани тұтастығын діни-ағартушылық, адамгершілік ұлағатымен жырлағандығына ғылыми бағалаулар жасалды. Сыр өңірі ақындарының рубай, ғазал жырлары әдеби дәстүрдің көркемдік жалғастығы, әдеби үндестік, ықпалдастық сипатында сараланады.

Түйін сөздер: әдеби дәстүр, рухани құндылық, рубай, ғазал, мұсылмандық дүниетаным, эстетикалық тағылым, дидактика.

Түсті: 17.06.2025; Жөнделді: 25.06.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің тарихы кемелденген сайын, жанрлық ерекшеліктері де байып молая түскен. Ұлттық мәдениетіміздің негізгі арнасы – сөз өнерінің дамуында өлке әдебиетінің алар орны ерекше. Тарих көмескіленгенмен, жойылмайды. Сол тарих көшінде әр дәуірде өмір кешкен елеулі есімдер бар. Сыр өңірінде де жыр-толғауларымен халық жүрегінен орын алған, Базар жырау, Ешнияз сал, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай, Жиенбай, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Дүр Оңғар, Құлыншақ, Нұралы, Бұдабай, Сарыбай, Ораз Молла, Нартай, Тұрмағамбет, Нысанбай, Жаңаберген, Рүстембек, Сәрсенбай, Молдахмет, Сейітжан, Нұртуған т.б. тұлғалар жүйрік тілді, суырып салма, ақындық өнердің биігінен көрініп қоймай, рубай, ғазалдар арқылы оқырман назарын аудара бастаған.

Сырдың кең даласында дүниеге келіп, шалқар шабытпен сусындап өскен ақын-жыраулар көркемдік биік деңгейге жету үшін ең алдымен өз топырағындағы әдеби дәстүрлерді, халық ауыз әдебиетінің ғасырлар бойы жалғасқан асыл сөз өнерін, даналық тағылымдарын меңгерді. Олар шығыс әдебиетінің ізгі дәстүрлерін, көркемдік жетістіктерін шығармаларына рухани құндылық етті.

Сыр ақын-жырауларында Шығыс әдебиеті дәстүрлерін меңгеру XX ғасырдан бастау алды. Олар шығыстық әдеби дәстүрді, шығарманың мазмұны мен пішінін, эстетикалық құндылығын қазақ ұғымына тән етіп интерпретациялады. Әрине Сыр өңірі ақын-жыраулары да өздеріне дейінгі әдеби жанрлардың көркемдік-эстетикалық тәжірибесінен үйренді, дамытты, өздері де дәстүрге айналдырды. Ұлт әдебиетінің тарихына үңілсек, оның өзіне дейінгі көркемдік тәжірибеге сүйене отырып, дами түсетінін көреміз. Дәстүр – уақыт ағымындағы тәжірибелер арқылы қалыптасып, дамып, жалғасып отыратын құбылыс. Ал әдеби дәстүрлердің туу, даму, қалыптасу ерекшелігі әлемдік ықпалдастық кезіндегі тіл, дін секілді рухани араласу арқылы да жүзеге асады. Шығыс әдебиетінің көркемдік жетістіктерінің қазақ әдебиетіне енуі процесінде ортақ тақырыптар мен сюжеттер, мотивтің алмасуы, жанр түрлерінің енуі қазақ әдебиеті мазмұнының артуына септігін тигізді. Діни тақырыптағы шығармаларды арқау етудің көркемдік дәстүрі исламдық-ағартушылық дүниетаным көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін берді. Шығыс поэзиясында сонау ғасырлардан бері дәуірлеп, дамып келген рубай мен ғазалдардың Сыр сүлейлеріне әсері тимей қойған жоқ. Рудаки Шығыс әдебиетінде рубайдың шыңына жеткен. Омар Хаям ғазал жанрына қалам тербеген. Ақындар шығармашылығына үңілгенде, Сағди. Хафиз Физули т.б. ақындарға еліктеу де кездеседі. Көркем шығарманы талдауда автор тұлғасы, оның шығармашылық келбеті маңызды. Сыр сүлейлері Т.Ізтілеуұлы, Ш.Омары, С.Бекшентайұлы – халқымыздың рухани қазынасы мен шығыс поэзиясын терең меңгерген ақындар. Алуан тақырыптағы өлең-жырларымен елге ерте танылған ақындар шығармаларынан ұлттық мінезді, халықтың дүниетаным көзқарастарын, қоғамдық өмірдегі ақыл-ой құндылықтарына негізделген өмір шындығын танып-білуге болады. Ақын шығармаларындағы лирикалық сыршылдық діни-ағартушылық идеялар арқылы ұлттық сана мен рухани құндылықтарды көтеруге бағытталған дидактикалық-гуманистік ұлағатпен тереңдейді. Зерттеуші ғалым Т.Қыдыр Шығыс мұсылман поэзиясына ену үшін рухани дайындық қажет екенін айта келе: «Расында бар сырын ішіне бүккен Шығыс мұсылман поэзиясының бір құдіреті-хақиқат пен мажаз сырларында жатыр. Осы сырларға қанықпаған жандар хақиқат жолдарындағы

ғаріптер мен ғашықтардың қаламынан туындаған жыр жолдарының астарына терең бойлай алмайды», – деп ой түйеді (Қыдыр, 2024). Шығыс мұсылман поэзиясын терең меңгерген Сыр сүлейлері ғазалдары мен рубайларында хақиқат сырларына үңілуге тырысқан. Сопы шайырларының басым бөлігі өз ойларын ғазалдармен жеткізіп, жұмбақ тілмен хақтың сырларына үңіліп, кемелдік ұстанымдармен жырлаған. Ақындардың ғазалдары мен рубайларының поэзиялық қолданысы, адамгершілік, имандылық тағылымы бүгінгі күні де маңызды.

Зерттеу әдістері

Мұсылманша сауатты қазақ ақындары Шығыс әдебиеті дәстүрлерін меңгеріп, өз халқының әдеби жанр үлгілерінің аясын кеңейте түскенін байқаймыз. Көркем туынды авторының өмірі мен шығармашылық жолын зерделеуде биографиялық әдіс, Сейітжан ақын шығармашылығы тақырып, идея жағынан түгел Шығыс әдебиеті ықпалында болмаса да, поэтикалық құрылысы жағынан, тұрмыс қайшылықтарын, адамдық моральдық түсініктерді нақыл, ғибрат үлгісінде жырлауында шығыстық жанр үлгісінің әсері айқын. Ақын өлеңдерінің құрылымын, жанрлық сипатын салыстырмалы, тарихи-әдеби әдіс арқылы қарастырдық. Көркемдік дамудың дәстүр мен жаңашылдыққа қарай жылжуына байланысты әдеби шығарма түрлерінің бір орнында тоқтап қалуы мүмкін емес, үнемі өзгеріп, жанрдан жанр туып, дамып, жетіліп отырады. Әлем әдебиетіндегі әдеби жанр түрлерінің араласа дамуы Ислам дінінің таралуына да байланысты екені айқын, авторлық көркемдік ойлау, дүниетанымының мәтін арқылы танылуы феноменологиялық, герменевтикалық, стилистикалық, мәтін талдау әдісі арқылы айқындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Шығыс поэзиясының үлгілері рубай, қисса, ғазал т.б. қазақ поэзиясында да көрініс тапты Сыр сүлейлері шығармашылығын зерделегенде, Шығыс әдебиетіндегі жанр түрлері мен сюжеттерді, көркемдік ізденіспен қолдана отырып, өз шығармаларына жаңа образ, сюжет, стильдік тәсілдер ойлап тауып, қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін биіктеткенін байқаймыз. Қазақ әдебиетіне шығыс әдебиеті дәстүрлерінің әсері, жанрлық, стильдік ерекшеліктері, әдеби ықпалдастық мәселелерін зерттеушілер М.Мағауин (1991), Ә. Қоңыратбаев (1991), Н.Ғабдуллин (1994), Р.Бердібаев (1970), Ө.Күмісбаев (2015) т.б. ғалымдар қазақ және шығыс әдебиетінің байланысын мәдени, философиялық, діни, тұрғыдан талдау жасады.

Сыр өңіріндегі ақын-жыраулар поэзиясында діни-ағартушылық, дидактикалық және философиялық көзқарастардың көрініс табуы шығыстық дәстүрді меңгеру арқылы да толығырақ түсті.

Сыр сүлейлерінің Орта Азия медреселерінен мұсылмандық білім алып, Шығыс әдебиетінің дәстүрлерін игеруі қазақ әдебиетінде лирикалық шығарма түрлері рубай, ғазал, мінәжат, насихат жырлардың қалыптасуына негіз болды. Шығыс әдебиетінде тұрақты орын алған сопылық идея, Алланы дәріптеу, құранның шындығын таныту қазақ әдебиетінде араб-парсы әдебиетінің ұштасуынан қалыптасып, Шығыс аңыздары, Құран сюжеттері, мұсылмандыққа қатысты қағидаларды көркемдік тұрғыдан бейнелеп,

рухани құндылық ретінде ұрпаққа жеткізу орын алды. Әрбір ұлт әдебиеті өзге ұлт әдебиетімен шығармашылық байланыста болып, көркемдік тәжірибесінен үйреніп, оны өз ұлтына тән сипатта жыр ететіні қалыпты құбылыс.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде шығыс халықтары поэзиясында кең тараған жанр түрі рубайға былайша анықтама берілген: «Рубай-көбінесе философиялық болып келетін төрттармақты лирикалық өлең. Өлеңнің әр шумағы тиянақты ойды білдіреді. Бірінші, екінші, төртінші тармақтар бірыңғай ұйқасады да, үшінші тармақ ұйқастан тыс қалады» (Күмісбаев, 2015) – осындай, шығармашылық ықпалдастық нәтижесіндегі көркемдік үрдістердің жалғастығы Сыр сүлейлері туындыларында кездеседі. Мәселен, Т.Ізтілеуұлы рубайлары (төрттаған) идеялық-эстетикалық жағынан моральдық қағидаттарға негізделген. Ақынның тілдік бейнесіне назар аударсақ, ұлттық поэзия қорында бар көркемдік дәстүрді негіз еткен ұлттық өрнек аңғарылады.

Жасыңда жеңге соққан пышақтайсың,

Қаржалып қартайған соң ұсақтайсың.

Өкпеңнен өлім оғы өткен күні,

Көз жұмып, қара жерді құшақтайсың (Ізтілеуұлы, 2007), – деген төрт тармақтан тұратын рубайдағы философиялық ой «жаңа соққан пышақ» метафоралық тіркес арқылы жастық шақтың серпінді кезеңін бейнелесе, «қартайған соң ұсақтайсың» деп қартайғанда адамның қуатының азаятынын, «өкпеңнен өлім оғы өткен күні»- өкпе-өмірдің символы ретінде, өлім оғы-өмірдің аяқталуы ұғымында қарттық пен жастықтың ара-қатынасын түсіндіріп, өмірдің өткінші екенін еске салады, яғни философиялық тұжырым жасайды.

Қоям деп, -халықпен қарсы-бір өзіңді,

Байқамай болып жүрме тірі езіңді.

Әрқашан алам десең төрден орын,

Түзеп ал татаусыз ғып мінезіңді (Ізтілеуұлы, 2007), – деп бес күн тірлікте көркем мінез сипатында болуды ұсынады. Т.Ізтілеуұлы мұраларын зерттеуші ғалым Ұ.Жанбершиева: «Шайыр ақын Тұрмағамбет те Шығыс әдебиетінде көп қолданылатын төрт жолдық өлең рубайлар жазған. Төрт жолдық өлеңде ақын үлкен ой түйіп, өмір мен өлім, қуаныш пен қайғы, махаббат пен достықты бір шумақ өлеңге сыйғызған» (Жанбершиева, 2013),- дейді. Бұл пікірден Сыр сүлейлерінің шығыс әдебиетімен идеялық-эстетикалық жағынан байланыста болып, ойды жинақтап айтуда рубайды өзіне тән философиялық, дидактикалық сипаттары бар дербес шығарма түрі ретінде қолданғанын байқаймыз.

Әй, көңілім, талпи берме бет алдыңа!

Бетіңше талпынғанмен кете алдың ба?

Үш түгіл алтайыға, алты қостым,

Сонда да, біреуіңе жете алдың ба? (Ізтілеуұлы, 2007), – бұл рубайдағы алтай-биіктікті, алты-көп мағынаны білдіреді. Адамның өмір жолындағы күресін, адамның көңіл-күй сезімдері мен өмір жолындағы талпыныстарын, көңілдің көк дөнені өмірдің дегеніне бағынатынын ұғындыратын философиялық шығарма.

Сыр сүлейлерінің ақындық ортасында тәрбиеленіп, ел арасына ақындығымен танылған тұлға-Шораяқтың Омары. Рубай жанрындағы шығармаларында айтар ойын көңілге қонымды, жұп-жұмыр кесек қалпында ұсынады:

Жібердім бір баладан қағаз жазып

Сұлуға сұңқар мойын, белі нәзік.

«Лебіңнен бір марқабат бола ма», деп,

Жолында құрбың отыр жүрек сазып (Шораяқтың Омары, 2009), – Шораяқтың Омары Шығыс мұсылман шайырларының ғашықтық әлеміне еніп, ішкі жан тебіреністерін әдемі жеткізген. Төрттармақты өлеңдегі суреттеу тәсілі эпитетпен – «сұңқар мойын» – сұлулықты, «белі нәзік» – қыз баласының әсемдігі арқылы сезімді үйлестіріп, өлеңнің эмоционалдық күй, поэтикалық құрылымы оқырманға махаббаттың нәзік қырын ұғындыра түседі. Шынайы ғашық ақындар ғана ғаріп шайырдың халін толық түсінеді.

Дудардай шаш қоясың қарыс қылып,

Бұтыңа кидің шалбар жабыстырып.

Орысша, қазақшаны түгел білмей,

Сөйлейсің шалдыр-бұлдыр шабыстырып, – (Шораяқтың Омары, 2009) деп тілді шұбарлап, қазақылық қалыптан тайқыған жастарға тоқтау айтады. Халықтың рухани азығы болып, бойға азық, ойға қуат, қарым-қатынас құралы болған тілді құрметтеу тағылымын ұсынады.

Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті жанрлардың тоғысуындағы лирикалық жанр түрінің бірі – ғазал. Шығыс әдебиетін зерттеуші ғалым Ө.Күмісбаев (1985): «Парсы ғазалы мен араб ғазалының арасында айырмашылықтар бар: парсы ғазалы махаббаттан басқа табиғат, философиялық, лириканы да қамтып өтеді, ала араб ғазалдарының тақырыбы тек сүйіспеншілік туралы», – деп ғазалдың жанрлық ерекшелігін түсіндіреді. Шығыс поэзиясының әсері Сейітжан ақынның жан дүниесіне ене білді. Сырдың тумасы – Сейітжан Бекшентайұлының ғазалдары Алла жолымен адамгершілік пен имандылыққа үндейтін насихаттар ұлттық құндылықтар үйлесімінде жырланған.

Зерттеуші, этнограф Т.Дайрабай «Сейітжан ақынды әдебиет зерттеушілері мен жалпы жұртшылық Алшын Сейітжан, Алтын Сейітжан, Айдар Сейітжан деп атаған. Ру, аталық атымен аталуы ақын есімінің елге кең жайылғанын аңғартады. Елдің Сейітжан ақын шығармаларына берген бағасы ақынға жасалған құрмет десе де болғандай», – (Шораяқтың Омары, 2009) дейді.

Ақын ғазалдарында – дүниеге алданып, мұсылмандық әдеп, мінезден ауытқымауды насихат ете жырлайды. Сейітжан – ғазалдарында діни сипаттың мол ұшырасуы оның ислам тұрғысында сауатты екенін, ел арасында «ахун» атанған тұлға болғандығын дәлелдей түседі.

Арманым көп мынау фәни жалғаннан,

Пенде болсаң құтылмайсың арманнан.

Дүниеге келіп-кету шарт емес,

Ердің ісі өнер іздеп қомданған (–деп ескіше сауатты болған ақын, ауыл балаларын оқытып, жастарды өнерлі, білімді болуға шақырған. «Қарақұм көтерілісшілерін» қолдаушы, дінді насихаттаушы деген жала жабылып, он жылға сотталып, ісі қайта қаралып, 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен атылған. 1989 жылы халық жауы деген жаладан ақталады. Сонан кейін ғана шығармалары баспа беттерінде жариялана бастаған. Ақынның құжаттарын, шығармаларын жинау ісін Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев, Н.Керейітбаев, Қ.Байғұлұлы, С.Оспанов, т.б. атауға болады. Десек те шығармаларында дін мен шариғат тақырыбы мол деген көзқараспен зерттеу кешеуілдеп, ғылыми айналымға еркін ене алмаған. Сейітжан ақынның шығармаларының тақырыптық-идеялық ерекшелігіне назар аударсақ, дүниетанымдық ой-толғамдар, қоғам, фәнилік және бақилық өмір заңдылығы, діни-ағартушылық, имандылық қағидаттары басым

байқалады. Оның насихат, үлгі-өнеге бағытындағы шығармаларын көңіл-күй лирикасы, ғазал, арнау өлеңдер, айтыс, терме, толғау деп жанрлық түрге бөліп қарастыруға болады. Ақын шығармашылығында халқын адамгершілік ұлағатын игеруге, өнер-білімді меңгеруге, кісі ақысын жемеу, жамандық іс жасамауға шақыру идеясы басым.

Сейітжан ақынның ғазалдары қазақ әдебиетіндегі толғау жанрымен үндес, жыршылардың мақамдап, әуезбен айту сарынына негізделгендігі байқалады. «Дүниеге сөзің болсын паш» жырында:

Кел, Сейітжан, зейінді аш,

Дүниеге болсын сөзің аш.

Қорқып қатты құдайдан,

Қайтарып келші райдан

Ілгері қарай қадам бас... (Сейітжан, 2009), - деп өзіне биік талап қоя отырып, замана жайына, өз енжарлығына сын айтады. Заманында болған жайларға алаң болған ақын «Кел, Зейінім, кеңесіп» туындысында:

Мұсылмандық қазақтан

Қала ма деп қорқамын.

Жазира жазық жеріме

Бірте-бірте кірмелер,

Толар ма деп қорқамын.

Ардақты ана тіліміз,

Басқа тілмен шатасып,

Тозар ма деп қорқамын,

...қамыңды қазақ ойлай бер, – (Сейітжан, 2009) деп ақын халқының ұлттық, рухани құндылықтарын сақтап қалу үшін өз алаңдаушылығын білдіріп, келешекке үміт арта, ұрпағына насихат айтып, дидактикалық-философиялық мазмұнда ой өрбітеді.

«Тәуекел етіп тас жұтсаң.

Болмайды мүшкіл қиының

Жеке боп шетке жүрме тек.

Абырой алып халыққа жақ,

Болмай тұр жұртқа сыйымың

Қай таңдауын ал өзің

Түсінбесең мейілің, (Сейітжан, 2009) – деп бұл дүниенің баяны көзді-ашып жұмғандай өте шығады деп адамдарға таңдау еркіндігі мен жауапкершілігін өзіне қалдырып, адамның адамдығы қоғамға пайдалы болып, қиындықтарға қарсы тұру, ел үшін абыройлы іс атқару екендігін ғибрат етеді.

Ақын шығармаларының ауқымды бөлігін-діни тақырыптағы шығармалары құрайды. Дін тағылымының көріністерін ақын шығармалары арқылы талдауда ұлттық және жалпыадамзаттық эстетикалық, көркемдік ойлау танылады. Ақын шығармаларында исламдық құндылықтардың көрініс табуы әдеби дамудағы ағартушылық сипаттағы танымдық мәселелерді аңғартады.

«Көз жұмып бұл дүниеден өткендер көп» ғазалында:

Көз жұмып бұл дүниеден өткендер көп,

Ризығын күнелтіп жүр теріп жеп.

Парасатпен тарапқа салса көзін,

Мен-дағы ол адамды көрмеймін жек.

Тұрған соң хабар алып әр тараптан
Мен неге білгенімді айтпаймын деп
Құлпырып құзғын дүние өтер-кетер

Сомпиып жиырма бесте қалмаңыз тек (Сейітжан, 2009), – бұл өлеңде материалдық құндылықтардың өткіншілігі, парасатты болудың қажеттілігі, жастарға бағыт-бағдар беру, білім алу, еңбектену сияқты терең философиялық ойлары бейнелеу құралдары арқылы үйлесім тауып, терең мазмұнды байқатады. Көз жұмып бұл дүниеден өткендер көп», «Құлпырып құзғын дүние» тіркестері арқылы өлім мен дүниенің өткінші екендігіне философиялық түйін жасап, метафоралық бейнелеулермен көркем түрде жеткізген. Уақытты тиімді пайдаланып, өмір құндылықтарын ұғынуды ғибратты оймен бере білген. Сейітжан ақын халық поэзиясына, сөздік қордан мол сусындаған ақын, өз шығармаларын өзіндік бояу, өзіндік өрнекпен бере білгенін, екінің бірі біле бермеуі мүмкін.

Жинаған дүние көрінбей,
Адамдық арды жалмадық.
Ел қылам деген ерлерді,
Ерегістік, қарғадық
Құрысын енді надандық,
Түсейік жолға адамдық.
Ісіміз болсын адалдық,

Болайық біз де бай халық!, (Сейітжан, 2009) – деп, рухани байлық жинап, адалдыққа бет бұру идеясын айта келе, «ел қылам деген ерлерді, ерегістік, қарғадық», - деген тіркес арқылы өлеңнің ырғақтылығын келтіргенмен, «қарғадық» сөзі метафора тәсілінде қолданылып, тұспалды оймен қарама-қайшылық, қарсылық мәнде бірлікке жетпейтін, адамгершілікке сай келмейтін әрекеттер көрінісі ретінде берілген. «Түсейік жолға адамдық» деген тіркесі өлеңнің негізгі идеясын күшейте түседі. Надандықты сынға алып, адамгершілік құндылықтарын насихаттайды.

«Өткен іске опық жеме өкініп» ғазал өлеңінде:

Қырықта-қылау деген анық, елу-бел,
Үлкендіктің жасы-алпыс мұны біл!
Жетпіс-мысал: олай-бұлай көшкен ел,
Сексенінде селкілдерсің, Сейітжан! (Сейітжан, 2009).

Әдебиеттануға кіріспе еңбегінде: «Метафора» – шығармадағы заттың яки құбылыстың суретін күшейту үшін оны ұқсас басқа зат яки басқа бір құбылыспен балап, мағынасының өңін айналдырып айту» (Қалшабек, 2016), - деп анықтама берілген. Ақын ойын бейнелі мағынада «Қырықта-қылау», «елу-бел», «үлкендік-алпыс», «жетпіс-көшкен ел» деген метафораларынан адам өмірінің дамуы мен өзгерістерін, «сексенінде селкілдерсің» деп кәрілікті символды дәрежеде көрсетіп, айтпақ ойына сай шығарма құрылысын жасап, құрылысына қарай ұйқас тауып, сөздің бейнелілігі ақындық мәнерін аңғартып тұр.

«Не қызық, ох, Дариға, өтті бастан» ғазал өлеңінде ақын өткенді еске ала отырып, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасын, қоғамдағы өзгерістерді саралайды.

Не қызық, ох, дариға, өтті бастан,
Қалған жоқ көңілім, сірә, замандастан.
Көз қысып, қабақ керіп, езу тартып,

Кейбірі мүлейімсіп амандасқан
Адамға анау-мынау сыр білдірмей,
Құрбыға ишаратпен хабарласқан,
Шөпжелке, жаман-жәутік бәзбір қыздар
«Қой әжеме айтам» деп бетін басқан.
Ұялып, төмен қарап, жеңін тістей,

Қысылып-қымтырылып, құты қашқан, – (Сейітжан, 2009) бұл ғазалда қазақ қызының жиынтық бейнесін жасау арқылы ұят, ар секілді адам мінезінің қырларын аша түседі, философиялық тереңдігі адамның өміріндегі өткінші сәттер мен қоғамдағы өзгерістерді терең әрі көркем түрде суреттеп берген.

Өткен іске опық жеме өкініп,
Өтті дәуір ор қояндай секіріп,
Арғымақтай арылдаушы ең лепіріп,

Ала бурыл шалғырт тарттың, Сейітжан! (Сейітжан, 2009), – деп лирикалық кейіпкер тұлғасының өткенді қайтара алмайтын сезім күйі бейнеленіп, өмірдің қысқалығын ор қоянның секіргеніндей деп ұғындырып, өткеннің тәжірибесі мен сабақтарын бағалаудың маңызы айтылады. Арғымақ – қазақ ұғымында асыл тұқымды, ерекше ат. Б.Кәрібозұлы: «Қазақ поэзиясындағы образ бен образдылықтың төрт түлік малға қатысты болуы да ұлттық сипат. Қазақ поэзиясындағы символдық образдар жүйесінде өлең өнеріміздің ұлттық сипаты мен мінезін жарқырата көрсетіп, өзгелерден оқшау тұратын тұлпар бейнесі» (Кәрібозұлы, 1997), – деп тұлпар, ат бейнесі қазақ поэзиясындағы орталық образдардың бірі ретінде символдық дәреже деңгейінде келе жатқанын айтады. Сейітжан ақын «Арғымақтай арылдаушы ең лепіріп» – деген теңеулік бейне жасау арқылы адамның өмірдегі еркіндігін, белсенділігін, жылдамдығын танытуды көздеген.

Арманым көп мынау фәни жалғаннан:
Он үшінде топқа түсіп сайрадың,
Күркіредің тасқынындай дарияның.
Сырың мәшһүр атырапқа, Сейітжан,
Тынық сөзді толқындатып жайғаның.
Жазған сөзім алмас қылыш болаттай,
Сарқырайды таудан аққан бұлақтай.
Мақсатыма ойымдағы жетем деп,

Арындаттым таң асырған құр аттай (Сейітжан, 2009), – «жазған сөзім алмас қылыш болаттай», «сарқырайды таудан аққан бұлақтай», «арындаттым таң асырған құр аттай» ажарлаудың түрі – теңеу арқылы өлеңге реңк беріп ақын өзінің шығармашылық шеберлігін көрсетеді. Өлеңнің көркемдігі мен мазмұнында адамның табысқа жету жолындағы табандылық қасиеттері суреттелген.

«Адамтану өнері» еңбегінде: «Эпитет – (грек сөзі, мағынасы қосымша дегенді білдіреді) троптың байырғы түрлерінің бірі. З.Қабдолов оған «айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айырықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» деп анықтама берсе, З.Ахметов оны сипаттау сөз деген» (Мақырұлы, 2009) деп түсіндіреді. «Алмас қылыш», «таудан аққан», таң асырған» эпитеттер де қатар жасалып, ақын ой мен көңіл күйін үндестіріп, жырдың мәнін аша түскен.

Жігіттік, мысал, қызыл гүл,
Қызарып бір күн пісерсің.
Қазан ұрған жапырақтай,
Саудырап жерге түсерсің.
Өткелсіз алда дария тұр,

Қалайша одан кешерсің (Сейітжан, 2009), – деп жігіттік, гүл, жапырақты символдық бейнеде өмірдің қысқа мерзімділігін, жастық ғұмырдың әсемдігі мен өткінші сипатын танытады. «Қазан ұрған жапырақтай» теңеуімен жастықтың да өтетінін, адам өз арман –мақсаты жолында күресе білуін, өмірдің өткелсіз жолдарынан, кедергілерді жасампаздықпен жеңіп шығу керегін еске салады, оқырман назарын аударады.

Б.Кәрібозұлы: «Дін-адамдарды имандылыққа тәрбиелейді, адалдық пен тазалық сақтау, өтірік айтпау, қиянат-зорлық жасамау, ата-ананы құрметтеу, жаман әдеттерге үйір болмау, жетімді жебеу, білім іздеу. Осы айтылғандар қоғамның, елдің, жеке адамның мәдениетін көрсетеді» (Кәрібозұлы & Игенбаева, 2019), – дейді. Сейітжан ақын шығармашылығында кездесетін дін-исламдық дүниетаным Алланың адал жолымен жүріп, ізгі амал жасап, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуды ұқтырған.

...Болсаң да пырақ һәм дүлдүл,
Ажалға ара тұрмайды,
Тағдырың мойын бұрмайды,
Жисаңдағы миллион пұл.
Санаулы сағат ғұмырың,
Бұл дүниеден көшкен күн.
Ағайын туған, қарындас,
Қатын-балаң қалар тұл.
Бұл тірліктің қадірін біл!
Күнфаякун, Тұржа һун!
Көтеріп көрге салғанда,
Көкірек мұздап, болар зіл?
Өздерің анық білмесең,
Яки, молла, ақыннан,

Осыларды сұрап біл! (Сейітжан, 2009), – «ажалға ара тұрмайды» өлім ұғымы метафора арқылы сипатталып, материалдық байлықты – «миллион пұл» деп символдық оймен бере отырып, адамгершілік-имандылықтан арылмай өмірдің мәнін түсініп, оны бағалауға шақырады.

Мен көппін деп қампима
Бір мезетте жоқ қылған
Құдіреті күшті құдайым,
Дәуіттің отыз баласын.
Асып-таспай бәсең бол,

Айтамын сөздің сарасын (Сейітжан, 2009), – жырдағы философиялық ой – исламдық қағидаттарға сүйене отырып, қанағатшылдық, имандылықты ұмытпай, Алланың бар екенін мойындап, адамзатты тәубеге шақыру, өмірдің шынайы құндылықтарын бағалауды насихат ету идеялық-композициялық желі болып өріледі.

Кісі ақысын жүктеме
Иманыңнан төлерсің
Құрсаған денем жан берген
Жаратқан ием Жаббарсың
Ғарасат күні туғанда,
Он екі мүшең жау болып,
Сөйлеп қалса не дерсің?
...Рахым етсе құдайым,
Асыл болат мыс болар.
Қаһар етсе құдайым,
Сары алтын қайнап тас болар.
Бұл бес күн дүниеге

Сейітжан неге мас болар? (Сейітжан, 2009), – ақынның айтайын деген философиялық ой-түйіні – адамзатқа Алланың құдіретін еске салып, адал іс жасап, тәуба шақыру мінәжаты мұсылмандық-имандылық сеніммен жырланады. Тәлім-тәрбиелік ойларын көркем жинақтаумен бере отырып, істеген жаман істің салдарын түсініп, ойлануды, жақсыдан ғибрат алуды насихат етеді.

Исламдық мазмұнмен жыр болып төгілген Сейітжан ақынның Алланы ұлықтаған ғазал өлеңдері дидактикалық-философиялық мазмұнымен ғана емес, бейнелеу тәсілдерімен, тіл көркемдігімен де адамзатты имандылыққа жетелейтін құрал қалпында танылады.

Қорытынды

Шығыс әдебиетінде қалыптасқан ғазал, рубай жанр үлгісінде жыр тудырған Сыр өңірі ақын-жыраулары шығармаларында дидактикалық мазмұндағы ислам тақырыптарының жырлануы қазақ әдебиетіндегі адамгершілік-эстетикалық шығармалардың идеялық-көркемдік сипатын таныта түседі.

Шығыс классикалық әдебиет дәстүрлерінің Сыр өңірі ақын-жыраулары шығармаларында тұрақты көрініс табуы көркемдік үрдістердің жалғастығын көрсетеді.

Сыр өңірі ақындары шығармашылығындағы шығыс әдебиетімен ықпалдастық дәстүр жалғастығының көрінісі. Шығыстың классикалық әдеби жанр түрлері үлгісінде жазылған рубай, ғазал дидактикалық шығармалары арқылы өнегелі өмір сүруді, фәнидің өткінші екенін, адамдық адал қасиеттермен өмір сүруді, Алланың разылығын алуды исламдық-ағартушылық таныммен ұғындырады.

Т. Ізтілеуұлы, Ш. Омары, С. Бекшентайұлы шығармашылығындағы рубай, ғазал жырлар қазақ фольклоры мен ақындық поэзиядағы дәстүрлі өрнектерді Шығыс бояуымен кестелеп, өмір шындығы жайындағы ойларын исламдық мазмұндағы діни дүниетанымның шындығына негіздей көркемдік ойлау жүйесінде дидактикалық-философиялық ұлағатпен таныта алған.

– Сыр сұлейлері – Орта Азия классикалық медресесінде білім алған, діни сауатты, ислам қағидаттарын меңгерген тұлғалар. Шығыс пен қазақ әдебиетіндегі ортақ әдеби арналарды байыта отырып, өзіндік өрнек салып, ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына өз үлестерін қосқан.

– Әдебиетінің озық үлгілерін меңгеріп, тек Шығыс әдебиеті ықпалында қалмай, оны жаңашылдықпен жырлап, ұлт әдебиетінің дамуына үлесін қосты.

– діни-ағартушылықты тәрбие тағылымы бағытында ұстанған ақындар. Олардың шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар қоғам дамуына, ұлт санасының оянуына әсер етті. Мұның келер ұрпақ үшін маңызы аса зор екеніне ешбір дау жоқ.

Қазақ әдебиетінде фәни мен бақи дүниенің арасын таныта, имандылықты, тәрбие тағылымын насихаттау – дәстүрлі ерекшелік. Сыр өңірі ақындарының рубай, ғазал шығармаларындағы ислам тақырыбының, адамдық асыл қасиеттерді насихат ете жырлануы- атадан балаға жалғасқан адамгершілік-эстетикалық тәлім-тәрбие ұлағатын дәлелдейді.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

*Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №AP19680346 «Сыр сүлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

Авторлардың қосқан үлесі

Оралова Г.С. – материалды жинақтап, мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды, **Жанбершиева Ұ.Н.** – ғылыми-зерттеудің әдіс-тәсілдерін анықтап, жинақталған материалды талдады. **Төлебаева А.Т.** – мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

Ахметов, З., & Шаңбаев, Т. (құраст.). (1998). Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі.
Әубәкір, Ж., Асқарова, А., & Мейрбекова, Э. (2024). М.О. Әуезов және түркі әлемі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 148(3), 147–159.
<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-147-159>

Бекшентайұлы, С., Дабылұлы, М., & Бәйкенов, Ә. (2009). Шығармалары. Астана: Фолиант.

Бердібаев, Р. (1970). Гүлстанның бұлбұлдары. Алматы: Жазушы.

Ғабдуллин, Н. (1994). Абайдың нәзира үлгісі. Абай және қазіргі заман (50–72 б.). Алматы: Ғылым.

Жанбершиева, Ұ. (2013). Т. Ізтілеуовтің әдеби мұрасы. Алматы: Арыс баспасы.

Күмісбаев, Ө. (1985). Ортақ арна. Алматы: Жазушы.

Күмісбаев, Ө. (2015). Шығыс шайырлары (5 т.). Алматы: РПБК Дәуір.

Қалшабек, А. (2016). Әдебиеттану ғылымына кіріспе: Оқулық. Астана: Фолиант.

Кәрібозұлы, Б. (1997). Сырлы сөз сипаты. Алматы: Қазақ университеті.

Кәрібозұлы, Б., & Игенбаева, Р. (2019). Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы: ғылыми-танымдық кітап. Алматы: Арыс баспасы.

Қоңыратбаев, Ә., & Қоңыратбаев, Т. (1991). Көне мәдениет жазбалары. Алматы: Қазақ университеті.

Қыдыр, Т. (2024). Парсы-тәжік және қазақ халқына ортақ әдеби желілер мен арналар. Алматы: Қазақстан жазушылар одағы. РҚБ.

Мағауин, М. (1991). Ғасырлар бедері. Алматы: Жазушы.

Мақырұлы, С. (2009). Адамтану өнері: Филология студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Арыс.

Ізтілеуұлы, Т. (2007). Шығармалары. Алматы: Дешті Қыпшақ.

Шораяқтың Омары. (2009). Шығармалары. Терме-толғаулар, өсиет-мысалдар, айтыстар мен дастандар. Астана: Фолиант.

Mursalimova, N., Aça, M. (2025). Kazak akinlarinin aytislarinda dinî değerler. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, 113 (Mart2025), 247-266. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647>

G. Oralova, U. Zhanbershiyeva, A. Tulebayeva

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Didactic and philosophical character of psalms (rubay, ghazal) on the theme of Islam

Abstract. The article examines the works of Syr region poets, focusing on the genres of rubai and ghazal, which promote moral and spiritual education. It is concluded that Eastern poetry, through the nazira tradition, significantly influenced the thematic, generic, and stylistic development of Kazakh literature. The study analyzes the reflection of moral and spiritual values in the poetry of T. Iztileuuly, Sh. Umary, and S. Bekshentaevich, where diverse character traits are interwoven with ethical issues. Rubai and ghazal, central genres in Eastern poetry, embody deep philosophical, lyrical, and didactic meanings. Syr poets skillfully mastered these traditions, emphasizing spiritual values, human qualities, and religious themes. Their quatrains, though brief, express profound and complete thoughts in a poetic structure shaped by Eastern influence. The poets' works highlight universal virtues such as kindness, honesty, and compassion, guiding readers toward self-knowledge and moral growth through faith in Allah. Ultimately, rubai and ghazal in Syr poetry are presented as an artistic continuation of literary tradition, fostering cultural harmony and spiritual integrity.

Keywords: literary tradition, spiritual value, rubay, ghazal, muslim worldview, aesthetic teaching, didactics.

Г.С. Оралова, У.Н. Жанбершиева, А.Т. Тулебаева

Кызылординский университет имени КORKYT ата, Кызылорда, Казахстан

Дидактико-философский характер псалмов на исламскую тематику (рубай, газаль)

Аннотация. В статье рассматриваются произведения поэтов Сырского региона, сложившиеся на основе восточного литературного жанра. Научно было высказано предположение, что восточная поэзия оказала свое влияние через традиции назирь на пути к полноте казахской литературы в предметном, жанровом аспекте, содержании и форме. Проанализированы вопросы нравственности и воспевания нравственных и духовных ценностей, переплетающихся с различными поведенческими качествами, отраженными в поэзии Т.Изтлеуулы, Ш.Омара, С.Бекшентаевича. Будут выявлены общие литературные сети и каналы для восточного и казахского народа. Поэты Сырского региона умело осваивали литературные традиции, уделяли

особое внимание пропаганде духовных ценностей, человеческих качеств. В их произведениях рассматривается тема любви, мысли поучительного характера, обобщенные из жизненного опыта, специфика воспевания исламской темы. Рубаи поэтов построены на короткой, глубокой мысли. Четверостишие поэтов, хотя и небольшие, но изолированные, состоят из сложных стихов, структура которых поэтически выражает твердую мысль, сформированную влиянием восточной поэзии. Проанализирован характер газелей четырех поэтов, воспевающих в глубоком философском, лирическом, дидактическом, исламском содержании, направляющих читателя на духовные поиски, самопознание. Поэты призывают общество к добродетели через рубай, газали и призывают стать совершенным человеком через веру в Аллаха. Были сделаны научные оценки духовной целостности народа, воспеваемого религиозно-просветительским, нравственным величием. Рубаи, газали поэтов Сырского региона отличаются по характеру художественного продолжения литературной традиции, литературной гармонии, интеграции.

Ключевые слова: литературная традиция, духовная ценность, рубай, газаль, мусульманское мировоззрение, эстетическая наука, дидактика.

References

- Akhmetov, Z., & Shanbaev, T. (Comps.). (1998). Adebiettanu. Teriminder sozdigi [Literary studies. Dictionary of terms]. Almaty: Ana tili. (in Kazakh)
- Aubakir Zh., Askarova A., & Meyrbekova E. (2024). M.O. Auezov and the Turkic world. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 148(3), 147–159. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-147-159>
- Bekshentayuly, S., Dabylyuly, M., & Baykenov, A. (2009). Shygharmalary [Works]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Berdibayev, R. (1970). Gulstannyn bulbuldary [Nightingales of Gulistan]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Gabdullin, N. (1994). Abaidyn nazira ulgisi [Abai's nazira model]. In Abai zhane kazirgi zaman [Abai and the present time] (pp. 50–72). Almaty: Gylym. (in Kazakh)
- Zhanbershiyeva, U. (2013). T. Iztileuovtin adebi murasy [The literary heritage of T. Iztileuov]. Almaty: Arys baspasy. (in Kazakh)
- Kumisbayev, O. (1985). Ortaq arna [Common channel]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Kumisbayev, O. (2015). Shygys shaiyrlary (5 tomdyq) [Eastern poets (5 volumes)]. Almaty: RPBK Daur. (in Kazakh)
- Kalshabek, A. (2016). Adebiettanu gylymyna kirispe: Okulyq [Introduction to literary studies: Textbook]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Karibozuly, B. (1997). Syrly soz sipaty [The nature of the artistic word]. Almaty: Kazakh universiteti. (in Kazakh)
- Karibozuly, B., & Igenbaeva, R. (2019). Syr suleyleri shygharmalarynyn ulttyq, talim-tarbielik tagylymy: Gylymi-tanymdyq kitap [National and educational value of the works of Syr poets: A scientific-cognitive book]. Almaty: Arys baspasy. (in Kazakh)
- Konyratbayev, A., & Konyratbayev, T. (1991). Kone madeniet jazbalary [Ancient cultural writings]. Almaty: Kazakh universiteti. (in Kazakh)
- Kydyr, T. (2024). Parsy-tajik zhane kazakh halqyna orta q adebi zheler men arnalar [Literary lines and channels common to Persian-Tajik and Kazakh peoples]. Almaty: Kazakhstan zhazushylary odagy. RQB. (in Kazakh)

- Magauin, M. (1991). Gasyrlar bederi [Contours of centuries]. Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)
- Makpyruly, S. (2009). Adamtanu oneri: Filologia studentterine arналған oqu quraly [The art of anthropology: A textbook for philology students]. Almaty: Arys. (in Kazakh)
- Iztileuuly, T. (2007). Shygharmalary [Works]. Almaty: Deshti Qypchaq. (in Kazakh)
- Shorayaktyn Omary. (2009). Shygharmalary. Terme-tolgaуylar, osiet-mysaldar, aitystarmendastandar [Works. Didactic poems, moral parables, contests and epics]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Mursalimova, N., Aça, M. (2025). Kazak akinlarinin aytislarinda dinî deęerler. Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, 113 (Mart2025), 247-266. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647>

Авторлар туралы мәліметтер:

Оралова Гүлзира Сапарқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: gulzi-oralova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7616-5499.

Жанбершиева Ұлжан – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: ulzhan1954@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7662-0343.

Төлебаева Айдынгүл Тойбазарқызы – хат-хабар үшін автор, магистр, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: aidyn42@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1299-1641

Оралова Гулзира Сапаровна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: gulzi-oralova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7616-5499

Жанбершиева Улжан – кандидат филологических наук, профессор, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: ulzhan1954@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7662-0343

Төлебаева Айдынгүл Тойбазаровна – автор для корреспонденции, магистр, старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: aidyn42@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1299-1641

Oralova Gulzira – Candidate of Philology, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: gulzi-oralova@mail.ru, ORCID: 0000-0002-7616-5499

Zhanbershiyeva Ulzhan – Candidate of Philology, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: ulzhan1954@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7662-0343

Tulebayeva Aidynkul – corresponding author, Master of Arts, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: aidyn42@mail.ru, ORCID: 0000-0003-1299-1641.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 17.71.91

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-248-258>

Ғылыми мақала

Фольклорлық жанр және мәтін модификациясы

Г.С. Сағынадин^{1*}, Д. Кәпұлы², Г.Б. Тоқшылықова³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹gulnaz86.08@mail.ru*, ²sahar.0@mail.ru, ³gulnaz_lit75@mail.ru)

Аңдатпа. Бүгінде фольклортану саласы интегративті ғылым ретінде жаңашыл концепцияларын кеңейтіп жатқаны аян. Жаңа ракурстағы көпсалалы әрі күрделі сипатын кешенді зерделеу – жаһандану жағдайындағы күрделі де келелі мәселелердің бірі. Фольклор жанрларын жаңа призмада талдап, жүйелеуде мәтін мәселесін қарастырудың өзектілігі мен қажеттілігі зор. Өйткені фольклорлық мәтін өзінің полифониялық құрылымын ерекшелейтін айрықша заңдылықтар негізінде қалыптасадy. Фольклорлық мәтін – бұл әдеби мәтіннен де, тұрмыстық мәлімдеуден де ерекшеленетін құбылыс. Фольклорлық мәтіннің табиғаты, пайда болу ұстанымдары, өмір сүру формалары және халықтың жадында сақталуы оның даралығын айқындайды. Мәтінді семиотикалық тұрғыда «мәдени хабарлама» беретін белгілердің қатары не комбинациясы (сөздік, бейнелік, заттық, т.б.) деп атауға болады. Зерттеу мақсаты жанр мен мәтіннің модификациясын классикалық және постфольклор контексіндегі дифференциация мен интеграция эволюциясы арқылы тұжырымдауға бағытталған. Жалпы, фольклор жанрларын саралауда прагматикалық аспектідегі функционалдық принциптің рөлін айқындау үшін дәлелдер мен дәйектер келтіруге мән беріледі. Аталған мақала аясында фольклорлық мәтінді семиотика аспектілері арқылы зерделеу, фольклорлық жанрлардың дифференциясы мен интеграциясын негіздеу, бүгінгі мәдениет ауқымындағы постфольклорлық жанрлар моделін қарастыру мәселелерінің негізін ашу міндеттері алға қойылған.

Түйін сөздер: семиотика, прагматика, интермәтін, фольклоризм, Ақыт Үлімжіұлы.

Кіріспе

Мәтін – заманауи семиотикалық зерттеу нысанындағы күрделі құрылым ретінде танылады. Осы концепцияға сәйкес мәтін түпкі мазмұнды қамтитын мәтінге дейінгі барлық мүмкін фрагменттердің синтезі болып көрінеді. Бұл фрагменттер мәтінге

Түсті: 31.01.2025; Жөнделді: 25.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

енгеннен кейін жаңа сападағы мән-мағынаға ие болады. Осыған дейін фольклортануда қалыптасқан әдіснама бойынша біз фольклорлық шығарманы талдаудың «контекст – орындаушы – мәтін – аудитория» парадигмасы негізінде сюжет, мотив, образ, кейіпкерлер функциясын, поэтиканы зерттеп келдік. Алайда бүгінгі фольклортану фольклорлық мәтінді тек шындықпен арақатынасын бағамдаудан кеңірек контексте қарастыруды көздейді. Яғни, мәтінді функционалды түрде саралауға мүмкіндік беретін басқа да параметрлерді зерттеу нысанына алады. Бұл ретте фольклордың интегративтілігін, кешенді функциясын нақтылайтын «мәдени хабарламалардың» құрылымдық, прагматикалық, функционалды аспектілерін зерделеудің мәні ерекше.

Зерттеу әдістері

Бұл мәселелерді зерттеудің басты стратегиясы семиотикалық әдіс негізіндегі прагматикалық, құрылымдық-семантикалық, герменевтикалық, әдістерден құралады. Мұндай әдіснама фольклорлық жанр қалыптасуындағы мәтіннің коммуникативті функциясын, оның қалыптасу және өмір сүру механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сюжеттік, мотивтік, образдық элементтердің астарындағы семантикалық ақпараттарды декодтаудың әлеуетті мүмкіндіктерін объективті түрде бағалауға негіз болады.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі фольклортанудың кенже дамыған, сондықтан өзекті мәселелерінің бірі – фольклорлық мәтін прагматикасы. Мұның себептерінің бірі – семиотиканың арнайы бір саласы ретінде прагматика мәселелері өткен ғасырдың аяғынан бастап игеріліп, әлі де зерделеуді қажет ететіндігі. Дегенмен фольклор прагматикасының дамуына, жалпы семиотика мәселелеріне айтарлықтай үлес қосқан шетелдік жұмыстар (Дандес, 2003) қатары бар. Отандық фольклортануда да мардымды (Қасқабасов, 2015) пікірлер айтылған.

«Прагматика» термині ғылыми құрал ретінде (грек тіл. «прагма» – іс, әрекет) XX ғасырдың 30-жылдарында американдық философтар Чарльз Сандерс Пирс және Чарльз Уильям Моррис еңбектерінде пайда болды. Ғалым Ч.У. Моррис бұл терминді синтактика мен семантикамен бірге семиотиканың бір саласы ретінде қолдануды ұсынған. Алайда символдық жүйелердің (соның ішінде тілдің) прагматикалық аспектісін XIX ғасырдың аяғында алғаш рет Чарльз С.Пирс тыңғылықты қарастырған. Чарльз С.Пирс (2000) идеяларының негізінде прагматиканы айқындау және қалыптастыру ісі лингвистикалық зерттеу саласы ретінде қалыптасты. Ол өткен ғасырдың 60-70-ші жылдарының басында басталды.

Фольклорды зерттей отырып, біз «фольклор жанрларының функциялары», «фольклорлық мәтін қызмет атқарады» және т.б. тіркестерді жиі айтамыз. Бұл сөз тіркестерінің артында фольклорлық жанрлардың прагматикасы түсінігі жатыр. Прагматика – семиотиканың бір саласы. Ол мәтін мен оны қолданушылар арасындағы байланысты зерттейді. Орындауды, қабылдау және түсіндіруді (орындаушы мен тыңдаушы), сонымен қатар мәтінді қолдануды қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы болмақ.

Ғалым С. Адоньева (2024) фольклорды ерекше семиотикалық аппарат ретінде сипаттайды. Ол өз зерттеулерінде әрбір фольклорлық мәлімдеменің прагматикалық аспектіде қарастырылу мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеуші С. Бралинаның (2010) анықтамасы бойынша «фольклордағы прагматика пәні – «прагматикалық» жағдайдағы фольклорлық мәтін, яғни оның «тірі» қызмет атқаруы, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы «тірі» байланыс жағдайы. Мұны сызба түрінде келесідей ұсынуға болады: контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі). Осыған байланысты фольклорлық мәтіннің қалыптасу жолдары мен тәсілдері туралы мәселе бірден туындайды. Ал фольклорлық мәтіннің туу және қызмет ету мәселесі қашаннан маңызды әрі өзекті. Бұл ретте мәтін прагматикасын саралаудың рөлі айрықша.

Фольклорлық мәтіннің прагматикасын ақпарат беруші мен тыңдаушының жеке басын ескере отырып, мәтінді тарату және қабылдаудың «тірі» үдерісі, сондай-ақ мәтін орындалатын әлеуметтік-тарихи контекст ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар мәтін прагматикасы дәстүрді ұстанушылардың фольклорлық мәтіндерге үстейтін мән-мағынасына байланысты боп келеді. Мұндай практикалық, прагматикалық мақсаттарға негізделген фольклорлық туындылар әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түріне тиісті коммуникацияны қамтамасыз етеді. Нәтижесінде фольклорлық формалар өзгеріп отыруы мүмкін. Сондықтан фольклор жанрларын саралауда прагматикалық аспектідегі функционалдық принцип үлкен маңызға ие. Өйткені жанрлық дифференциацияның күрделілігі объективті сипатқа иежәнеаталмыштуындылардың айтылуерекшеліктеріне негізделеді. Мысалы, аңыздық прозаның сөйлесімдік және ситуациялық контекстермен өзара тығыз байланысы, композициялық және стилистикалық канондардың болмауы оның фольклорлық проза ретінде болмысын ашады.

Аңыздық проза жанрларының өзара даралану мәселесі фольклортану ғылымының өткен ғасыр төңірегіндегі өзекті мәселелерінің біріне айналып, күні бүгінге дейін өз күшін жойған жоқ. Академик С. Қасқабасов (2002): «Ешбір фольклорлық жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігіп, тіпті жаңа жанрға негіз де болады, бірақ олар қосылып кетпейді, әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді дейді де, жанрлардың өзара айырмашылық белгісіне олардың атқаратын қызметін ұстаным етеді.

Әрбір фольклорлық мәтіннің айтылуы коммуникативті актіге негізделіп, коммуникативті оқиғаның бөлшегі болады. Аңыздық проза жанрлары шындыққа бағытталып, елді иландару мақсатын алға тарта отырып, фольклор орындаушыларының түрлі интенциясын іске асырады. Бірде әңгімеші тыңдарманмен өзінің ішкі жай-күйімен, уайымымен бөлісуге ұмтылады. Сөйтіп ол өз серіктесін өзінің «жақын» әлеміне тартады, сенім білдірген интонацияны пайдалану арқылы өзі туралы немесе туыстары туралы әңгімелеп береді. Басқа жағдайда (бөгде біреумен әңгімелескенде) оған жергілікті тарихқа жан бітіретін нақты фактілерді қалыпқа келтіру қажет. Бұл өзі және жергілікті жердің тұрғындары үшін маңызды болмақ. Кейде өткеннің оқиғасына қайтып оралып, әңгімешіге бүгіннің бет-бедерін жақсы түсініп, толық түсіндіру үшін қажет. Мұндай сипаттағы оқиғалар нақты бір адамның жақын әлеміне енбейді, бірақ ішкі

тебіренісі байқалады және өткен, осы және келер шақ хақындағы ақпаратты бір арнаға «тоғыстырады».

Басқа аңыздық проза туындыларына қарағанда, хикая адамның жеке әлеміне ана-ғұрлым жақын. Фольклор жанрының бұл түрі өз мазмұн аясында халықтың мифтік санасы мен діни наным тудырған мақұлықтар мен құбыжықтар бейнесін көрсетеді. Хикая – өмірде түрлі тылсым күштердің, құбыжық пен мақұлықтардың кездесуіне халықты иландыратын әңгімелер. Иландыру мәселесі мұндай хикаялардың ақиқат негізінде құралғанын көрсетеді. Хикая жанрының даралығы «контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі)» жүйесіндегі әрбір компоненттің қатысы арқылы сараланатын болса, айтушының оқиғаны өз басынан өткендей немесе өзі куәлік етіп, үшінші жақтан орындауы және тыңдаушының қабылдауы шындыққа лайықталып, сенім ұялатады.

Хикаяның коммуникативті негізі – адамның шындыққа жат түсініксіз құбылыстарға деген қажеттілігін қанағаттандыру. Көбінесе, хикая бірінші жақтан айтылып, куәлік сипатты болып келеді: әңгімеші өз басынан өткен оқиғаны немесе өзге біреуден естіген жайтын хабарлайды. Хикаяны әңгімелеу белгілі бір мақсатқа бағытталмайды. Ол бір жағдайға сәйкес туып, тұрмыстық ситуация немесе айтушы мен тыңдаушының арнайы психологиялық дайындығы нәтижесінде баяндалады. Шынымен-ақ, күнделікті тұрмыс қалпын бұзатын оқиғаның артықшылығы хикая жанрының композициялық ерекшелігінен көрінеді. Мәтіннің экспозициясы адамның күнделікті өмірін сипаттаудан тұрады. Осы көріністің реалистік сипаты қарама-қайшылық (контраст) принципі негізінде құбыжық бейнемен кездесу сәтін суреттеу кезіндегі эмоциялық әсерді күшейтеді. «Бір уақытта», «бір мезетте», «сыбдыр естілді», «зыңғыр, зыңғыр», «бір дыбыс жақындап келе жатты» секілді сөздер, күтпеген жағдайды білдіретін интонация баяндаудың шарықтау шегін айқындап, хикаяның басты мазмұндық бөлімін танытады. Ойымыз дәлелді болу үшін жезтырнақ келер сәтті байқайық: «Бір күні Қара мерген кешкісін ет пісіріп отыр еді, бір сыбдыр естілді. Мерген бұл не сыбдыр? Бұл маңайда ешкім жоқ еді ғой!» – деп жан-жағына қарады. Дәл осы сәтте қостың ішіне көк көйлек киген әйел кіріп келді де, үндеместен бір тізесін бүгіп, отыра кетті. Мерген әйелге зер сала қарап еді, беті сап-сары, көзі аларған екен. Ол да мергенге тесіле қарады» (Қасқабасов, 2002 б).

Жалпы, хикаялардың әлеуметтік-тұрмыстық функциясы – сенім бекіту, тылсым күш иесімен кездесіп қалу мүмкіндігі жайында «ескерту». Мұндай мақсатқа жету үшін әңгіме реңкін әрлеп, бояуын қанық қылған абзал. Сондықтан да хикая мазмұнындағы кейіпкерлердің атқаратын функциясы, портреттік сипаты, олардың бейнесін ашуда айналадағы ортаның, яғни пейзаждың суреттелуі экспрессивті-эмоционалды лексиканың қолданысын қажет етеді. Бұдан эстетикалық функцияның туындайтыны сөзсіз. Дегенмен, хикаяда коммуникативті ситуацияның элементі ретінде мағлұматтық қызмет доминанттық рөлге еніп, эстетикалық мәні екінші орынды иеленеді. Ал, егер мұндай мақұлықтар жайлы оқиғаларға деген сенімнің төмендеуі байқалса, жанрдың функциясы сейілдік, сауықтық негізге бағытталатыны айқын.

Кейде хикаялар түгел ертегілер контексіне еніп кетеді. Мифологиялық дүниетаным негізінде қалыптасқан хикаялар наным-сенім туғызу мақсатынан сейілту мақсатына, танымдық қызметтен көркемдік-эстетикалық қызметке, жалаң құрылымнан күрделі сюжеттік композицияға, яғни, мемораттан фабулатқа ұласты. Бұл

– қоғамдық формацияның өзгеруі, халықтық сананың ілгерілеуі, діни көзқарастың түрленуінің нәтижесі. Мұндай нәтиже аңыздық және ертегілік прозаның жекелей қалыптасуына әкелді. Дей тұрғанмен, екі жанр арасында түрлі аспектіде саралауға болатын интеграциялық иірімнің сақталатыны сөзсіз. Бұл фольклорлық мәтіндердің полифониялық құрылымынан туындайтын «өзара ықпалдасу», яғни интердискурсивті сипатын негіздейді. Осы негізде фольклорлық дискурстағы жанр мен мәтін модификациясын, коммуникативті-прагматикалық сипат ерекшелігін айқындайтын мәтіндер корпусын құрудың маңыздылығы мен жаңашылдығы айқын.

Заманауи фольклор дәстүрлі фольклордан айырым белгісі – тұтас дүниетанымдық негізі жоқ, бүгінгі қоғам үшін бірыңғай қабылданбайды. Бірақ әр түрлі субмәдениет фольклорының жиынтығы бола алады. Бұл ретте фольклордағы полифонияның құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру қажет. Өйткені полифония теориясы интермәтін теориясымен байланысты. Интермәтінділік, интермәтіндік байланыстар – заманауи филология ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. «Интермәтінділік» терминін ғалым Ю. Кристева (2000) ғылыми айналымға енгізген. Жалпы, интермәтіндік байланыстар, мәтіндегі мәтін, дәйексөз қолдану, «өзге» мәтінге сілтеме жасау көркем әдебиетке о бастан тән. Өнер атаулыға тән таңбалар жүйесі мәтіндегі мәтінді екшеуді талап етеді (Лотман, 2004). Мәселен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Абайдан соң жазба әдебиеттің негізін қалаған ақындардың бірі – Ақыт Үлімжіұлының әдеби мұрасының жанрлық аясы фольклорлық жанр табиғатымен үндес болып келеді. Халық әдебиетінің өлең сөз тегінен шығатын эпикалық түрлері ақын шығармашылығынан айқын көрінеді. Толғау, қисса-дастан жанрлары ақынның өлең-жырларының құрылымына, сипатына негіз болумен қатар, оның даралық стилін танытуда да фольклорлық поэтиканың ерекшеліктерін байқаймыз (Karuly, 2025). Поляк зерттеушісі Зофия Митосек (2005): «Интермәтін – бұл жаңа, жаңадан туған әдеби шығармаға енгізілген өзгенің, алдыңғы мәтіннің үзіндісі. Бұл нақты түрде дәйексөз, реминисценция немесе тұспал, кейіпкердің аты, салыстыру және т.б. болмақ» дейді. Жаңа мәдениет пен жаңаша уақыт контекстінде интермәтінділік ерекше сипатқа ие. Ғалым Н. Фатеева (2007) айтқандай, интермәтінділік – «өзге авторлардың мәтіндерімен қарама-қайшылық, біріздендіру және өзгерту қатынастарының күрделі жүйесі арқылы өзіндік мәтін генезисі мен өзіндік поэтикалық «Мен» қалыптастыру. Соңғы жылдардағы әдебиеттерде әрбір жаңа мәтін ескінің табиғатына үңіліп, онымен архитектуралық сипатта байланысады. Сондықтан интермәтінділік теориясының ұстанымы бойынша көркем туынды талдауы авторлық мәтінмен бірге қаламгер дүниетанымын түсіну мен түсіндірудің қажетті шарты болмақ.

Ғалым М. Бахтин өзінің соңғы жұмысын – гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы туралы жазбаларды құра отырып, интермәтінділік теориясына қатысты идеясын «абсолютті ештеңе жоқ: әрбір мағынаға тиісті өзінің «Қайта өрлеу мерекесі» (праздник возрождения) болады» деген тұжырыммен аяқтайды. Бұл «қайта өрлеу мерекесін» қамтамасыз ететін әдебиеттің фольклорлық интермәтіні, сондықтан оны басты, бастапқы деп санауға негіз бар. Бұл дәйекті әлемдік деңгейдегі ғылыми көзқарастар (Жолковский А, 2016) арқылы дәлелдеуге болады.

Фольклор о бастан диалогтік болмысқа ие. Соған сәйкес фольклордың бүгінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің диапазоны кеңейіп жатыр.

Оған дәлел – соңғы уақытта ғылыми талқыда жүрген эстофольклортану саласы. Эстофольклортану әдеби-фольклорлық ықпалдасу нәтижесіндегі әр текті материалдың идеялы-эстетикалық бірлігін зерттеуді көздейді. Әлемдік аренада жеке терминмен айшықталып, дербес сала ретінде дамуы оның зерттеу пәнінің заманауи сұраныстағы өзектілік динамикасын көрсетіп отыр. Осы динамиканы ұлттық фольклортану аясында бағамдап, фольклорлық дәстүрдің әдебиеттегі көрінісін, яғни эстофольклортанудың фольклоризм категориясын интермәтінділік аспектісінде айқындау – жобаның жаңашыл идеясының бірі.

Фольклорлық дәстүр – мәдени коммуникацияның базалық формасы. Өткенге деген қызығушылық, көбінесе бүгіннің көрінісін бере алады. Бұл фольклорлық дәстүрдің сақталуына негіз болмақ. Фольклорлық дәстүрде талдаудың орталық категориясы – мәтін. Бүгінде фольклорлық интермәтін жаңа бағыттағы фольклоризм типологиясын қалыптастыруға негіз болып отыр. Мәселен, трансформациялық, туындаушы, интуитивті, т.б. типтерді айтуға болады. Трансформациялық фольклоризм – туындаушы фольклоризммен кейбір ұқсастықтық табатын, әдеби туындының фольклормен аса ерекше диалогы іспетті үдеріс. Жаңа қалыптағы әдеби мазмұн алдыңғы (фольклорлық) формаларға – сюжет, бейне, стиль, т.б. өзгеше мән үстейді. Туындаушы фольклоризм тұтас бір сюжетке негіз болып, тудырушы қызметте жұмсалатын фольклорлық элемент не құбылыс. Интуитивті фольклоризм – фольклоризмның өте күшті түрі. Фольклорлық шындыққа теңдес дәрежеге ие. Бұл ретте поэтикалық сөз фольклормен қаншалықты тығыз байланысты болса, соншалықты одан тәуелсіз түрде жаңа фольклорлық өнімнің құралы бола алады. Сонымен қатар фольклорлық шындықты сіңіру және оны жаңаша түлетуде қаламгердің қилы ұстанымдары оны шамадан тыс қоюланған фольклорлық сана иесі ретінде көрсетеді. Мұндай фольклоризм типтерін анықтауда эксплицитті және имплицитті «интеграция» негізге алынып, интермәтінділік категориясын айғақтайтын аллюзия, реминисценция тәсілдері де өзек болады. Өйткені заманауи мистика, фантастика, фэнтези жанрларына интермәтін ретінде қиял-ғажайып ертегілердің, хикаялардың, ғұрыптық фольклордың көрінісі аңғарылады. Мәселен, бүгінгі әдеби үдерістегі Т.Шапайдың «Әулие ағаш», Қ.Әбілқайырдың «Жылан кегі», Қ.Мұбарактың «Жат құшақ», «Ақ көйлекті қыз», «Тораңғылы сиқыры», Л.Қоныстың «Ібілістің көңілдегі», т.б. туындыларды айтуға болады. Осы негізде заманауи әдебиет корпусын саралап, зерттеу міндеттеріне релевантты мәтіндерді іріктеу басты назарға алынады. Бұл тұрғыда интермәтіндік мотивтердің жүйесін түзудің өзектілігі анық. Әдеби фантастика типтерінің сипатын қарастырып, поэтикалық табиғатын айқындап, оларды нақты талдаулармен бекіту маңызды. Мұндай нәтижелер жалпы эстофольклортану аясындағы фольклоризм теориясын қалыптастыруға негіз бола алады.

Бүгінгі индустриалды қоғамда фольклорлық жанрлар дамуының жаңа кезеңі басталды. Жаңа кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ауызша мәдениет аясындағы коммуникациямен тығыз байланыс табатын постфольклор, интернетлор түсініктерінің пайда болуын меңзейді. «Постфольклор» терминін алғаш рет профессор С.Неклюдов (1995) кейбір өзіндік белгілерін жоғалтқан қазіргі фольклорды белгілеу үшін енгізген.

2000 жылдардан бастап интернеттің кең таралуы мен Web 2.0 технологиясының жаппай қолданысқа енуі әлеуметтік желілерде интернет-фольклордың белсенді таралуына жол ашты (Грамотчикова, 2017). М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында

дайындалған «Кибер әдебиет» атты ұжымдық монографияда желі арқылы таралған қазіргі әдебиеттің мәселесі қарастырылған (Қалиев, 2020). Постфольклор АҚШ, Ресей, Бразилия, Эстония, Литва, Франция, Венгрия сияқты көптеген елдерде 1990 жылдардан бастап ғылыми тұрғыда қарастырылып, монографиялар мен мақалалар жарияланған (Алексеевский, 2010). Коммуникативті кеңістіктің өзгерістерін сипаттайтын терминдер орыс ғылымында интернетлор, виртуалды фольклор, желілік фольклор, интернет-фольклор деген терминдер қолданылады, мұның ішінде интернет-фольклор деген атау көбірек қолданысқа ие болып келеді. Ал алыс шетелде internet folklore, netlore, computerlore, computer folklore, virtual folklore, cyberlore, e-Folklore, digital folklore деген терминдер жиі пайдаланылады.

Постфольклордың дәстүрлі фольклордан айырмашылығы – белгілі бір аймаққа тиесілі емес, жазба түрінде де, желі арқылы да белсенді түрде таралады. Осы тұрғыдан алғанда, постфольклор бұқаралық мәдениетке жатады. Америка фольклортануында «фольклор» деген терминмен ертегі, жұмбақ, ойын фольклоры мен ғұрыптық фольклор т.б. жанрларды ғана емес, анасының қызына тоқыма өнерін үйретуі сияқты материалдық емес мәдени мұраны да атайтыны белгілі (Алексеевский, 2010). Постфольклордың пайда болуын өндірістік және постиндустриалды қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен ғана емес, коммуникация құралдары саласында технологиялық революция нәтижелерімен байланыстыра қарастыру орынды болмақ.

2024 жылы қазақ постфольклорының генезисі, семантикасы, жанрлар трансформациясына қатысты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының негізінде гранттық жоба орындалғаны белгілі. Бұдан бөлек жанр мен мәтін арақатынасында фольклордың семиотикалық аспектілерін айғақтап, бүгінгі постфольклорлық мәдениеттегі фольклорлық код көрінісін, трансформациясын таразылаудың мәні зор. Мәселен, орыс фольклорындағы «ведьма» бейнесінің бүгінгі күні заманауи әйелдің архетипі ретінде қарастырады. Өйткені қазіргі таңда белгілі фольклорлық кейіпкердің бұқаралық мәдениет пен БАҚ аясында кездесетін трансформациялық болмысын аңғаруға болады. Мұны біздің ұлттық танымдағы «бақсы» бейнесін сабақтастыруға болады. Классикалық фольклордағы бақсының бейнесі, функциясы қазіргі постфольклорлық контексте магияның модернизацияланған сипатында көрінісі көп. Заманауи магиялық тәжірибелер мен субмәдениет мәселелерін қарастыра отырып, «бақсы» бейнесінің астарындағы отбасылық қасиет, инициация, магия туралы түсініктер, магиялық іс-әрекеттер зерделеу нысанында тұшымды нәтижелер берері анық.

Қорытынды

Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын, фантазиясын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым тереңде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын тереңдетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріптеп, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әр түрлі сөз форма-

лары арқылы жеткізген. Бұл халқымыздың фольклорлық жанрларында бастау алды. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі жаңғыртып, оған оралып отырды. Бұл әрі қарай ұлттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы – ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Г.С. Сағынадин – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты. Д. Кәпұлы – зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, әдіснамасын, саралап, негіздеді, Г.Б. Тоқшылықова – мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

Адоньева, С.Б. (2004). Прагматика фольклора. Санкт-Петербург: Изд-во С.-Петербургского ун-та; ЗАО ТИД «Амфора».

Алексеевский, М.Д. (2010). Интернет в фольклоре или фольклор в Интернете? (Современная фольклористика и виртуальная реальность). В От Конгресса к Конгрессу. Навстречу Второму Всероссийскому конгрессу фольклористов: Сборник материалов (с. 151–166). Москва: ГРЦРФ. http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_viternete.pdf

Бралина, С.Ж. (2010). Прагматика фольклорного текста. http://www.rusnauka.com/12_ENXXI_2010/Philologia/65043.doc.htm

Грамотчикова, Н.Б., Хоруженко, Т.И. (2017). Постфольклор и интернетлор: учебно-методическое пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та. https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/54011/1/978-5-7996-2180-3_2017.pdf

Дандес, А. (2003). Фольклор: семиотика и/или психоанализ. Сборник статей. Москва: Восточная литература.

Жолковский, А.К. (2016). Блуждающие сны: Статьи разных лет. Санкт-Петербург: Азбука, Азбука-Аттикус.

Кристева, Ю. (2000). Бахтин, слово, диалог и роман. В Г. К. Косиков (Сост.), Французская семиотика: От структурализма к постструктурализму. Москва: ИГ Прогресс.

Қалиева, А.Қ. (ред.). (2020). Кибер әдебиет: Ұжымдық монография. Алматы.

Қасқабасов, С. (2015). Таңдамалы шығармалар (1–5 т.). Астана: Фолиант.

Қасқабасов, С.А. (2002). Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма.

Лотман, Ю.М. (2004). Семиосфера. Санкт-Петербург: Искусство–СПБ.

Митосек, З. (2005). Теории литературных исследований. Симферополь: Таврия.

Неклюдов, С.Ю. (1995). После фольклора. Живая старина, (1), 2–4. <http://www.folkcentr.ru/zhivaya-starina-1995-1>

Пирс, Ч. С. (2000). Начала прагматизма. Том 2. Логические основания теории знаков. Санкт-Петербург: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алетея. Фатеева, Н. А. (2007). Интертекст в мире текстов: Контрапункт интертекстуальности (3-е изд., стереотипное). Москва: КомКнига.

Kapuly, D., Sagynadin, G., Khavay, K. (2025). Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon. Türk Kültür ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı: 114, 455-466. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1483722>

Г.С. Сағынадин^{*1}, Д. Капулы², Г.Б. Тоқшылықова³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Фольклорный жанр и модификации текста

Аннотация. Сегодня стало ясно, что область фольклористики расширяет свои новаторские концепции как интегративной науки. Комплексное изучение многоотраслевого и сложного характера нового ракурса – одна из самых сложных проблем в условиях глобализации. При анализе и систематизации жанров фольклора в новой призма велика актуальность и необходимость рассмотрения проблемы текста. Потому что фольклорный текст формируется на основе отличительных закономерностей, отличающих его полифоническую структуру. Фольклорный текст – явление, отличающееся как от литературного текста, так и от бытового высказывания. Характер фольклорного текста, принципы возникновения, формы жизни и сохранение в памяти народа определяют его индивидуальность. В семиотическом контексте текст можно назвать серией или комбинацией признаков (словесных, образных, предметных и т.д.), дающих «культурное сообщение». Цель исследования направлена на формулирование модификации жанра и текста через эволюцию дифференциации и интеграции в классическом и постфольклорном контексте. В целом, при дифференциации жанров фольклора придается значение приведению аргументов и аргументов для определения роли функционального принципа в прагматическом аспекте. В рамках данной статьи поставлены задачи изучения фольклорного текста через аспекты семиотики, обоснования дифференциации и интеграции фольклорных жанров, раскрытия основы проблем рассмотрения модели постфольклорных жанров в масштабах современной культуры.

Ключевые слова: семиотика, прагматика, интертекст, фольклоризм, постфольклор, модификация.

G.S. Sagynadin^{*1}, D. Kapuly², G.B. Tokshylykova³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Folklore Genre and Text Modifications

Abstract. Contemporary folklore studies are evolving as an integrative science, expanding their conceptual frameworks. In the context of globalization, analyzing the complex and multidisciplinary

nature of folklore from a new perspective is increasingly important. Central to this is the concept of the folklore text, which differs from both literary texts and everyday discourse due to its unique, polyphonic structure. A folklore text is shaped by distinct principles, modes of existence, and cultural memory, setting it apart as a unique phenomenon. From a semiotic perspective, it functions as a set or combination of signs that convey cultural meaning. This article aims to explore the differentiation and integration of folklore genres within classical and post-folklore contexts. It highlights the functional and pragmatic aspects of genre classification and emphasizes a semiotic approach to analyzing folklore texts. Additionally, it considers models of post-folklore genres within the broader framework of modern culture.

Keywords: semiotics, pragmatics, intertextuality, folklorism, post-folklore, modification.

References

- Adon'eva, S.B. (2004). *Pragmatika folklora* [Pragmatics of folklore]. St. Petersburg: St. Petersburg University Press; ZAO TID "Amfora". (in Russian)
- Alekseevskii, M.D. (2010). Internet v fol'klоре ili fol'klор v Internetе? [Internet in folklore or folklore on the Internet?]. In: *Ot Kongressa k Kongressu. Navstrechu Vtoromu Vserossiiskomu kongressu fol'kloristov* [From Congress to Congress. Towards the Second All-Russian Congress of Folklorists] (pp. 151–166). Moscow: GRTsRF. http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_viternete.pdf (in Russian)
- Bralina, S.Zh. (2010). *Pragmatika folklornogo teksta* [Pragmatics of the folklore text]. http://www.rusnauka.com/12_ENXXI_2010/Philologia/65043.doc.htm (in Russian)
- Gramatchikova, N.B., & Khoruzhenko, T. I. (2017). *Postfol'klор i internetlor: Uchebno-metodicheskoe posobie* [Post-folklore and internetlore: Educational-methodical manual]. Ekaterinburg: Izdatel'stvo Ural'skogo universiteta. https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/54011/1/978-5-7996-2180-3_2017.pdf (in Russian)
- Dandes, A. (2003). *Folklor: semiotika i/ili psikhoanaliz* [Folklore: Semiotics and/or psychoanalysis]. *Sbornik statei*. Moscow: Vostochnaya literatura. (in Russian)
- Zholkovskiy, A.K. (2016). *Bluzhdayuchie sny: Stat'i raznykh let* [Wandering dreams: Articles of various years.]. Saint-Petersburg: Azbuka, Azbuka-Attikus. (in Russian)
- Kristeva, Y. (2000). *Bakhtin, slovo, dialog i roman* [Bakhtin, word, dialogue and novel]. In G. K.Kosikov (Comp.), *Frantsuzskaja semiotika: Ot strukturalizma k poststrukturalizmu* [French Semiotics: from Structuralism to Post-Structuralism] (pp. 427–457). Moscow: IG Progress. (in Russian)
- Kalieva, A.K. (Ed.). (2020). *Kiber adebiet* [Cyber literature]: Collective monograph. Almaty. (in Kazakh)
- Kaskabasov, S.A. (2002). *Zhanazyk. Ar zhylygy zertteuler* [Zhanazyk. Research of different years]. Astana: Audarma. (in Kazakh)
- Kaskabasov, S. (2015). *Tandamaly shygarmalar (1–5 tom)* [Selected works (Vols. 1–5)]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Lotman, Y.M. (2004). *Semiosfera* [Semiosphere]. Saint-Petersburg: Iskusstvo–SPB.
- Mitosek, Z. (2005). *Teorii literaturnykh issledovaniy* [Theories of literary studies]. Simferopol: Tavriya. (in Russian)
- Nekliudov, S.Y. (1995). *Posle fol'klora. Zhivaia starina* [After folklore. Zhivaya Starina], (1), 2–4. <http://www.folkcentr.ru/zhivaya-starina-1995-1> (in Russian)

Pirs, Ch. S. (2000). Nachala pragmatizma. Tom 2 [The beginnings of pragmatism. Vol. 2]. Logicheskie osnovaniya teorii znakov. Saint-Petersburg: Laboratory of Metaphysical Research, Faculty of Philosophy, St. Petersburg State University; Aleteya. (in Russian)

Fateeva, N. A. (2007). Intertekst v mire tekstov: Kontrapunkt intertekstual'nosti [Intertext in the world of texts: Counterpoint of intertextuality] (3rd ed., stereotype). Moscow: KomKniga. (in Russian)

Kapuly, D., Sagynadin, G., Khavay, K. (2025). Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon [The Works of Akhit Ülimjioğlu and Literary Folkloristic Integration]. Türk Kültür ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı: 114, 455-466. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1483722>

Авторлар туралы мәлімет:

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – хат-хабар үшін автор, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Кәпұлы Дәулеткерей – магистр, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>

Сағынадин Гулназ Сағынадиновна – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Капулы Даулеткерей – магистр, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Тоқшылықова Гулназ Базарбаевна – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>

Sagynadin Gulnaz Sagynadinovna – corresponding author, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulnaz86.08@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5970-8527>

Kapuly Dauletkerey– Master of Arts, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sahar.0@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8741-0269>

Tokshylykkova Gulnaz Bazarbayevna – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: gulnaz_lit75@mail.ru. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 17.07.31

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-259-276>

Ғылыми мақала

Қазақ драматургиясындағы трагедиялық кейіпкердің имидждік-ақпараттық моделі (Рымғали Нұрғали зерттеулері негізінде)

О. Тұржан¹, А. Әбілхан², Б. Отарбаева³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹onaigul_t@mail.ru, ²aisamal.abilkhan@gmail.com, ³b.otarbaeva@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі маңызды категориялардың бірі — имидж саласының трагедиялық драма өнеріндегі көрінісі, қызметі және көркемдік табиғаты жан-жақты талданады. Трагедия табиғаты ұлттық дүниетаныммен сабақтастырыла отырып, драмалық бейненің ішкі-сыртқы құрылымы, мазмұндық мәні имидждік технологиялар ретінде сарапталады. Бұл тұжырымдар мақаланың негізгі өзегіне айналып, трагедиялық имиджді қазақ драмасының көркемдік-коммуникациялық кеңістігінде қайта пайымдауға жол ашады. Зерттеу барысында имиджтану мен әдебиеттану тоғысындағы жаңа әдіснамалық бағдарлар ұсынылып, трагедиялық образдың құрылымын көркем имидждік, жеке тұлғалық-ақпараттық, герменевтикалық-коммуникациялық тұрғыдан ұғынудың ғылыми моделі айқындалады. Мақала ұлттық драматургияның болмысын заманауи ғылыми концепциялар аясында тануға бағытталады және оған драматанушы, әдебиеттанушы академик Рымғали Нұрғали еңбектері негізге алынып, драмалық шығармалардағы трагедиялық кейіпкер болмысының имидждік-ақпараттық сипаты ғылыми теориялық тұрғыдан қарастырылады.

Түйін сөздер: трагедиялық кейіпкер, трагедиялық имидж, ақпараттық коммуникация, драма, герменевтика.

Кіріспе

Имидж категориясы – жалпы ғылым жүйесіндегі іргелі ұғымдардың бірі. Соңғы 40-50 жылдың көлемінде ғана белсенді түрде ғылыми айналысқа енгізіліп, «Имиджология» атауымен жаңа бағыт ретінде қарастырыла бастағанымен, оның түп бастаулары әріде жатыр. Өзінің жағымды имиджінің болуын қалайтындар туралы «Адам өз бойындағы жақсы қасиеттерге өзі де сенгісі келеді. Сол себепті де ол парасатты да зерделі жандардың құрметіне ие болуды аңсайды» (Аристотель, 1908) деген Аристотельдің «құрметке ие болу» категориясы – жағымды имидж технологиясының бастауы. Имидждік катего-

Түсті: 26.07.2025; Жөнделді: 13.08.2025; Мақұлданды: 18.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

риялар әл-Фарабидің «Қайырымды қала» трактатына (әл-Фараби, 2015) да негіз болды. Зерттеуші Leerssen «имиджелогияның өзінің «археологиясы» мен «алғашқы тарихы» барын» негіздеп, «оның археологиясы Қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропадағы мәдени сыншылдықта көрініс тауып, кейіннен этнография мен антропологияның жүйелі ғылымға айналуына жол ашқанын» дәлелдейді (Leerssen, 2007). Антропологияға жол ашқанын Иоганн Гердердің «Жер беті адамға толды да, адамзат барлық жерде белгілі бір тарихи кезеңдерде өзі неге айналғысы келсе, соған айналды немесе өзінен нені жасағысы келсе және не жасауға қабілетті болса, соны жасады» деп түйгенінен адам баласының үнемі өзгеріске ұмтылу үстінде болғанын аңғарамыз (Гердер, 1977). Ал өзгеріске ұмытылу технологиялары – имиджелогияның негізі зерттеу саласы. Жүсіпбек Аймауытовтың «ащы дауыстарыңды жұмсартыңдар, ...денені қалыптан артық қозғаудың, зорланудың, бетті жүз құбылтудың сүреңі адамның ішкі сипаттарына да тиеді. Сөйтіп бүкіл ұлтқа зиян келтіреді» деп ұлттың жағымды имиджін қалыптастыру қажеттілігі туралы талабы еді (Аймауытов, 2022). Leerssen (2016) имиджелогияны «салыстырмалы әдебиеттануға негізделген және ұлттық сипаттаулардың дискурстық құрылымдарын талдайтын көне ғылыми сала» деп көрсетеді. Қазақтың ежелгі батырлар жырында да, лиро-эпостық жырларында да, мифологияда да кеңінен көрініс тапқан имидждік категориялардың қазақ драма өнері тарихында да аса бай кешені бар. Сондықтан драма жанрының кейіпкерлерін имиджелогия тұрғысынан қарастыру да өзекті болмақ.

Драма өнері, оның ішінде трагедиялық драма – адамның ең ауыр жағдайдағы хал-күйін, ішкі аласапыраны мен рухани дағдарыстарды сахна тілімен жеткізетін ерекше көркемдік жүйе. Оның ең күрделі формаларының бірі – трагедиялық образ және сол арқылы көрініс табатын трагедиялық имидж. Трагедиялық қаһарман имиджі арқылы адам мен қоғам, ерік пен жігер, ізгілік пен зұлымдық арасындағы тартысты көре аламыз. Ал ол түптеп келгенде – ұлттық мінез бен ұстанымды, менталитеттік коммуникацияны білдіретін де ақпараттық категориялар. Трагедиялық кейіпкер – тек қана көркемдік функция емес, ол тарихи-мәдени немесе архетиптік сана мен адамгершілік ұстанымның да көрінісі. Қазақ әдебиетінде осындай образдарды тану мен ғылыми жүйелеу бағытында өлшеусіз еңбек еткен тұлға – академик, көрнекті әдебиеттанушы Рымғали Нұрғали. Оның драматургия туралы зерттеулері ұлттық әдебиеттануда, драматануда жаңа сапалық деңгей қалыптастырды, трагедия табиғатын әсерлеп талдап, жаңа гипотезалар ұсынды («Қазақ драматургиясының поэтикасы», «Трагедия табиғаты»). «Әсерлер мен сезімдер – таным нысандарын қамтыған ескі ғылыми әлемнің іргесін шайқайтын маңызды факторлар» (Ривкин & Райан, 2019). Осындай факторлар – Рымғали Нұрғали зерттеулерінің де басты ерекшелігі. Ол ғылыми зерттеулерді қақшиған қасаң тілдік сипатынан шығарып, сыни талдау табиғатына көркем де әсерлі, поэтикалық реңк берді. Осындай сипаттағы кешенді зерттеулердің мазмұнын саралау арқылы трагедиялық кейіпкердің трагедиялық имиджінің де моделін екшеудің маңызы зор. Өйткені ұлт әдебиетіндегі кейіпкерлер – олар жәй көркем шығарманың кейіпкері ғана емес, олар – бойына ұлттық мінез бен ұстанымды, менталитетті жинақтаған ақпарат тасымалдаушы категориялар, яғни, ұлт имиджін айқындаушы элементтер кешені. И.Гердер имидж деп атамаса да, имидждік белгілерді этнографиялық өзгешелік қана емес, антропологиялық санаттар ретінде де қарастырған еді. Яғни, бұл – ұлттардың өздерінің әртүрлі өмір сүру жағдайлары мен

ұжымдық тәжірибелеріне деген түрліше жауабын білдіретін мінез-құлық үлгілері. Осы үлгілер, өз кезегінде, әр ұлттың жеке дара болмысын айқындап берді.

Р. Нұрғали тұжырымдарында ұлттың жеке дара болмысын айқындайтын факторлар жиі кездеседі. Оның зерттеуінің трагедия табиғатын осындай ұлттық дүниетаным аясында ұғындырған жан-жақтылығы трагедиялық кейіпкерлерді имиджелогия тұрғысынан пайымдауға, жаңаша ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Автордың драманы зерттеу еңбектерінде ұлттың көркемдік коды мен тұлғааралық ақпараттық-коммуникациялық формалары айқын көрініс тапқан. Ол формалар – имиджелогия саласының да нысаны ретінде тереңірек зерттеуге сұранып тұр. Бұл ғылыми мақаламыз осы мәселелерді қамти отырып, трагедиялық кейіпкерді Р.Нұрғали зерттеулері негізінде ақпараттық имидждік қырынан қарастырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының әдістемелік дереккөздері ретінде имиджелогия, коммуникация, герменевтика, хронотоп, архетип салалары бойынша кешенді зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Трагедиялық драмадағы трагедиялық имидж категориясының ғылыми теориялық қырын айқындауға академик Рымғали Нұрғалидың қазақ драматургиясын зерттеудегі ғылыми еңбектерімен қатар, шетелдік және отандық ғалымдар Қ.Мұхамеджанов, Ә.Сығай, Д.Ысқақұлы, Б.Құндақбайұлы, Ж.Аймауытов, В.М.Шепель, Г.Почепцов, А.Аникст, И.Гофман, И.О.Чистихин, И.Г.Гердер, F. Marurisa, J. Leerssen, Ю.Лотман зерттеулеріндегі ғылыми-теориялық қағидалар негізге алынды. Әрбір әдіс трагедиялық имидждің көпқабатты табиғатын, оның көркемдік, идеялық және коммуникациялық астарын терең ұғынуға бағытталған. Герменевтикада «интуитивті ғылым» ретінде мәтіннің ішкі мағынасы, символдық құрылымы және мәдени контекстегі мәндік қатпарлары кеңінен ашуға бағытталады (Гучинская, 2002). Бұл әдіс трагедиялық образ тереңіндегі моральдық, мәдени және имидждік кодтардың тасымалдаушысы ретінде қарастырудың да тиімді жолы (Шлейермахер, 2004). Р. Нұрғалидың (2013) зерттеу тіліндегі бейнелеу құралдары, стилистикалық ерекшеліктері осы тұрғыда тереңінен талданады. Автор қолданған теңеулер мен көркемдік айшықтары сызба-кестелер арқылы көрсетіліп, олардың идеялық жүгі мен ішкі қақтығыстары визуализацияланды. Екіншіден, архетиптік талдау трагедиялық кейіпкердің менталитеттік-мәдени болмысын имидждік қырынан интерпретациялауға негіз бола алады. Кейіпкердің бастан өткерген оқиғалары мен оның ішкі трансформациясы жалпы адами трагедиялық модельдермен байланыста қарастырылды. Зерттеу барысында талдау, салыстыру әдістерімен қоса, контекстуалдық талдау да маңызды орын алды. Бұл тәсіл – мәтіндегі көркем бейнелерді коммуникациялық және хронотоптық контекспен байланыстыра отырып түсіндіру мүмкіндігі.

Осындай талдау элементтері нарративтік циклдер мен трагедиялық желінің жүйелілігін ашуда қолданылды. Р.Нұрғали зерттеуінде нақты "нарративтік цикл" ұғымы аталмаса да, оның құрылымдық, архетиптік және стилистикалық тәсілдері циклдік құрылымға сүйенеді. Бұл әдіс имиджелогиялық талдаудың да басты бағыттарының бірі ретінде қолданылды. Жалпы алғанда, осы әдістерді ұштастыра пайдалану зерттеуге кешенді көзқарас орнатуға мүмкіндік беріп, зерттеу жұмысы қазақ әдебиетіндегі

трагедиялық образды имиджология ғылымы тұрғысынан қарастырып, жаңа ғылыми деңгейде пайымдауға жол ашты.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Драма кейіпкерлерінің имидждік модельдері ерекше сипатқа ие. Әсіресе трагедиялық кейіпкерлер стандартты, үйреншікті қалыптан шығып кеткен өзгеше имидждік нормаларды бейнелейді. Осы тұрғыдан келіп, драма өнерін зерттеудің терең үлгісін танытқан ғұлама Рымғали Нұрғалидың ғылыми еңбектерін ой-санадан қайта өткізіп, кеңірек мағынада, жаңа қырынан түсіндіру үшін ол талдаған образдардың имидждік мәнін айқындау маңызды болмақ. Сол арқылы оның драмалық кейіпкерлерді саралауының жаңа бағытын тани аламыз.


Имидж теоретигі В.М. Шепельдің «Общество не может обойтись без идеала обаяния» деген тұжырымымен қарасақ, трагедиялық кейіпкер имиджінің өнердегі орыны айқындала түседі (Шепель, 2002). Р.Нұрғали (2013) зерттеулерінде («Қазақ драматургиясының поэтикасы», «Трагедия табиғаты», т.б.). трагедиялық идеял бейнесі тұтас бір көркемдік жүйе ретінде, имидждік құрылым және қоғамдық қатынастардағы идеал ретінде талданады. «Имидж – жинақтап айтудың ең тиімді бірлігі» болғандықтан (Почепцов, 2001), ол имидждік индексті нақтылаудың да тәсілі бола алады. Имидждік индекс – қоғамдық пікірде жеке тұлғаның немесе қоғамдық ортаның репутациясының және әсерінің символдық көрсеткіші. Ол тек визуалды ғана емес, мәдени, эмоциялық, саяси, тіпті тілдік-вербальды деңгейде де көрініс табады. Мінез-құлықтық, іс-қимылдық модельдер арқылы да көрінеді. Бұл – белгілі бір объектінің сыртқы қабылдануын сипаттайтын танымдық-көрсеткіштік өлшем және күрделі семиотикалық құбылыс, ол объектінің бейнесін қоғамдық санада тұрақтандырып, коммуникативтік кеңістікте "оқылатын" белгілер жүйесі ретінде танытады. Ал «имидж таңбаларға тән барлық қасиеттерге ие: ол бейнелейді, оның құрамындағы мағыналарды кескіндейді, көрсетеді, нақтылайды және жеткізгіміз келетін мәнді көрсетеді» (Черемушникова, 2011). Рымғали Нұрғали имидж терминін қолданбаса да, драмадағы кейіпкерлерді (қазақ хан, батыр, трагедиялық кейіпкер) ұлттық және әлеуметтік тұрғыдан іштей де, сырттай да сипаттап, "оқылатын", «көрсеткіштік» белгілер жүйесі ретінде қарастырған. Ал бұл құрылымдар – драмадағы көркемдік-имидждік индекстер кешені.

Трагедия тек оқиға емес, ол уақыт тезінен өтіп, халықтың ой-санасында жаңғырып, адамның еркі, моралі мен тағдыры жөніндегі образды ұғымның формасына айналады. Образ бен имидждің айырмашылығы неде десек, образ – терең әрі көркемдік мәні де маңызды бейне. Имидж – көп жағдайда сыртқы әсерге арналған, кейде әдейі жасалатын бейне. Имидж – кейіпкердің сыртқы тұлғасы арқылы ішкі образын тереңірек ашуға мүмкіндік беретін де модель. Ал имиджді зерттейтін «имиджология ғылымы – әрбір қоғамның, нақты бір ұлттық менталитеттің теориялық тұрғыдан көрініс табуына ықпал ететін тұжырымдар кешені» (Тұржан, 2017).

Р.Нұрғали трагедиялық драманың осындай екі жақты ерекшелігіне де маңыз беріп, сол арқылы трагедиялық шығарманы сараптаудың өзіндік стилін қалыптастырды. Ғылыми зерттеуге жаңа бағыт әкелді. Жаңа бағыт дегеніміз – бұрын зерттелмеген немесе аз зерттелген құбылыстарға назар аудару. Әшірбек Сығайдың (2003) тұжырымында

«Драматургия – таусылмас әңгіме». Олай болса, оның зерттелуі пәнаралық тұрғыдан бірнеше ғылым саласының тоғысында қарастырылуы да заңдылық. Бұлайша қарастырылу уақыт талабына сай туындап, қоғам мен технологияның өзгерістеріне бейімделген жаңаша ғылыми ойлау жүйесін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда Рымғали Нұрғали зерттеулеріне қазіргі көзқараспен жаңаша баға бере аламыз. Нақтырақ айтқанда, имиджелогия ғылымымен де байланыста өрбігендігін сараптаудың қажеттілігі бар. И.Гофман имиджді зерттеу әдісін драматургиялық тұрғыдан қарастырады (Гофман, 2000). Имиджді зерттеудің мұндай жаңаша қыры осы бағыттағы ғылыми тұжырымдардың өзін жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік береді. Мысалы сонау заман адамы ағаштың жапырағы бар екендігін айтса, кейінгі заман адамы ол жапырақтың ауаға қандай химиялық қышқылдар бөліп тұрғандығына назар аударды. Дәл сол сияқты Рымғали Нұрғалидың ой тұжырымдарын қазіргі талғам тұрғысынан интерпретациялаудың өзі кейбір жаңалықтарға жол ашады. Жазушы, драматург Қалтай Мұхамеджанов «Сыншы өзінің озат ой-пікірімен оқушы мен көрушінің эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуі де қажет» деген талап қойған еді (Мұхамеджанов, 2009). Р.Нұрғали зерттеулерінде кейіпкердің сыртқы іс-қимылын ішкі әлемімен тоғыстыра қарастыруының эстетикалық көркемдігі кемел. Бұл кемел көркемдік – көркем имидждік технология кешенінің бір қыры. «Трагедия қаһармандары теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қайғылы, азапты хал кешеді; кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі» (Нұрғали, 2013) деп сипаттап, автор трагедиялық қаһарманның қаһарман ретінде қалыптасу жолына сілтеме жасап өтеді. Драматанушы И.О.Чистихин мұндай көріністі «Бұл – рухтың өзін-өзі тануға ұмтылған терең тебіренісі немесе қозғалысы, ол әртүрлі іс-қимылдар арқылы көрініс табады» деп келтіреді (Чистихин, 1999). Р.Нұрғали кейіпкердің «теңіздей сұрапыл тебіреніс» жағдайында болуын көрсетуі – зерттеудің жалпы контекстуалдық сипатының белгісі. Контекстуалдық тәсілде нысан ешқашан оқшау немесе өзімен-өзі шектелген күйде қарастырылмайды. Демек кейіпкердің қоғамдық-әлеуметтік ортамен текетірес жағдайы орныққандығы туралы ақпарат аламыз. Сол арқылы «теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағындағы» кейіпкердің қандай қақтығысқа да дайын болатындығын да ойша болжауға болады. Бұл – кейіпкердің күрескер ретіндегі имиджіне сілтеме беріп тұрған сипаттама. Ал имидж – сыртқы сипатты жеткізетін құрал ғана емес, драмалық әрекетке итермелейтін функционалдық маркер.

Автор «Еңлік-Кебек» пьесасын талдауында Кебектің «теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағындағы» ішкі портретін де суреттейді де, «Кебек – жаудан қайтпас ер жүрек, жар сүйген жалынды жігіт» деп оның сыртқы портретін сипаттайды. Осы екі сипаттауды параллель алып қарасақ, трагедиялық қаһарманның толыққанды имиджін де тани аламыз. Мұны театр сыншысы Б.Құндақбайұлының «Драма үшін ең қажетті нәрсе әрекет пен мінездердің тұтастығы, бірлігі» деген тұжырымымен нақтылай аламыз (Құндақбайұлы, 2006). Әрекет пен мінездің тұтастығы кейіпкердің толыққанды имиджін айқындап береді. Сондай-ақ, драмада «оқиғаның шешімі трагедияның бүкіл желісінен туындап, соның табиғи заңдылығы ретінде өрбуі тиіс» болса (Аникст, 1967), имиджелогия ғылымында да нақты бір имидждің қалыптасуының осыған ұқсас реттілік жолы айқындалған. Р.Нұрғали сілтемесіндегі образды сомдайтын сипаттамаларынан трагедиялық имидж қалыптасуының осындай алғы шарттары және даму, өрбу кезеңдері айқын көрінеді (1-кесте):




Имидждік кескінді сомдайтын көрсеткіштер.

Бұлар – кейіпкерді күреске шығуға итермелейтін эмоционалдық-психологиялық жағдайлар. Тіршілікте адам болмысы қашан да қарсылықтар мен мүдделіліктердің себептерінен туындайтын ірілі-ұсақты күрестердің ортасында жүреді. Ортасында жүруі үнемі пассивті бола бермейді. Оның активті кезеңге өту процесі де жүре бастайды. Сондай жағдайды Р.Нұрғали трагедиялық кейіпкердің күреске шығуға дайын болған кездегі кескінін «өз ішіне терең бойлайтындығы» арқылы көрсетеді. Кейіпкер енді сыртқы күресті емес, ішкі күресті бастан кешіреді: бұл – экзистенциялық шешімдер сәті. Автор өзінің зерттеу объектісіндегі жеке образды осылай сипаттауы – кейіпкердің ішкі диалогына сілтемесі және трагедиялық қаһарманның сыртқы адам мен ішкі адам формасындағы драматизмінің көрінісі. Бұл сәтте қаһарман рухани биікке көтеріледі, бірақ дәл осы сәт – ішкі трагедиялық имидждің де шыңы.

Қоғамдағы гетерогенділікке, яғни, әртүрлілікке мүмкіндік беретін жеке тұлғалар болады немесе, керісінше, «ғаламның бір текті еместігінен» (Суслов, 2019) жеке тұлғалар да бір текті бола алмайды, ал бұған өнер тұрғысынан келсек, бұл – драмадағы трагедиялық тұлғаларға тән жағдай. «Гетерогенділік әлеуметтік байланыстардың үнемі жаңару үстінде болуының негізгі факторы» (Керимов, 1999) десек, трагедиялық тұлға – жаңаруға құштар және ескілікке көне бермейтін тұлға. Ал ол өмірде болған адамның басынан өткен жағдай болса, демек, ол қоғамдық дамуға ыпал етуші де тұлға

ретінде қарастырылады. Р.Нұрғали зерттеуіндегі трагедиялық тұлғаларда бұл айқын көрінеді. «Тұлғалық имидж – оның құрамдас бөліктерін (өзіндік имидж, қабылданатын имидж және талап етілетін имидж) айқындайтын ішкі және сыртқы факторлардың үйлесімі ретінде қарастырылатын» (Калюжный, 2004) болғандықтан, трагедиялық қаһарманның имидждік құрылымын сол факторларға сүйене отырып, айқындай түсеміз. Сондай факторлардың бірін трагедиялық қаһарманның Р.Нұрғали талдаған «өз ішіне терең бойлайтындығынан» көруге болады. Автор бұл жерде кейіпкердің өзін өзі тану категориясына сілтеме жасайды. Ал кейіпкердің өзін өзі тануы оның бойында айрықша менталитеттік және әртүрлі қуатты мүмкіндіктердің бар екендігін сезіндіреді. Бұл өз кезегінде трагедиялық кейіпкер имиджінің ішкі құрылымын да талдауға мүмкіндік береді (2-кесте):

2- кесте



Кейіпкердің трагедиялық имиджінің ішкі құрылымы

Трагедиялық кейіпкердің ««өзгерістерге тұлғалық даярлық» (Kassymzhanova & Вараева, 2023) жағдайына себеп болатын элементтер кешені әр адамда әр түрлі болуы мүмкін. Ол кейіпкердің іс-әрекетіндегі ерекшеліктер арқылы көрініс табады. Іс-әрекетіндегі ерекшеліктер болмаса, трагедиялық қаһарманның тұлғасы ашылмайды. Тұлға ашылу үшін оның ауыр жағдайының ішкі құбылысындағы өзгерістер де дәлелді болып, сондай деңгейдегі күреске шығуға дайын болуы да айқындалуы тиіс. Демек, трагедиялық имидждің қалыптасуы да өзінен өзі бола қалмайды. Мұндай имидждің қалыптасу процесі мынадай кезеңдерден өтеді:


- өзінің басқалармен коммуникациясындағы түрлі кереғар көзқарастардың ықпалын сезінуі;

• олардың ішкі мақсаттары мен мүдделерінің өзіне тікелей қарсы бағытталғандығын түсіне бастауы;

- сол сәттен бастап, солар мен өзінің жай-күйін үнемі салыстырумен болуы;
- ақыры белгілі бір шешімге келуі.

Бірінен бірі туындайтын мұндай процестер – трагедиялық кейіпкерді сомдайтын имидждік модельдің элементтері. Герменевтикада «гадамерлік шеңбер» деген ұғым бар: тұтастық жеке бөлшектер арқылы, ал бөлшектер тұтастық арқылы түсіндіріледі. Драмада гадамерлік шеңбер айқын көрініп тұрады, яғни кейіпкердің бір ауыз сөзі – бүкіл шығарманың мағынасын көрсетуі мүмкін, ал бүкіл шығарма – сол сөздің астарын ашуға себеп болады. Р.Нұрғали «Қарагөз» трагедиясындағы басты кейіпкердің қоғамдық ортасын «тар кезең, тас босағада тұрған» деп суреттеуінен өте ауыр жағдай бірден түсінікті болады (Нұрғали, 2013). Герменевтикалық тұрғыдан алғанда әр диалог – бұл мағыналар мен ұстанымдар шайқасы, «гадамерлік шеңбер» сипатындағы яғни, әр кейіпкердің өз дүниетанымы шекарасын қорғап, өзгемен ұштасуға немесе одан алыстауға тырысу процесі. Осындай кезеңдерді бастан өткерген трагедиялық қаһарманды нақты шешім қабылдау сатысына алып келетін жағдайдың екі түрін имиджтанушы А.Болотова коммуникацияның манипуляциялық және агрессивті түрі деп көрсетеді. «Манипуляциялық коммуникация бір жақты мүдделілікке негізделеді, ...ал агрессивті коммуникация күш көрсету, қорқыту немесе балағаттау, намысқа тию» түрінде көрініс табады (Болотова & Жуков, 2015) (3-кесте).

3- кесте



Манипуляциялық және агрессивті коммуникацияның екі жақты әсер ету схемасы

Мұның қай-қайсысы болса да, трагедиялық қаһарманның бойында үрейдің де, өкініштің де, батылдықтың да оянуына ықпал ететін жағдай. Ал оның қайсысы басым болады – ол оқиғаның өрбу барысына байланысты. Бұл жолайықтың айқындалуына тағы да қосымша оқиғалар әсер еткен кезде трагедиялық қаһарманның ішкі трансформациясының құбылыстары айқындала бастайды және батыл шешімге кіріседі. «Кейіпкердің ішкі трансформациясы оның рухани дүниесіндегі өзгерістерді де қамтиды» (Омаров және т.б., 2025). Не кейін шегіну керек, не болмаса алға ұмтылу керек. Екі

жақтың күшінің тепе теңдікке келуі – трагедиялық қаһарман имиджінің айқын көрініс табатын моделі (4-кесте).

4- кесте



Екі жақтың күшінің тепе теңдікке келуі

Бұл кезде трагедиялық кейіпкер кейін шегінсе, яғни күреске шықпаса, ол трагедиялық кейіпкер бола алмайды. Трагедиялық қаһарманның ой-санасы тек қана осы сәтпен шектелмейді, ол өткен мен болашақты барынша терең сезінеді, яғни ақпаратқа қанық. Мұның өзі кейіпкердің характерінің айқын көрінуінің факторы бола алады. Р.Нұрғалидың тұжырымында «ситуацияның жаңаруына, басқаша қалыпқа түсуіне өз тарапынан ықпал жасайтын күш – характер». Бірақ характердің де толық ашулының өзіндік хронотоптық жағдайлары болуы керек. Мұндайда кейіпкер өмір сүрген дәуірдің, яғни тарихи уақыттың сипатталуы – ақпараттық тұрғыдан маңызды тетіктің бірі. М.Бахтиннің тұжырымында «Хронотоп формалы-мазмұндық категория ретінде белгілі бір деңгейде әдебиеттегі адам образын айқындайды» (Бахтин, 1975). Біз мұны имиджге де қатысты айта аламыз. Имидждің хронотоптылығы образдан да тереңірек. Өйткені имиджде уақыт, кезең маңызды. Қазақ әдебиеті туындыларында:


- «зар заман»;
- «түс көрген заман» (Қондыбай, 2008);

– «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» категориялары бар. Академик Б.Омарұлы тұжырымымен айтсақ «зар заман деген ұғым ғасырлар бойы қайғы-қасірет шеккен көшпелі халықтың тарихына, елім деп еңіреген ерлерінің тағдыр-талайына қатысты сипаттама ретінде қолданылады» (Омарұлы, 2024). Р.Нұрғали зерттеуіндегі трагедиялық қаһармандар – зар заман кезеңінің адамдары. Олардың имидждік модельдерінің архитектурасы зар заманның фонында тұр. Р.Нұрғали оқиғаның зар замандық сипатын драма авторының «Ақанның үйі. Қысқы кез, айнала киіз ұстаған. Найза, шоқпар, ұсталған. Ортада қазан асулы. Қалампыр от жағып отырады. Ақанның қолында таяғы бар» деген суреттеуін келтіріп, «Бұл ремарка болатын оқиғаға фондық қана қызмет атқармайды, сол дәуірдің тұрмыс кескінін де көзге елестетеді» деп дәуір образын да айқындайды (Нұрғали, 2013). Драманың осындай ақпараттық факторларын көрсету арқылы кейіпкердің өмір сүрген дәуірінің де образды ашуға ықпалын көрсетеді. Образ ашуда детальдың атқаратын рөлі зор. Ал «детальдің ұлттық дәстүрмен сабақтасып тұруы» (Ахмер және т.б., 2024) жалпы шығарма кейіпкерлерінің ұлттық имиджінің бөлшегі ретінде қызмет атқарып, имидждік модельді сомдайды. Мұнымен қоса, осы көріністер «имидж қалыптастырудың ақпараттық факторы» (Павлов, 2012) ретінде көрініс тауып, кейіпкер имиджін айқындай түсіп, ол өмір сүрген кезең туралы маңызды ақпарат көзі де бола алады. Имидж – қашан да ақпаратқа қанық модель. Сондықтан да трагедиялық кейіпкер имиджі көркем мәтін ішінде тек оқиғалық қақтығыстармен

шектелмей, белгілі бір ұлттық менталитет және ақпараттық-коммуникациялық модель арқылы да өрбиді. Бұл трагедиялық имидждің кешенділігінің де бір көрінісі. Ақпараттық репрезентация арқылы трагедиялық образдың ұжымдық эмоционалдық санаға әсер етуі арта түседі. «Қолында – найза, белінде – сап, қарында – қалқан. Иықта – садақ, оң жақ белінде қорамсақ, үстінде – қамқа шапан, балағының кеңдігі сала құлаш масаты шалбар, басында – тымақ» деп драма авторы бейнелеген детальдар имидждің ақпараттық моделінің пирамидасын түзеді. Р.Нұрғали осы көріністерді зерттеудің ғылыми мазмұнына нақтылық беретін деталь ретінде де ұсынған.

Кейіпкер нағыз трагедиялық кейіпкер деңгейіне көтерілуі үшін драматург оны өзіндік тарихи сатылардан өткізуі тиіс. Автор мұны нақты талдай келіп, «қаһарманның жан күйін айқара ашып бейнелеу үшін оны бір қиыннан бір қиынға салу, психологиялық жүкті үсті-үстіне молайту – драматургияның ең күшті көркемдік құралдарының бірі» екендігіне тоқталады (Нұрғали, 2013). Бұл – кейіпкердің трагедиялық имиджінің айқындалуының да моделі. Біз қарастырып отырған трагедиялық қаһарман имиджінің қалыптасу кезеңдері де бір қалыпты жағдаймен емес, күрескерлік схемамен өріледі (5-кесте):

5-кесте



5-кесте. Кейіпкердің трагедиялық қаһарман ретіндегі имиджінің қалыптасу моделі.

Драманың көркем тілі көрерменнің жандүниесін ерекше сезімге бөлері де анық және көркем тіл – трагедиялық қаһарман имиджінің айқындала түсуінің ең негізгі факторларының бірі. Р.Нұрғали өз зерттеуінде кейіпкердің сөз саптауының түп-тамырына бойлай отырып қорытынды жасайды да, «тілі нашар шығарма өрге баспаса, тілі нашар пьесаға тіпті күн жоқ. Себебі шұрайлы тілсіз характер көріне аламайды, характерсіз конфликт соқтығысы жоқ, ол екеуінсіз әрекет жоқ, қимыл жоқ, қысқасы, сахналық шығарма жоқ» деп шұрайлы тілдің конфликтінің пайда болуына әсер етуінің логикалық тізбегін сызып береді. Автор драмадағы образдар кескінін айқындауда драма авторының көркемдеуінен де өтетін көркемдік тәсілдерді, импульсивтік белгілерді, трагедиялық потенциалдарды айқындай түседі: «Екі батыр – екі мінез. Бірі ұрт, тарс ашу, кеудемсоқ, екіншісі – сарабдал, айдынды, өр» немесе «Трагедиялық конфликт қыл шылбырдай ширатылып барады»; «Ашуын намыспен жанып, оған кектің уын құйып,

ізденіп, жұлқынып келеді жау» деп аффективті мотивацияны дәл көрсетеді. Агрессивті, кекшіл батыр – конфликт жағдай қалыптастыратын имидж; сабырлы, сарабал батыр – көшбасшы имиджі. Бұл кейіпкерлер тек әдеби кейіпкер ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени репрезентациялар, яғни символдық тұлғалар. Бұл тұста олардың бейнесі кейіпкерлік имидж категориясында қарастырылып, имидждік конструкт ретінде де көрінеді. Драма авторының кейіпкерді сомдауын талдай келе Р.Нұрғали образды аша түсу үшін «Есеннің мақтаншақтығы да, бірбеттігі де, қорықпайтындығы да, ру намысы үшін өліп кетер кекшілдігі де, шынын жасыра алмас аңқаулығы да, қауқөкіректігі де – мінезінің көп қыры байқалады» деп, ішкі мотивациялық факторлар арқылы кейіпкердің әрекет стратегиясын түсіндіреді, семиотикалық деңгейдегі бейне құрылымы арқылы кейіпкердің символдық салмағын анықтайды. Автордың кейіпкерлер образын айқындай түсу үшін осындай көркем сипаттамаларды беруі Г.Фрейтагтың драмалық пирамидасындағы «өрлеу фазасына» сәйкес келіп тұр (Фрейтаг, 1984), екіншіден, бұлар – кейіпкердің имидждік архитектурасын құрайтын семиотикалық кодтар. Бұл – ұлттық-мәдени кодтардың көркем мәтін арқылы қайта модельденуі, яғни, кейіпкер бейнесінің имидждік мифологемасы. Осы сипаттаулардың бәрі бірігіп, кейіпкерлер галереясы имиджінің дискурстық моделін түзеді, имидждік феноменін айқындайды. Бұл имиджді лингвомodelдеу мәселесіне де тікелей қатысты бола алады. Есте қаларлық имидж қалыптастыруда сөз ойнату қоғамдық қатынастардың қай саласында да өзекті Драмада да сөз арқылы кейіпкердің вербальды имиджі айқындалады. «Вербальды имидждің фонетикалық аспектісі» (Катынская, 2012) – имидж-образдың көрермен жадында ұзақ сақталуының кепілі. Ю.М.Лотманша айтсақ: «Театр өнерінің өзіне ғана тән тілі бар. Сол тілді меңгеру арқылы ғана автор мен актер көрерменмен арадағы көркемдік коммуникациясын қамтамасыз ете алады» (Лотман, 2002). Мұны драмалық шығарма сынына да қатысты айта аламыз, яғни, сынның тілі көркемдік пен образдылықтың үлгісі бола алмаса, ғылыми стиль мен көркемдік стильдің синтезі» деңгейінен көріне алмаса, сын оқылмайды да, драматургияның дами түсуіне ықпал да ете алмайды. Демек, театр сыншысының тілі де сол драманың көркем тілінен асып түскенде ғана ықпалды бола алады. Р.Нұрғали Жапал деген кейіпкерді «Маңдайына әлі тас тимеген, әрекет әлегіне түспеген, тірліктен сарыла өзіндік бет іздеп шарқ ұрған шақ азабын әлі тата қоймаған, өмір талқысын көрмеген, қажымаған, шаршамаған балғын жас» деп сипаттайды. «Жағымды типтер галереясын Жапал образы құлпыртып тұр» деп драмадағы жағымды типтерге баға береді. Кейіпкерлерді көркем тілмен осылай бейнелеу тәсілдері арқылы автор драмалық шығарманы талдаудың мүмкіндіктерін кеңейтті. І.Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет» драмасын талдауында «Дәл осы шақта бәйге аттың құйрығынан үзіп алған қылды таққан, аршадан шапқан қызыл күрең қобыздың алпыс екі тамырыңды идіріп бір шығатын үніндей болып Махамбет монологтары кетеді лықсып» деп төгілте суреттейді ғалым. «Қашқар қызы» драмасын талдауындағы Шоқан мен Дамолла арасындағы сөз таласты «Бұл арбасу ұзаққа созылмағанмен, сөзсіз өртеп жіберетін оттан, жұтпай тынбайтын селден хабар береді» (Ысқақұлы, 2001) деп көркемдеп талдайды сыншы. Драматургияның тілі бір қарағанда кәдімгі сөйлеу тілі сияқты болғанымен, ол көрерменге жеткізілетін қандай да бір имидждік ақпарат қызметіне келіңкірейді. Имидждік ақпарат – қысқалығымен және көркемдігімен өтімді. Академик Р.Нұрғалидың драма өнерін талдауындағы қысқалық пен көркемдік драмалық шығарма авторларының тіл көркемдігіне, ой ұшқырлығына ерекше мән беру керектігіне де сілтеме бола алады.

Кейіпкер имиджінің де көркемдігінің, өтімділігінің кілті – көркем тілде және драмадағы кейіпкер имиджі – мінездің сахналық коды.

Нәтижелер

Бұл зерттеу ең алдымен трагедиялық образ арқылы трагедиялық имидждің табиғатын тануға, поэтикалық және коммуникациялық болмысын жүйелі түрде саралауға бағытталды. Осы бағыттағы негізгі теориялық және әдіснамалық тұғыр ретінде академик Рымғали Нұрғали еңбектері таңдалып, оның ұлттық драматургияны зерттеудегі орасан зор ғылыми мұрасы қазіргі имиджелогия аясында қайта пайымдалды. Р.Нұрғали еңбектеріндегі көркемдік концепциялар трагедия табиғатын тереңірек тануға, ұлттық дүниетанымдағы қаһарман имиджін түсінуге негіз болады. Ол трагедиялық қаһарманды тек сахналық бейне ретінде емес, тарихи-мәдени архетип, моральдық-этикалық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде зерделеген еді. Осы арқылы қазақ әдебиетінің трагедиялық метакатегориясында қалыптасқан ішкі құрылымдар мен көркемдік тетіктер айқындалып, оларды имидждік модель тұрғысынан талдау мүмкіндігі ашылды. Р.Нұрғали (2013) зерттеуінде «сыни шығармалардың тілі – ғылыми стиль мен көркемдік стильдің синтезі» тұжырымы айқын көрініс тапқан. Мұның өзі көркем имидждің де ғылыми әрі көркем стилін айқындауға негіз болды.

Зерттеуде трагедиялық мәтіндердегі терең мәдени имидждік және моральдық қабаттарды ашуда герменевтикалық тәсіл тиімді болды. Бұл әдіс кейіпкердің ішкі дағдарысын, сана күйзелісін, экзистенциалдық тартысын тек оқиғалық желі арқылы емес, тілдік және стильдік жүйе арқылы да ұғынуға жағдай жасайды. Сонымен қатар архетиптік талдау трагедиялық бейнелердің әмбебаптығы мен типтік сипаттарын анықтауға сеп болды. Бұл талдау қайталанатын сюжеттер мен мінез үлгілерінің имидждік және мәдени негіздерін ашып көрсетті. Контекстуалдық және салыстырмалы әдістердің көмегімен қазақ драмасындағы трагедиялық қаһарман имиджінің ұлттық ерекшеліктері айқындалды. Мұның нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі трагедиялық имидждің өзіндік ақпараттық моделі қалыптастырылады. Р.Нұрғали зерттеулерінде нақты аталмаса да, нарративтік циклдерге негізделген құрылымдық тәсілдер трагедиялық образ құрылымының белгілі бір заңдылықтарын көрсеткен еді. Осындай драматургиялық қайталанымдар арқылы трагедиялық имидждің қалыптасу кезеңдерін, ақпараттық сипатын, даму сатыларын, ішкі трансформацияларын ашуға болады. Бұл типтегі циклдік құрылымдарды зерттеу имиджелогия мен әдебиет теориясын тоғыстыра отырып, жаңа ғылыми парадигмалар жасауға жол ашады (6-кесте).

6- кесте



Осылайша, бұл зерттеу жұмысы трагедиялық образдың көркемдік, символдық және имидждік өлшемдерін тұтастықта қарастырып, қазақ әдебиетіндегі трагедиялық имиджді жүйелі түрде талдаудың мүмкіндігін көрсетті.

Қорытынды

Академик Рымғали Нұрғали еңбектеріне сүйене отырып жасалған бұл тұжырымдар трагедиялық қаһарман феноменін ұлттық дүниетаныммен байланыстыруға, қазақ драматургиясындағы рухани кеңістікті тереңірек және кеңірек ауқымда түсінуге жол ашады. Р.Нұрғалидың ғылыми тұжырымдары – қазақ драмасының көркемдік және коммуникациялық-ақпараттық мүмкіндіктерін заманауи имиджелогия тұрғысынан зерделеудің де мүмкіндіктері. Сонымен бірге, трагедиялық кейіпкер бейнесі арқылы адам мен қоғам, ізгілік пен зұлымдық арасындағы қақтығыстар ашылып, оның көркемдік қырлары мен типологиялық заңдылықтары жаңа парадигма деңгейінде көрінді. Осы арқылы зерттеу жұмысы қазақ әдебиетіндегі трагедиялық *имидж мәселесін* жаңа ғылыми деңгейде пайымдауға мүмкіндік беріп, болашақ зерттеулерге бағыт сілтейді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер әдеби имиджелогия ғылымының жаңа бағыты ретінде дамуға толық негіз бар екенін айғақтайды.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. О. Тұржан мақалаға қажетті материалдарды жинақтап, мақаланың кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытынды бөлімін жазды. **А. Әбілхан** негізгі бөліміндегі кейбір мәселелер бойынша ұсыныстар енгізді, әдіс-тәсілдерін анықтады, жазып толықтырды және мақаланы рәсімдеу бөлімімен айналысты. **Б. Отарбаева** да негізгі бөлім бойынша жаңа идеялар берді. Зерттеу материалдарын талқылап, кейбір түзетулер енгізді, толықтырды. Мақала жазу барысында өзара пікір алмасылып, дереккөздердің нақтылығына, дұрыс рәсімделуіне көз жеткізе отырып, талқыланды.

Әдебиеттер тізімі

Ахмер, Б.Е., Аймұхамбет, Ж.Ә., & Мирзахметов, А. А. (2024). Көркем мәтін құрылымындағы детальдің қызметі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2(147), 161–166. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-158-166>

Аймауытов, Ж. (2022). Психология. Астана: «Сенімен болашақ» РҚБ.

Аникст, А.(1967). Теория драмы от Аристотеля до Лессинга. Москва: Наука.

Аристотель. (1908). Этика(къ Никомаку)(Кн. I; Э.Радлов, пер.). Санкт-Петербург: Общественная Польза.

Әл-Фараби, Әбу Насыр. (2015). Қайырымды қала. Алматы: RS. Халықаралық Абай клубы.

Бахтин, М. (1975). Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет. Москва: Художественная литература.

Болотова, А.К., & Жуков, Ю.М. (2015). Психология коммуникаций. Москва: Издательский дом Высшей школы экономики.

- Гердер, И.Г. (1977). Идеи философии истории человечества. Москва: Наука.
- Гофман, И. (2000). Представление себя другим в повседневной жизни (А.Д. Ковалев, пер.). Москва: КАНОН-пресс-Ц; Кучково поле.
- Гучинская, Н.О. (2002). Hermeneutica in nuse. Очерк филологической герменевтики. Санкт-Петербург: Церковь и культура.
- Калюжный, А.А. (n.d.). Психология формирования имиджа учителя. https://poznayakova.ucoz.ru/MPI/kaluzhnyi_a.a-psikhologija_formirovaniya_imidzha_pdf
- Касымжанова, А.А., & Бапаева, С.Т. (2023). Дағдарысқағдайындатұлғаның өзекті функционалды жай-күйінің және өзгерістерге бейімделуінің жас және жыныстық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу. ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы, 84(1), 13–33. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v84.i1.02>
- Катынская, М.В. (2012). Лингвистическое моделирование имиджа (Монография). Благовещенск: Издательство АмГУ.
- Керимов, Т. Х. (1999). Социальная гетерология. Екатеринбург: УралНаука.
- Қондыбай, С. (2008). Гиперборея: түс көрген заман шежіресі. Алматы: Арыс.
- Құндақбайұлы, Б. (2006). Театр туралы толғау. Алматы: Өнер.
- Лотман, Ю.М. (2002). Статьи по семиотике культуры и искусства. Санкт-Петербург: Академический проект.
- Мұхамеджанов, Қ. (2009). Шығармалары (Т. 2: Пьесалар, очерктер және сыни мақалалар). Астана: Фолиант.
- Нұрғали, Р. (2013). Шығармалары (Т. 1: Драма өнері: монография). Астана: Фолиант.
- Омаров, Ә., & Мұқышева, Н. (2025). Қазіргі қазақ киносындағы жаңашылдық: кейіпкер бейнесіндегі трансформация. Central Asian Journal of Art Studies, 10(1), 35–53. <https://doi.org/10.47940/cajas.v10i1.965>
- Омарұлы, Б. (2024). Зар заман поэзиясы (генезис, типология, поэтика). Алматы: Атамұра.
- Павлов, С.Н. (2012). Информационный фактор в формировании имиджа ВУЗа. Фундаментальные исследования, 9. <https://s.fundamental-research.ru/pdf/2012/9-3/30324.pdf>
- Почепцов, Г. (2001). Теория коммуникации. Москва: Рефл-бук; Киев: Ваклер.
- Ривкин, Ж., & Райан, М. (2019). Эдбиет теориясы: Антология (Т. 4). Алматы: Ұлттық аударма бюросы.
- Суслов, Н. (2019). Гетерогенность социальных систем: что мы знаем?. Журнал «ЭКО», 2(9), 75–94. <https://doi.org/10.30680/ECO0131-7652-2012-9-75-94>
- Сығай, Ә. (2003). Театр тағлымы. Алматы: Парасат.
- Тұржан, О. (2017). Имиджелогия теориясы мен практикасы. Алматы: Эверо.
- Фрейтаг, Г. (1984). Техника драмы. Пять актов. Москва. <https://detective.gumer.info/etc/freytag.pdf>
- Черемушникова, И.А. (2011). Имидж в культурном пространстве: между «миром кодов» и «миром смыслов». Вестник ВГУ. Серия 7. Философия, 1(13). https://volsu.ru/upload/medialibrary/4b9/5_uslslgwcqtpqbmemlmlfmswfwz.pdf
- Чистихин, И.О. (1999). О драме и драматургии. Опел. https://teatrsemya.ru/lib/teatr/dramaturgija/chistjukhin_i-o_drame_i_dramaturgii.pdf
- Шепель, В. М. (2002). Имиджелогия. Как нравиться людям. Москва: Народное образование.
- Шлейермахер, Ф. (2004). Герменевтика. Санкт-Петербург: Европейский Дом.
- Ысқақұлы, Д. (2001). Сын өнері. Алматы: Қазақпарат.
- Leerssen, J. (2007). "Imagology: History and method". In Imagology. Leiden, The Netherlands: Brill. https://doi.org/10.1163/9789004358133_003

Leerssen, J. (2016). Imagology: On using ethnicity to make sense of the world. *Iberic@l*, 2016, 10, pp.13-31. <https://hal.science/hal-03815416v1>

S.A. Aly, M., & Alshammari, A. (2025). Representative Images of Saudi Arabia and Saudis: An Imagological Study of Some Selected Novels in English. *World Journal of English Language*, 15(4), p1. doi:<http://dx.doi.org/10.5430/wjel.v15n4p1>

О. Туржан, А. Абильхан, Б. Отарбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

**Имиджево-информационная модель трагического персонажа в казахской драматургии
(на основе исследований Рымғали Нұрғали)**

Vinay and Darbelnet (1958) suggested that proper names are typically transferred unchanged. However, this is an oversimplification. Later theorists like Hermans (1988), Vermes (2003), and Nord (1997) emphasized the contextual and functional aspects of name translation.

More recent research incorporates cognitive linguistics and reader reception studies. Galewska (2019) analyzed how Chinese proper names are interpreted by Polish and English

readers. Her research highlighted how names evoke mental imagery and cultural associations, which can be lost without strategic adaptation or glossing.

Similarly, Fernandes (2006) analyzed the translation of proper names in children's fantasy literature, concluding that names often perform narrative, symbolic, and stylistic functions. His study categorizes translation strategies such as phonetic adaptation, cultural substitution, and semantic translation, showing how different strategies impact reader understanding.

Methods and Methodology

The research uses several methods:

1. Literature Review

A systematic review of academic publications from 2003–2024 was conducted, focusing on literature, research journals and other materials. Search terms included proper names translation, onomastics, transliteration, and Kazakh toponymy. Sources were selected based on relevance, impact factor, and empirical contribution.

2. Analytical Framework

This study applies the translation strategy typology proposed by Newmark (1988) and expanded by Fernandes (2006), adapted for the analysis of case studies. The strategies include:

- Transliteration
- Semantic translation
- Cultural adaptation/localization
- Substitution
- Omission (rare cases)

3. Case Study Selection

Texts involving translation of Kazakh, Chinese, and English PNs in literary works, government documents, and academic texts were chosen for analysis. Notable sources include:

- Zharkynbekova et al. (2024) on transliteration and translation of Kazakh toponyms.
- Mukhametkhanuly & Kanat (2018) on Chinese–Kazakh cultural name transfer.
- Galewska (2019) on cognitive aspects of translating Chinese proper names, etc.

Results and Discussion

According to the International Council of Onomastic Sciences, proper names are expressions used to refer to individual entities such as people (anthroponyms), places (toponyms), organizations (ergonyms), and even dates (chrononyms).

Proper names in texts serve various functions:

- Identifying: to denote a unique entity
- Descriptive: to imply physical or personality traits
- Symbolic: to carry thematic or allegorical meaning
- Evocative: to arouse cultural or historical associations

The translator's approach should consider which function dominates in the source context.

Translation Strategies

Researchers have identified several strategies for translating proper names (e.g., Newmark; Fernandes, etc.):

Table 1 – Strategies for translating proper names

Strategy	Description	Example
Transliteration	Phonetically rendering the name in the target script	Shakespeare → Шекспир (Kazakh)
Direct Transfer	Keeping the name unchanged	London → Лондон (Kazakh)
Translation	Translating semantic content of the name	Yellow River → Сарыарқа
Adaptation/Localization	Modifying the name to suit the target culture	Santa Claus → Аяз ата (Kazakh)
Substitution	Replacing the name with a culturally equivalent one	John → Иван (in some older Russian texts)
Omission	Skipping the name (rare and only if it does not hinder comprehension)	Often seen in children's literature

Cultural Load Challenges

Translation of proper names is one of the largest problems in translation studies (Suzani, 2008). Translation was most challenging when names carried symbolic or historical significance (e.g., *Al-Farabi*, *Turkistan*, *Don Quixote*). Semantic translation risked losing identity, while strict transliteration led to unintelligibility. For example, proper names like *Al-Farabi* or *Turkistan* are not merely identifiers – they encapsulate centuries of historical memory, religious meaning, and cultural pride. For instance:

- *Al-Farabi* is not just a name but a symbolic representation of Islamic philosophy, Central Asian intellectual history, and national identity for countries like Kazakhstan.

- *Turkistan* refers to a historical region central to Turkic heritage, Islam, and Silk Road trade. Rendering it in a simplified or localized form may erase this complexity.

Translating or adapting such names semantically would strip away this symbolic significance and mislead readers unfamiliar with the background.

While transliteration keeps the original phonetics, it can confuse readers in target cultures if the name structure is foreign:

- “Farabi” or “al-Fārābī” (Kaz. *әл-Фараби*) might appear unintelligible to Western readers without explanatory notes.

So, how can an interpreter or a translator solve such issues?

Here are the possible solutions:

- Footnoting or glossing: Explain the cultural context of the name without altering it.
- Standardized transliteration + cultural notes: Maintain form but support reader comprehension.

- Partial adaptation: Keep the root name but adapt suffixes or titles (e.g., “Philosopher Al-Farabi”).

Proper names with deep historical, religious, and cultural connotations – such as *Turkistan*, *Al-Farabi*, or *Khoja Ahmed Yasawi* – present more complex translation challenges than neutral personal or geographic names. These names are not only referential but symbolic signifiers of

identity, heritage, and worldview. Misrepresentation in translation can lead to semantic loss, political misunderstanding, or cultural invisibility.

1. Symbolic and Intertextual Significance

Names like *Al-Farabi* function as cultural metaphors. Al-Farabi is not just a name—it represents a Central Asian polymath whose contributions to philosophy, logic, and ethics are revered throughout the Islamic world. In Kazakhstani discourse, he is also celebrated as a national figure. If a translator attempts to adapt his name semantically (e.g., "The Second Teacher from Farab"), the historical and symbolic weight embedded in the name collapses. Likewise, *Khoja Ahmed Yassawi* is inseparable from Sufism and Turkic spirituality. His name requires preservation and, ideally, contextual clarification.

2. Politicization and Risk of Misinterpretation

Certain names, such as *Turkistan*, carry geopolitical connotations. While in Kazakhstan the name refers to a revered city and historical region, in international contexts it may evoke associations with separatist movements (e.g., East Turkestan in China). Translating or interpreting *Turkistan* without clarification may result in political bias or confusion. In politically sensitive regions, such names are heavily regulated, and their translations are often ideologically loaded.

To avoid these problems, translators should:

- Use standardized transliteration (e.g., Turkistan, not Tūrkestan or Turkestan unless in historical context).
- Avoid semantic substitution or phonetic distortions.
- Add footnotes, endnotes, or glossaries for clarification, particularly in academic or literary contexts.

3. Literary and Religious Depth

In literature, names are often loaded with intertextual references. For example, the name *Don Quixote* alludes to Cervantes' novel and connotes idealism, madness, and romantic heroism. Translating this name literally would obscure these associations. Similarly, *Al-Farabi* and *Turkistan* appear in literary texts as more than locations or individuals – they embody ideologies, historical epochs, or spiritual values. Their translation must account for these layers.

4. Recommendations for Translators

To maintain cultural fidelity and semantic transparency:

- Prioritize transliteration over translation when names are symbolic or historical.
- Provide contextualization in accompanying text (e.g., "Al-Farabi, the renowned Islamic philosopher born in present-day Kazakhstan...").
- Consult international transliteration standards (e.g., UNGEGN) and national guides (e.g., those issued by Kazakhstan's Ministry of Culture or Institute of Linguistics).
- For publications targeting international audiences, include glossaries or introductory notes on key names.

5. Impact on Academic and Cultural Communication

For Kazakh scholars and translators seeking to publish in Scopus or Web of Science-indexed journals, these issues are particularly important. Misrendered names can reduce the clarity and credibility of the work. For example, an article discussing *Turkistan* without distinguishing it from broader Turkic or Uyghur contexts may confuse reviewers unfamiliar with Kazakh history.

Standardization and cultural explanation are not only best practices in translation – they are essential for intellectual decolonization and cultural diplomacy. They ensure that national heritage is represented fairly and comprehensibly in global discourse.

Akizhanova et al., having studied translation issues of toponyms, state that they “...are lexical units that exist only in a language. Being a part of onomastics, toponymy studies toponyms as units of language with their own features, semantics, structure and functions. Interlanguage transfer of place names is the process of adapting geographical names of one language to another language” (Akizhanova et al., 2024). Thus, when translating toponyms, it is critically important to take into account the etymology and history of the toponym formation, since they carry the main meaning of the name.

To sum up, the names of geographical localities are valuable monuments for the cultural heritage of mankind. The translation of proper names presents a complex interplay between linguistic, cultural, and functional factors. While some names demand preservation for the sake of authenticity, others require adaptation to ensure clarity and resonance within the target culture. Translators must navigate these challenges with a deep understanding of both the source and target languages, employing a flexible range of strategies – such as transliteration, calque, substitution, and annotation. Ultimately, successful translation of proper names hinges not only on linguistic accuracy but also on cultural sensitivity and the translator’s ability to mediate meaning across borders. As global communication continues to expand, so too does the importance of this nuanced aspect of translation studies.

Conclusion

The translation of proper names is not a simple mechanical transfer but a nuanced decision-making process that must weigh semantic, phonetic, cultural, and functional elements. As globalization and cross-cultural communication expand, the translator’s role in mediating name-based references becomes increasingly critical.

Translating symbolically charged proper names is far more than a mechanical process of substituting one linguistic unit for another – it is an act of cultural negotiation and identity mediation. These names – whether they belong to historical figures like Al-Farabi, places like Turkistan, or literary characters like Don Quixote – carry embedded layers of meaning that span centuries, civilizations, and ideologies.

Unlike generic names or terms, symbolic proper names often function as cultural icons. They embody the memory of historical events, religious identities, philosophical schools, or national legacies. As such, the translator becomes responsible not only for linguistic accuracy but also for preserving cultural integrity. This task requires a functional approach, where the translator evaluates the purpose, audience, and genre of the target text to determine how much of the original meaning can – or should – be retained, adapted, or explained.

In some cases, transliteration may be sufficient, particularly in academic texts or formal writing, where the aim is to preserve historical precision. In others, such as children’s literature or popular media, cultural adaptation may be more appropriate to ensure emotional and narrative resonance. The key lies in the translator’s ability to balance semantic preservation, phonetic accessibility, and reader comprehension without compromising the deeper connotations of the original name.

Furthermore, symbolically loaded names often operate as intertextual markers. They link texts across time and space, drawing on the reader's prior knowledge or cultural literacy. When these names are mistranslated or oversimplified, their symbolic and aesthetic functions collapse, leaving a gap in meaning that may alienate or mislead the target audience.

In the context of postcolonial or national identity formation – as seen in Kazakhstan, for example – the translation of proper names takes on an additional political dimension. Translators are not merely converting texts; they are actively participating in the shaping of cultural narratives for international audiences. Misrepresentation of names like Turkistan or Khoja Ahmed Yassawi can perpetuate external misunderstandings or erase important cultural distinctions.

To address these complexities, translators must move beyond rigid “rules” of translation and adopt a strategic, context-sensitive, and ethically grounded approach. This may include the use of footnotes, glossaries, explanatory commentary, or the preservation of original forms with minimal interference. Academic institutions and publishing standards – such as those enforced by Scopus and Web of Science – should also support this level of nuance by allowing supplementary tools that protect cultural specificity.

Ultimately, the translation of proper names is not just about language – it is about voice, history, and identity. A name carries with it a worldview, and the translator's role is to ensure that this worldview survives the journey across linguistic and cultural borders.

Conflict of interests, acknowledgements, and funding information

The research has no conflict of interests.

The research has been carried out under the project AP23490448 "Consistency of Kazakh Onyms in English-Language Texts: Translatory Research" within the framework of subjects of scientific and/or scientific and technical activities grant funding by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Contribution of the authors. **A.S. Omarova** – writing a text and/or critically reviewing its content, **A.B. Raissova** – significant contribution to the concept or design of the work; collection, analysis or interpretation of the results of the work, **G.A. Kozhanova** – conceptualization and approval of the final version of the article for publication.

References

- Akizhanova, D., Omarova, A., & Stoyanova, D. (2024). Issues of interlanguage transfer of toponyms of the Republic of Kazakhstan. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*, 4, 7–17. <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/724/288>
- Fernandes, L. (2006). Translation of names in children's fantasy literature: Bringing the young reader into play. *New Voices in Translation Studies*, 2(1), 44–57. <https://doi.org/10.14456/nvts.2006.5>
- Galewska, K. (2019). The translation of Chinese proper names: A cognitive approach. *Onomastica*, 63, 201–214. <https://doi.org/10.17651/ONOMAST.63.14>
- Hermans, T. (1988). *The manipulation of literature: Studies in literary translation*. London: Croom Helm.
- Mukhametkhanuly, N., & Kanat, G. (2018). Translation of proper names in Su Beihai's monograph. *Journal of Oriental Studies*, 84(1), 187–191. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1078>

- Newmark, P. (1988). A textbook of translation. London: Prentice Hall.
- Nord, C. (1997). Translating as a purposeful activity. Manchester: St. Jerome Publishing.
- Suzani, S. M. (2008). Translation of proper names: Problems and approaches. Iranian Journal of Translation Studies, 6(21). <https://journal.translationstudies.ir/ts/article/view/140>
- Vermes, A. (2003). Proper names in translation: An explanatory attempt. Across Languages and Cultures, 4(1), 89–108. <https://doi.org/10.1556/Acr.4.2003.1.5>
- Vinay, J.-P., & Darbelnet, J. (1958). Comparative stylistics of French and English. Amsterdam: John Benjamins.
- Zarei, R., & Norouzi, S. (2016). Proper nouns in translation: Should they be translated? International Journal of Applied Linguistics & English Literature, 3(6), 152–163. <https://doi.org/10.7575/aiac.ijalel.v.3n.6p.152>
- Zharkynbekova, Sh. K., Agabekova, Zh. A., & Aksholakova, A. Zh. (2024). Problems of transliteration and translation of Kazakh geographical names. Slovo.ru: Baltic Accent, 15(1), 172–186. <https://doi.org/10.5922/2225-5346-2024-1-10>

А.С. Омарова¹, А.Б. Раисова², Г.А. Кожанова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

³«Флагман» физика-техникалық лицейі, Астана, Қазақстан

Жалқы есімдерді аудару мәселелері мен стратегиялары

Аңдатпа. Мәдени, тарихи және лингвистикалық ерекшеліктерге байланысты жалқы есімдер аудармада айтарлықтай қиындықтар тудырады. Мақалада эмпирикалық мәліметтер мен теориялық модельдерге назар аударып, әр түрлі тілдерден жалқы есімдерді аудару стратегиялары қарастырылады. Әдістемеге академиялық әдебиеттерге құрылымдық шолу және әдеби және ресми жанрлардағы қазақ, орыс, ағылшын және Қытай мәтіндеріне жағдайлық зерттеулер кіреді. Біздің талдауымыз Ньюмарк ұсынған және Фернандес кеңейткен аударма стратегиясының тұжырымдамасына негізделген, оның ішінде транслитерация, семантикалық аударма, бейімделу және ауыстыру. Зерттеу нәтижелері жалқы есімдерді аудару негізінен контекске байланысты екенін көрсетеді: құқықтық және ғылыми мәтіндер стандарттау мен транслитерацияны қажет етсе, көркем мәтіндер бейімделу және локализация арқылы үлкен икемділікті қамтамасыз етеді. Қазақ топонимдері мен антропонимдеріне ерекше назар аударылады, мұнда аудармадағы сәйкессіздіктер мағынасына да, халықаралық түсінікке де әсер етеді. Зерттеу жалқы есімдерді аудару түпнұсқа тіліндегі аударманың дәлдігі, аударма тіліндегі оқылым және мәдени маңыздылық арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді деген қорытындыға келеді. Аудармашылар контекстті ескеретін стратегияларды қолдануы және Ұлттық транслитерация стандарттары мен халықаралық жариялау нормаларына сәйкес келуі керек. Зерттеу жалқы есімді аудару көбінесе мәтіндік функцияға, аудиторияның күтуіне және атаудың мәдени жүктемесіне байланысты деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: жалқы есімдер, аударма стратегиялары, ономастика, мәдени бейімделу, эквиваленттілік.

А.С. Омарова¹, А.Б. Раисова², Г.А. Кожанова³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан

³Физико-технический лицей «Флагман», Астана, Казахстан

Проблемы и стратегии перевода имен собственных

Аннотация. Ввиду культурных, исторических и лингвистических особенностей имена собственные представляют значительные трудности при переводе. В статье рассматриваются стратегии перевода имен собственных с разных языков с акцентом на эмпирические данные и теоретические модели. Методология включает в себя структурированный обзор академической литературы и тематические исследования казахских, русских, английских и китайских текстов как литературных, так и официальных жанров. Наш анализ основан на концепции стратегии перевода, предложенной Ньюмарком и расширенной Фернандесом, включая транслитерацию, семантический перевод, адаптацию и замену. Результаты исследования показывают, что перевод имен собственных в значительной степени зависит от контекста: в то время как юридические и научные тексты требуют стандартизации и транслитерации, художественные тексты обеспечивают большую гибкость за счет адаптации и локализации. Особое внимание уделяется казахским топонимам и антропонимам, где несоответствия в переводе влияют как на значение, так и на международную понятность. В исследовании делается вывод о том, что перевод имен собственных требует соблюдения баланса между точностью перевода на языке оригинала, удобочитаемостью на языке перевода и культурной значимостью. Переводчики должны применять стратегии, учитывающие контекст, и соответствовать национальным стандартам транслитерации и международным нормам публикации. В исследовании делается вывод о том, что перевод имени собственного в значительной степени зависит от текстовой функции, ожиданий аудитории и культурной нагрузки самого имени.

Ключевые слова: имена собственные, стратегии перевода, ономастика, культурная адаптация, эквивалентность.

Information about the authors:

Omarova A.S. – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: omarova_a_s@mail.ru, ORCID: 0009-0005-2157-346X/.

Raisova A.B. – PhD, Expert Teacher, Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Kozhanova G.A. – English Teacher, Flagman Physics and Technology Lyceum, Astana, Kazakhstan. E-mail: yaila_lajeunefille@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9125-6367.

Омарова А.С. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: omarova_a_s@mail.ru, ORCID: 0009-0005-2157-346X.

Раисова А.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, эксперт-оқытушы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Кожанова Г.А. – ағылшын тілі мұғалімі, «Флагман» физика-техникалық лицейі, Астана, Қазақстан. E-mail: yaila_lajeunefille@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9125-6367.

Омарова А.С. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: omarova_a_s@mail.ru, ORCID: 0009-0005-2157-346X.

Раисова А.Б. – кандидат педагогических наук, преподаватель-эксперт, Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан. E-mail: university2021@bk.ru, ORCID: 0000-0001-8799-3401.

Кожанова Г.А. – учитель английского языка, Физико-технический лицей «Флагман», Астана, Казахстан. E-mail: yaila_lajeunefille@mail.ru, ORCID: 0009-0000-9125-6367.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



IRSTI 16.21.27

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-343-365>

Research article

Абайдың қара сөздерін оқытуда метатанымдық әдістердің ықпалы: жоғары оқу орнында қолдану тәжірибесі (анықтаушы эксперимент)

А.У. Исабек¹ , П.М. Адиева² , А.Б. Қалшабек³ 

^{1,2}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹boy_from_texas_24_95@inbox.ru, ²pakizatadiyeva@ayu.edu.kz, ³Kalshabek_Akjol@inbox.ru)

Аңдатпа. Мақалада Абайдың қара сөздерін жоғары оқу орнында метатанымдық әдістер арқылы оқытудың маңыздылығы қарастырылады. Мақаланың мақсаты – Абайдың қара сөздерін жоғары оқу орнында метатанымдық тәсілдер негізінде оқытудың тиімділігін анықтау үшін анықтау экспериментін жүргізу, білім алушылардың метатанымдық дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсыну және педагогикалық модель әзірлеу. Зерттеу барысында метатаным ұғымына қатысты теориялық тұжырымдар, ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибелер сараланып, олардың білім беру үдерісіндегі тиімділігі талданады. Метатану элементтерін оқу үдерісіне енгізу білімді терең әрі саналы меңгеруге, сыни ойлауды қалыптастыруға және білім алушылардың оқу әрекетін бақылау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Бүгінде білім алушылардың метатанымдық дағдыларын дамыту – жоғары білім берудің басым бағыттарының бірі. Осы орайда Абайдың қара сөздерін метатанымдық тұрғыдан оқыту – білім алушылардың тұлғалық және танымдық дамуын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін өзекті мәселе. Эмпирикалық зерттеу аясында білім алушылардың метатанымдық білімін анықтау мақсатында Лайкерт шкаласына негізделген сауалнама жүргізілді. Алынған деректерге сандық және сапалық талдау жүргізіліп, білім алушылардың метатанымдық ойлау дағдылары мен Абайдың қара сөздерін қабылдау деңгейі ғылыми негізде бағаланды. Зерттеу нәтижесінде Абайдың қара сөздерін метатанымдық тәсілмен оқыту білім алушылардың өзін-өзі бақылау, рефлексия жасау, оқу стратегияларын қолдану, мақсат қою, сыни ойлау сияқты дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға оң ықпал еткендігі анықталды. Мақалада ұсынылған әдістемелік модель жоғары білім беру жүйесінде тиімді қолдануға болатыны тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Түйін сөздер: Абай, қара сөздер, метатаным, метатанымдық әдістер, жоғары білім, Лайкерт шкаласы, тұлғалық даму.

Түсті: 15.07.2025; Жөнделді: 22.08.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

Кіріспе

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде тұлғалық, танымдық және әлеуметтік құзыреттіліктерді дамыту басты міндеттердің біріне айналып отыр. Осы орайда білім алушылардың метатанымдық дағдыларын қалыптастыру – оқытудың тиімділігін арттыратын заманауи әдістемелік тәсіл ретінде қарастырылады. Метатанымдық стратегиялар білім алушылардың өз оқу үдерісін бақылауына, мақсат қоюына, оқу барысындағы іс-әрекеттерін жоспарлау мен реттеуіне мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі, философиялық мазмұндағы мәтіндерді меңгеру кезінде маңызды. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Абай Құнанбайұлының қара сөздері – мазмұндық тереңдігі, ойлау жүйесіне әсер етуі және өмірлік тұжырымдарға жетелеуімен дараланған туындылар. Абай шығармалары – тек көркем мәтін ғана емес, сонымен қатар тұлғалық, рухани және танымдық дамуға ықпал ететін педагогикалық құндылық. Абайдың қара сөздерін метатанымдық тұрғыдан меңгерту арқылы білім алушылардың сыни ойлауын, рефлексия дағдыларын және оқу процесіне деген ішкі жауапкершілігін дамытуға қол жеткізуге болады. Осы мақалада жоғары оқу орнында Абайдың қара сөздерін метатанымдық әдістер арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында білім алушылардың танымдық белсенділігіне, ойлау әрекетіне, мәтінді интерпретациялау мен рефлексия жасау қабілеттеріне метатанымдық тәсілдердің ықпалы талданады. Бұл тәжірибе болашақ мамандардың әдеби-теориялық білімін ғана емес, сондай-ақ оқу үдерісін саналы түрде басқару дағдысын да қалыптастыруға бағытталған.

Заманауи білім беру парадигмасы тұлғаның өзін-өзі дамытуына, дербес танымдық әрекетін ұйымдастыра білуіне және рефлексияға қабілетті болуына басымдық береді. Осы тұрғыда метатанымдық қабілеттерді дамытудың маңыздылығы арта түсуде. Метатанымдық қабілеттері дамыған білім алушы өз оқу әрекетінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылады. Мұндай білім алушы нақты мақсаттар қоюды меңгеріп, өзіне деген сенімділігін арттырады, оқу үдерісіне белсенді түрде қатысады, проблемалық әрі қызықты сұрақтар қоюға бейім болады, сондай-ақ ақпаратты талдау мен бағалауға машықтанады. Бұл қабілеттер білім алушының пәнге деген танымдық қызығушылығын арттырып, білім мазмұнын терең әрі саналы меңгеруге ықпал етеді. Метатанымдық әдіс білім алушының дербес білім алуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Өздігінен білім алу дағдылары, яғни өзіндік жұмыс, осы әдістің басты тетігі саналады. Бұл білім алушының жауапкершілік сезімін арттырып, оқу мазмұнын түсінуге және оны өз тәжірибесінде қолдануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқу барысындағы кері байланыс және «әлсіз тұстарды» анықтау – метатанымның маңызды элементтері ретінде оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Метатанымдық білім – рефлексия, жоспарлау, бақылау сияқты элементтер арқылы білім алушылардың сыни ойлау қабілетін, оқу әрекетін басқару дағдысын және өзін-өзі реттеу механизмін дамытады. Метатанымдық әдіс – білім алушының өз ойлау үдерісін түсінуін, бақылауын және басқаруын қамтамасыз ететін танымдық-рефлексиялық әдіс. Бұл үдерістің табысты жүзеге асуы оқытушылардың метатанымдық дайындығына тікелей байланысты. Олай дейтініміз жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін болашақ педагогтер метатанымдық дағдыларды қалыптастырудың тиімді әдістерін меңгеру керек.

Метатанымдық әдіс білім алушының оқу материалын саналы түрде меңгеріп қана қоймай, жеке оқу стратегияларын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алуда туындайтын қиындықтарды анықтауға, оларды түзету жолдарын табуға және оқу үдерісін тиімді реттеуге үйретеді. Соның нәтижесінде білім алушының оқу әрекетіне белсенді түрде қатысып, мақсат қойып, оған жету жолдарын таңдауда жауапкершілік танытады, сондай-ақ сыни ойлау мен зияткерлік рефлексия дағдыларын дамытады. Метатанымдық әдіске негізделген педагогикалық үдеріс білім алушының жалпы танымдық белсенділігін арттырып, ақыл-ой әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіреді және дербес әрі кәсіби іс-әрекетке бейімделуін тиімді жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық мүмкіндіктерді ашады. Бұл әдістің жүйелі қолданылуы білім алушының оқу үдерісіндегі белсенділігін арттырып, білімге деген ынтасын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға және өмір бойы білім алуға қабілетті тұлға ретінде дамуына негіз қалайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B01716 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылардан метатанымдық білім мен Абайдың қара сөздерін метатанымдық әдістер арқылы оқытудың тиімділігін айқындауға бағытталған сауалнама сұрақтары әзірленді. Зерттеу аясында респонденттердің метатанымдық деңгейлері мен осы бағытқа қатысты көзқарастарын бағалау мақсатында 20 сұрақтан тұратын Лайкерт шкаласына негізделген сауалнама қолданылды. Сауалнаманың мақсаты инновациялық білім берудегі білім алушылардың метатанымдық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау. Эмпирикалық зерттеу барысында сауалнамаға 45 білім алушы қатысып, зерттеу деректері сол респонденттердің жауаптарына негізделіп жинақталды. Сауалнама нәтижелері сандық әдіс бойынша өңделіп, деректер орташа мәндер мен пайыздық көрсеткіштер негізінде талданды. Зерттеу тақырыбына байланысты білім алушылардың сапалы пікірлерін талдау мақсатында сапалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысы сапалық және сандық әдістерді ұштастыру арқылы жүзеге асырылды. Бұл әдіснама Абай Құнанбайұлының қара сөздерін жоғары оқу орындарында метатанымдық тұрғыдан оқыту тәжірибесін талдауға, сондай-ақ білім алушылардың оқу процесіндегі метатанымдық қабілеттерінің деңгейін айқындауға бағытталды. Сауалнама нәтижесінде Абай қара сөздерін оқытуда метатанымдық әдістерді қолданудың қажеттілігі анықталып, зерттеу мәселесі бойынша практикалық ұсыныстар берілді. Абайдың қара сөздері – қазақ әдебиетіндегі философиялық, танымдық және тәрбиелік құндылығы жоғары көркем туынды. Зерттеу барысында Абай қара сөздерін метатанымдық тұрғыдан меңгерту білім алушылардың сыни ойлауын, рефлексиялық қабілеттерін, сондай-ақ оқу әрекетін өздігінен басқару дағдыларын дамытуға ықпал ететіні дәлелденді. Бұл мақалада білім берудегі метакогнитивтік тұжырымдардың негізгі аспектілерін және олардың білім беру процесіне әсеріне талдау жүргізіледі.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі жаһандану жағдайындағы жоғары білім беру жүйесі білім алушылардың тек кәсіби білім алуын ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық, рухани және ойлау

қабілеттерін жан-жақты дамытуын мақсат етеді. Бұл тұрғыда білім алушының өзін-өзі тануға, өз оқу әрекетін басқаруға және рефлексия жасауға бағытталған метатанымдық қабілеттерін қалыптастыру – заманауи педагогиканың өзекті міндеттерінің бірі болып отыр. Әсіресе гуманитарлық білім беру кеңістігінде, атап айтқанда, көркем әдебиетті оқытуда метатанымдық әдістерді қолдану білім алушылардың танымдық және тұлғалық дамуына ерекше серпін береді.

Метатаным – бұл адамның өз ойлау үдерісі туралы білімі мен оны басқару қабілеті. Метатаным ұғымын 1976 жылы Джон Флейвелл (ағылш. John Flavell) енгізіп, оны адамның танымдық үдерістердің негізгі ерекшеліктері мен оларды бақылау тәсілдері жөніндегі білімдерінің жиынтығы ретінде анықтады. Ғалым метатанымды «ойлауды бақылау, қадағалау және реттеу» қабілеті ретінде сипаттап, оның оқу үдерісіндегі маңызын атап өтті. Кейінгі зерттеушілер, соның ішінде Р. Schraw және М. Dennison (1994), метатанымдық үдерісті екі негізгі құрамдасқа бөліп қарастырды: метатанымдық білім (тұлғаның өзінің танымдық процестері туралы білімі) және метатанымдық реттеу (оқу барысында мақсат қою, жоспарлау, бақылау, бағалау стратегиялары). Бұл компоненттер білім алушының өз оқу әрекетіне саналы түрде араласуын және оқу сапасын арттыруын қамтамасыз етеді.

Метатанымдық әдістерді жоғары білім беру жүйесіне енгізу соңғы жылдары кеңінен зерттелуде. Бұл әдістер білім алушының жеке оқу жоспарын құруына, оқу мақсаттарын нақтылауына, оқу материалын меңгеру стратегиясын таңдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсілдер оқыту үдерісін рефлексиялық, белсенді және тұлғалық бағдарлы етуге ықпал етеді. G. Veenman (2006), L. Baker (2005) сынды зерттеушілердің еңбектерінде метатанымдық стратегияларды жүйелі қолдану білім алушының танымдық белсенділігі мен академиялық жетістіктерін айтарлықтай арттыратыны дәлелденген. ЖОО білім алушылары үшін метатанымдық қабілеттер – кәсіби қалыптасу, күрделі ақпаратты өңдеу және өмір бойы білім алу дағдыларының іргетасы болып табылады.

Метатаным үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

1. Метатанымдық білім – танымдық процестерді білу, түсіну, сонымен қатар жеке адамның танымдық үдерісінің күшті және әлсіз жақтарын түсіну.

2. Метатанымдық реттеу – оқу барысын реттей алу қабілеті.

3. Метатанымдық тәжірибе – адамның оқу үдерісінде жинақтайтын тәжірибесі. Метатанымдық тәжірибе ойлау үдерістерін бақылауға, оларды жоспарлауға, реттеуге және үйлестіруге мүмкіндік береді.

Метатанымдық дағдыларды меңгерген адам өз танымының қалай жұмыс істейтінін түсінеді. Ол ойлау мен ақпаратты қабылдаудағы өз қателіктерін байқай алады, оқуға деген көзқарасын өзгертіп, нақты жағдайға сай келетін ең тиімді оқу стратегиялары мен тапсырмаларды шешу жолдарын таңдай біледі. Мұндай өзін-өзі бақылау оған сапалы білім алуға, сондай-ақ туындаған мәселені шешуге икемді болады. Метатанымдық білім метатанымдық мақсат-міндеттермен, метатанымдық әрекеттермен немесе стратегиялармен және метатанымдық тәжірибемен тығыз байланысты. Метатанымдық мақсаттар мен стратегиялар – бұл танымды басқаруға және реттеуге бағытталған процестер. Олар танымдық үдерісті жүзеге асыруға арналған.

Метатанымдық стратегиялар – бұл білім алушының оқу процесін саналы түрде ұйымдастыру және қадағалауына мүмкіндік беретін, танымдық әрекетті басқаруға бағытталған тәсілдер. Бұл стратегиялар қатарына жоспарлау, мақсат қою, өзін-өзі бақылау, бағалау жатады. Жоспарлау – зерттелетін материалдың ауқымын анықтау және оны тиімді меңгеру үшін бөліп жоспарлау дағдыларын қалыптастырады. Мақсат қою – оқу барысында нені үйрену және қандай нәтижеге қол жеткізу қажет екенін түсіне отырып, нақты оқу мақсаттарын айқындауға көмектеседі. Мониторинг (өзін-өзі бақылау) – оқу процесінде өз әрекетін бақылау, қажет болған жағдайда көмек көздерін табу, туындаған қиындықтарды шешу қабілетін жетілдіреді. Бағалау – қолданылған стратегиялардың тиімділігін саралап, оқу нәтижелерін сын тұрғысынан бағалай білуге негізделеді. Метатаным – бұл жеке тұлғаның есте сақтау стратегиялары, ақпаратты өңдеу тәсілдері, мәселені шешу жолдары сияқты өз оқу үдерісіне қатысты білімдері. Метатанымдық үдерістер (көне грек тілінен *мета* – «ары қарай», «шектен тыс» және латынша *cognitio* – «білім») – бұл адамның өзінің танымдық үдерістерін ұғына алуы және ойлау қызметі туралы ой жүгірту қабілеті. «Мета» – ғылыми, философиялық, психологиялық терминологияда жоғарғы деңгейдегі ұғыну мен құрылымды білдіреді.

Мететаным – өз ойлау әрекеттерін рефлексивті бағалау. Метатанымды «білім туралы білім» («знание о знании»), «ойлау туралы ойлау» («мышление о мышлении»), «сананы ұғыну, метатанымдық сана» («осознание осознания») деген тіркестермен сипаттауға болады. Метатанымға қатысты алғашқы ойлар Аристотельдің «Жан туралы» философиялық еңбегінде кездеседі. Метатаным терминін алғаш рет 1979 жылы Джон Флейвелл (John Flavell) метатаным ұғымын алғаш енгізген американдық психолог. Ол 1979 жылы адамның өзінің ойлау процесін ұғынуымен реттеу қабілетін сипаттай отырып, бұл ұғымды ғылымға алып келді. Флейвеллдің пайымдауынша, метатаным – бұл адамның өз танымдық қызметін бақылауы, жоспарлауы, бағалауы және реттеуі. Ғалым метатанымды метакогнитивтік білім (адамның өз танымы мен оқу тәсілдері туралы білім) және метакогнитивтік реттеу (адамның оқу процесінде стратегия қолдануы мен оны қадағалауы) деп екіге бөліп қарастырады. Флейвеллдің зерттеулері қазіргі білім беруде кеңінен қолданылады, әсіресе білім алушылардың өз оқуын басқару дағдыларын дамытуда үлкен маңызға ие.

Ғалым Брунердің метатанымдық білім берудегі психологиялық және педагогикалық ойлары – білім алушының саналы ойлауын, өзіндік оқу үдерісін басқаруын дамытуға бағытталған. Ғалым бұл ұғымды білім беруде маңызды рөл атқаратын когнитивтік психологиямен тығыз байланыста қарастырды. Д. Брунер психология мен педагогикада танымдық (когнитивтік) тәсілдің маңызы зор екендігін атап өтеді. Ғалымның тұжырымдауынша, білім беру үдерісінде когнитивтік тәсілді қолдану білім алушыларды пассивті тыңдаушы ретінде емес, белсенді әрі шығармашыл тұлға ретінде қалыптастырады. Брунер оқуды пассивті қабылдау емес, керісінше, білім алушының өз тәжірибесіне сүйене отырып, ақпаратты белсенді өңдеу процесі ретінде сипаттады. Яғни Брунер ойлауды танымдағы белсенді әрекет деп бағалайды. Оқу – белсенді танымдық үдеріс. Ал метатану – саналы ойлау қабілеті. Метатанымдық дағды – адамның өз ойлау әрекетін бақылай алуы, қателіктерді түзеу, және логикалық рефлексия жасай алу дағдысы. Ол білім алушының интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамытып, тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады. Білім беруде оқу мотивациясы –

білім алушының танымдық белсенділігі мен жетістікке жетуіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі. Брунердің пікірінше, ішкі мотивация мен метатаным тығыз байланысты. Егер білім алушы неліктен және қалай оқып жатқанын түсінсе, оның танымдық мотивациясы артады.

Брунер оқу мазмұнын қарапайымнан күрделіге қарай спираль түрінде қайталап оқыту қажет деп ұсынды. Бұл тәсіл арқылы білім алушы әр деңгейде метатанымдық рефлексия жасауға бейімделеді. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Д. Брунердің «Білім беру үдерісі» атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделген. Д. Брунер метатанымның негізі ретінде индуктивті оқыту және сұрақ қоюдың маңызын атап өтеді. Брунер «оқушыға дайын білімді берме, білімді өз бетімен игеруге мүмкіндік жаса» деген қағиданы ұстанды. Бұл — метатанымдық ойлауды дамытудың тікелей жолы. Брунердің көзқарасы бойынша, білім беру жүйесі білім алушының танымдық әрекетін басқаруға, саналы түрде ойлау мен оқу дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Оның психологиялық және педагогикалық идеялары – метатанымдық білім берудің теориялық негізін қалаған маңызды қағидаттардың бірі.

Когнитивтік және метакогнитивтік стратегияларды білім беру саласында қалыптастыру мәселесі көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Атап айтқанда, О.В. Лазарева, М.Л. Шер., Л. В Миронов, А.А. Плигин, Е.Ю. Савин, Д. Рубин, А. Томпсон және басқа да зерттеушілер таным және оқу процесінің тиімділігі ең алдымен саналы түрде жүзеге асқанда артатынын атап көрсетеді. Яғни, білім алушылар нені және не үшін оқып жатқанын түсінген жағдайда оқу үдерісі анағұрлым нәтижелі болады. Ғалым О.В. Лазареваның пайымдауынша, метакогнитивтік әрекеттер – бұл тұлғаның оқу іс-әрекеті барысында өз таным үдерісін реттейтін және өзін оқу субъектісі ретінде тануға көмектесетін стратегиялар жиынтығы. Ғалым О.В. Лазарева «К вопросу влияния метакогнитивных процессов на понимание научного текста» (Лазарева, 2012) атты зерттеуінде ғылыми мәтіндерді түсіну үдерісінде метатанымдық процестердің маңызына ерекше назар аударады. Автордың пікірінше, метакогнитивтік стратегияларды қолдану оқырманның мәтінді терең түсінуіне, мазмұнды талдауына және ақпаратты саналы түрде меңгеруіне оң ықпал етеді.

Шер & Мироновтың (2024) «Метакогнитивные навыки в образовании: ключевые аспекты, педагогические условия формирования» атты зерттеуі білім беру саласында метакогнитивтік дағдыларды қалыптастыру мен дамыту мәселелерін қарастырады. Бұл дағдылар білім алушылардың өзін-өзі басқаруына және дамытуына ықпал етеді. Сондай-ақ метатанымның білім алушылардың тұлғалық қалыптасуы мен дамуына, оқу процесінің жүруіне және жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне әсері сипатталған. Перикова және т.б. (2020) «Психология метапознания» атты еңбегінде оқу әрекетіндегі метакогнитивтік үдерістер мен метатаным мәселелері жан-жақты және терең қарастырылады.

Ғалым Г. Байтасова (2024) «Білім берудегі метакогнитивтік тұжырымдамаларға сипаттама» атты мақаласында метакогнитивтік білімнің маңызын атап өтеді. Метатанымдық тұжырымдар қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады, әсіресе танымдық үдерістерді дамыту және оқыту сапасын жетілдіру жағдайында өзектілікке ие. Ғалым зерттеу барысында білім берудегі метатанымдық тұжырымдарға қатысты теориялар, ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибелерді қарастырады. Метатанымдық

тұжырымдардың білім беру процесіне ықпалы анықталады. Мұндай тәсіл білім беру қызметін метатанымдық аспектілерді ескере отырып құрылымдауға мүмкіндік береді, сонымен қатар білімді терең әрі тиімді меңгеруге, сыни ойлауды дамытуға және оқу әрекетін өзін-өзі реттеуге ықпал етеді. Білім берудің заманауи педагогикалық үлгілерін талдау қашан да білім алушылардың интеллектуалдық белсенділігін дамыту үшін метатанымды пайладанудың мүмкіндіктері мен болашағы туралы ой қозғайды. Осыған байланысты метатанымдық процестерді инновациялық әдістермен үйлестіре қолдану – сапалы білім берудің басты алғышарттарының бірі ретінде қарастырылады. «Метакогнитивті процестер адамның танымдық процестерін білу, бақылау және реттеу қабілетін сипаттайды. Білім алушылардың өзін-өзі реттеу, жоспарлау, бақылау және өз білімін бағалау қабілетін анықтайтындықтан, білім беру процесінде маңызды болып келеді». Ғалымның айтуынша метатаным түсінігі контекстінде «таным» мен «метатаным» арасындағы айырмашылықты атап өту маңызды. «Таным» бір нәрсені түсіну мен тануды білдіреді, ал «метатаным» адамның қалай білім алуды үйренетіні туралы анықтауды білдіреді. Таным ақпаратты алу және оны түсіну үшін маңызды, ал метатаным оқу процесін бақылау, дамыту және бағалау және білімді жаңа жағдайларда қолдану үшін қажет.

Panigrahi et al. (2025) «The impact of meta-cognitive skills on students learning» атты мақаласында метакогнитивтік дағдылардың білім алушылардың оқу үлгеріміне әсері жүйелі әдеби шолу арқылы зерттеледі. Зерттеулерге сүйене отырып, авторлар метатанымдық стратегиялардың (жоспарлау, өзін-өзі бақылау, бағалау) оқу сапасын арттыратынын анықтайды. Ғалымдардың тұжырымдауынша әсіресе STEM саласындағы білім алушылар үшін бұл тәсілдер тиімді деп танылған. Сонымен қатар, зерттеуде білім алушылардың өзін-өзі реттеу, мотивация және шығармашылық дағдыларының дамуына ықпалы сипатталады. Қазіргі заманғы білім беру үдерісінде метатанымдық оқыту әдістерінің рөлі артып келеді. Бұл бағыт бойынша Scopus базасында жарияланған зерттеулер метатанымдық дағдылардың білім алушылардың танымдық белсенділігі мен оқу жетістіктерін арттырудағы маңызын ғылыми түрде дәлелдейді. Petříková M.«Metacognition in the Teaching of Literature» атты зерттеуінде әдебиетті оқытулағы метатаным мәселелер қарастырылады. Автор көркем мәтінді білім алушының когнитивтік және әртүрлі оқу дағдыларын дамытуға ықпал ететін негізгі оқу материалы ретінде қарастырады. Автор әдебиеттану ғылымына тән метатанымдық білімді меңгеру және дамытуға ықпал ететін оқу стратегиялары мен әдістерін жоғары деңгейдегі танымдық ойлау шеңберінде ұсынады (Petrikova, 2017).

«Metacognitive strategies and development of critical thinking in higher education» атты зертеу метатанымдық стратегиялардың (жоспарлау, өзін-өзі бақылау, бағалау) білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді (Saiz & Rivas, 2022). Зерттеу барысында оқу үдерісінде метакогнитивті тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылар ақпаратты тек меңгеріп қана қоймай, оны талдап, қайта құрып, бағалай алатыны дәлелденеді. Сонымен қатар, Hamzah et al. (2022) «Systematic Literature Review on the Elements of Metacognition Based Higher Order Thinking Skills (HOTS) Teaching and Learning Modules» деген зерттеуі метатанымдық элементтерге негізделген жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын (HOTS) қалыптастыруға бағытталған оқу модульдерін талдауға арналған. Ғалымдар аталған оқу моделін әртүрлі пәндерге енгізудің

құрылымдық және мазмұндық негіздерін ұсынады. Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын (HOTS - бұл ағылшын тіліндегі Higher Order Thinking Skills тіркесінің қысқартылған түрі, қазақшаға «жоғары деңгейлі ойлау дағдылары» деп аударылады) дамытуға бағытталған заманауи білім беру тәсілдері қазіргі оқыту үдерісіндегі негізгі тенденциялардың біріне айналды. HOTS Блум таксономиясының жоғарғы сатысына сәйкес келетін талдау (analyzing), синтез (synthesizing), бағалау (evaluating), шығармашылық өнім (creating), мәселе шешу (problem-solving), сыни ойлау (critical thinking), шешім қабылдау (decision-making) сияқты дағдыларды қамтиды. Абай қара сөздері терең философиялық ойларға құрылған рухани мұра. Абай қара сөздері адам болмысы, мораль, білім, дін, тәрбие, қоғам мәселелерін қамтитын рухани-танымдық дүниелерді қамтиды. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік, дін туралы ойлары тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары – бұл білім алушылардың талдау, салыстыру, бағалау, дәлелдеу және жаңа идеялар ұсыну қабілетін қамтитын күрделі когнитивтік процестер. Абайдың қара сөздері осы дағдыларды дамытуға тиімді әдеби материал бола алады. Абайдың қара сөздерін оқытуда қалыптасатын жоғары деңгейлі ойлау дағдылары 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары

№	Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары (HOTS)	Анықтама	Абайдың қара сөздерін оқытуда қалыптасатын дағдылар
1	Талдау (analyzing)	Ақпаратты жүйелеп, оны тереңірек түсінуге көмектесетін маңызды ойлау әрекеті.	Абайдың қара сөздеріндегі тақырып пен идеяға талдау жасау. Абайдың қара сөздеріне талдау (анализ) жасау – ақынның ойлау жүйесіне, дүниетанымына үңіліп, оның идеяларының мәні мен маңызын тереңірек түсіну.
2	Синтез (synthesizing)	Мағлұматтарды біртұтас құбылыс ретінде жинақтау.	Әртүрлі қара сөздердегі идеяларды біріктіріп, өмірлік тұжырым жасау.
3	Бағалау (evaluating)	Ақпараттың дәлдігі мен идеялардың құндылығын бағалау.	Абайдың айтқан пікірлерінің бүгінгі қоғаммен үйлесімділігін бағалау.
4	Шығармашылық (creating)	Білімді жаңа жағдаятта қолдана отырып тың өнім шығару.	Абайдың ойларын негізге ала отырып эссе, өлең немесе шығарма жазу, жоба әзірлеу, бейнеролик жасау, ғылымизерттеу жоспарын құрастыру, мәселені шешудің жаңа әдісін ұсыну.
5	Мәселе шешу (problem-solving)	Мәселеге бірнеше шешім ұсынып, тиімдісін таңдау.	Қара сөздерден алынған өмірлік жағдайларды шешу жолдарын ұсыну.

6	Сыни ойлау (critical thinking)	Ақпаратты терең талдап, оны бағалап, дәлелдерге, логикаға және нақты деректерге сүйене отырып қорытынды жасау.	Абайдың қара сөздерінде кездесетін ойларды саралап, бағалап, дәлелдер мен логикалық тұжырымдар арқылы пікір білдіру.
7	Шешім қабылдау (decision-making)	Әртүрлі мүмкіндіктерді салыстырып, логикалық ойлау, сезім және тәжірибе арқылы дұрыс шешім қабылдау.	Қара сөздегі ұсыныстар негізінде нақты өмірлік шешім қабылдау

Метатанымдық дағдылар – бұл білім алушының өзінің ойлау, оқу және түсіну әрекеттерін саналы түрде бақылап, бағалап, реттей алуы. Бұл дағдылар білім алушыны пассивті қабылдаушыдан белсенді ізденушіге айналдырып, оқу сапасын арттырады. Яғни, «Менің бұл туралы ойым қандай?», «Білімді қалай тиімді меңгере аламын?», «Қай жерде қате жібердім?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы жұмыс жүргізу. Метатанымдық әдістерді қолдану білім алушыларға төмендегідей дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді:

– **Мақсат қою, оқу үдерісін жоспарлау** – мақсатты айқындау, оқу стратегияларын тал-қылау және жұмыс кезеңдерін жоспарлау.

– **Өзін-өзі бақылау арқылы күшті және әлсіз жақтарын түсіну** – білім алушы өзінің оқу процесін бақылап, жетістіктері мен әлсіз жақтарын бағалай алуы. Оқу үдерісін бақылау, қолданылып жатқан әдістердің тиімділігін бағалау және қажет болған жағдайда өз тәсілін түзету.

– **Оқу әрекетін басқару** – оқу барысында қиындықтар кездескен жағдайда, өз оқу әрекетін қайта ұйымдастыру, оқу тәсілін өзгерту, оқу стратегияларын қайта қарау арқылы оқу тиімділігін арттыру.

– **Тиімді оқу стратегияларын қолдану** – тиімді оқу үшін түрлі тәсілдерді (есте сақтау, жазып алу, сызба жасау, сұрақ қою) жүйелі пайдалану.

– **Нәтижелерді бағалау** – бұлоқу немесе іс-әрекет процесінен кейін қол жеткізілген нәтижелерді талдау және сараптау. Бұл кезеңде білім алушы қандай мақсаттарға жеткенін, қандай қиындықтар кездескенін, алдағы уақытта нені жақсартуға болатынын саналы түрде бағалайды.

– **Рефлексия** – білім алушылардың «Не үйрендім?», «Қалай үйрендім?», «Маған не көмектесті?» деген сұрақтар арқылы өзінің жетістіктері мен әлсіз тұстарын бағалауы.

Метатанымдық дағдылар немесе метатаным – бұл адамның когнитивтік (танымдық) үдерістерін саналы түрде түсіну, бақылау және реттеу. Бұл дағдыларға оқу әрекетін жоспарлау, бақылау жүргізу және бағалау жатады. Олар оқыту, мәселе шешу және мақсатқа жету барысында аса маңызды рөл атқарады. Метатанымдық білім жеке тұлғаның өз когнитивтік қабілеттері, күшті және әлсіз жақтары туралы, сондай-ақ түрлі оқу стратегиялары туралы білімі. Метатанымдық реттеу оқу барысында әрекеттерді жоспарлау, бақылау және бағалау қабілеті, сонымен қатар нәтижелерге байланысты қолданылатын стратегияларды өзгерту, түзету. Метатанымдық дағдылар білім алушыларға тиімді оқу стратегияларын қолдануға, өз алдына мақсат қоюға, оқу барысын жоспарлауға, жетістігін бағалап отыруға жағдай жасайды. Сондай-ақ метатанымдық дағдылар білім алушының өз бетімен білім алуға деген қабілетін

арттырады, жаңа ақпаратты тез меңгеруге, сыни ойлау мен күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытады, оқу үдерісін тиімді әрі саналы ұйымдастыруына жағдай жасайды. Метатанымдық дағдылар – қазіргі білім берудің маңызды құрамдас бөлігі, ал оларды дамыту – білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына тікелей әсер етеді. Осы орайда қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының қара сөздері – білім алушының дүниетанымына, құндылық жүйесіне ықпал ететін терең мазмұнды рухани мұра болып табылады. Қара сөздер тек этикалық-эстетикалық идеяларды ғана емес, сонымен қатар адамның ойлау мәдениеті мен өзін-өзі тануына негіз болатын философиялық ұстанымдарды да қамтиды. Сондықтан Абай шығармаларын метатанымдық тұрғыдан оқыту – білім алушының тек мәтінді түсіну қабілетін ғана емес, сонымен қатар оқу процесіне деген рефлексиялық қатынасын, өзіндік пікірін қалыптастыруын, ішкі мотивациясын дамытуды көздейді.

Метатанымдық әдістердің жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде қолданылуы оқытудың тұлғалық, белсенді, саналы сипат алуына ықпал етеді. Бұл әдістер білім алушылардың өз оқу мақсаттарын анықтауына, оқу стратегияларын таңдауға, оқу барысын бағалап, түзетіп отыруына мүмкіндік береді. Абайдың қара сөздерін меңгертуде заманауи цифрлық технологияларды, оның ішінде мобильді қосымшаларды метатанымдық тәсілдермен біріктіру – білім алушының оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етудің бір жолы. Бұл ретте ғалымдар: «Мұндай мобильді қосымшаларды сабақ барысында ұтымды қолдану тілдік материалды бекітуге зор ықпал етеді» деп атап көрсетеді А.Ораз, Қ.Маликов (2023). Оқу барысында өзіндік ойлау әрекетін бақылауға дағдыланған білім алушы – болашақта өмір бойы білім алуға, кәсіби міндеттерін тиімді шешуге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Метатанымдық құзыреттілікті дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының біріне айналууда. Бұл құзыреттілік білім алушының өзіндік ойлауын бақылауы, реттеуі және тиімді стратегияларды қолдануы арқылы жүзеге асады. Осы мәселеген байланысты Саипованың (2025) зерттеуі метатанымдық құзыреттілікті дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастырып, оқу процесінде метатанымдық тәсілдерді жүйелі түрде қолдану білім алушының танымдық белсенділігі мен рефлексиялық дағдыларын арттыратынын атап көрсетеді. Шакен (2021) өз зерттеуінде инновациялық білім беру аясында білім алушылардың метатанымдық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттарына тоқталып өтеді. Автор метатанымдық дағдыларды қалыптастыруда мұғалімнің жетекшілік рөлі, оқыту формалары мен оқушының өз оқуын саналы түрде басқаруы аса маңызды екенін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын арттыруда метатанымдық білім берудің ықпалы зор екенін көрсетеді. Аталған еңбектер метатанымдық құзыреттілікті дамытудың теориялық және практикалық аспектілерін ашып көрсетіп, бұл бағыттағы ғылыми-әдістемелік негізді тереңдетуге үлес қосады.

Метатанымдық теорияларды қазақ әдебиетін оқытуға бейімдеу – білім алушылардың тұлғалық дамуына, ойлау мәдениетінің қалыптасуына және саналы оқу әрекетіне жол ашады. Бұл орайда қазақ руханияты мен көркем ойының шыңы саналатын Абай Құнанбайұлының қара сөздері ерекше орын алады. Әдебиет сабағы – білім алушылардың тілдік, танымдық және рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды пән. Әдебиет сабағы – көркем мәтінді оқу ғана емес, сонымен қатар білім алушының адамгершілік ұстанымын

қалыптастыруға, эстетикалық талғамын жетілдіруге және ойлау дағдысын дамытуға бағытталады.

Зерттеу жүргізу барысында зерттеуші әдетте екі түрлі дереккөзбен жұмыс істейді: біріншісі – бастапқы деректер, екіншісі – қолда бар дайын деректер. Жалпы алғанда, уақыт жағынан тиімді әрі үнемдісі – қолда бар деректерді пайдалану. Оларға әртүрлі құжаттар, бұрын жасалған ғылыми зерттеулер, ресми статистикалық мәліметтер және тағы басқа дереккөздер жатады. Зерттеу сұрақтарына сәйкес келетін дайын мәліметтер болмаған жағдайда бастапқы деректерді жинау қажеттілігі туындайды. Бастапқы деректерді жинаудың кең таралған үш әдісі бар. Олар: *сауалнама жүргізу, сұхбат алу, бақылау жүргізу*. «Бастапқы дерек – ғалымның зерттеу мақсатына сәйкес жинайтын арнайы дерегі. Бұл деректі зерттеу процесінен бөліп қарауға болмайды. Бастапқы дерек – өзекті әрі зерттеушінің толық меншігіндегі дерек, ең маңыздысы, ол зерттеуші зерделейтін нақты бір мәселеге арналады. Бастапқы деректі жинаудың ең көп таралған тәсілі – сауалнама мен сұхбат» (О'Лири, 2020). Жалпы зерттеу жұмысы тақырыпты таңдау, зерттеу сұрағын дайындау, зерттеудің маңызын дәлелдеу, зерттеуге қатысты теориялық материалдарды жүйелеу және пайдалану, зерттеу әдістерін дизайндау, әдебиетке шолу жасау, талдау мен нәтижелерді негіздеу, қорытынды жасау сияқты зерттеу процесінен тұрады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында білім алушылардың метатаным туралы білім деңгейі мен Абайдың қара сөздерін түсінуінде қандай қиындықтар кездесетінін анықтау мақсатында бастапқы эксперимент жүргізілді. Анықтау экспериментін жүргізу барысында Лайкерт шкаласы бойынша сауалнама сұрақтары дайындалды. Ренсис Лайкерт әзірлеген Лайкерт шкаласы педагогикалық зерттеулерде көп қолданылатын жиынтық бағалау шкаласы. Лайкерт шкаласы сауалнамалық зерттеулерде нақты көзқарастарды, құндылықтарды, пікірлерді өлшеу үшін қолданылатын өлшеу шкаласының ең көп тараған түрі. Сауалнама тақырыбы «Метатанымдық түсінік және Абайдың қара сөздерін жоғары оқу орнында оқытуда метатанымдық әдістердің тиімділігі» мәселесін қамтыды. Сауалнама мақсаты – білім алушылардың метатаным ұғымына қатысты түсінік деңгейін, оқу процесінде метатанымдық дағдыларды қолдану тәжірибесін және Абайдың қара сөздерін меңгеруде метатанымдық әдістердің тиімділігін анықтау. Сауалнамаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы 2-3 курс білім алушылары қатысты. Респондент саны – 45 білім алушыны құрады. Сауалнамада берілген 10 тұжырым (1-10) метатанымдық түсінік пен білім алушылардың бойында қалыптасқан метатанымдық дағдыларды анықтау мақсатында әзірленді. Білім алушылардың Абайдың қара сөздерін қабылдау және түсінуі жайлы ақпаратты алу мақсатында 5 тұжырым (11-15) ұсынылды. Респонденттер әр сұраққа өз пікірлерін төмендегі бес балдық бағалау шкаласы арқылы білдірді:

Бағалау шкаласы:

- 1 – Мүлде келіспеймін
- 2 – Келіспеймін
- 3 – Бейтараппын
- 4 – Келісемін
- 5 – Толық келісемін

Бұл шкала респонденттердің белгілі бір тұжырыммен қаншалықты келісетінін немесе келіспейтінін не бейтарап қалғанын анықтауға мүмкіндік береді. Төмендегі 2-ші

кестеде Лайкерт шкаласы бойынша жүргізілген алғашқы деректерді жинау мақсатында алынған сауалнама сұрақтары берілген.

Кесте 2. «Метатанымдық түсінік және Абайдың қара сөздерін жоғары оқу орнында оқытуда метатанымдық әдістердің тиімділігі» (анықтау эксперименті кезінде Лайкерт шкаласы бойынша жүргізілген сауалнама сұрақтары)

№	Сұрақтар	1	2	3	4	5
1	Мен сабақ барысында өз оқу мақсаттарымды нақты қоя аламын.	☐	☐	☐	☐	☐
2	Сабақ барысында не үйреніп жатқанымды бақылаймын.	☐	☐	☐	☐	☐
3	Қиын мәтіндермен жұмыс істегенде түрлі оқу стратегияларын қолдануға тырысамын.	☐	☐	☐	☐	☐
4	Өз білімімді жиі бағалап, жетістіктерім мен кемшіліктерімді саралаймын.	☐	☐	☐	☐	☐
5	Өз бетімен білім алу маған жаңа ақпаратты тез әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.	☐	☐	☐	☐	☐
6	Менің метатанымдық білім, метатанымдық дағды деген ұғымдар жайлы түсінігім қалыптасқан.	☐	☐	☐	☐	☐
7	Мен метатанымдық дағдыларды қалыптастырудың әдістерін білемін	☐	☐	☐	☐	☐
8	Мен оқу үдерісінде өзімді бақылау жәнестратегияларды өзгерту арқылы тәжірибе жинақтаймын.	☐	☐	☐	☐	☐
9	Мен оқу үдерісінде туындаған қиындықтарды өзім шешуге тырысамын.	☐	☐	☐	☐	☐
10	Мен Абайдың барлық қара сөздерінің мазмұнымен таныспын және ондағы идеяларды түсіне аламын.	☐	☐	☐	☐	☐
11	Қара сөздерді оқу, олардың мазмұнын түсіну жастарға қиындық туғызады.	☐	☐	☐	☐	☐
12	Абайдың қара сөздерін оқу мені тереңірек ойлануға итермеледі.	☐	☐	☐	☐	☐
13	Абайдың қара сөздерін оқу – рухани дамуға қажет деп есептеймін.	☐	☐	☐	☐	☐
14	Абай шығармалары менің өмірлік құндылықтарыма әсер етті.	☐	☐	☐	☐	☐
15	Абайдың қара сөздерін оқу білім алушылардың сыни ойлау және күрделі мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.	☐	☐	☐	☐	☐

Ұсынылып отырған сауалнама – білім алушылардың метатанымдық түсінігін, оқу стратегияларын қолдану деңгейін және Абайдың қара сөздерін қабылдау ерекшеліктерін анықтауға бағытталған құрал. Бұл сауалнама Лайкерт шкаласына негізделіп, респонденттердің жеке оқу үдерісіне деген көзқарасын, өзін-өзі бақылау және

бағалау дағдыларын, сондай-ақ Абай шығармаларымен жұмыс жасауға деген ішкі дайындықтарын бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнамада берілген сұрақ бойынша қанша білім алушы қандай бағалау шкаласын таңдағанын көрсететін нақты сандық зерттеу (1–5 шкала бойынша) төмендегі 3-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 3. Анықтау эксперименті кезінде Лайкерт шкаласы бойынша жүргізілген сауалнама жауаптарының орташа мәні мен пайыздық көрсеткіші

Сұрақ №	1 балл (мүлде келіспеймін)	2 балл (келіспеймін)	3 балл (бейтараппын)	4 балл (келісемін)	5 балл (толық келісемін)	Орташа мән	Пайыздық көрсеткіш (%)
Q1	6	6	1	16	16	3,67	73,4%
Q2	6	4	2	13	20	3,82	76,4%
Q3	6	6	1	16	16	3,67	73,4%
Q4	5	5	3	17	15	3,71	74,2%
Q5	6	4	2	13	20	3,82	76,4%
Q6	15	15	5	5	5	2,33	46,6%
Q7	15	15	5	5	5	2,33	46,6%
Q8	12	15	5	7	6	2,56	51,2%
Q9	13	13	1	9	9	2,73	54,6%
Q10	12	15	5	7	6	2,56	51,2%
Q11	5	5	0	20	15	3,78	75,6%
Q12	3	7	2	18	15	3,78	75,6%
Q13	4	4	3	18	16	3,84	76,8%
Q14	5	5	0	20	15	3,78	75,6%
Q15	3	7	2	18	15	3,78	75,6%

Лайкерт шкаласы бойынша бірінші сұраққа жауап берген білім алушылардың көрсеткіші төмендегі 4-ші кестеде берілген.

Кесте 4. Лайкерт шкаласы бойынша бірінші сұраққа жауап берген білім алушылардың көрсеткіші

Бағалау	Білім алушы саны ($\sum_i$)	Ұпай ($\sum_i$)	$\sum_i \times \sum_i$
1 – Мүлде келіспеймін	6	1	$6 \times 1 = 6$
2 – Келіспеймін	6	2	$6 \times 2 = 12$
3 – Бейтараппын	1	3	$1 \times 3 = 3$
4 – Келісемін	16	4	$16 \times 4 = 64$
5 – Толық келісемін	16	5	$16 \times 5 = 80$
Барлығы	45		165

Лайкерт шкаласы негізінде әрбір сұраққа жауап берген білім алушылардың орташа мәні келесі формула бойынша есептелді:

$$M = \frac{n_1 \cdot x_1 + n_2 \cdot x_2 + n_3 \cdot x_3 + n_4 \cdot x_4 + n_5 \cdot x_5}{N}$$

Мұндағы:

- М – Лайкерт шкаласы бойынша алынған орташа балл;
- n_i – белгілі бір жауап нұсқасын таңдаған білім алушылардың саны;
- x_i – сол жауап нұсқасына сәйкес келетін ұпай (1–5);
- N – жалпы жауап берген респонденттер саны (45).

Мысалы, бірінші сұрақ бойынша «Мен сабақ барысында өз оқу мақсаттарымды нақты қоя аламын» деген тұжырымға білім алушылардың берген жауаптарының орташа мәні $(6 \times 1) + (6 \times 2) + (1 \times 3) + (16 \times 4) + (16 \times 5) \div 45 = 3,67$ 3,67 балды құрайды. Ал Лайкерт шкаласы бойынша алынған орташа балды пайыздық көрсеткішке айналдыру үшін келесі қалыптасқан $(M \div 5 \times 100 = \text{пайыздық көрсеткіш})$ формуласымен есептеуге болады. Мұндағы:

- М – Лайкерт шкаласы бойынша алынған орташа балл.
- 5 – ең жоғары ұпай.
- 100 – пайыздық коэффициент.


Мысалы: $(3,67 \div 5 \times 100 = 73,4\%)$

«Мен сабақ барысында өз оқу мақсаттарымды нақты қоя аламын» деген бірінші тұжырымға өз ойларын білдірген білім алушылардың орташа балы 3,67-ні құрады, ол 73,4%. Бұл көрсеткіш респонденттердің басым бөлігінің сабақ барысында өз оқу мақсаттарын қоя алатынын байқатады, дегенмен бұл дағдыны әлі де жетілдіру керектігі байқалады. Оқу үдерісі кезінде SMART мақсат қою, уақытты басқару, мотивацияны арттыру сияқты тақырыптарда қысқа тренингтер немесе шеберлік сабақтарын ұйымдастыру, практикалық жаттығулар арқылы әдістемелік қолдау көрсету керектігі анақталды. Білім алушылардың жауаптарының ішінде ең төменгі балл көрсеткішін көрсеткен 6 мен 7 тұжырымдар. «Менің метатанымдық білім, метатанымдық дағды деген ұғымдар жайлы түсінігім қалыптасқан» және «Мен метатанымдық дағдыларды қалыптастырудың әдістерін білемін» деген тұжырымдарға білім алушылардың берген жауаптарының орташа мәні 2,33-ті (46,6%) құрады. Бұл көрсеткіш аталған ұғымдар бойынша білім алушылардың түсінігі мен дайындық деңгейінің төмендігін байқатады. Көрсетілген төмен нәтиже білім алушылардың метатанымдық білім туралы түсініктерінің қалыптаспағанын, осыған орай метатанымдық оқыту жүйе құру, әдістемелік ұсыныстар жасаудың қажеттілігі анықталды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім алушылары қатысқан сауалнама нәтижелері олардың метатанымдық түсінігі мен Абайдың қара сөздерін оқу арқылы дамытын танымдық дағдылары жөнінде маңызды деректер ұсынды. 3-ші кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша статистикалы білім алушылардың басым бөлігі (73–76%) сабақ барысында оқу мақсаттарын нақты қою (Q1), оқу барысын бақылау (Q2), және өз білімін бағалау мен сараптауға (Q4) қатысты тұжырымдар бойынша жоғары балл (4–5 балл) бергендігі анықталды. Бұл білім алушылардың оқу әрекетінде метатанымдық қабілеттің белгілі бір деңгейде

қалыптасқанын көрсетеді. Алайда, Q6, Q7, Q8, Q9 және Q10 сұрақтары бойынша орташа мән – 2,33–2,73 балды, ал пайыздық көрсеткіш – 46–55% аралығын көрсетіп тұр. Атап айтқанда, білім алушылардың «метатанымдық білім» мен «метатанымдық дағды» ұғымдарын толық меңгермегені, сондай-ақ оларды оқу тәжірибесінде тиімді әрі мақсатты түрде қолдана алмайтыны байқалды. Бұл білім алушылардың метатаным туралы теориялық түсінігінің әлсіздігін және тәжірибеде қолдану дағдысының жетілмегенін көрсетеді. Сонымен қатар, Абайдың қара сөздерімен жұмыс жасауға қатысты Q10–Q15 сұрақтарының нәтижелері, жалпы алғанда, оң бағытты көрсетті. Абай қара сөздерін оқу білім алушыларды тереңірек ойлануға жетелейтінін (Q12 – 3,78), рухани дамуға ықпал ететінін (Q13 – 3,84), және сыни ойлау мен күрделі мәселелерді шешу қабілеттеріне әсер ететінін (Q15 – 3,78) атап өткен. Сауалнама жауаптары көрсеткендей, білім алушылардың метатаным туралы білімдерін қалыптастырып, соның негізінде метатанымдық дағдыларын дамыту керек деп тұжырымдаймыз. Осы мәліметтер негізінде, білім алушылардың метатанымдық түсінігін тереңдету мен оны тәжірибеде қолдану қабілетін арттыру мақсатында арнайы әдістемелік жұмыстар қажет екені айқындалады. Бастапқы дерек жинау кезінде берілген сауалнаманың жалпы орташа мән – 3,34-ті, ал жалпы орташа пайыздық көрсеткіш – 66,88 %-ті құрайды. Бұл – анықтау эксперименті кезінде білім алушылардың метатанымдық дағдыларының орта деңгейде екенін көрсететін нәтижелердің орташа мәні. Төмендегі 1-ші сызықтық диаграммада анықтау эксперименті кезіндегі алынған сауалнама нәтижесінің орташа мәні мен пайыздық көрсеткіші көрсетілген.

Сызықтық диаграмма 1. Анықтау эксперименті кезіндегі алынған сауалнама нәтижесінің орташа мәні



Сызықтық диаграмма 2. Анықтау эксперименті кезіндегі алынған сауалнама нәтижесінің пайыздық көрсеткіші



Айқындаушы кезеңде алынған сауалнама нәтижелері қатысушылардың белгілі бір сұрақтарға деген қатынасын, көзқарасын және танымдық әрекеттерін бағалауға мүмкіндік берді. Анықтау эксперименті кезінде зерттеудің ғылыми болжамы жасалынды: егер Абайдың қара сөздерін оқыту үдерісінде білім алушылардың метатанымдық дағдыларын қалыптастырудың әдіснамалық негізі айқындалса, Абайдың қара сөздерін метатанымдық тәсілмен оқытудың кезеңдік моделі жасалып, оны шығармашылық тұрғыда тәжірибеде жүзеге асырылса, онда болашақ педагогтердің метақұзіреттілігін дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады.

Зерттеу барысында туындаған мәселені шешу үшін төмендегідей әдістемелік ұсыныстар ұсынып отырмыз.

1. Метатанымдық ұғымдарды жүйелі түрде түсіндіру. Сабақ барысында метатаным, метатанымдық білім, метатанымдық дағды ұғымдарына нақты мысалдар келтіре отырып түсіндіру;

2. Оқу мазмұнын спиральді қағидатқа негіздеу. Қарапайымнан күрделіге қарай спираль түрінде қайталап оқыту.

3. Индуктивті оқыту және сұрақ қою. Сұрақтар қоюға, болжамдар жасауға, өз біліміне сын көзбен қарауға үйрету.

4. «Оқыта отырып ойландыру» тәсілін қолдану. Білім алушыға білімді дайын күйінде бермей, білімді өз бетінше меңгеруге жағдай жасау.

5. Рефлексияға негізделген тапсырмалар енгізу. Әр сабақ соңында білім алушылар өз әрекетін талдап, әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы танымдық үдерісті түсінуге дағдыланады.

6. Оқыту немесе танымдық стильдер мен стратегияларды үйрету. Білім алушыларға оқу мақсаттарын қою, өз әрекетін жоспарлау және бағалау дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар ұсыну.

7. Интербелсенді оқыту әдістерін қолдану. «Ойла-жұптас-бөліс», «Джигсо», «Дебат» т.б. әдістері арқылы білім алушыларды сыни және метатанымдық ойлауға ынталандыру.

8. Метатанымдық тренингтер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру. Метатанымдық стратегияларды қолдануға арналған тренингтер мен шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

9. Абайдың қара сөздерін оқу арқылы рефлексия, өзін-өзі бақылау, оқу стратегиясын таңдау сияқты дағдыларды дамыту. Абайдың қара сөздерін оқыту мақсат қою және жоспарлау, өзін-өзі бақылау, рефлексия, стратегияны өзгерту, және сыни ойлау секілді метатанымдық дағдыларды дамытуға мол мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізілгеннен кейін, Абай қара сөздерін оқыту арқылы білім алушылардың метатанымдық қабілеттерін ашуға бағытталған тапсырмалар мен әдістердің жүйесі жасалынды. Абайдың қара сөздерін талдау барысында білім алушылар тек мәтін мазмұнын түсініп қана қоймай, өз көзқарасын қалыптастыруға, өмірлік құндылықтарын қайта қарастыруға, оқу барысындағы мақсаттарын айқындауға және дамытуға мүмкіндік алады. Абайдың қара сөздерін метатанымдық тұрғыдан оқыту – білім алушының танымдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік бағыттардың бірі. Теориялық негіздер көрсеткендей, метатанымдық әдістер мен Абайдың рухани-этикалық мұрасының синтезі қазіргі жоғары білім берудің мазмұнын тереңдетіп, тұлғалық бағдарлы оқытуға нақты мүмкіндік ашады. Зерттеу нәтижелерінде Абайдың қара сөздерін метатанымдық тәсілмен оқытудың кезеңдік моделін жасап шықтық. Төменде берілген 5-ші кестеде Абайдың қара сөздерін метатанымдық тәсілмен оқытудың кезеңдік моделін ұсынып отырмыз.

Кесте 5. Абайдың қара сөздерін метатанымдық тәсілмен оқытудың кезеңдік моделі

Метатанымдық оқыту кезеңі	Мақсаты	Мазмұны / Іс-әрекет түрлері	Қолданылатын әдістер мен тәсілдер	Күтілетін нәтиже
Мазмұндық-коммуникативтік кезең	Оқу мазмұнын құрылымдау, мәтінмен жұмыс істеудің танымдық негізін қалыптастыру	– Абайдың қара сөздерін тақырып бойынша сұрыптау (ақыл, ғылым, мінез, еңбек, тәрбие, дін); – Қара сөздерді өз сөзімен түсіндіру, интерпретациялау; – Мәтіндегі идеяларды өз ойымен байланыстыру.	– Интерактивті оқылым; – Диалогтік талдау; – Семантикалық карта.	– Білім алушы мәтін мазмұнын терең меңгереді; – Өз көзқарасын дәлелдеуге дағдыланады.

Метатанымдық стратегияларды меңгерту кезеңі	Таным әрекетін саналы жоспарлау, бақылау және бағалау дағдыларын қалыптастыру	– «Мен не білемін?» – «Нені түсіндім, нені түсінбедім?» – «Неүйрендім? Қалай үйрендім?»	– Рефлексиялық кестелер (INSERT) – Ойлау күнделігі – Әңгімелесу картасы	– Оқу үдерісін саналы түрде басқаруға үйренеді; – Ойлау әрекетіне рефлексия жасайды.
Педагогикалық қолдау кезеңі	Білім алушының өзіндік ойлауын, метатанымдық қабілетін дамытуға жағдай жасау. Бұл кезеңде оқытушы білім алушыны қолдаушы, бағыттаушы және серіктес ретінде әрекет етеді.	– Білім алушының танымдық белсенділігін арттыру; – Өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіндік беру; – Сұрақтар қою арқылы ойландыру; – Рефлексия жасауына жағдай туғызу; – Сенімді орта қалыптастыру арқылы оқуға ынталандыру.	– Сократтық сұрақ қою әдісі; – «Қызығушылықты ояту» стратегиялары; – Диалогтік оқыту әдістерін қолдану (пікірталас, сұхбат, топтық жұмыс); – Қателесуге мүмкіндік беру және оны талдау; – Рефлексиялық тапсырмалар беру (күнделік жазу, өзін-өзі бағалау).	– Білім алушының оқу белсенділігі артады; – Ізденіске деген қызығушылығы дамиды.
Бағалау және өзін-өзі дамыту кезеңі	Метатанымдық дағдылардың қалыптасуын бағалау, өзіндік бақылауды жетілдіру	– Өзін-өзі бағалау – Топтық және өзара бағалау – Жетістік портфолио-сын жасау	– Бағалау парақтары – Рефлексиялық эссе – Критерийге негізделген бағалау	– Білім алушы өз жетістігін саралап, келесі қадамды жоспарлауға үйренеді

Бұл зерттеудің мақсаты – метатанымға негізделген оқытуға байланысты әдістемелік жүйені құру. Осыған байланысты зерттеуде метатанымдық білім берудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылды. Бұл әдістер білім алушылардың метатанымдық қабілеттерін арттыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде жүргізілген талдау нәтижелері студенттердің метатанымдық қабілеттерін дамыту қажеттілігін айқындауға мүмкіндік берді. Бұл кезеңде зерттеу мәселесі нақтыланып, білім алушылардың ойлау үдерісін бақылау, реттеу және бағалау дағдыларының деңгейі сарапталды. Жүргізілген сауалнама нәтижелері білім алушылардың метатанымдық қабілеттерін дамыту қажеттілігін анықтады. Осыған байланысты, зерттеу аясында метатанымдық қабілеттерді дамытуға бағытталған арнайы әдістемелік жүйе мен кезеңдік оқыту моделі әзірленді. Бұл модель білім алушылардың өз оқу әрекетін саналы түрде ұйымдастыру, рефлексия жасау, сыни тұрғыда ойлау және тұлғалық дамуын

қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы алғанда, анықтау экспериментінің нәтижелері алдағы практикалық жұмыстардың қажеттілігін дәлелдеп, зерттеу барысының келесі кезеңі – қалыптастыру экспериментіне әдістемелік негіз болатынын көрсетеді. Бұл кезеңде әзірленген модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілуі жоспарланып отыр.

Қорытынды

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту, олардың білімге деген ішкі уәжін арттыру, рефлексиялық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Осы бағытта метатанымдық оқыту әдістері тиімді құрал ретінде танылып келеді. Метатаным – бұл адамның өз ойлау үдерісін түсінуі, бақылауы және реттеуі. Мақалада аталған ұғымның мәні мен маңызы ашылып, метатанымға негізделген оқытудың білім алушылардың танымдық белсенділігі мен рефлексиялық қабілеттерін дамытудағы рөлі қарастырылды.

Абайдың қара сөздері – терең философиялық, этикалық, ұлттық құндылықтарға толы шығармалар. Жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері Абайдың қара сөздерін оқыту білім алушылардың метатанымдық дағдыларын дамытуға ықпал ететінін дәлелдеді. Зерттеу барысында метатанымдық әдістермен оқыту арқылы білім алушы тек мазмұнды меңгеріп қана қоймай, өзінің ой қабілеттерін басқаруға, өмірлік құндылықтарды саралауға, өзіндік пікір қалыптастыруға дағдыланатыны анықталды. Жалпы алғанда, метатанымдық әдістерді әдеби мәтіндерге, соның ішінде Абай қара сөздерін оқытуда қолдану – білім алушының тек мазмұнды игеруіне емес, оның жеке тұлғалық және рухани дамуына да ықпал ететін тиімді тәсіл екендігі айқындалды. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында әдеби-танымдық пәндерді оқытудың сапасынарттырудың тиімді құралы ретінде ұсынылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Исабек Азимхан Усенұлы – зерттеу деректерін жинақтап, сұрыптап, тәжірибелік бөлімді ұйымдастыруға, мақаланы құрылымдауға және мазмұндық жағынан талдауға белсенді қатысты. **Адиева Пакизат Минаваровна** – зерттеудің негізгі ғылыми бағыттарын айқындап, теориялық тұжырымдарды негіздеуге, метатанымдық әдістердің мазмұнын ашуға және мақаланың ғылыми дәлдігін қамтамасыз етуге атсалысты. **Калшабек Ақжол Батырұлы** – Абайдың қара сөздеріне қатысты мазмұндық және әдістемелік талдау жүргізіп, мысалдар келтіріп, мақаланың соңғы редакциялық нұсқасын бекітуге және жарияланымға дайындауға жауапты болды. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдері авторлар арасында тең дәрежеде үйлестіріліп, жұмыстың тұтастығы мен деректердің нақтылығы өзара келісім негізінде қамтамасыз етілді.

Әдебиеттер тізімі

- Байтасова, Г. (2024). Білім берудегі метакогнитивтік тұжырымдарға сипаттама. *Eurasian Science Review*, 2(3), 155–168. <https://doi.org/10.63034/esr-85>
- Лазарева, О.В. (2012). К вопросу о влиянии метакогнитивных процессов на понимание научного текста. *Психология. Психофизиология*, (31), 13–17.
- Ораз, А.Н., & Маликов, Қ. Т. (2023). Цифрлық білім беруде мобильді қосымшаларды қолданудың өзектілігі. *Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Филология*, (3) (144), 211–213.
- О'Лири, З. (2020). Зерттеу жобасын жүргізу: негізгі нұсқаулық. Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры.
- Перикова, Е.И., Ловягина, А.Е., & Бызова, В.М. (2020). *Психология метапознания*. СПб.: Скифия-принт.
- Саипова, Н. ., & Туребаева, Ш.М. (2025). Метатанымдық құзыреттілікті дамытудың ғылыми-әдістемелік негізі. In *the World of Science and Education*, (15), 22–24.
- Шакен, Ф.К. (2021). Инновациялық білім берудегі оқушылардың метатанымдық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары. *Молодой ученый*, (2) (344), 302–305. <https://moluch.ru/archive/344/77459/>
- Шер, М.Л., & Миронов, Л. В. (2024). Метакогнитивные навыки в образовании: ключевые аспекты, педагогические условия формирования. В *Современный образовательный процесс: психолого-педагогическое сопровождение, воспитательные стратегии: материалы Международной научно-практической конференции (Краснодар, 28 ноября 2024 г.)* (с. 123). Чебоксары: Среда.
- Hamzah, H., Hamzah, M.I., & Zulkifli, H. (2022). Systematic literature review on the elements of metacognition-based higher order thinking skills (HOTS) teaching and learning modules. *Sustainability*, 14(2), 1–15. <https://doi.org/10.3390/su14020813>
- Panigrahi, A.R., Pany, S., & Verma, A. (2025). The impact of meta-cognitive skills on students learning. *International Journal of Applied Research*, 11(2), 242–245. <https://doi.org/10.22271/allresearch.2025.v11.i2d.12364>
- Petrikova, M. (2017). Metacognition in the Teaching of Literature. In E. Railean, A. Elçi, & A. Elçi (Eds.), *Metacognition and Successful Learning Strategies in Higher Education* (pp. 231–249). IGI Global Scientific Publishing. <https://doi.org/10.4018/978-1-5225-2218-8.ch013>
- Saiz, C., & Rivas, S. (2022). Metacognitive strategies and development of critical thinking in higher education. *Thinking Skills and Creativity*, 44, Article 101055. <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101055>

А.У. Исабек¹, П.М. Адиева², А.Б. Қалшабек³

¹²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

³Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Влияние метакогнитивных методов при преподавании «Слов назидания» Абая: опыт применения в высшем учебном заведении (констатирующий эксперимент)

Аннотация. В статье рассматривается значимость преподавания «Слов назидания» Абая в высшей школе с использованием метакогнитивных методов. Цель статьи – проведение констатирующего эксперимента с целью определения эффективности преподавания «Слов назидания»

Абая в высшей школе на основе метакогнитивных методов, разработка методической системы формирования метакогнитивных навыков у обучающихся, а также создание педагогической модели. В ходе исследования проанализированы теоретические концепции, научные работы и практический опыт, связанные с понятием метапознания, а также рассмотрена их эффективность в образовательном процессе. В настоящее время развитие метакогнитивных навыков у обучающихся является одним из приоритетных направлений высшего образования. В этом контексте метакогнитивный подход к изучению «Слов назидания» Абая представляет собой актуальную задачу, способствующую личностному и когнитивному развитию обучающихся. В рамках эмпирического исследования с целью определения уровня метакогнитивных знаний обучающихся была проведена анкета, основанная на шкале Лайкерта. Полученные данные подверглись количественному и качественному анализу, на основе которого была научно оценена степень развития метакогнитивного мышления и восприятия «Слов назидания» Абая обучающимися. Результаты исследования показали, что преподавание «Слов назидания» Абая с использованием метакогнитивных методов оказывает положительное влияние на формирование и развитие таких навыков, как самоконтроль, рефлексия, использование учебных стратегий, постановка целей и критическое мышление. Представленная в статье методическая модель доказала свою эффективность в системе высшего образования на практике.

Ключевые слова: Абай, Слова назидания, метапознание, метакогнитивные методы, высшее образование, шкала Лайкерта, личностное развитие.

A.U. Issabek¹, P.M. Adiyeva², A.B. Kalshabek³

^{1,2}*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

³*M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

The impact of metacognitive methods in teaching Abai's Words of Edification: application experience in higher education (preliminary study)

Abstract. The article examines the importance of teaching Abai's Words of Edification in higher education through the use of metacognitive methods. Its primary aim is to enhance students' metacognitive skills while fostering personal growth and critical thinking. Metacognition, as a key concept in modern education, plays a vital role in improving cognitive processes and the overall quality of learning. The research includes an ascertaining experiment to evaluate the effectiveness of metacognitive approaches when teaching Abai's texts and proposes a methodological model for developing students' self-awareness and reflective abilities. The study involves the analysis of theoretical foundations, scientific literature, and practical applications related to metacognition. A Likert-scale questionnaire was used to assess students' metacognitive awareness, with both quantitative and qualitative data analyzed. Findings revealed that integrating metacognitive strategies significantly improves students' abilities in self-regulation, reflection, goal setting, and critical thinking. The implementation of the proposed pedagogical model demonstrated its effectiveness in a higher education setting, highlighting the value of using metacognitive methods in literature instruction. Overall, the study confirms that applying a metacognitive approach to the study of Abai's Words of Edification supports the development of deeper, more conscious learning and promotes students' intellectual and personal development.

Keywords: Abai, Book of Words, metacognition, metacognitive methods, higher education, questionnaire, experiment, Likert scale, personal development.

References

- Baitasova, G. (2024). Bilim berudegi metakognitivtik tyzhymdarga sipattama [Description of metacognitive statements in education]. Eurasian Science Review, 2(3), 155–168. <https://doi.org/10.63034/esr-85> (in Kazakh)
- Lazareva, O.V. (2012). K voprosu o vlianii metakognitivnyh processov na ponimanie nauchnogo teksta [On the question of the influence of metacognitive processes on the understanding of a scientific text]. Psihologiya. Psihofiziologiya [Psychology. Physiology], (31), 13–17. (in Russian)
- Oraz, A.N., & Malikov, K. T. (2023). Cifryk bilim berude mobil'di kosymshalardy koldanudyn ozektiligi [Relevance of using mobile applications in digital education]. Bulletin of the L. N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 3(144), 211–213. (in Kazakh)
- O'Liri, Z. (2020). Zertteu zhobasyn zhyrgizu: negizgi nyskaulyk [Conducting a research project: the main guide]. Almaty: Ulttyk audarma byurosy kogamdyk kory. (in Kazakh)
- Perikova, E. I., Lovjagina, A. E., & Byzova, V. M. (2020). Psihologiya metapoznaniya [The psychology of metacognition] SPb.: Skifija-print. (in Russian)
- Saipova, N. R., & Turebaeva, Sh. M. (2025). Metatanyndyk kyziretilikti damytudyn gylimi-adistemelik negizi [Scientific and methodological basis for the development of metacognitive competence]. In the World of Science and Education, (15), FN 2, 22–24. (in Kazakh)
- Shaken, F. K. (2021). Innovacijalyk bilim berudegi okushylardyn metatanyndyk kabiletin damytudyn pedagogikalyk sharttary [Pedagogical conditions for the development of metacognitive abilities of students in innovative education]. Molodoj uchenyj [Young Scholar], (2) (344), 302–305. <https://moluch.ru/archive/344/77459/> (accessed June 21, 2025). (in Kazakh)
- Sher, M.L., & Mironov, L.V. (2024). Metakognitivnye navyki v obrazovanii: ključevye aspekty, pedagogicheskie usloviya formirovaniya [Metacognitive skills in education: key aspects, pedagogical conditions of formation]. In Sovremennyj obrazovatel'nyj process: psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie, vospitatel'nye strategii: materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii [Modern Educational Process: Psychological and Pedagogical Support, Educational Strategies: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference] (Krasnodar, 28 November 2024) (p. 123). Cheboksary: Sreda. (in Russian)
- Hamzah, H., Hamzah, M.I., & Zulkifli, H. (2022). Systematic literature review on the elements of metacognition-based higher order thinking skills (HOTS) teaching and learning modules. Sustainability, 14(2), Article 813, 1–15. <https://doi.org/10.3390/su14020813>
- Panigrahi, A. R., Pany, S., & Verma, A. (2025). The impact of meta-cognitive skills on students learning. International Journal of Applied Research, 11(2), 242–245. <https://doi.org/10.22271/allresearch.2025.v11.i2d.12364>
- Petrikova, M. (2017). Metacognition in the teaching of literature. In Metacognition and Successful Learning Strategies in Higher Education (pp. 254–272). <https://doi.org/10.4018/978-1-5225-2218-8.ch013>
- Saiz, C., & Rivas, S. (2022). Metacognitive strategies and development of critical thinking in higher education. Thinking Skills and Creativity, 44, Article 101055. <https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101055>

Авторлар туралы мәлімет:

Исабек Азимхан Усенұлы – PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан. E-mail: boy_from_texas_24_95@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9657-105X>.

Адиева Пакизат Миनावаровна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан. E-mail: pakizat.adiyeva@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8871-1143>.

Калшабек Ақжол Батырұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Әуезов атындағы университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: Kalshabek_Akjol@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5860-1673>.

Исабек Азимхан Усенұлы – PhD докторант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан. E-mail: boy_from_texas_24_95@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9657-105X>.

Адиева Пакизат Миनावаровна – кандидат филологических наук, доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан. E-mail: pakizat.adiyeva@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8871-1143>.

Калшабек Ақжол Батырұлы – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: Kalshabek_Akjol@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5860-1673>.

Issabek Azimkhan Ussenuly – PhD student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: boy_from_texas_24_95@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-9657-105X>.

Pakizat Minavarovna Adieva – Candidate of Philology, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: pakizat.adiyeva@ayu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8871-1143>.

Akzhol Batyruly Kalshabek – Candidate of Philology, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: Kalshabek_Akjol@inbox.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5860-1673>.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Бас редактор: Ж.Ә. Аймұхамбет

Компьютерде беттеген: Нурушева Д.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы.

– 2025. – 3 (152). – Астана: ЕҰУ. 366 б.

Шартты б.т. – 22,9. Таралымы - 10 дана

Электронды нұсқа: <http://bulphil.enu.kz>

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің типографиясында басылды